Сейчас в искусстве и литературе постепенно уходит из активного творчества старшее поколение, те, кто своими именами прославил нашу республику. Процесс этот естественный и неизбежный. Кто придет им на смену, кто займет их почетное место в строю? В народе, конечно, найдется немало талантов, но заменить классиков – не просто. Газета должна помочь находить большие таланты, людей мощного творческого потенциала.

**- В коллективе вашей редакции немало молодых растущих литераторов, успешно работающих в журналистике. Да и вы, весомо заявив себя в казахской литературе, вот уже более тридцати лет не сходите с журналистической стези...**

- Я думаю, журналистика – не помеха литературному творчеству. Да, некоторые действительно считают, что газетная работа «сушит» стиль, язык литератора. Она сушит только тех, кто не имеет таланта. Тем же, у кого есть дар творить, в ком не затухает счастливая «искорка», газетная работа не помеха.

Газета по самой своей специфике учит нас искать в каждом явлении, поступке, действии истину, бороться за эту истину. Искать и бороться за нее постоянно и мужественно, ибо нет навечно застывшей истины, как нет и не может быть навечно застывшей жизни.

Три с лишним десятка лет в газете – да, это немало. За эти годы я испытал немало невзгод, потерял немало здоровья и сил. По складу характера? В силу сложившихся обстоятельств? Может быть, здесь и то, и другое. Но в целом обрел я гораздо большее: радость праведной победы. Таких побед в моей жизни тоже было немало – как и у любого, я думаю, другого журналиста, который ищет не тихую заводь, а активно борется со злом. При этом получая, фигурально выражаясь, увесистые тумачи и шишки, но твердо исполняя возложенную партией обязанность – смело, а значит – честно бороться с недостатками, стоящими на нашем пути.

Во многом такая принципиальность, активность позиции, определяя лицо нашей газеты, обеспечила

неуклонный рост ее популярности. Если в год образования ее тираж составлял одну тысячу экземпляров, то в 1980 году – уже 45 тысяч, а на этот год нашими подписчиками стали свыше 86 тысяч человек!

Ее выписывают жители Москвы и Ленинграда, Украины и Белоруссии, Азербайджана и Туркмении, Латвии и Эстонии, Башкирии и Карачаево-Черкессии, Кара-Калпакии и Хакассии. Из зарубежных государств – читатели у нас есть почти во всех социалистических странах, а также в США, Англии, ФРГ, Индии и Пакистана, Турции и Конго...

**- Думаю, вашу радость по поводу высокой награды Родины вместе с редакцией разделяют и многочисленные авторы газеты. Заодно хочу воспользоваться возможностью поздравить ваш коллектив с награждением и юбилеем от имени читателей и журналистов «Огней Алатау».**

- Спасибо. Радость эту, я думаю, разделят не только авторы, но и читатели нашей газеты, многие из которых присылают поздравительные письма. Одно из них, от Чингиза Айтматова, я процитирую: «50-летие газеты – заметное событие в советской литературе. Мы постоянно читаем эту газету и любим ее. Для меня «Казах адебиети» - важное национальное достояние».

**Интервью вел  
В.ДЖАНАЕВ.**

**«Огни Алатау», 11 январь 1984 г.**

## **ӨСКЕЛЕҢ МӘДЕНИЕТ ЖАРШЫСЫ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ 50 ЖЫЛ**

Октябрь шұғыласынан нәр алған, туысқан Коммунистік партиямыздың лениндік ұлт саясатының қамқорлығына бөленген қазақ совет әдебиетінің айнасы – «Қазақ әдебиеті» газеті бастағанына елу жыл толып отыр. 1934 жылғы 10 январьда газеттің бірінші номері жарыққа шыққанда «Қазақ

әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деген сөздермен алғашқы беті ашылған екен. Бұл жаңа туған басылымның қысқа да анық тұжырымды түрде айтылған бағыт-бағдары, мұрат-мақсаты еді. Осындай аса келелі, өмірлік мәні биік міндет жүктелен газеттің тұтқасында сол кезде әдебиетіміздің ірі тұлғалары тұрды. Оның алғашқы бас редакторы Ғабит Мүсірепов, жауапты секретары Мұхаметжан Қаратаев, белсенді авторлары және қолдаушы-көмекші, қамқоршылары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев және басқа да көптеген қалам шеберлері жас газеттің бірден айбынды, ақылды сөздің айнасы болып қалыптасуына орасан көп еңбек сіңірді.

Газет сол алғашқы кездегі номерлерінен-ақ қазақ халқының, бүкіл республиканың мәдениетін көтеруге ерекше назар аударды. 1934 жыл жалпы ұлт мәдениетін өркендетуде үлкен орын алатын бетбұрыс жыл ретінде есте қалды. Осы жылы қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы – қазіргі «Жазушы» баспасының төркіні жұмыс істей бастады. Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры дүниеге келді. Қазақ мемлекеттік университеті ашылды, Қазақстан Жазушылар одағы құрылды.

Міне, сол кезеңде жазушының жалынды сөзі халыққа осы газет арқылы жетті. «Қазақ әдебиеті» басқа да басылымдармен бірге халық пен жазушы арасындағы алтын көпірге айналды. Әдебиет газетінің ескі тігінділерін парақтап қарасаңыз, оның әрбір бетінен заман тынысын, Қарағанды мен Қарсақбайдың, Жезқазған мен Балқаштың, Атырау мен Алтайдың, Ащысай мен Аралдың ұлы дүбірін, жасампаз еңбек сарынын естігендей боласыз. Сол кездегі газеттің бірінде мынадай хабар бар: «Қазақ көркем әдебиетінің ұстасы Бейімбет Майлыұлы «Қызыл жалау» атты романының аяғын жазуға Қарағандыға жүріп кетті... Жазушының «Қызыл жалауды» Қарағандыға барып жазудағы мақсаты – Қарағандының жанды ерлік істерімен араласа отырып, жұмысшылардың күнбе-күндік өмірімен таныса отырып жазбақ. Жазғандарын жұмысшы-шахтерлерге оқып, олардың сынына салмақ. Бейімбеттің бұл әдісі - өте дұрыс әдіс». («Қ.Ә.» № 28, 1934 ж. 23 октябрь).

Міне, қазақ совет жазушыларының азаматтық белсенділігін, жанды өмірімен тығыз байланыста, туыстықта болғанын, ондай игі қадамдарды «Қазақ әдебиеті» үнемі насихаттап отырғанын осы бір қысқа хабардан-ақ аңғаруға болады. Ақын-жазушыларымыз қазірде де осылай етсе екен, газетке де белсене қатысса екен деп армандаймыз.

«Қазақ әдебиеті» өзі өмір сүріп келе жатқан барлық кезеңде де ел мәдениетінің ахуалын, халқымыздың ғасырлар бойы тудырған ән-күй, көркем сөз мұрасын әділ бағалап, жарыққа шығару, зерттеу жағдайларын, әдебиет тарихын тереңнен тартып, ғылыми жолмен талдау мәселелерін талмай көтеріп келеді. Бұл жолда, әрине, қиындықтар да жоқ емес. Әдебиетіміздің тарихын беріден келте қайыра салуды оңай көріп, ой кертартпалығына бейім тұратын кейбір ғалымдардың кедергілері де болмай қалмады. Бірақ газет өзінің партиялық принципіне, өзінің ағалар салған игі дәстүріне, халықтың сеніміне адал болып қала берді.

Соғыс салдарынан тоқтап қалған газет қайтадан дүниеге келіп, 1955 жылы 14 январьда бірінші номері шыққанда заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Сәт сапарға дос ниет» атты мақаласы жарияланды. Сол мақалада Мұхтар Әуезов газеттің сыны туралы былай дейді: «... Сондай жайлардың бір алуаны газет бетінде өрістейтін маркстік-лениндік сын. Қазақ әдебиеті көлемінде маркстік-лениндік эстетикаға сүйене отырып, кейбір жүйелік жайларды да өрістетіп, ойлай білу керек. Сын: әділ, негізгі талабы зор, қамқор сын болудың үстіне ғылымдық өнері артқан шебер үлгілі сын болуы шарт». «Қазақ әдебиеті» ұстаз айтқан осы өсиеттің өресіне жетуге құштарлық танытып келеді. КПСС Орталық Комитетінің «Әдеби-көркем сын туралы» қаулысымен қаруланған баспасөз сын жұмысында атқарып келеді.

Көркем әдебиет пен көркем өнер егіз екені белгілі. Біріне бірі сүйеніш, біріне бірі жанашыр ағайындас салалар. Мысалы, театр, кино, тіпті, музыканың кейбір жанрлары әдебиетсіз өмір сүре алмасы анық. Сондықтан да әдебиет газеті туысқан творчестволық одақтардың хал-жайын, бағыт-бағдарын, табыстарын, кемістігін үнемі қадағалап, қамқорлық сын айтып отырады. Жақсысына қуанады,

осалына ренжиді. Соңғы жылдары кинода, театрда, әсіресе, операда орын алып келе жатқан ақауларға байланысты зәру проблемалар бар. Газет осыған орай жанашыр, достық пікірлер білдіріп, қоғамдық ойдың қозғаушысы болды. Жас буын таланттарды ерінбей-жалықпай іздеп тауып, жағдай жасап, баулып, олардың дарынын өнер мәртебесін арттыруға жұмсау – игілікті іс.

Газет өзінің алғашқы номерлерінен бастап интернационалдық рухта, халықтар достығын насихаттау рухында бағыт ұстанған. Кең байтақ совет еліндегі көп ұлтты әдебиеттің табыстары көбіне осы баспасөз органы арқылы қазақ оқырмандарына жеткізіледі. Максим Горький бастап, бұл газет бетінде көрінбеген көрнекті жазушы кемде-кем. Газеттің осы интернационалдық қасиеті туралы атақты башқұрт жазушысы Мұстай Кәрім: «Қазақ әдебиеті» өзінің 50 жылдық жүріп өткен жолында қазақ совет әдебиетінің дамуы мен теориялық ойына, эстетикалық көзқарасына әсерін тигізумен қатар, сандаған оқырман ұрпақтың талғамын тәрбиелеп, адамгершілік тәлімін қалыптастыруға көмегін тигізді. Бұл газеттің кең ауқымды қызықтылығы мен сан салалы проблемаларды қамтитын жан-жақтылығы мені әрқашан да қуантады, әрі таң қалдырады. Сонымен қатар, жаныма әсіресе жақындығы: газеттің туысқан халықтар әдебиеті мен әлем әдебиетінің жетістіктерін өз оқырманына жүйелі таныстырып отыратыны» -десе, даңғайыр қаламгер Шыңғыс Айтматов: «Қазақ әдебиеті» газетінің 50 жылдығы совет әдебиетінің өміріндегі елеулі оқиға, ал қырғыз әдебиеті үшін әсіресе ерекше. Біз сіздердің газетіңізді үзбей оқимыз және өз жәдігеріміздей жақсы көреміз. Мен үшін «Қазақ әдебиеті» аса қажетті ұлттық қазына», - деп жазады.

Достар айтқан бұл лебіздерден «Қазақ әдебиетінің» бүкіл халықтармен туысқаншыл, интернационалдық сипаты айқын көрініп тұр. Сол сипатынан да болар, қазір қазақтың әдебиет газетін республикадан тысқары Москва, Ленинград, Украина, Белоруссия, Башқұртстан, Кабардин-Балқар, Карачай-Черкес, Чечен – Ингуш, Әзербайжан, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Латвия, Эстон, Дағыстанның, сондай-ақ бірқатар шетелдердің тұрғындары да алады.

Бүгінде «Қазақ әдебиеті» газеті тек қана әдебиетшілердің ғана жеке меншік газеті емес, кең байтақ республикамыздағы қалың оқырманның аса сүйіп оқитын газеті болып отыр. Мұндайлық, жалпыхалықтық сипат алу сыры газет бетінде жарық көріп жатқан сан саланы қамтитын, атап айтқанда, қоғамдық - әлеуметтік, эстетикалық-этикалық және тарихи-танымдық, салт-сана, этнографиялық, мәдени-тұрмыстық тақырыптағы зерделі мақалалардың жүйелі түрде беріліп тұруына саяды. Сол сияқты, КПСС Орталық Комитетінің Пленумдарында күн тәртібіне қойылған мәселелерге орай ұйымдастырылған ұтымды материалдар мен оқырманын ойлантпай қоймайтын проблемалық мақалалар «Қазақ әдебиетіне» абырой әперіп келеді.

1934 жылы газет бір мыңның маңайында жарық көрсе, 1980 жылғы тиражы 45 мыңнан асты. Ал, бүгінгі таңда, яғни 1984 жылы 86 мың тиражбен шығып отыр. Небары үш жылдың ішінде газет тиражы екі еседей өскені – оған деген көпшілік ықыласының арта түскеніне бір дәлел. Әр нәрсенің парқын халық айна-қатесіз біледі. Халық «Қазақ әдебиетіне» сенген екен, оны рухани бір қазына ретінде ұнатқан екен, демек, біз – осы газетті шығарушылар алқасы, аз ғана коллектив, көптің көмегімен, бүкіл қауым қолдауымен, партия мен үкімет қамқорлығының арқасында газет беделін бұдан да арттыра беруге, оның мәртебесін биіктете беруге бар күш-жігерімізді, талант-білімімізді аянбай жұмсаймыз деп сендіруге тиіспіз.

**Ш.МҰРТАЗАЕВ,**  
**«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.**  
**«Социалистік Қазақстан», 11 январь 1984 жыл**

## **РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕСІ**

1905 жылдың ақпан айында жауыздыққа бағышталған жалғыз оқ дауысынан тау қойнауында орналасқан. Бесағаш ауылы дүр сілкінді. Қыстың қыраулы күндерінде шартылдап

найзағай ойнап, үркердей үрпиген аз ғана ауылдың азан-қазаны шықты. Қаһардың асау тұлпарына мінген Рысқұл жалғыз Саймасайды өлтірумен шектелген жоқ, болыс атаулыны қойша бауыздауға ант берді. Осыдан сескенген болыстың жандайшаптары Рысқұлды оңайлықпен қолға түсіре алмасын біліп, бар ыза кегін оның жалғыз баласы Тұрарға тікті. Егер Рысқұл өз еркімен бәтуға келмесе, қаңтарда бүршік жарғалы тұрған жас өркеннің өміріне қауіп төніп тұрды. Осыны жан-жүрегімен Рысқұл еріксіз түрме табалдырығын аттап, жалғыз баласын қасына алдырды.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Шерхан Мұртазаевтың революцияның ақберені Тұрар Рысқұловтың балалық шағы мен есею кезеңдерін бейнелейтін «Қызыл жебе» романы осылай бастау алатын еді... Шығармада жазықсыз жаланың құрбаны болған Тұрар ағамыздың аяулы бейнесі шаң-тозаңнан тазартылып, жан-жақты суреттеледі.

Революцияның Қызыл Жебесін жас оқырмандар да қуана қарсы алды. Тұрар бейнесі асқақ идеалға айналды. Өздеріңді толғандырып жүрген сұрақтар бойынша біз жазушы ағамен әңгіме өрбіттік...

**- Өмірдегі Тұрар бейнесін сіз балаларға қалай түсіндірер едіңіз?**

- Тұрар туған әкесі Рысқұлдың турашылдығын, күштіден кібіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын көріп өсті. Тұрар үшін Рысқұл бейнесі ер біткеннің одағай оқ жетпесі. Әкесінің Қызыл Жебеге мініп отырғандығы келбетін көріп Тұрардың төбесі көкке жеткендей, аспандағы найзағайды қолмен ұстап тұрғандай күй кешті. Әкесі айтулы палуан Мақаштың қолынан көкпарды тартып алғанда Тұрар бұл өмірдің додалы көкпар екенін, күреспесе өз сыбағасынан құр қалатынын бала көңілімен болса да аңдап қалған. Жүйрік Қызыл Жебе мен ержүрек Рысқұл бейнесі Тұрар оқыған өмір атты қалың кітаптың бір парағы болды.

«Оян Тұрар! Мен саған жағдаятты айтып берейін де. Бәлкім ертең кеш болуы. Мені әйтеуір бір адам білуі тиіс қой. Кейінгілер бұл шытырман істі соттың қағазынан емес, баланың өз аузынан естуі абзал шығар. Мені бұлар «кісі

өлтіруші», «қанішер» деп айыптайды. Шын мәнінде мен кім едім. Тым болмаса сен білші шындықты...

Рысқұл оқымаған сауатсыз болғанмен, көкірегі ояу адам еді. Түрменің ұзақ түндерінде баласын ұйқыдан қысып отырып айтқан сырлары зая кетпеді. Түрменің тас қабырғасында қанаттанған бала қыран енді жиырма жыл өткен соң ұлы жазушымен дос болып, әкесінің шындықпен шытырман жолын арман ағысындай айтып береді. Сол негізде дүниеге келген М.Әуезовтың «Қараш-Қараш» повесіндегі оқуға ұғымды, ерекше таларты оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына ұмтылған кішкентай Сейіттің өмірдегі бейнесі де – бала Тұрар еді.

Тұрар Рысқұловтың Москва түбіндегі өзінің саяжайында 1934 жылы түскен суреті бар. Ол жөргекке ораулы баланы алдына алып отыр. Сірә, бір жасқа толар-толмас қызы Сәуле болар. Оң жағында бір бала бар. Ол – Тұрардың ұлы Ескендір (1937 жылы әкесінен соң ұсталып, Мурманскіде көкірек ауруынан қайтыс болған).

Тұрар балаларды жанындай жақсы көрген. Москвадағы үйі балалардан арылмайтын. Қарындасы Түйметайдың бес баласы, әйелі Әзизаның інілері, қазіргі академик Нәйлә Базанованың інісі – болашақ жауынгер-композитор - Әли Базанов т.б. Демек Рысқұлов баланы, бала арқылы адамдарды сүйген...

**- Шерхан аға, Тұрар бейнесін негіздеу үшін қанша уақыт кетті?**

- Тұрар бейнесін сомдап шығаруға отыз жылдай өмірімді арнадым. Бұл бір адам үшін аз мерзім емес...

**- Кітапты жазу барысында Тұрардың, тіпті Рысқұлдың көзін көрген ауыл қарттарымен жиі кездескен боларсыз?...**

- Ауыл қарттары дейсіз бе? Кітапты жазу барысында мен Жамбыл, Шымкент облыстарында тұратын, Тұрардың, тіпті Рысқұлдың көзін көрген ауыл қарттарымен жиі кездесіп, көптеген қызықты жайларға тап болдым.

Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза Түбекқызы Рысқұловамен жиі әңгімелестім.

- Бала Тұрар образын шығаруға «Шағалалар қайда ұйықтайды», «Интернаттың наны» сияқты шығармаларды жазуыңыз септігін тигізді ме?

- Мүмкін. Бірақ бала Тұрар образын жазғанда мен кәдімгі Тұрарды көз алдыма елестетіп отырып жаздым. Онсыз жанды сурет шықпайды.

- «Қызыл Жебенің» бірінші кітабында Тұрардың балалық шағы, есею кезеңдері толық қамтылған ба?

- Тұрардың өмір жолын тұтастай қамту мүмкін емес. Кітапқа сыймай қалған жайлар көп.

- Тұрардың революциялық күрес жолына барар жолда тұсауын кескен кезең – Мерке түбіндегі Ақкөз Қосанов бастаған халық көтерілісі дейміз. Жиырмаға жаңа толған Тұрар Ақкөздің кеңесшісі болған...

- Мұның жауабын «Қызыл Жебенің» бірінші кітабының 437-бетінен іздеген дұрыс...

«Ақкөздің соғысында сенің жүргеніңді кейін барып бір қашқыннан естідім. Көре алмасам да тірі екеніңді, ат жалын тартып мініп, азамат болып, жаумен алысқаныңды білдім. Білдім де шүкіршілік еттім. Қайтып атқа мініп сені іздеп шығуға жарақатты қара саннан қан көп кетті. Батыр бір оқтық деген осы екен. Өмір бақи небір арпалыстан аман өткен жан енді бір тал қылға ілініп тұрғандай хал. Мен қалжырадым. Менде енді дәрмен қалмады. Әкеңнің аласапыран өмірі дамыл тілейді. Сонда да жарық сәуледен күдер үзбеймін. Кім біледі? Аман бол, бауырым Тұрар! Әкең Рысқұл».

- Әйтсе де Мерке базарындағы соқыр балшының «сен туғанда аспаннан құйрықты жұлдыз аққан. Бүкіл өмірің алаулаған от, шайқас шығар» дегеніңдей, оның нағыз күрес жолы әкесі Рысқұл Саймасай болысты өлтіріп, патша түрмесіне түскен кезеңінен басталатын сияқты. Демек, біздің Тұрар да 1905 жылдың кішкентай қаһарманы ғой.

- Бүлікшіл Питердің бұзықтары бала Тұрарды большевиктердің идеясымен ауыздандырып жүрер деп түрме

бастығы Проходько кәнігі революционерлерден Тұрардың бойын аулақ ұстауға тырысқан. Бірақ ақылы түстен кейін кірді. Тұтқын баланың зейінділігіне қызығып, шіркеудің шырмауығымен шатастырамын деп жүргенде, Приходько Тұрарға екі бірдей мұғалім тауып бергенін өзі де білген жоқ. Бірі өзінің қызы Наташа да, екіншісі қанды жексенбінің қаһарманы - Александр Бронников. Наташадан ол ұлы орыс тілінің әліппесін үйренді. Пушкин есімін естіді, атақты ақынның «Тұтқын» атты өлеңін тыңдады...

«Мынау менің көкем ғой» деген-ді өлеңді тыңдай отырып, «жуан темірдің ар жағында, дым қыл түнекте отырған менің көкем». Ол темір торға мұңая қараған. «Өттең қанат бітіп мына тесіктен ұшып шығып, ақбас шыңдарға, тек самал жел ескен кең дүниеге жетсек» дегендей болып отырады.

Бала сол сәтте ол өлеңнің көкесіне емес, 1825 жылдың декабристеріне арналғанына сенбеді, сенгісі де келмеді...

Тас шатқалды жарып, тамырын тереңге жіберіп, көкке тік шаншылатын тау қарағайындай болып өскен жанның өмір арнасы қанды жексенбінің қаһармандарының идеясынан бастау алды. «Жалын» баспасынан жарыққа шыққан «Тұтқын бала» атты кітапшамда осы кезең туралы жан-жақты айтылған.

**- Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында қойылған «Сталинге хат» тарихи драмасындағы Тұрар бейнесін көрермен қауым терең ризашылықпен, сағынышпен қарсы алды. Осындағы балалар тақырыбы режиссерлік шешім бе, әлде...**

- Жоқ. Пьесада балалар оқиғасы жазылған. Ол кездегі жағдайдың өзі осындай еді. Қазақ халқының басына түскен қайғы-қасірет балаларды айналып өткен жоқ. Мыңдаған балалар, әке-шешелері аштықтан өліп, жетім атанды. Олардың бәрін сахнада көрсету мүмкін емес. Қазақтардың басына түскен қайғы-қасіретті олардың балалары арқылы көрсетуді жөн көрдім. Бұл жерде маған Рысқұловтың өмірінде болған мына оқиға көмектесті. Қайсар атты күйеуі, ауылы аштықтан қырылған соң, бес баласын аман сақтап қалу мақсатымен Тұрардың қарындасы Түйметай Москваға

келеді... (Сол сәт спектакльдегі кішкентай қара баланың нан қалдықтарын, шикі картоптарды дорбасына салып «ауылдағы көкемнің балаларына апарып беремін, олардың жейтін тамақтары да жоқ» деп тұрған кезі елестеп өтті). Тұрардан жылы пана тапқан Түйметайдың балалары. Әзизаның інілері сол бір қиын күндерді бастан кешті...

**- Рысқұл бейнесі М.Әуезов шығармасы негізінде түсірілген «Асудағы атыс», «Қараш-қараш» көркем фильмдері арқылы да халқымен таныс... Көршілес өзбек халқы жазушы Камиль Яшиннің «Хамза» романы негізінде «Алаулы жылдар» атты көп сериялы көркем фильмін одақ көлеміне танытты. Ал біз... әріге бармай-ақ Тұрар бейнесін кино тіліне көшіріп, көгілдір экран арқылы бейнелей білсек бүгінгі ұрпақ үшін зор қуаныш болар еді...**

- Дұрыс айтасың... Бірақ мен жазушымын. Киносценарий жазудың өзіндік проблемалары бар. Егер ұсыныс түсіп жатса – алдағы уақытта көрерміз...

Кеше ғана өз құрбылары арасында «Мен – Қызыл Жебемін» деп анда-санда саңқ етіп, тал шыбықты ерттеп мінген қара бала патша түрмесінде күн санап өсіп келе жатты.

Саймасай болыстың жандайшаптары Ахат атасына, Қорған, Шыны сынды көкелеріне жасаған зәбірін көрген жас бала жердің бәрі Талғардың тас қойнауындай қапас емес, басқа мейірім, бақыт бар шығар деп балаң көңілмен жақсылыққа сене қараған. Ал түрменің тасқабырғасында Ленин есімін естігенде сол сөзді іштей қайталай берген. Неге екенін білмейді. Ленин ең жақын адамдай, тіпті Ахат атасындай елестеген. Ал шындығында Тұрардың Ленинмен кездесуіне әлі он бес жылдай уақыт бар еді... Лениннің ең жарық серіктерінің бірі М.В.Фрунземен жақсы дос болатыны да әлі балаға беймәлім. Михаил Васильевич Фрунзе осыдан бір жыл ғана бұрын, Приходьконың ерке баласы Аркашаны бұл алып қайтатын Верный гимназиясын бітіріп, Петербургте Ұлы Октябрь революциясы репетициясының ортасында жүргенде Тұрар әлі он жаста ғана болатын... Бұғанасы қатпаған жас бала «Тезірек өсіп, оқып ержетсем, көкемнің

айдалу мерзімін қысқартар едім» деп армандар еді... Өттең әлі бала... Түнейтін орны түрме, қожасы – гимназист Аркаша, жұмыс орны – түрменің ат қорасы.

Мың тоғыз жүз жиырмамыншы жылдың май, июнь айларында Кремльде, Күн сипатты көсемнің қабылдауында отырып Ленин есімін тұңғыш рет тас түрмеде. Александр Бронниковтен естігенін есіне алған болар.

Өмірдің отты жолдарымен нық сеніммен алға басқан аяулы ағамыздың жарқын бейнесі романның үшінші кітабы «Жұлдыз көпірде» сомдала түседі. Ал төртінші кітап жазылу үстінде. Өздеріңнің кітап оқу ықыластарыңа сүйсінген автор революционер Тұрар Рысқұлов туралы төртінші кітаптан алдағы уақытта үзінді беруге уәде етті.

**Жазушымен сұхбат жүргізген  
Гүлбаршын САБАЕВА,  
КазГУ-дің студенті.  
«Қазақстан пионері», 15 сентябрь 1988 жыл**

**САНА СОТЫ – ТАРИХ СОТЫ  
Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат»  
трагедиясы төңірегінде бірер ой**

Сахнада Сталин мен Рысқұлов арасындағы қиын, шегіне жете ширьқан әңгіме екі сағаттан астам уақытқа созылады. Осындағы ширьғу көрермен залына да ауысады. Тұнған тыныштық құшағында көрермен Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрында жүріп жатқан, Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльдің әр іліп-қақпасын қалт жібермей, әр сөз мағынасының қалтарысына ден қойған.

Өмірдің қалыптасқан дәстүрлі құрылысын бұзу қашанда қиындықпен өтері белгілі. Ал басқа жағдайда, әсіресе, ойластырылған қоғамдық-әлеуметтік күрт өзгерістер негізінде қате теориялық тұжырымдар, қатал ұрандар, шексіз билікке ие ыждағатты макималистердің өлшеміне сай келмейтін тағатсыз асығыстық, халық тағдырына жасалған

эксперимент жатқан кезде көп ретте оның нәтижесі трагедияға айналмақ. Шұғыл жаппай коллективтендіру жылдары біздің еліміздің көптеген халықтары мен аймақтары үшін осындай трагедияға айналды. Біздің көп ұлтты әдебиетіміздің қазіргі кезде сол бір жылдарға, сол бір «ұлы өзгеріс» оқиғасына, жалпы халықтық сол бір қайғыға қайта-қайта назар аударуы тегіннен-тегін емес. Бұған белгілі шығармалардың, айталық А.Платоновтың «Қазаншұңқырынан» бастап атақты совет ақынының інісі И.Твардовскийдің «Бастан кешкендер» атты документті повесіне дейінгі мол тізімі дәлел бола алады.

Отызыншы жылдардың басы – Қазақстан тарихындағы қасіретті кезең. Мұнда жаппай коллективтендіру мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өмірлік әдет-ғұрыпты, психологияны, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың экономикалық дәрежесі есепке алынбай, жергілікті жағдай мен оның ерекшеліктері ескерілмей жүргізілді. «Октябрь дауылы ауылдың шет жағасын шарпып қана соқпай өтіп кеткен» деп пайымдаған Қазақстан өлкелік партия комитетінің сол кездегі бірінші секретары Голощекин «жабайы» далада «Кіші Октябрь» жасауды ұйғарды. Бұл идея Сталиннің де ойынан шықты. Голощекин өзінің осы «революциялық» міндетін жүзеге асырудағы практикалық қызметінде «Тұзы татымағаннан гөрі ащы болғаны жақсы» деген қағиданы басшылыққа алды. Құлақ естімеген осындай солақайлықтың салдарынан Қазақстанды аштық пен індет жайлады. Аз мерзімнің ішінде үш миллионнан астам адам опат болды. Осыған байланысты РСФСР Совнаркомы председателінің орынбасары Тұрар Рысқұлов дабыл қағады, ВКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары Сталинге хат жазады.

Бірақ жауап болмайды. Біраз уақыттан кейін Рысқұлов Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың барлық трагедиялық салдарына талдау жасап, оны нақты цифр мәліметімен бекітіп Сталинге тағы да хат жазады. Осы документтен тек екі-ақ факті келтірейін, (ол пьесада да келтірілген): «Қарқаралыда 1932 жылдың майында 50 мың 400 адам бар еді, ал ноябрьде 15 мың 900 адам, қалды...», «1923 – 29 жылдары Қазақстанда 40 миллион мал болды.

Содан 1932 жылдың февралінде 5,397 мыңы ғана қалды. Яғни мал саны 85,5 процент азайды».

Бұл жай ғана аштық емес, халық басына төнген нәубет еді. Нәубет емес-ау, нағыз геноцидтің өзі еді.

Рысқұлов хабарлайды: «Аштық пен індеттің салдарынан көптеген қазақ аудандарында көшпелілер арасында өлімнің қазір ұлғайғаны сондай, оған орталық органдардың шұғыл араласуы қажет».

Рысқұлов айқындайды: «Қазір Қазақстанда қазақ тұрғындарының белгілі бір бөлегіне байланысты сондай ауыр жағдай туды, мұндай ахуал бірде-бір басқа өлкеде немесе республикада жоқ».

Рысқұлов өтінеді: «Бұл мәселенің өте маңыздылығына байланысты Сіздің осы хатпен танысуыңызды және бұл іске араласуыңызды, соныменен аштықтан қырылып жатқан көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуыңызды өтінемін».

Сталин мен Рысқұлов кездесуі болды...

Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» атты пьесасының деректі негізі осындай. Осымен «Халықтық трагедияның» мәні де түсіндіріледі. Осы ретте пьесаны қатал да қайғылы документтен жасалған деуге де болады. Бірақ спектакльді бар болғаны осы документтердің сахналық құрандысы деуге әсте болмайды... Бұл - өнердің барлық компонентін қамтыған көркем шығарма.

«Рысқұлов хатының қауіпті жағдайды сенімді түрде жеткізгені сондай, оған іле жауап берілді. Сталин Т.Р.Рысқұловты қабылдады. Бұл кездесудің материалдарының сақталуы екіталай. Әңгіменің стенография арқылы жазылмауы да ғажап емес», - деп жазады тарих ғылымының докторы профессор В.М.Устинов, өзінің «Россия Федерациясы Совнаркомы председателінің орынбасары» деген кітабында. (Алматы, «Жазушы» 1988 ж. 61 бет).

Рысқұлов жөніндегі трилогияның авторы, прозашы Ш.Мұртазаев өзін драматургия жанрында сынап, осынау әйгілі әңгімені негізінен оқиғаның деректілігіне сүйене отырып, көркем беруді де мақсат еткен. Меніңше, ол бұл мақсатына жеткен де.

Пьесаның қуаты диалогтың ішкі қызуына негізделген. Драматург бұл диалогты тамаша көркем талғампаздықпен

өрген. Бұл ретте мына екі көріністі еске түсірсек те жетіп жатыр. Сталин Рысқұловқа кенеттен оғаш, зұлым ойын ұсынады. Ол Рысқұловқа Ягода мен Вашингскийдің атынан астарлы да қауіпті сұрақ қоя бастайды. Рысқұлов бұл емеуріннің қатерін түсінеді. Бірақ қорқынышты ойынның бар шартын қабылдап, бұзық ойлы сұрақтардың бәріне адамгершілікпен, абыроймен жауап береді. Бұл көріністі драматург қандай шеберлікпен жаза білсе, актерлер сондай шеберлікпен ойнайды.

Тағы бір көрініс. Түрлі жолмен қалай да мейірімділік пернесін басу мақсатымен Рысқұлов әңгіме барысында бүкіл халықты аштық апатынан құтқарған Египеттің фараоны Иосиф Прекрасныйды еске алды. Рысқұловтың нені мегзеп тұрғанын түсінген Сталин іле қорғанысқа көшеді: Сталин іле қорғанысқа көшеді: «Ал сен, әрине, сол Иосифтің туған ағалары оны ұрып-ұрып, өлімші етіп, қол аяғын байлап, құдыққа тастап кеткенін білесің». Рысқұловқа бұл мәлім. Ол Сталиннің де сондай «ағалары» болуы мүмкін екенін теріске шығармайды. Сөйте тұра ол қаһарлы билеушіге: «Кейін Иосиф Египеттің фараоны болғанда ағаларынан кек алмаған, қан төкпеген» деп ескертеді. Сталин оны күрт үзеді: «Филантропия! Библиялық философия».

Сөз, сайып келгенде, қайырымдылық, мейірімділік хақында, «күшті адамның қайырымды болуы» жөнінде. Былай алып қарағанда қайырымсыздық, қаталдық ақылдың серігі емес, ал екінші қырынан келгенде ол билік беделіне қарсы тұрушының қандайын болсын аяусыз басып-жаншудағы қажеттілік. Осы екі көзқарастың қақтығысы, қайырымдылық пен зұлымдық туралы мәңгі талас бұл көріністе драматургиялық үлкен қуатпен, өмір шындығымен өрнектеледі.

Осы екі бастаудың қақтығысы халық өкілі, колхоз председателі Имам мен арынды «ағаш белсенді» уәкілдің (оның аты да жоқ, ол өзіндік беті де жоқ сорлы) арасында да өтеді. Олардың боранды далада жартылай құлаған мазар үстіндегі өлім алдындағы диалогтары есте қаларлықтай. Иман халықты қырғынға ұшыратқан сұмдық туралы жиіркене айта келіп уәкілге бейне көрегендікпен: «Сен сияқтылар осындай сұрапыл сұмдық істегенін кейін келешек ұрпақтан

жасырып, күнәға екі есе батады ғой» дейді. Оған уәкіл дау айтады: «Келешек ұрпаққа мұның несі қызық?» Иман: «Ә, бәсе айттым ғой. Несі қызық емес, найсап! Бұл сабақ! Теңдессіз сабақ! Кейінгі ұрпақ осындай сұмдықты тағы да қайталамас үшін сабақ!».

Біздің қазіргі қайта құру кезінде айтып жүргеніміздің өзі осы емес пе? Шерхан Мұртазаев та пьесасын осы үшін жазбады ма! Ащы сабақ... Удай ащы сабақ. Сана соты. Тарих соты...

«Сталинге хат» спектакліндегі қарама-қайшылық пікір қақтығысын зерделей отырып, мен «иә, сол індет, қырғын шын мәніндегі халықтық трагедия бейбіт күнде, Совет өкіметінің орнағанына он бес жыл толғанда болды-ау» деген ойға келдім. Бұл тек Қазақстанда ғана болды ма? Еділ бойындағы аштық ше? Украинадағы жаппай аштық ше? Б.Можаевтың «Ерлер мен әйелдері», Б.Беловтың «Қарсаңдасы», Г.Завадскийдің «Өз қолымызбені» ойға оралады. Кубань мен Таврияда, Поволжье мен Донда болған естен тандырар, жаныңды түршіктірер қайғыны көрсетер фактілер мен цифрлар келтірілген Ю.Черниченконың таяуда ғана «Литературная газетада» жарық көрген «Екі құпия» атты мақаласы еске түседі. Бәлкім, драматург трагедияны шектен шығармай-ақ тек отызыншы жылдардың басындағы оның керемет көлемін мегзесе қайтер еді деген ойға кетесің. Пьесада Голощекиннің есімі бірнеше қайталанады. Жай жұрт бүкіл қайғының бастауын, сұмдықтың бәрін содан көреді. Ал Сталин алыста, ол осының бәрін білмеді. Голощекинге қалтқысыз сеніп қалды, тек кейін бәрін білген соң шақыртып алды деп ойлайды. Мұндай топшылау күні бүгінге дейін бар. Осыдан кейін маған пьесада басқаның еркін мүлтіксіз орындайтын, көптеген қайғылар мен нәубеттің бастаушысы және дем берушісі болған, халық тағдырымен ойнаған адамның қолындағы сойылынан айналған Голощекиннен гөрі негізгі айыпкерге салмақты баса түсу керек еді-ау, деген ой келеді. Өйткені шынайы тарихымыздың көптеген ащы фактілеріне біздің қазіргі көрерменіміздің, оқушымыздың көзін әлі де аша түсуіміз қажет.

Маған әдебиетші ретінде пьесаның сахналық болмысын ашудан гөрі, оның көркемдік қасиетін айту, әрине, оңай. Мен театр зерттеушісі емеспін, сондықтан менің спектакль жөніндегі пікірім жалпы алғанда қатардағы көрерменнің жеке пайымдауы тұрғысында ғана болмақ. Солай дей тұра, меніңше, қоюшы-режиссер Р.Сейтметовтің жоғары талапшылдығына ден қойып, оның спектакльдің қазіргі уақытпен үндескен, тіпті көкейкесті деп айтуға болатын идеясын ашуда саналуан көркемдік үйлесімділігін пайдалануға деген ұмтылысын түсінгендеймін. Бұл спектакльдегі музыка ролі (композиторы М.Маңғытаев) жөнінде бұрын да айтқанмын. Әйелдердің өксікті жоқтауы; жеке ер дауысындағы қатал да ұстамды мұң; кек қайыруға үндеп, болмай қоймас зауалдың қаһарлы лебіндей естілетін хордың құдыретті әуені, жан жүйкеңді тербеген қобыздың шерлі үні – спектакльге трагедиялық сарын беріп, үйлесім тауып тұр.

Қасірет пен қайғы баурап, қолдарын көкке созған бейшара далалықтардың - әйелдердің, шалдардың, балалардың әруақтай сүлдерін суретші М.Нұрмаханов ақ, қара бояумен бейнелей білген. Әсіресе бұл спектакльде қара бояу алуан мәнімен торлаған түнектің салқынын сездіреді.

Менің пайымдауымша артист Т.Пірімжанов Сталин ролін сенімді де нанымды етіп шығара білген. Мәселе бұл арада оның сыртқы түрін келтіруінде, тарихи тұлғаның баршаға таныс түгел түймеленген френчін, жұмсақ етігін, қор-қорын, майда жүрісін, баяу қимылын, бәсең үнін, айқын акцентін, «барлық уақыттың және халықтардың көсемінің» ұстамды ғажайып қалпын дәл беруінде емес. Алғашқыда Пірімжанов орындауындағы Сталин бірқалыпты болып көрінетін сияқты. Бұл қате. Ол сан қырлы. Байқағыш. Ақылды. Қатал. Сұсты. Кекшіл. Зұлым. Сезікшіл. Күдікшіл. Әдебиет пен тарихтан мысал алып сөйлеуге бейім. Жігерлі. Әділдік пен турашылдықты бағалай біледі. Талапшыл. Қатаң. Сұрқия тәсілдерге әккі. Шындық үшін күресуші және сонымен бірге өзі шындықтан қорқады. Сырын алдырмайды. Пірімжанов «көсемнің» осы қасиеттерінің бәріне елеусіз, көзге түсе бермейтін, нәзік бояу табады. Тіпті оның ұзақ

үнсiздiгiнiң өзi көрерменнiң назарын өзiне тұтқындап, оның әрбiр сараң қимылын бағуға мәжбүр етедi.

Артист А.Бектемировтiң еншiсiне жалынды коммунист, лениндiк типтегi басшы Тұрар Рысқұловтың образын жасау тиiптi. Өте жауапты мiндет. Рысқұлов батыр да батыл. Кейде артық та кетiп қалады. Ол Сталинге шындықты дәлелдеу барысында өзiнiң қандай iске бас тiгiп отырғанын бiледi. Бұрынғылары да есiнде. 1923 жылы оның жастық қызумен көптiң алдында «Сталин қателеседi» деп айқайлағаны бар. Бұған Бас секретарь мысқылдай күлiп, «Ләйiм солай болғай» деген. Сталиннiң «Түркiстанның Шыңғысханы» деген қағытуына оны төрде отырған грузиннiң князi деп жауап қайырып батылдық жасағаны бар. Қазiр болса уақыт басқа. Арада он жыл өттi. Қаракүзғын – жаппай жазалау байтақ елдiң үстiнен төнiп келе жатты. Спектакльде Сталин әңгiмелесушiсiне тақап келiп, қор-қорының сабымен оның кеудесiнен түртiп: Мен сенiң «Осыдан он жыл бұрын айтқан айқайыңды кешiргем. Сталинге қарсы келген мүйiздерi қарағайдай-қарағайдай алыптар болған. Қай солар қазiр?» Рысқұлов та өзiне тән ерлiкпен неге болса дайын. Кейде тұйықталып та қалады. Егер образға лайық кiлт таба бiлсе оның бейнесi айқындалып, шынайылана түсер едi. Ол үшiн, әрине, актерге әлi бiраз жұмыс iстеуге тура келедi. Рысқұлов Бектемировтың ойнауында әлi бiртектi. Кейде ол шалт кетiп, прокурорлық үйретушiлiк, үзiлдi-кесiлдiлiк мiнез танытады. Батырлық пен батылдықты, намыс пен адамдық қасиеттi игере отырып, ол мен-мен, тәкәппар, шамшыл жанға айналады. Менiңше бұл ақтала бермейдi, керiсiнше образды солғындандырады. Үй iшi болып әңгiмелескендегi Рысқұловтың монологы да құлаққа онша жағымды естiлмейдi. Ол залға қарап мiнез-құлық жөнiндегi қарапайым нақыл сөздердi пафоспен айтып жатады, ал осы кезде бүкiл үй iшi – үлкендер мен балалар бейтарап күйде оны шыдамдылықпен тыңдайды. Осы көрiнiстен шұбалаңқылық, жасандылық байқалады. Шынын айту керек, актер әлi iзденiс үстiнде, ойынын бiр спектакльден бiр спектакльге тереңдетiп, байытып келе жатқаны анық аңғарылады. Ол пьесаның соңында, ұяң да шынайы бола бастайды.

Рысқұловтың қарындасы Түйметай бейнесін Г.Қазақбаева психологиялық жағынан да, өмірлік болмысы жағынан да тамаша шеберлікпен көрсете білген. Сондай-ақ Арфа (К.Мұратәлиева), колхоз председателі Иман (С.Есенқұлов), «шаш ал десе бас алатын» ағаш белсенді уәкіл (Е.Тілеубаев) образдары да біршама тәуір сомдалған. Бұларға қарағанда Рысқұловтың жас әйелі Әзизаның (Г.Сейтімбетова) ролі едәуір төмен шыққан секілді. Меніңше, рольдің өзі пьесада солғын көрсетілген. Актриса, тіпті, ештеңе ойнап жарытпайды. Өкінішке орай сахнада балалар бейнесі күңгірт те кедей көрінеді. Олар актерлер ансамбліне кірікпейді, не болып жатқанын түсінбейді, тек әшейін ойнаған болады.

«Сталинге хат» спектаклі – Балалар мен жасөспірімдер театры қазақ труппасының принципті табысы ғой деп ойлаймын. Қайталап айтамын, ол бүгінгі күннің тақырыбы. Ол Қазақстан театр тарихындағы елеулі ақтаңдақты толтырады және жалпы қазақ халқының тарихындағы трагедиялық кезенді көркем өрнектеп, ой түйеді.

Халық өзінің тарихын білуге тиіс. Ол қандай қайғылы болмасын бүкіл шындықты білуі керек. Халық қысқа да болса тамаша ғұмыр кешкен өзінің батырларын, арашашыларын білуі қажет. Тұрар Рысқұлов солардың бірі болатын.

«Сталинге хат» спектаклінің мағынасы мен мәні маған осында сияқты көрінеді.

**Герольд БЕЛЬГЕР,  
жазушы.**

**«Социалистік Қазақстан», 5 июль 1988 жыл**

### **«СТАЛИНГЕ ХАТ»**

Белгілі жазушы Шерхан Мұртазаев драматургия саласына кеш келсе де өзіндік үнімен айшықты да айқын қолтаңбасымен келді. Бұдан екі жыл бұрын ғана әдебиеттің

ауыр да қиын, күрмеуі көп күрделі жанрының ерекшеліктеріне қарамастан, оның тілін тауып, кілтін «Революция сарбазы» драмасымен ашқан автор, енді міне, «Сталинге хат» атты екі бөлімді тарихи диалогін көрерменге ұсынды.

Абай атындағы облыстық қазақ драма театры сахналаған бұл драма 1932 жылғы сұрапыл ашаршылықтан қазақ халқының басына төнген алапат қайғылы қасіретті баяндайды. Бұл тақырып ұзақ уақыт бойы жабық күйінде қалып келгені баршамызға аян. Тек бүгінгі қайта құру, жариялылықтың нәтижесінде ғана өткен күннің шуақты жақтарын ғана емес, сонымен бірге көлеңкелі жақтарының да бет пердесін ашып, оған саяси баға беруге мүмкіндік туды. «Өткенге жауапкершілікпен талдау жасау болашаққа жол ашады, ал қиындықты қымсына отырып, орағытып өтетін жартыкеш шындық нақты саясат жасауды тежейді, біздің ілгерілеуімізге бөгет жасайды» (М.С.Горбачев). Міне сондықтан да Қазақ ССР Мемлекеттің сыйлығының лауреаты жазушы-драматург Ш.Мұртазаев өз шығармасында тарихи шындықты ғылыми көзбен екшей отырып, сол кездегі трагедиялық нәубеттің болу себептеріне көркемдік шынайы да әділ бағасын берді.

Жалынды патриот, белгілі партия және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың Сталинге хат жазуына не жағдай мәжбүр етті? Соған қысқаша тоқтайық: 1925 жылы Қазақстанға өлкелік партия комитетінің бірінші секретары болып Ф.И.Голощекин келеді. Қазақстанның шаруашылығымен танысу кезінде «ең кедей деген көшпендінің отыз-қырық ұсақ малының, төрт-бес ірі қарасының болуы шектен тыс байлық болып есептеледі» (С.Елубаев). Міне сондықтан да «бұл сияқты пролетариаты жоқ өлкеде ұсақ буржуазиямен социализм құру мүмкін емес деп түйеді Голощекин. Сондықтан Сталиннен Қазақстанға «Кіші Октябрь жүргізу керек» деген рұқсат алып, ойына келген лаңын істей бастайды. Оның тигізген залалы соншалық, Қазақстандағы 47 миллион қойдан үш жылдың ішінде үш-ақ миллион тұяқ қалады. Оның үстіне асыра сілтеушіліктің нәтижесінде лениндік кооперативтік жоспар мен партияның коллективтендіру саясаты да бұрмаланады.

Соның салдарынан малынан айырылған, отырықшылдыққа үйренбеген халық орасан ауыр қайыршылыққа ұшырайды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұран да дәл осы кезде шығады. Қазақстан өлкесінде ел басына күн туған осындай алапат ашаршылық кезінде РСФСР Халық Комиссарлар Советі Председателінің сол кездегі орынбасары Т.Рысқұлов болып жатқан жағдайды толық айтып И.В.Сталинге екі рет хат жазады. Бірақ ұзақ уақыт жауап ала алмайды. Сондықтан Сталиннің қабылдауын өтініп, бетпелбет сөйлесуге мәжбүр болады. Өмірде болған осы шындықтың негізінде жазылған Ш.Мұртазаевтың «Сталинге хат» атты драмасы бойынша қойылған спектакль үлкен табыспен өтті.

Кремль куранты соғысымен шымалдық баяу жылжып ашыла бастайды. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде шыққан халықтың «Елім-ай» әнінің қайғылы сарыны алыстан естіліп тұрады. Ол бірде үрейлі де зарлы шығып биіктей түссе енді бірде әлі біткен адамның үніндей күңірене созылып үзіліп кетеді. Мұңлы ән тағы да қайта көтеріле бергенде сахна төріндегі үшбұрыштанған хатқа қазақ жерінде болып жатқан жан түршігерлік аштық пен ауыр күйзеліс елесі түседі. Қарақошқыл қараңғылық қайта сейіле бастаған сәтте, жарық сәуле арасынан И.В.Сталиннің бейнесі көрінеді. Ол жан-жағына қарап, трубкасын әлде қалай қалт ұстап, алыстан талып жеткен зарлы үнге құлақ түре, аң-таң болып тұрады. Осы кезде ел қамы жанын күйзелткен Тұрар Рысқұлов келіп кіреді.

Спектакльді қойған режиссер А.Оңалбаев пен сценографиясын жасаған Т.Құдайбергенов сол кездің ауыр жағдайы мен қатыгездік кезеңін осылай дәл тауып, оқиғаны динамикалық даму үстінде шиыршық атқан шиеленіс арқылы үнемі өрбітіп отырады. Творчестволық коллектив тарихи ірі екі тұлға арасындағы саяси диалог-дискуссияға, идеялық тартыстарға ерекше көңіл бөліп, кейіпкерлердің өткір де астарлы қақтығыстары арқылы сахналық образдары тұлғаландыра түседі. Спектакльдің сәтті шығуының тағы бір себебі – вокзал басында және Тұрардың үйінде өтетін эпизодтық көріністерде, уәкіл мен ауыл бастығының арасындағы тартыста негізгі оқиғамен жымдасып, тартыс

ситуациясын күшейте түсуі. Оның үстіне әрбір көріністегі сахналық бейнелеу тәсілдері де автордың айтайын деген ойына, шығарманың идеясына бағындырылған. Міне, сондықтан да «ақтаңдақ» кезең шындығы бар болмыс – бітімімен көрермендерге жетіп, оларды қатты күйзелтіп те, толғандырып та отырады. Спектакль шын мәнінде көркем, оның қоғамдық, саяси-әлеуметтік мән-мағынасы айқын: адам жанының иірімдері арқылы философиялық, психологиялық тұрғыда шешіліп отырады. Спектакльде И.В.Сталиннің бейнесін талантты актеріміз С.Мұқышов жасайды. Қай роль болса да кемеліне келтіре ойнайтын актер, бұл жолы өз дарын-талаптының екінші бір қырын көрсету арқылы өнердің жаңа тұғырына көтерілді. Ол Т.Рысқұловпен сөз қақтығысында логикалық желінің арқауын босатпай, шымыр да шынайы ойнап, Сталинге тән сабырлылықты да, қатыгездікті де, сөз саптауындағы мәнер-ерекшеліктері мен астарын да, жүріс-тұрысындағы өзгеше қимыл-қозғалысын да айнытпай дәлдікпен беруге тырысады.

Әрине, Сталиннің бейнесі ауыр да күрделі, әрі қайшылыққа толы. Осындай қиын образды сахналау қандай актерге болса да оңайға түспесе керек. Ал, С.Мұқышов көп ізденудің, аянбай тер төгудің нәтижесінде тарихи тұлғаның бойындағы бар қыр-сырын ашып беруде шеберлік танытты. Оған Тұрардың сөзі ұнамай қалған кездегі зілді де астарлы қатқыл сөзі, сұсты да зәрлі көзқарасы образ кейпін аша түседі. Сталин-Мұқышовтың үнемі ой үстінде жүретіндігі де, Рысқұловқа сенбей кей кезде үнінен ащы у төгуі де, сөздің мән-мағынасына байланысты ұзақ пауза жасауы да қонымды. Бір сөзбен айтқанда, актердің шеберлігі көрермендерін керемет риза етті.

Спектакльдің ауыр жүгін көтеріп тұрған тағы бір тұлға – жас актер А.Сәтібеков мүсіндеген Т.Рысқұлов. Алтай «революция сарбазында» Тұрардың бейнесін жасаған еді. Ол жасаған бұл образдан біз үнемі өсу, толығу үстінде екенін байқаймыз. Асыра сілтеушіліктен тұтас бір халықтың апат болып бара жатқан ащы шындығын қаймықпай Сталиннің алдына қою кезінде Т.Рысқұловтың бейнесін актер жаңа бір қырынан көрсетеді. Оның бейнелеуіндегі Тұрар алған бетінен қайтпайтын, халқы үшін шырылдап отқа түсуге де

дайын тұрған батыр да батыл асыл азамат. Ол Сталинге: «... көшпенді халық 6 миллион. Соның қазір жартысынан айырылды. Күн өткен сайын құрып барады. Жедел көмек көрсетпесек, мүлдем құрып кетеді,» - дегенде Алтай – Рысқұловтың жаны ауыра, жүрегі сыздай үмітпен қараған кезінде риза болған көрермен толқып кетеді. Әйтсе де біз Алтайға кейіпкерінің жан күйзелісіне әлі де болса бойлай түсуін, соған сай дауыс ырғағын құбылта түсуін қалар едік.

Тұрардың қарындасы Тұймайдың (арт. М.Райысханова) аш, жалаңаш балаларын шулатып Москвадағы жалғыз бауыры Тұрарға келіп паналайтын көрініс көзінен жас шығармай қоймайды. Аштықтың зардабы өтіп, ауыр азап шеккен ауыл адамдарының жай-күйі актер Ә.Тынәлиев бедерлеген Нұрбедел арқылы жақсы берілген. Эпизодтық рольдерде ойнайтын Г.Өскенбаева, М.Қабышева, Ж.Әлімбаев, тағы басқалар бар мүмкіндігінше есте қаларлық сахналық образдар жасай алды.

Асыра сілтеудің зардабы уәкіл (арт. С.Сүлейменқұлов) мен колхоз бастығы Иман (арт. Қ.Оразбаев) арасындағы кикілжің тартыстары арқылы да аша түседі. Қыстың қақаған аязында «Қойды қырып, үйлерді тінтіп, көрпесін сөгіп, жүнін ал» - деп әлек салу – сол кездегі шаш ал десе, бас алатын ұрда-жық шолақ белсенділердің типтік жиынтығы. Халық тарихына дақ салған бұл сияқты сотқарлардың зұлымдығы мен сорақылығы актер ойындарынан толық ашылды деп айта алмаймыз.

Станиславскийдің системасындағы бір ақиқат: адамдардың көңіл-күйі сахнада органикалық әрекеттер арқылы беріледі. Көпшілік қатынасатын көріністерде кейбір актерлердің ізденістерінде осы жағы жетіспейді, олардың көбі сырт бейнелеу тәсілдерімен шектелген. Ал декорация мен сахналық заттар актердің жүріп-тұруына қолайлы етіліп жасалынуы керек еді. Режиссер мен суретшінің үлкен бір кемшілігі – оқиғаның негізгі өтетін жері – Сталиннің кабинеті болғандықтан, театр шарттылығын ұмытпай, сахна кеңістігін дұрыс пайдалану да керек еді. Айналуға келмейтін аядай станокқа кабинет орналастырылғандықтан актерлердің шешіле ойнауына мүмкіндік бермей тұр.

Спектакльдің финалы Т.Рысқұловтың сөзімен аяқталуы көңілге қонады. Оның көрермендерге қарап жалындай сөз сөйлеуі халқымен қоштасып тұрғандай әсер қалдырады. Жалғыз қалған Тұрардың айналасына жайлап темір тордың түсуі – жеке адамға табынушылықтың құрбаны болатындығынан елес береді. Әйтсе де халық үшін атқарған оның қызметіне зал тола көрермен бас иіп, риза болады.

Қорыта айтқанда бұл спектакль творчестволық коллективтің азаматтық, эстетикалық, рухани бағыт-бағдарын анықтайтын, жұрт көңілінен шыққан үлкен табысы деп есептеуіміз керек.

**Я.ШЫНӘСІЛҰЛЫ,  
театр зерттеушісі.**

**«Еңбек туы», 8 апрель 1988 жыл**

## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ТУРАЛЫ СӨЗ**

Менің бала кезімде Тұрар Рысқұловтың есімі ауызға алынбайтын. Оны білетін ауылдың ересек адамдары: «Е, есіл ер, нақақтан кетті ғой, енді ондай қайраткер қайда» деп сыбырласып-күбірлесіп қана еске алатын.

Тұңғыш рет Тұрар Рысқұловтың кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған қарт журналист, байырғы большевик, партия қызметкері Рахмалы Байжарасовтың көлемді мақаласынан оқып білдім. Жеке адамға табыну кезеңінде Рахмалы Байжарасовтың өзі де жапа шегіп, көп жыл қиянат көріп келген кісі еді. Бірақ үлкен газетте мақаласы жарық көрсе де, қуаныш ұзаққа бармады, сол кездегі солақай догматтар газеттің редакторын айыптап, мақаланың авторына да моральдік тұрғыдан қысым жасады. Бұрын көп жыл жазықсыз жапа шеккен Байжарасовқа бұл соққы оңай тиген жоқ, онсыз да қажыған жүрек жаңа қиянатқа шыдамай, қажырлы журналист дүние салды.

Дегенмен оның жазған мақаласы арқылы әсіресе жаңа, жас ұрпақ Тұрар Рысқұловтың кім екендігінен біршама

хабардар болып қалды. Бұ да болса шындықтың қалың шымылдығының ептеп түрілгенінің белгісі еді. Кейін Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін егжей-тегжейлі зерттеген арнаулы беделді комиссия құрылды. Сол комиссияның қорытындысы бойынша, Тұрар Рысқұловтың атына жағылған қара күйе жуылып, ардақты есім біржолата ақталды.

Республика көлемінде, одан тысқары жерде Тұрар Рысқұловтың туғанына 70 жыл, 80 жыл, 90 жыл толуына орай лениншіл коммунист, қаһарман революционердің есімі еске алынып отырды. Ол туралы республикада, Москвада түрлі кітаптар, мақалалар жазылып, документті фильмдер түсіріліп, көркем суреттер салына бастады. Оның есімінде қазір мектептер, совхоз, көшелер бар.

Сонымен, Тұрар Рысқұлов кім? Оның есімі халыққа, қазіргі ұрпаққа, келер ұрпаққа несімен қымбат?

Ол 1894 жылы 26 декабрьде бұрынғы Верный уезі, Шығыс Талғар болысы, Бесағаш деген жерде кедейлік шыңына жеткен семьяда дүниеге келді. Әкесі Рысқұл 1885 жылы өзінің туған жері Шымкент уезі, Майлыкент – Түлкібас болысындағы әкімдермен сыйыспай, бір ауыл елді көшіріп, Алматы жаққа, Талғарға ауып келіп еді. Жаңа мекенде де озбырлық ойқастап алдынан шығып, Саймасай деген болыстың қорлығына, қиянатына, халыққа көрсеткен қанауына шыдай алмай әлгі болысты атып өлтіреді. Сөйтіп, Сібірге каторгаға айдалады. Бұл туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қараш-қараш» повесінде тамаша жазылған.

Әкесі Рысқұл Алматының түрмесіне түскенде жалғыз ұлы – он жасар Тұрарды оязға арыз жазып, өзінің қасына, түрмеге алдырады. Онысы Тұрарды Саймасайдың жақындары «қанға-қан» деп өлтіріп жібере ме деген қауіптен болған жай еді. Түрмеде бала Тұрар абақты бастығы Приходько дегеннің малайы болып жүреді. Камерада әкесімен бірге жатқан Бронников деген революционердің көмегімен әліппе танып, орысша сауаты ашылады. Кейін әкесін Сібір айдап жібергенде, Меркеге қашып барып, сонда Қырғызбаев деген фамилиямен орыс-қазақ интернат-мектебіне түсіп оқыды. Оны бітірген соң Пішпектегі (қазіргі Фрунзе) ауылшаруашылық техникумына түседі. Пішпек техникумы оған тек ауылшаруашылық білім ғана беріп

қоймай, айнала дүниеге көзін ашқан мекен болды. Техникум мұғалімдерінің ішінде маркстік ұйымға қатысып жүрген саналы, прогрессивті бағыттағы адамдар да бар еді. Жас Тұрарға олардың әсері болмай қалған жоқ. 1914 жылы техникум бітіруге таянған шақта жасөспірім Тұрар өзінің болашағын ойлап, оқуын одан әрі жалғастыруға талаптанады. Оны біз сол техникумның директоры Илья Павлович деген кісінің атына жазған өтінішінен аңғарамыз. Онда Тұрар:

«Мәртебелі Илья Петрович, - деп жазады. – Мен бала шағымнан әке-шешеден айрылып, мүлде жетім қалдым. Мен өз өмірімнің ішінде қиыншылықтың нешеалуанын бастан кешірдім. Мен оқу арқылы көзім ашылып, өзімнің кім екенімді, оқу арқылы ғана саналы азамат бола алатынымды пайымдап шамаға жеттім. Сөздің қол астыңызда жүріп оқып, білімнің, тіпті ғылымның дәмін таттым. Енді, міне, сол оқуым біткелі тұр. Мен өз білімімді одан әрі жалғастыруды армандаймын. Сізден өтініп сұрайтыным – жоғары оқу орнына түсуіме жәрдем етсеңіз екен...»

Жігерлі жас ерлікке пара-пар өжеттік танытып, сонау алыстағы Самар (Қазіргі Куйбышев) қаласына сапар шегіп, сондағы ауылшаруашылық институтына түсуге арыз берді. Қабылдау емтиханын үздік тапсырып тұрған жерінде әлгі институттың бастығы оған: «Сен мал баққан киргиздің баласысың, ауылшаруашылық ғылымында нең бар? Еліңе қайт, малыңды бақ» деп қабылдамай қояды. Сөйтіп, әлеуметтік әділетсіздіктің тағы бір сорақы түрі алдынан шығады. Мұндай әділетсіздікке төзбей, әлі де болса үміт үзбей, Петербургтегі патшаның Оқу министрінің атына өтініш жазады. Министрден жауап-қайыр болмаған соң, Ташкентке барып, сондағы мұғалімдер институтына ілінеді. Мұнда оқу оқи жүріп, өзінің Пішпектегі алған білімі бойынша Краснопад бау-бақша шаруашылығында бағбан болып жұмыс істеп, күнкөріс ақша табуға әрекеттенеді. Өйткені, оған қаражатпен қол ұшын беретін ағайын-туған жоқ-тұғын.

Сөйтіп жүргенде 1916 жылы патшаның бұратана халықтан қара жұмыс үшін әскерге адам алу туралы әйгілі жарлығы шығады. Ол жарлық халықтардың бұрыннан асқынған наразылығын шарасынан асырып-төгілдіреді де,

қанауға қарсы ұлт-азаттық көтерілісі Орта Азия, Қазақстан сияқты елдердің әр-әр жерлерінде бұрқ-бұрқ ете қалады. Халық тағдыры осындай бір шешуші кезеңге келіп тірелгенде, Тұрар оқуын жайбарақат оқи алмай, Меркеге келіп, мұндағы көтерілісті басқаруға қатысады.

Егер өз басының қамын ойлап, өзінің ғана күйін күйттеген тоғышар болса Тұрар мұндай қатерлі әрекетке бармай, оқуын оқып жүре берер еді. Елі үшін еңіреген ерлер әр заманда да болған, олар жайшылықта ғана емес, халық басына күн туғанда ерекше қайрат көрсеткен. Меркедегі көтерілісті басқаруға қатысқаны үшін ол жергілікті әкімдерден қуғын көріп, енді революциялық жолға біржолата түседі. Әулиеата большевиктерімен танысып, қол ұстасып, солардың ақыл-кеңесімен қазақ-қырғыз жастарының коммунистік ұйымын құрады. Бұл ұйымның программасын, уставын жазады, басшылық етеді. Ұйымның мақсаты: патшалық режимге қарсы күрес; жергілікті бай-манаптардан езілген халықтың есесін алып беру; халықты сауаттандыру. Сол шақта Қазақстанның әр-әр жерінде жастар ұйымдары болды. Ал, солардың ішінде Тұрар Рысқұлов құрған ұйым айқын программасы, уставы бар бірегейі еді. Уақытша үкіметтің жергілікті мекемелеріне қарсы бұл ұйым үлкен күрес жүргізді. Дәл осы ұйымнан Қабылбек Сармолдаев, Мақсат Жылысбаев, Тоқтасын Тоқбаев, ағайынды Наушановтар сияқты көрнекті партия-совет қызметкерлері шықты.

Тұрар Рысқұлов 1917 жылы, сентябрь айында, реакцияның есіріп тұрған қауіпті шағында лениндік-коммунистік большевиктер қатарына қабылданды.

Тұрар Рысқұлов Хмелевский, Завадский сынды большевиктермен бірге Әулиеатада Совет өкіметін орнатуда орасан еңбек көрсетті. Ұлы Октябрь революциясынан кейін іле-шала Әулиеатада Совет өкіметі орнап, Тұрар Рысқұлов уездік Совдепті басқарды. Бұл істе ерекше көзге түсіп, көп кешікпей ол Түркістан Советтік Социалистік Автономиялық республикасының өкімет құрамына енді. Мұнда ол РКП (б) мұсылман бюросын басқарды. ТуркЦИК председателінің орынбасары, онан кейін председателі болды.

1920 жылы май айында Лениннің қабылдауында болып, тұңғыш рет ұлы көсеммен кездесіп, осы кездесудің пәрменді әсерімен ол ұлт мәселелерінде кейбір қате пікірлерінен арылып, Лениннің нағыз төл шәкірті болып қалыптасады. Ол Москвада қалдырылып, ұлттар мәселесі жөніндегі халық комиссары (Наркомнац) Сталиннің орынбасары болып тағайындалады. Дәл осының алдында ғана Тұрар Рысқұлов туралы Партия мен мемлекеттің көрнекті қайраткерлері Фрунзе мен Куйбышев Орталық Комитетке, Ленинге былай деп мінездеме-хат жазды. Михаил Фрунзе: «Бұл мұсылман коммунистерінің ішіндегі аса ірі тұлға - қазақтардан Рысқұлов, ал, өзбектерден Тұрсынходжаев. Рысқұловтың ерекше көзге түсетіні – ол ақылдылығымен қоса, үлкен қажыр-қайрат иесі, өте берік мінезді адам». Валериан Куйбышев: «Рысқұлов аса ірі тұлға, Москвадағы қызметте ол мызғымас коммунист болып шынығар еді».

Наркомнацта Сталиннің орынбасары болып екі жыл шамасы қызмет істеп, ересен еңбегімен, лениндік іске адал берілгендігімен, азамат қайраткер ретінде ірілігімен бағаланған Рысқұлов 1922 жылдың күзінде Түркістан республикасына Турксовнарком председателі болып қайта оралады. 1924 жылы Түркістан республикасы таратылып, Өзбек, Түрікмен, Қырғыз, Тәжік республикалары болып, жеке-жеке отау тікті де, соған дейін Түркістан республикасының құрамында болып келген Ақмешіт (Қызылорда), Шымкент, Әулиеата, Алматы, Талдықорған жерлері Қазақстанға қосылды.

Ал, Тұрар Рысқұлов Москваға қайта шақырылып, Коминтерннің аппаратына жауапты қызметке тұрды. Міне, осы жерде ол коммунистердің халықаралық атақты қайраткерлерімен бірге жұмыс істеп, достасты. Олар Бела Кун, Василь Коларов, Сен Катаяма, Георгий Дмитров сияқты тарландар еді. Көп ұзамай, Коминтерннің атқару комитеті Совет өкіметінің басшыларымен келісе отырып, Тұрар Рысқұловты Коминтерннің Монғолиядағы өкілі етіп жіберді.

Тұрар Рысқұловтың қайраткерлігінде, сөйтіп, жаңа кезең басталды. Бұл кезде Монғолия, Қытай, Жапония империалистерінің, ақ гвардияшыл унгерн шапқыншылығынан жаңадан азат болып, әлі буыны беки

қоймаған шақ еді. Тұрар Рысқұлов Монғолиға келе салысымен ондағы озат ойлы, прогрессивті қайраткерлермен Церендорж, Чойбалсан сияқты кісілермен тіл табысып, Монғолияны социалистік жолға салуға аянбай атсалысты. 1924 жылы ноябрьде бүкілмонғолдық бірінші Ұлы Құрылтай шақырылғанға дейін Тұрар Рысқұлов болашақ Монғол Халық Республикасының Конституциясын жазуға ерекше күш салды. Бірінші Ұлы Құрылтайда, Монғол Халық Республикасы жарияланды. Құрылтай жұмысында Рысқұлов көп қайрат көрсетті. Жаңа республика астанасының атын Ұлан Батор – Қызыл батыр деп қоюға ұсыныс жасады. Мұны бүкіл делегаттар қызу қолдады.

Тұрар Рысқұловтың Монғолияда атқарған еңбегін Коминтерн мен Совет үкіметінің басшылары жоғары бағалады.

Тұрар Рысқұлов 1926 жылдан бастап РСФСР Совнарком председателінің орынбасары болып тағайындалып, осы биік қызметті 1937 жылдың май айына дейін, жала жабылып, жазықсыз жапа шеккенге дейін атқарды.

Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысында көп ізденіп, көп материалдар жинадым.

Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол – дарынды талант, айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал, соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы не деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім. Өкінішке орай, бұл қос кезең де Қазақ ССР тарихында күні бүгінге дейінгі жабық тақырыптардың бірі болып келді. М.С.Горбачев жолдастың Ұлы Октябрьдің 70 жылдық мерекесінде жасаған баяндамасы өткенімізден ақтаңдақ таңбалардың қалмауын іс жүзінде көрсеткен бастама болды. Халқымыздың жүріп өткен жолына объективті баға беру, жіберілген қателіктерден сабақ ала білуді міндеттейді. Сондықтан да жариялылықтың тынысы кеңіп, самал желі жан-дүниемізді тазарта бастағанда біз ең алдымен,

«кешірімсіз ұмыт қалдырған» жылдарға оралуымыз шарт. Енді аталмыш кезеңдерге оралайық.

Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болы. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды. Ол кездегі Түркістан республикасының кейбір әскер басшылары армияны нығайту керек деген сылтаумен, аштыққа ұшыратқан, әсіресе, қазақ даласында апатқа айналған зұлматқа көмек көрсеткісі келеді. Сонда Рысқұлов жанаямас айқасқа түсті. Ақыры, аштарға жедел көмек көрсету туралы өкіметке қаулы қабылдатты.

Екіншісі – тағы да аштық. Тарихтан белгілі, 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалаушылық орын алды. Халықты коллективтендіру туралы Лениннің өсиеті ұмыт қалып, қоғам дамуының объективті, диалектикалық заңы бұзылды. Осының салдарынан халық көпе-көрінеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды. Ал, Голощекин бастаған республика өкілдері Қазақстанда коллективтендіру тамаша өткізіп жатырмыз деп Москваға ақпар жазумен болды. Халық жаппай күйзеліске ұшырады.

Міне, осындай сын сағатта, Тұрар Рысқұлов, 1932 жылы август айында Сталинге бірінші хатын жазды. Одан нәтиже бола қоймаған соң араға бірнеше ай салып Сталин, Молотов, Кагановичтердің атына екінші хатын жазды. Ол хатында Рысқұлов Қазақстанда, әсіресе, мал баққан халықтың халі адам төзгісіз екенін, аштықтан көбі ажал құшып, көп адам Қазақстаннан басқа жаққа тамақ іздеп, жұмыс іздеп ауып кеткенін, Голощекиннің «Лучше пересолить, чем недосолить», яғни, «Асырау сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп, тұтас халықтың басына алапат қауіп төндіргенін бұлтартпас фактімен, документтермен, жанқиярлық батылдықпен ашына айқайлап айтты.

Дәл осы тұста, жеке адамға табынудың дерті белең алған шақта мұндай орасан батылдыққа барып, өз басын оққа байлау қауіпіне қарамай, «Халқым!» деп жанұшыра қайраткерлік көрсету – теңдессіз ерлік еді.

Көп ұзамай, 1933 жылғы кезекті Пленумында Қазақстан жағдайы талқыланып, Голощекин КазКрайкомның бірінші секретарьлығынан алынып, республика ауыр бұлттан арылып, әділеттілік орнай бастады.

Міне, басқа сіңірген еңбегінің бәрін былай қойғанда, басқа биік-биік қызметтерінің бәрін былай қойғанда Тұрар Рысқұловтың дәл осы ерлігі үшін ғана, халқын жан-тәнімен сүйе білген үлкен жүрегінің көпті жылытқан ыстық оты үшін ғана оны құрметтеуге, оны сүйуге, оны үлгі етуге әбден болады. Тұрар Рысқұлов деген есім бізге, келер ұрпаққа өзінің нағыз лениншіл адалдығымен, шыншылдығымен, халқына қалтқысыз беріле қызмет етуімен, халқы үшін қандай қиындықтан болса да танбай, өз мүддесінен ел мүддесін мың есе биік қоюмен бағалы.

**«АРАЙ», 2 ақпан 1988 жыл**

**ЖАЗУШЫ – ЖАРИЯЛЫЛЫҚТЫҢ ЖАНАШЫРЫ  
ШЕРХАН МҰРТАЗАЕВ,  
ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ  
ЛАУРЕАТЫ**

Шетсіз-шексіз әлемді, сол әлемдегі сансыз жұлдыздарды, сол сансыздың бір тозаңы ғана іспетті Күнді, Айды, Жерді жаратқан Құдіретті де, Көк Тәңіріні де былай қоя тұрайық . Әрі десе біздің марксизм ілімі олармен дос-жар емес. Сөйтсе де Табиғат біздің туған анамыз екенін марксизмнің өзі де жоққа шығармайды.

Ал, енді сол туған Анамызды біз қалай құрметтеп жүрміз? Адамзаттың абыройсыздығынан Жердің бетін тазартатын топан суы қаптаса жаңа Нұх пайғамбардың кемесі табыла қояр ма екен? Мағжан ақын тіпті Октябрь төңкерілісіне дейін-ақ:

*Жер жүзін топан басса екен!  
Асқар таудан асса екен!  
Таудай толқын құтырып,*

*Улы көбік шашса екен!*

*Жан иесі тыншықса!*

*Үн иесі тұншықса!*

*Қараңғы жердің көгіне*

*Күн болып сонда мен шықсам!*

*Қандай ойын салар ем!*

*Жалынмен бәрін жалар ем!*

*Заулаған от – жалғыз жан,*

*Жер мінезді жоқ адам.*

*Заулап тұрған отымнан,*

*Жаратар ем жаңа адам!*

Омбы. 1914 жыл.

- деп бекер жазбаған шығар.

Шын ақындар пайғамбар болмаса да, пайғамбар шалықтаған жандар ғой. Тумасы табиғаттан ақын жаратылған Мағжан сол құдай берген талантының үстіне аса білімді адам болған. Ертеден қалған бір кітапта: «көп білген – көп азап арқалайды» деген екен. Мағжан жан азабынан жаратылған ақын. Әйтпесе, ол көп айқайшыл, ойы келте ақындардың бірі болса, көп азап шекпес еді, зорлықпен, қорлықпен, жалған жаладан өлмес еді. Ал, әлгі әсіресе солақай, шолақ торы ақындар Мағжан табытының үстіне дастархан жайып, шарап ішіп тайраңдаған, тасыраңдаған, кездер болды ғой...

Адам азғындауының бір парасы осындай.

Адам азғындауынан адамдар ғана емес, табиғат та зардап шегеді. Заманымыздың арлы азаматтарының бірі, зор тұлғалы жазушы Ғабит Мүсіреповтың көп блокноттарының бірінен мынандай жыр жолдары табылды:

...Домбырам сазы-қалың боз,

Қара жердің көйлегі.

Ұялып қалар кәрі анаң,

Жырта берме көйлегін.

Ұяттан өлер кәрі анаң,  
Ұят білмес ұрпағы  
Жырта берсе көйлегін...

Ғабең мұны қарағандылық ақын Жолдыкейдің ауызынан жазып алған. Бұл, сірә, соғыс жылдары болса керек. Сол кездің өзінде табиғатқа «көйлегің жыртылды-ау» деп азаланған ақын туған жеріміздің кейпін кәзір көрсе не дер еді.

\* \* \*

Жер-Ана шіркін о басында жомарт болған. Ертеден қалған жазуларға қарасаң, баяғыда шумер дейтін халық бір гектар жерден 120-140 центнерден арпа алыпты. Ал, Геродот тіпті- 400 центнерден дейді.

Қайда сол жомарт жер?!

Тың көтердік. Алғашында миллиард деп жүрдік. Кәзір оны ауызға алмайтын болдық. Неге?

\* \* \*

«Тың эпопеясы!» деп даурыққан кез болды.

«Тыңды бағындырамыз!» деген даңғаза ұранның жағымсыз үні құлақта әлі ызыңдап тұрғандай.

Тыңды, яғни Қазақстанды «бағындырмақ» пиғыл әріден, біздер біле бермейтін әралуан патшалар заманынан басталса керек. Сібірді, Қазақстанның Сібір жақ пұшпағын «бағындырғандардың» басы Ермак шығар. Ермакты «ұлттық батыр» дейтіндер бар. Әйтпесе, Ертістің бойында, Павлодар облысында тұтас бір аудан Ермак атымен аталып, сол аттас қалада Ермакқа орасан ескерткіш орнатылар ма еді? Және оның тұғырына: «Ермакқа-дән риза ұрпақтарынан!» деп тасқа қашап жазылар ма еді? Ал, «ұрпақтары»-кешегі тың игерушілер ғой. Бірақ олардың ұраны: «Тыңды игерейік!» емес, «Тыңды бағындырайық!» болды. Тың дегеніміз - Ана. Ал, анасын бағындыратын адам бола ма екен?!

Бірақ осындай да оспадарсыздық болғаны рас. Ал енді Ермакқа қайта оралар болсақ, онда Лев Толстойды тыңдап көріңіз. Толстой-орыс халқының ар-ожданы, пайғамбары. Ал, пайғамбар жалған айтпас болар.

-Баяғы Иван Грозный патшаның заманында,-дейді Лев Толстой,- Строгоновтар деген көпестер болыпты. Олар Кама дейтін өзеннің бойын жайлапты. Каманың жоғары жағында, Орал таудың бауырында бос жатқан жаннат жер бар деп есітеді. Строгоновтар патшадан сол жерді сұрайды. Патша рұхсат береді. Көпестер байыған сайын арандары ашыла түседі. Енді Орал таудың арғы бетінде керемет бай өлке бар деген хабар алады. Көпестер сол жұмақты жаулап алуды арман қылады. Патшадан: осылай да осылай, Орал таудың ар жағында тұнып тұрған бай өлке бар екен. Көшім дейтін ханы бар дейді. Соны жаулап алайық, дейді. Патша: күшің жетсе, ала бер. Бірақ Ресейден халықты тым көп азғырып әкетіп жүрмендер дейді.

Байқайсыз ба, Ресейден халықты көшіре бермендер, деп ең қан-құйлы қатыгез патшаның өзі айтқан ғой.

Сонда Строгоновтар жаушы жіберіп, жан-жақтан қол жинайды. Ол кезде Еділ мен Дон бойында ел тонап жүретін қарақшылар көп екен. Жаушылар: жақсы ақыға жалданатын кімдер бар?-деп жар салады.- Мишка Черкашенин, Сары-Азман атамандар бар, - деседі айнала жұрт. - Бірақ солардың бәрінен де залым қанішер Ермак Тимофеевич дейтін атаман.

Әне, Строгоновтар Ермакты солай тапқан.

Не керек, Ермак Көшім ханның Сібір деген қаласын жаулап алады. Халықты аяусыз қырып-жояды. Садаққа қарсы - оқ-дәрінің күші. Ақыры сол жақта өзі де өледі.

Лев Толстой солай дейді. Әділ пайғамбар.

Иван Грозный - жауыз, бірақ ақылды болған. Ресейдің халқын жан-жаққа шашырата бермендер деген.

Арада 500 жылдай уақыт өткенде Хрущев Қазақстанның тыңына «тың бағындырушыларды» қапталты-ай келіп, қапталты-ай келіп! Онымен қоймай сол «тың бағындырушылар» біржола тұрақтанып қалсын дап, Россиядан жиырма мың қыз шақыртқаны бар емес пе!

Хрущев құдіреті осындай. Елге астық керек, нан керек болған шығар. Бәрі дұрыс. Бірақ 1954 жылы елімізде аштан өліп жатқан ешкім жоқ еді. Тыңды игеру керек болған шығар. Бірақ бір жылда бүкіл Қазақстанның ішек-қарнын ақтарып, үстін астына түсіріп тастау неге қажет болды? Бірте-бірте, шақтап-шақтап игерсе қайтер еді?

Бұл енді коллективизацияны лезде ұйпа-тұйпасын шығарып ұйымдастырған Сталиннің мінезі еді. Сталиннің Голощекиннің асыра сілтеуі жер бетінен қаржамай, қазан ұрмай миллиондаған қазақты алып кетті. Камбоджа деген елде Пол Пот деген жендет халқының жартысын қырып тастап еді, «геноцид!» деп бүкіл дүние жүзі шулады. Ал, қазақ халқының жарымын қырып тастаған Голощекинді ер санап, әлі күнге дейін қорғайтындар бар. Тіпті кейбір ғалымсымақтарымыздың айтуынша, 32-33 жылдары қазақтар қырылса, оған коллективизация да, Голощекин де кінәлі емес, құрғақшылық, яғни ауа райы кінәлі көрінеді. Миллиондардың аруағынан қорықпайтын осындайлар да жер басып жүре береді.

Хрущевтың тұсында халық қырылған жоқ. Бірақ қырғынға бергісіз жағдайлар да болды. «Тың эпопеясы» туралы роман да, опера да, поэмалар да жазылды. Мадаққұмар олардан кемшілік болған жоқ.

Ал, сол «тың эпопеясы» тұсында жүздеген қазақ мектептері жабылғаны туралы, жергілікті халықтың мыңжылдық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, халықтың, ұлттық қасиеті топырақпен бірге қақырап бара жатқаны туралы поэмалар жазылған жоқ..

Мектеп жабылған соң – тіл кетті. Ал, ана тілінен айырылған халық - о да опат болған халық. Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт - тарихынан, түп-тамырынан айырылған ұлт. Тілімізді ұлт деуге де келмейді. Тілінен айырылған халық - ата-бабасының, туған әкесі мен туған анасының атын ұмытқан халық. Ал, ондайларды мәңгүрт деп атайды.

Әңгіме, өзінен-өзі, еріксіз тілге ауысқан соң патшаның губернаторлары туралы да бірер сөз. XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдар шамасында Қазақстанның Дала уәлаятын Омбыдан басқарып отырған Сперанский дейтін губернатор болды. Қазақтарды орыстандыру үшін шоқындыру керек деген саясатқа Сперанский қарсы шығады. Қазақтарды ұлттығынан айыратын бір-ақ жол бар, депті Сперанский, қазақтар арасында жаппай орыс мектептерін ашу керек, сонда қазақтар өз тілін ұмытады, ал тілін ұмытқан халық оп-оңай орыстанады.

«Тың эпопеясы» тұсында да саясаты жағынан Сперанскийден кем түспес Соколов, Бородин дейтін «губернаторлар» өтті... Сперанскийдің «көрегендігін» қазіргі якут-сахалардан байқауға болады. Якут-сахаларды христиан дініне зорлап кіргізгенмен, шоқындырып, фамилияларын «Иванов», «Петров» етіп жібергенмен, тілі сақталып еді - саха ұлты да сақталды. Ал, сол Лена бойын жайлаған якут-сахалардың ежелгі көршілері-вогулдар тілінен айырылып еді, вогул дейтін халық дүниеден көшті де кетті. Жер бетінде бір кезде вогулдар болғанын кәзір ешкім де білмейді.

Соңғы кезде орталық кейбір басылымдарда марқұм Столыпинді армандап аңсаған мақалалар басылып жүр. Күні кешеге дейін тарих пәнінде «ажал қарғысы» атанып келген Столыпинді енді данышпан еді десіп жатыр. Столыпиннің аграрлық саясатын алға апарғанда қазіргідей дағдарысқа ұшырамас едік, деп өкінгендер табылды.

Ал, сол Столыпин ішкі Россияның ширек халқын Қазақстанға жер аударған еді ғой. Қазақтарды тауға, тастаққа, құмға қуып тастап, ең шұрайлы, сулы, нулы жерлерді «переселендерге» берген еді ғой...

Хрущевтің алдында осындай да «үлгі» болған.

Кешегі мал жайылған, нар жайылған қазақтың жеріне шеттен халықты күштеп әкеліп, қоныстандыра берудің ақыры не боларын сонау 1910 жылдың өзінде болжап біліп, оны бүкіл әлемге әйгілеп жазған Әлихан Бөкейханов еді. Өзінің Петроградта басылып шыққан «Қазақтар» деген еңбегінде Әлихан Бөкейханов былай дейді: «...Крестьяндарды қазақ даласына асығыс түрде үйіп-төгіп қоныстандыра берсе, тың жердің түгел жыртылары хақ. Ал, қазақ даласы тыңынан айырылған соң тұлдырсыз бедеу қалады да, егін өспейтін болады... Қазақ даласының тамаша шүйгін жайылымдарының топырағы көкке ұшқан соң, дала шөлге айналады, сөйтіп крестьян айтақырға отырып қалады, ал жайылымнан айырылған қазақ әбден азып –тозып, ақыры жаңа тұрмыстың жағдайымен пролетариат қамытын киіп, тау-кен заводтарына, қалаларға кетеді» (А.Букейханов, «Киргизы». Петербург-Петроград, 1910.)

Арада елу жыл өткенде орыс жазушысы Чивилихин «Земля в беде» деген шығармасында Әлихан Бөкейхановтың әлгі сөзін растап берді.

Патшалар заманынан бастап қазақтарды өз жерінен бірте-бірте ығыстырып, шұрайлы жерлерді иемдене беруге құмарлықтың сыры неде? Мұны ІІ Думаның депутаты Марков ашықтан ашық былай деп жайып салды: «Киргизы (қазақтар дегені - Ш.М.) - потомки орд Чингизхана и Тамерлана и что с ними надо поступать так, как поступали с краснокожими в Америке». («Товарищ», №442. 6 дек. 1907 г.). Оны енді патшаның отаршылы, Столыпиннің қолшоқпары делік. Өкінішке орай, Совет өкіметі орнағаннан кейін де Түркістан республикасының алғашқы басшыларының бірі Тоболин деген кісі де: маркстік тұрғыдан келгенде көшпенділер бәрібір жер бетінен жойылып кету керек, сондықтан оларға қол ұшын берудің де керегі жоқ, деген ғой.

Ол бір қатты ашаршылық қаһарын төккен кез еді. Сонда өкімет басшысының айтқаны әлгіндей. Тұрар Рысқұловтың онымен аяусыз айқасатын кезі сол тұс.

Кейін, 1932-33 жылдардағы наһан нәубетте де Тұрар Рысқұлов дәл осы көзқарастағы Сталинге құлаш-құлаш хат жазып, қазақ деген халықты сақтап қалайық деп дабыл қақты. Сталин бір халықты түгел жоймаса да, жартылай қырып берді.

Осының бәріне де түптің түбінде сұңғыла сұмдық идея жатыр. Столыпинге де, Сталинге де қазақ деген халықтың тағдыры түкке тұрғысыз. Олар үшін ең бастысы - қазақтардың жері. Бұл жердің үсті де, асты да тұнған байлық.. Соны сүліктей сора беру керек. Ал, қазақ деген халық атын сандықтың үстінде отырып аштан қырыла берсін. Алтын сандықтың кілтін қазақтарға бермеу керек.

Сол идеяның сұмдық сілемі кешегіге дейін созылып келді. Тамтығы әлі де бар. Қазақстан - көмірді, темірді, глиноземді, газды, мұнайды шикізат ретінде мемлекетке су тегін береді де соншама ағыл-тегіл байлықтан республика үлесіне түк те тимейді десе де болады. Ал, алтын, күміс, қорғасын, мыс, мырыш, молибден, кобальт сияқты аса құнды асыл да сирек қазынаға республика өзі ие емес-ау, сірә.

Сонда қалай? Қазақстан шексіз қазыналы зор сандықтың үстінде кембағал халде отыра береді де сандықтың кілті Орталықтың қолында, ол байлықты қалағанынша ала береді ғой. Осындай да әділеттік болама?

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жаңа сайланған бірінші секретары Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жолдастың Қазақстан шаруашылық есепке көшіп, өз еркі өз қолында болуын талап етіп, аса беделді мінбелерден, бұрынғы басшылар өмірі айтып көрмеген, мүлде жаңаша идеялар айтуы - жақсылықтың нышаны, жариялылық пен демократияның жемісі десек жарасар.

\* \* \*

Халықтарды Қазақстанға көшіріп қоныстандыру жөнінде Хрущевтың алдын орап кеткен тағы бір адам бар. Ол Сталиннің өзі. Тіпті Ұлы Отан соғысына дейін-ақ Сталин сонау жер түбіндегі Қиыр Шығыстан корейлерді зорлап-зомбылап, бір-ақ күннің ішінде көшіріп, Қазақстанға әкеп тастады. Сол соғысқа дейін-ақ Иран шекарасынан әзербайжандарды Қазақстанға қалай жер аударғанының себебін ешкім білмейді. Ал, енді соғыс жылдарында, яғни 1944 жылы, жеңіске жететініміз белгілі бола тұрып, Қазақстанға шешендер мен ингуштерді, қарашайлар мен балқарларды, қырым татарларын, месхетия-түріктерін, яғни тұтас халықтарды «сатқын» деп айыптап, топырлатып айдап келді. Соғыс бастала бере-ақ, алдымен Еділ бойындағы, Краснодар өлкесіндегі немістерді де Қазақстанға жер аударған-тын. Сталиннің көзімен қарағанда, Қазақстан «халықтар түрмесі» болу керек екен. Солай болды да.

Жолдас Сталин, мұныңыз қалай? деген ешкім болған жоқ. Қазақтар қайта ықтиярсыз жер аударғандарға аузындағы бір жапырақ нанын бөліп берді. Бір құртты қақ бөліп жеді. Сонда қазақтар: кейін-кейін республикада халықты процентке шағып, жоғары оқуға студенттерді халықтың санына қарай қабылдау керек, қызметті халықтың санына қарай беру керек дейтін саясатшылар шығатынын ойлап та жатпады. Қойны ашық, қолтығы кең, қайран қазекем! Күндердің күнінде: республикада қазақтар 40-ақ процент,

сондықтан қазақ тілі жеке-дара мемлекеттік тіл болуға правосы жоқ, деп сайрайтын «сандуғаштар» шығатынын қайдан білсін. Олардың көбі өзге де емес өзімізден, өзіміздің ұлттық нигилистерден шығатынын, сол ұлттық нигилистердің көш басында өмір бойы ана тілінің арқасында күн көріп, биік-биік дәрежеге жетіп, академик атанған адамның да болатынын қайдан білсін.

Республикада тілге мемлекеттік статус беру жөнінде құрылған беделді комиссия бар-тын. Құрамында – 27 адам. Тіл мамандары, жазушылар, заң мамандары, т.б. саланың адамдары. Арасында орыс Иван Шеголихин, неміс Герольд Бельгер сияқты өзге ұлттың өкілдері де кездесті. Ал, енді осы комиссия талай рет бас қосып, пікірлесіп: республикада қазақ тіліне-мемлекеттік тіл статусын берейік деп, жиырма жетінің жиырма алтысы дауыс бергенде, ылғи да бір адам қарсы шықты. Ол - академик Смет Кеңесбаев. – Менің жеке пікірім: мемлекеттік екі тіл болсын - қазақ тілі, орыс тілі, - деді.

Мемлекеттік екі тіл болғанда қазақ тілінің хәлі мүшкіл болатынын, орыс тілімен қатар тұра алмайтынын бір кісі білсе, академик Кеңесбаев білсе керек еді. Бірақ, қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ. Ал, Кеңесбаевша ойлайтын чиновник қазақтар жоқ емес. Олардың көбі қазақ тілінің мемлекеттік бірден-бір тіл болуынан қорқады. Неге десеңіз, ертең ол чиновник көпшілік алдында қазақша баяндама жасап, лекция оқуына тура келеді. Ал, ол қазақша білмейді.

\* \* \*

Ұлттық нигилизм. Бұл тұмсық көтерген шовинизмнен де қауіптірек. Сенің ұлтыңа өзге біреулердің менсінбей шекесінен қарайтынына жүздеген жылдар бойы үйренген. Ал, енді өз ұлтын өзі менсінбейтіндерден сақтасын деңіз. Дүниеден Орал Таңсықбаев атты аса талантты суретші өтті. Ұлты қазақ еді. Елім, астанам деп Алматыға келгенде үйсіз-жайсыз қалып, Ташкентке қайтып кетті. Өзбектер оған барлық жағдайды жасады. Қазір Орал Таңсықбаев өзбектердің ұлттық мақтанышы.

Чернышевский өткен ғасырда былай деп жазды: «Поляктардың әлеміне Мицкевич келген соң, поляктар әлдебір француз немесе неміс сыншыларының мүсіркеу сөздерін қажет етпейтін болды».

Орал Таңсықбаев – біртуар еді. Орал Таңсықбаевтар дүниеге күнде келе бермейді. Қазақ суретшілерінің ақсақалы деп Әбілхан Қастеевті қанша құрметтесек те Орал Таңсықбаевтың жөні бөлек. Кезінде соны да бағаламаған нигилист басшыларға не дауа!

Қазақ нәсілінен шыққан аса дарынды, зор білімді қайраткерлердің бірі Нәзір Төреқұлов еді. Жуырда Ташкентте оған ескерткіш орнатылды. Ал, Қазақстанда Нәзір Төреқұловты бірен-саран мамандар болмаса, ешкім де білмейді. Осындайда ата-бабалар сөзі есіңе түседі.

*Төс-айылдың батқанын*

*Иесі білмес, ат білер.*

*Ер жігіттің қадірін*

*Ағайын білмес, жат білер.*

Осының бәрі ғасырлар бойы отаршылық хал кешкен ұлттық сананың құлдырауынан шығар. Әйтпесе, араға алпыс жыл салып, ортамызға қайта оралған Міржақып Дулатов осы ғасырдың басында-ақ: «Оян, қазақ!» деп неге жар салған? Қазіргі қайта құру заманында демократияның шылбырына ептеп қана ол жетіп, арамызға Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың қайта оралғанына шүкір. Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» дегенде, Мағжан Жұмабаев былғанған дүниені топан суға алдырып, тазартып, жаңа адам жасамақ болады.

Ал, Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып Күн болам!» дейді.

Осының бәрі неліктен? Ұлтшылдықтан ба? Жоқ, ұлтқа жаны ашығандықтан. Ұлттық нигилистер қаптап кетпес үшін. Ұлттық сана сөніп, құлдық психология қатып қалмас үшін. Туған халқын құлдық психологиядан құтқармақ болған осындай арыстарымыз репрессияның құрбаны болды. Олармен бірге ұлттың ақыл-ойы бірге кеткендей болды да, шолақ белсенділер солардың орнын басып, тұлпар орнына

бәйге есек қосар кезең келді. Мағжандарды «байшыл», «ұлтшыл», «пантюркист» деп өлтіре жамандап, Ахаңның еңбектерін үзіп-жұлып, ұрлап, сол «еңбектерімен» ғылыми үлкен дәрежеге жеткендер де болды.

Ұлттық нигилизм мен сталиншіл солақай белсенділіктің бір ағайыны - надандық. Ал, надандық жөнінде Карл Маркс: «Надандық - дүлей күш. Сол надандық әлі талай сойқанның сойылы бола ма деп қорқамыз», - деп бекер күдіктенбеген.

Семей маңында, бұрынғы Абралыда қырық жыл бойына ядролық бомбаға сынақ жүргізіліп келеді екен. Әуелі ашық жер үстінде сынап, кейінірек жердің астына түсіріпті. Бомбаны жер астында жарса адамға, тіршілікке «зияны жоқ» екен-міс.

Мен ғалым емеспін. Бірақ жай қарапайым логиканың өзі-ақ бәрін айғақтап тұрған жоқ па? Ау, Жер түк сезбейтін өлі зат болса, онда оған өсімдік қайдан шығады? Өсімдік - тіршілік қой. Менің қарапайым ғана пайымдауымша, Жердің қабығы, қыртысы-адамның терісі сияқты. Ал, адамның терісі бітеу емес қой. Мың-миллиард тесігі болмаса тер қайдан шығады? Терлейміз ғой. Ендеше Жер де сондай. Мейлі, жүз километр тереңдікке жар, жердің сансыз саңлауы атом газы, радиация сәулесі бәрі-бәрі жердің бетіне шықпай тұрмайды. Осы бір жай ғана ұғымның өзін ұғынықсыз етіп, әскери генералдар тұтас халықтарды бала алдағандай алдамақшы болады. Атом бомбасын жер астында жарып сынаудың ешқандай зияны жоқ деп сонда кімді алдайды?

Аралдың құрып бара жатқанын жұрт, ғалымдар, Аралды «арашалаушылар» Әмудария мен Сырдариядан көреді... Екі ұлы өзеннің суы тоқсан тоғыз жерден бұғалықтанып, тоспаланып, мақтаның құрбаны болып жатқаны рас. Соңғы отыз жыл көлемінде Аралдың күрт суала бастағаны да белгілі. Ал, бірақ бұдан отыз жыл бұрын да мақта егілген. Онда да Әмудария мен Сырдария суын пайдаланған. Ендеше, соңғы отыз жылда Аралдың күрт тартылуына не себеп?

Бұл ретте іштей түйсік, интуицияның жорамалы ғана. Ғалымдар, мамандар, бәлкім, бұл жорамалды жоққа шығарар.

Ал осыдан отыз жыл бұрын Аралға жақын жерден космодром ашылғаны әйгілі. Ғарышқа ұшырылған әрбір ракета, әрбір космос кораблі, әрбір «жер серігі» қандай ғаламат күшпен ұшатыны тек шамалауға болады. Ол алапат күш. Орасан от. Сол орасан от ауаны шыжғырып, тозақ отынан да зор ыстықпен бүкіл оттегін жалмап жіберетінін сәл-пәл сауатты адам түсінуге тиіс. Күйіп-жанып кеткен ауа о да жанталасып, айналадан ылғал іздемес пе екен? Аралдың суы сол тандыры, ындыны кеуіп, апшысы қуырылып жанталасқан ауаны ажалдан арашалап, аспанға бу болып ұшып жатқан жоқ па екен? Атмосфераны ажалдан арашалаймын деп өзі ажал құрығына ілінбеді ме екен?

Қайда қарамаңыз, табиғат өзінен өзі құрып-жойылып жатқан жоқ. Бәріне де адамның сұғанақ қолы араласып отыр. Жамбыл дейтін - Қазақстанда жәннат қалалардың бірі еді. Өңештерін үңірейтіп-үңірейтіп қатарынан үш химия заводы салынды. Бірінші, екінші заводтар кәзір қаланың ішінде қалды. Сол улы заводтардың аждаһадай әрбір трубасы - атом зарядты ракетадан бір де кем емес. Бар айырмашылық: ракета табанда жарылады, адамдарды, жан-жануарды табанда қырады. Ал, Жамбыл заводтарының трубалары бірден емес, бірте-бірте қырады.

Мұндай сойқан жайлаған мекендер Қазақстанда болсын, басқа региондарда болсын аз емес.

Ұзақ-сонар сөзді түйіндесек: егер Құдірет күш бар болса, адамдардың астамдығы үшін, тасыраңдығы үшін, табиғатты қорлағаны, зорлағаны үшін, сөйтіп өздері де имансыз халге жеткені үшін, сол Құдірет күш адамдарды баяғыдай бір жазалайтын кезі келген де сияқты. Енді топан суы қаптаса, Адамнан ұрпақ алып қалатын Нұх пайғамбардың кемесі табыла қояр ма екен?!

**ЖАТ ЖҰРТТАН ІЗДЕМЕЙІК ПАЙҒАМБАРДЫ!**

**«Мәдениет және тұрмыс»,  
№11- 1989 жыл. 7 бет.**

## ТҰРАР ЖӘНЕ ШЕРХАН

Тұрар Рысқұлұлы – халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы, кесек тұлғалы, дара қайраткерлерінің бірі. Елінің бостандығы мен тәуелсіздігін, түрік тілдес халықтардың бірлігі мен ынтымағын аңсаған парасатты да зиялы азамат. Қазақтардың терезесін басқа ұлыстармен тең ету жолында жанын салған қайсар күрескер ол. Ел басына күн туғанда ұлтын қызғыштай қорғаған асылдың сынығы. «Ештен кеш жақсы» дегендей бүгінде біз Тұрар сияқты ардақты тарихи тұлғалардың қадіріне енді ғана жете бастағандаймыз. Тұрар өмірі – оның кейінгі ұрпақтарының рухын жандандыратын үлкен мектеп. Уақыт жылжыған сайын бұл мектептен алатын тағылымымыз қомақты да салмақты бола түсер. Саясаттың сай-саласында халық уақытша көз жазып қалған тарихи тұлғалардың туған ортасына қайтып оралу жолдары күрделі-ақ. Тұрар Рысқұлұлының ғұмыры қандай қат-қабат қиыншылыққа толы болса, оның ардақты атын жөн-жосықсыз қаралайтын жаладан, аяусыз баттастыра жағылған қара күйеден арылту ісі де сондай қиын. Ол 1957 жылы қағаз жүзінде ресми аяқталғанымен, «Алашшыл», «түрікшіл», «ұлттық мүдде» деген ұғымдардан қатты тітіркенетін әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиялық функционерлері Тұрардың зерттеуді жолға қоймақ түгіл, оның есімін ауызға алдырмау үшін қолдан келгендерін істеп бақты.

Осындай қолдан жасалған кедергілерге қарамастан қалың қазаққа Тұрар тұлғасының жаңа қырларын Шерхан Мұртаза дер кезінде таныта білді. Тұрардың қайта оралуына Шерханның «Қызыл жебе» романының алғашқы кітаптары жол салып берді десек қателеспеспіз. 1938 жылы жазықсыз, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Тұрардың бейнесі аға ұрпақтың есінде қаз-қалпында сақталғанымен халықтың кейінгі толқыны ол туралы шындықтан шала-шарпы хабардар еді. Міне сондықтан да Тұрар Рысқұлұлының өз халқы алдында атқарған қыруар еңбегінің жан-жақтылығын, ауқымдылығын шынайы ашып көрсеткен жазушы Шерхан Мұртаза шығармасы орны бөлек туынды. Ал Шерханның өзіне келсек, ол алғаш рет Тұрар есімін ақтауға әрекеттенген

Рахымалы Байжарасов қарт екендігін қайталаудан бір жалыққан емес.

Әрине, бүгінде Рахымалы ақсақалдың «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшы қызметкерлерінің үрейін тудырып, оларды әжептәуір дүрліктірген «Социалистік Қазақстандағы» (1960, 19 қазан) мақаласын оқығанда бар, оқымаған да бар. Тұрардың ардақты есімін жаңғыртуға ұмтылған, содан өзі де қуғын көріп көз жұмған қажырлы Рахымалы қарияның аруағына бас ию ләзім. Дегенменде осы көп ойға жетелейтін қайғылы жайды талай насихаттап, Р.Байжарасовтың ерлік ісіне тиісті әділетті бағасын беруді өзінің азаматтық борышы санаған Шерхан Мұртазаның турашылдығын қалай мойындамассың.

Егер Рысқұлұлының тарихи тұлғасы елге тарихи зерттеулер емес көркем әдебиет арқылы кеңінен танымал болды десек тарихшылар қауымы ренжи қоймас. Шындық осылай. Шерханның жазушы, аудармашы, драматург, публицист, журналист, қоғам қайраткері сияқты қыруар сансалалы еңбектерін еске алғанның өзінде, оның Тұрар туралы жазғанының өзі бөлек бір сом дүние. Сондықтан да Шерханның, қазақ әдебиетінің шежіресінде ғана емес, Тұрартану ғылымының негізін қалаушылардың ірі өкілі ретінде тарих ғылымында да өзіне лайықты орнын аларына күмәндануға болмас.

Шегіне жеткен тоқыраудың нақ ортасында қалам ұстағанның көбі әліптің артын бағып, інге жасырынып, жұмған аузын аша алмай, немесе кеңес дәуірін айналып өтіп, басқа тақырыптарға ауысып жүргенде Шерханның Тұрар жайында қалам тарта бастауы ерен ерлікке барабар әрекет болғанын мойындауымыз керек. Өз арамыздағы қайраткерлерімізді тани білмеуіміз – біздің осы күнге дейінгі басты осалдығымыз, әлсіздігіміз. Бұл өсер елді өсірмейтін кесапат қасиет.

Шоқтығы биік арыстарымызды бүгінгі болмысымызды тиісінше бағалай алмауымыздың басты бір себебі – авторлардың өздерінің өресінің тарлығы, зерттеушіліктің солақай және кемшін түсіп жатуы. Сондықтан да болар, бүгінгі шығармашылықта кейде тарихта болған нақты адамнан гөрі суреткердің қиялынан туған жалған кейіпкерлер

шындыққа анағұрлым жақынырақ тұрып, оқырмандарға тартымды келеді. Қазақ тарихнамасында өткенге сыншыл көзбен қарау дәстүрінің іргетасын қалағандардың бірі Рысқұлұлы Тұрар еді. Осы игі дәстүрді Тұрардан сәтті қабылдап, оны лайықты түрде жалғастыра білген Шерханның Тұрар жайындағы шығармаларына үлкен батылдық, еркін ой, сыншылдық тән.

«Қызыл жебе» романының қолымызға тиген төрт кітабында Тұрардың өнегелі өміріне байланысты оқиғалар желісі нақты тарихи деректерге сүйеніп өрбиді. Романның беттері автордың тақырыпты көркем сөз шебері – жазушыдан гөрі, құбылыстың мән-маңызын, себеп-салдарын терең талдап саралайтын білгір зерттеуші – ғалымдарға тән тыңғылықтылықпен зерделегенін айғақтайды. Шерхан пайдаланған кейбір архив құжаттарының түпнұсқалары маман-тарихшыларға да үлгі боларлықтай асқан ыждағаттылықпен талданып, ой елегінен жан-жақты өткізілген деуге толық негіз бар. Шерхан «Қызыл жебе» арқылы қазақ әдебиетіне бірегей ғұмырнамалық соны шығарманы ғана емес, сонымен бірге тарихи-танымдық мәні зор зерттеу дүниені де ала келді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты деректерге жүгінелік. Тұрардың өз ел-жұрты алдында сіңірген ерекше еңбегі, ерен ерлігі неде?, - деген сұраққа Шерхан: «миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен оның өмірінің екі кезеңі дер едім», - дей келе өз шығармасында 1918-1919 жылдардағы Қазақстандағы үлкен аштықта халқын қорғаштаған Тұрардың жанқиярлық қызметін айрықша бөліп көрсетеді... Бұл жерде Шерхан объективті шындықты, Тұрардың азаматтығының, күрескерлігінің ең биік зерделі бедерін айна-қатесіз байқай білген.

Иә, елдің бәрі Шерхан емес. Осынау ел басына күн туған тұстағы Тұрардың қайсар тұлғасын көмескілеп көрсеткендер де бар. Мысалы, осы біз үшін айрықша маңызы бар мәселе жайында Тұрар өмірін арнайы зерттеген мәскеулік партия тарихшысы В.Устиновқа құлақ қойсақ, мұндай «ұсақ мәселеге көңіл бөлмеуге де болады екен. Т.Рысқұлұлының қызметіне арналған көлемді монографиясында ол 1932-1933

жылдардағы сұрапыл зұлмат үстінде Тұрардың өз жұртына арашашы болғанын назарына да ілмей, Т.Рысқұлов Қазақстанда қалыптасқан жағдайды білу үшін бір топ қызметкерлерді жіберді дегендей атүсті пікір айтуға ғана жараған (Устинов В.М. «Служение народу», Партийная государственная деятельность Т.Рыскулова А.А., 1984, 162 с.).

Тұрар туралы тарихи шындықты қалпына келтіруде, оны әділетсіз саяси айыптаулардан ақтауда Шерхан көркем әдебиеттің құдіретін мейлінше таныта білген. Шерхан романының алғашқы үш кітабы төрткүл дүниенің текетіресіп қарсы тұрған кезінде (ақтар-қызылдар, қанаушылар, қаналушылар, дос-дұшпан, капиталистік әдебиетте: жағымды және ұнамсыз кейіпкерлер деген түсініктер берік орныққанда психологтар мұның бәрін сәбилердің ойлау тәсілі деп те атайды) жарық көрді. Партия идеологтары кезінде тоталитарлық жүйе жаңадан қалыптаса бастағанда Тұрарды «ұлтшыл уклонист», «пантүркішіл», «рысқұловшыл» оппортунистік ағымның (жіктің, топтың) басшысы» деген әртүрлі айдарлар тағып қуғынға ұшыратса, кейіннен әміршіл-әкімшіл жүйе әбден орныққанда оны «нағыз большевик», «қажырлы революционер», «адал лениншіл» деп марапаттап Тұрарды өздерінің коммунистік тәрбие беру ісіне қажетті тұлға ретінде пайдалануға тырысып бақты.

«Аққа құдай жақ» деген аталы сөз бар. Нақты тарихи деректерге сүйене отырып, Шерхан озбыр әкімдер мен олардың жергілікті жандайшаптарының Тұрарға таққан «ұлтшыл», «халық жауы» деген айыптарының мүлде негізсіздігін, халқымыздың шын жауы Голощекин және Сталин тәрізділер сондай-ақ олардың ірілі-кішілі қолшоқпарлары екендігін қалтқысыз дәлелдеді. Шерханның романында кейіпкерлерді тапқа бөліп жіктеу жоқ, әлеуметтік тегі жат деп жазғырылғандардың ішінде большевик фанатиктерінен сана-сезімдері әлдеқайда биік тұрған қандастарымыздың аз көрініс бермейтіні де сондықтан. Бұл кейіпкерлерді бүгіндері жалпы адамзаттық (таптық емес) көзбен саралайтын болсақ, олардың «шолақ белсенді» коммунистерден әлдеқайда еңселі де шоқтығы биік тұлғалар екенін аңғарар едік.

«Қызыл жебенің» алғашқы үш кітабы жарық көргенде, сыншылар Шерхан жалынды большевиктің партия солдаттарының бейнесін жасады деп сансаққа жүгірте әңгімелескен болды. Тарихтағы Тұрар мен романдағы Тұрар туралы ақиқатты уақыт атты әділ, әрі қатал төреші алда да айта жатар. Десек те, бүгінгі күні басы ашық, айқын нәрсе, біздіңше, Шерхан сомдаған Тұрар бейнесі өмірлік мақсатында бірінші кезекке большевизмді де, революцияны да, ленинизмді де емес, өз халқының, өз ұлтының, түрік қандастарының мүддесін бәрінен де биік қойып, сол үшін басын қатерге тіккен алаш азаматы.

Партиялылық деген Тұрардың түсінігінде өз халқына пайдалы қызмет ету еді. Ол басты мақсат – отаршылдықтың бұғауынан қазақ халқының босанып шығуы оңай іс еместігін жақсы сезінді. Бұл жолда туысқан халықтарға (өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік, қарақалпақ) адал берілген, қандас халықтардың өз ішінен шыққан ортақ партия – түрік коммунистік партиясы керек деп ойлады. Бұл партия, Тұрардың ойынша, ең басты игі мұратқа – Қазақстан мен Орта Азия еңбекшілерін шын мәніндегі қожаларына айналдыру жолындағы күреске жұмылуға тиіс.

Саяси жағынан алғанда Шерханның Тұрар жайындағы шығармалар жүйесінің (романы, пьесасы, әңгіме, очерктері) арқауы коммунист Тұрар емес, халқының жанашыры осы игі мақсат үшін коммунист, өз ұлтының қамқор перзенті болған Тұрар дер едік. Сайып келгенде, Тұрар большевиктер партиясының мүддесі үшін емес, туған халқының арман-тілегі, болашағы үшін өзін-өзі өртеп, өзгеге жылу берді.

Ш.Мұртазаның Тұрар тақырыбындағы ірілі-кішілі әр жанрда жазылған туындыларын қай жағынан сараласаңыз да олардың талай ғылыми мақалаларға және олардан да зор зерттеулерге өзек боларлық кесек ойларға жетелейтіні даусыз. Біз бүгін, жоғарыда аталған себептерді де еске ала отырып. Шерхан шығармаларындағы кейбір тарихи тұлғалардың саяси келбетіне қысқаша тоқтағанды жөн көрдік.

Кейіпкерлердің саяси қайраткерлігі, түр-сипаты Тұрармен қарым-қатынаста ашылады. Бұл қатынас, шартты түрде алсақ, мынадай жүйемен жасалған: әке мен бала

(Рысқұл-Тұрар), Тұрар – халық, Тұрар – Ленин, Тұрар – Сталин, Тұрар – Голощекин, Тұрар – шовинистер, Тұрар – Түрккомиссия, Тұрар – басмашылар қозғалысы, Тұрар – Моңғолия т.б. Бұл қатарлардан оқырманды әсіресе қызықтыратыны Жанша Босмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Әубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек Қожановтардың есімдерімен байланысты жайттар. Әрқайсысы дербес зерттеу объектісіне айналайын деп тұрған жеке тақырыптық тың тұлғалар бұлар. Енді өзіміз келтірген жүйедегі Тұрардың басқалармен қарым-қатынасын аша түссек.

Тұрар – Ленин. Тұрар өмір де, Шерханның романында да Ленинмен ортақ түсінікке, бір түйінге келе алған жоқ. Сөз жоқ, бұл екі ұлы тұлғаның өзара қатынасын суреттеу зерттеуші – жазушы Шерханға оңайға түскен жоқ. Тұрардың Ленинмен кездесетін тұсын сипаттаған эпизодтан кейін қаламының әрі жүрмей қойғандығын автордың өзі де мойындайды. Тұрардың Түркістан автономиясы жөніндегі жобасын қабылдау-қабылдамау Лениннің өзіне, оның қандай дәрежедегі интернационалист екендігіне сын еді. Тұрардың жобасы Түркістан халықтарының шынайы тілегі болатын. Ленин, өкінішке орай, түркістандықтардың талап-тілегін ысырып тастап, одан большевиктік орталықтың, Мәскеудің мүддесін әлдеқайда жоғары қойды. Тұрардың да өз шындығы бар. Ол осы бағытынан өле-өлгенше тайған жоқ. Лениннің тұңғыық ойшылдығы да, Сталиннің қаныпезер зұлымдығы да, Голощекиннің жатаберіс зымиян қулығы да Тұрарды алған бағытынан тайдыра алмады.

Тұрар – Сталин. «Қыл көпір» мен «Сталинге хатта» қайсысының жеңгенін - әділеттілік пе, әлде зұлымдық па, өтінуші Тұрар ма, әлде билеуші Сталин бе - Шерхан мұның төрелігін айтуды өзінің оқырманы мен көрерменінің еншісіне қалдырыпты. Десек те, біздіңше, жеңіске жеткен қазақтың ұлы. Әділетсіздікке төзбейтін Тұрардың қайсар мінезінің шегіне жете шырыққанын оқып-білдік, ардақты ағамыздың туған ұлтының болашағы үшін жанын пиде еткеніне де көзіміз жетті. Қу жақтың орнына Мырзажанды лауазымды қызмет Қазақстанды билеп-төстеуге келтіріп, ел-жұртымыздың жартысын жер бетінде сақтап қалғандығын да

білдік. Аман қалғандардың ұрпақтары сіз бен біз Тұрар аруағына бас иіп өтеміз. Балаларымызға да осылай етуге өсиет етеміз.

Тұрар – Голощекин. Жоғарыда аты аталған мәскеулік партия тарихшысы В.Устинов Тұрар мен Голощекинді көп жылдан бергі айнымас достар ретінде суреттейді. (Устинов В.М. «Зампред Совнаркома» А-А., 1988, 14 ст.). Әрине, бұл тарихи шындықты өрескел бұрмалаудың тамаша үлгісінен басқа ештеңе де емес. Мұндай ой Шерханның үш түн ұйықтаса да түсіне кірмейтін болар. «Жұлдыз көпірде» автор Голощекиннің болмысы бөлек, қарапайым жұрттан бойын тартып ұстайтын өркөкірек большевик әкім екендігін айнақатесіз көрсетеді. Мәскеудің жандайшабы Ташкентте пойыздан түскен бойда «аты белгісіз аралдағы жабайы адамдарға тап болғандай» күй кешеді. Кітаптағы Голощекин зұлымдығымен елге тізесі батқан Кушекинмен бір тұрғылас адам. Тұрар мен Түрккомиссия құрамында партия құрылысына басшылық жасауға лениндік мандатпен келген Голощекин арасындағы бітіспес – талас-тартыс «Филипп ағзамның» Түркістанға аяқ басқан алғашқы сәтінен бастап, екеуі оққа ұшқанша, яғни ақтық сағаттарға дейін созылады.

Тұрар – Жанша, Мұстафа. Қазақ әдебиетінде Жанша Досмұхамедов сынды парасат иесін, үлкен жүректі адамды алғаш рет ұнамды кейіпкер ретінде шынайы суреттеген де Шерхан болар. Осындай жылылық пен ілтипат Тұрардың Мұстафа Шоқайға көзқарасында да айқын сезіледі. Жазушының бұл екі қайраткер жайында кіндік ой қозғауына олар туралы нақты тарихи деректердің аздығы қол байлау жасады. Өйткені, Шерхан «дерексіз тарих - тұл» деген қағиданы берік ұстанған жазушы.

«Жұлдыз көпірден» де, «Қыл көпірден» де Мәскеудің Түркістандағы әкім-өкілдері мен Тұрар терең өткелсіз күз жатқандай сезім аласыз. Осы жағдай орталықтың эмиссарлары мен жергілікті бұқара арасындағы қарым-қатынаста да анық көрініс береді. Керісінше, бір қарағанда әртүрлі ағымдардың өкілдері болып табылатын қазақ саяси қайраткерлерін өзара бөліп тұрған мұндай терең қайшылық ашық бой көрсете алмаған. Мұның себебі — олардың түпкі мұраттарының бір жерге келіп түйісетіндігінде жатыр.

Туған халқының мұң-мүддесін толымды түрде білдіру, жұртының жанына батқан ауыртпалықтармен күресу — қазақ зиялыларының саяси қызметінің басты сипаты. Қазақты іштен жегідей жеген рушылдық пен жікшілдік және бас біріктіруге ұлттық бірлікке ұмтылған қозғалыс — міне осы екі нәрсе үнемі қатар жүрген қоғамдық процесс бағыттары. Бұл Шерханның Тұрар өнегесін зерттеушілікпен саралап талдағаннан кейінгі әділ тұжырымы. Осы тұста Әлихан, Ахмет және Міржақыптардың «Қазақ» газетінің Семей алашшылдарының «Сарыарқасының», «Абайының», «Мұстафа Шоқайдың «Бірлік туының», Келбай Тоғысовтың «Алаш» пен «Үш жүзінің» бүкіл қазақты тегіне, байы мен жарлысына қарамай ұлттық ынтымақ пен ауызбірлікке шақырудан жалықпаулары шындығын бейнелейтін маңызды жәйттер Тұрар тәрізді Шерханды да халық тағдыры, елдің бүтіндігі терең толғандырады.

Шерхан кеңес қоғамтанушы ғалымдарының әдетте жалпылама сөздермен бүркемелеп, немесе мүлде орағытып кететін Тұрар есімімен байланысты Түркістан тарихының «қиын» тұстарын талдауда да өз кейіпері Тұрарға тән батылдық көрсетеді. Осындай күрделі мәселелердің бірі — Түркістанның болашақ мемлекеттік құрылысы жайындағы Мәскеу мен Тұрар арасындағы талас Шығыстың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерін жете ескермей, бар мәселелерді таптық позициясының тар шеңберінде шешпек болған большевиктік саясаткерлерге Тұрар бастаған жергілікті қайраткерлер Түрік республикасы идеясын қарсы қойды. Тұрар дербес түркі мемлекетін құруға Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи, экономикалық, мәдени-тұрмыстық ортақтастығы жеткілікті негіз бола алады деген дұрыс пікірде болды. Соңғы кезге дейін Тұрардың осы көзқарасы аса ірі қателік ретінде саналып келді.

Отаршылардың «бөліп ал да, билей бер!» деген пиғылына қарсы тұру үшін, ұсақ халықтардың дамыған өркениетті мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймауы үшін, «қуыршақ республика» кебін кимеу үшін барлық күшті бір арнаға жұмсау керек — дербес, тәуелсіз, өзін-өзі билейтін түркі мемлекетін құрып, «бөлшектенбей, ірілену керек» дейді Шерхан бейнелеген Тұрар. Мұсылман мемлекетін құру

туралы бастама ұлыдержавалық шовинизм саясатының толастамауына, білек күшіне сүйенген орталықтағы отаршылардың кепе-кернеу зарлығына қарсы жауап ретінде пайда болды. Орталықтағылар Ленин айтқандай ұлттардың өзін-өзі билеу құқы түркістандықтарға іс жүзінде берілсе, олар Ресейден бөлініп, оның ықпалынан біржолата шығып кетеді деп те сескенді. Яғни патшалық Ресей империясының орнын жаңа большевиктік Кеңес империясы басты. Кеңес өкіметі Түркістан халықтарының қолын кісеннен босатқанымен, басына нокта кигізді, сөйтіп жетекке алды. Қазақстанды тағы да 70 жылдық отаршылдық жайлады...

Дегенмен де, әділдік ақыры да салтанат құрды. Кезінде Тұрар армандаған қазақ халқының егеменді де, тәуелсіз мемлекеті қайта шаңырақ көтерді. Бұл қуанышты өмірді Тұрар көрмесе де, Шерханның «Қызыл жебе» романындағы кейіпкер Тұрар көріп куә болып отыр. Бүгінде Тұрар салған соны соқпақты даңғыл тәуелсіздік жолына айналдыру үшін, оның Шерхан інісі республика парламентінде үлкен қайраткерлік танытуда. Іске сәт, Шерхан, Тұрардың әруағы әрқашан жебей берсін! — дейміздағы.

**Жұмажан СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
**тарих ғылымының**  
**кандидаты.**

**«АҚИҚАТ», №9, қыркүйек 1992**

## **ҰЛЫ ҮНДІСТАН** **Шерхан МҰРТАЗА**

ҮНДІСТАН туралы біздің баспасөзде аз жазылған жоқ. Ертеректе ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ел жайында жұрт сүйсініп оқыған очерктері жарияланды. Одан кейін Әнуар Әлімжановтың Үндістан жазбалары Неру атындағы сыйлықты жеңіп алды. Тахауи Ахтановтың жазғандары да елдің есінде. Ал енді басқа ағайындардың да жолжазбалары мен өлеңдері баршылық.

Сондықтан арғы-бергі тарихтың, ескі әруақтардың тыныштығын аса қозғамай-ақ, Үндістанда болған екі күннің елесін оқырмандарымызға жеткізуді мақсат тұттық.

21 ақпан күні таңертең әуеге көтерілген Президент ұшағы Алатаудың шыңдарынан асып төтелеп тартпай, сол жақ қапталын қуалады да отырды. Аспанда кедергі жоқ, тау асып, өзен кешіп, теңізде жүзбейсің, егер төтелей тартса ғой деп ойлайсың. Төтесінен ұшса, Үндістан жап-жақын сияқты көрінеді. Бірақ әуе жолының да өз заңы, өз тәртібі бар. Сондықтан біз Ташкентке жетіп барып, тіке оңтүстік шығысқа бет бұрдық қой деп шамалаймын. Бұл доға жол. Ташкент пен Дели арасында бұрыннан қалыптасқан әуе қатынасы бар. Соның өзінде Алматы мен Делидің арасы үш жарым-ақ сағаттық жер екен.

Он мың метрлік биіктен жер жарықтық момақан ғана болып көрінеді. Әйтпесе ұшақ қанатының астындағы Ауғанстан қаншама жылдан бері астан-кестеңі шығып, ағайынды адамдар бірінің қанын бірі төгіп жатыр. Кешегі Кеңес Одағы деген империя осы бір соры қалың елдің ішкі ісіне озбырлықпен араласып, бір күнде әскер қаптатып, қолын білегіне дейін қанға малып алды. Осы басқыншылықта біздің қаншама боздақтарымыз жат жерді жастанып қалды. Не үшін? Кім үшін? Ауғанстаннан кеңес әскерін шығарып алды деп кейбіреулер Горбачевті мақтайды. Горбачев бұл әрекетін үш-төрт жыл бұрын бастағанда қан азырақ төгіліп, жағдай басқаша болар ма еді...

Ауғанстан аспанында ұшып бара жатып осындай ойлар орала берді.

Алматы мен Дели уақытының айырмашылығы да шамалы екен – небары жарты-ақ сағат. Сағатымызды отыз минут артқа жылжытып қойып, Индира Ганди атындағы әуежайға табан тіредік. Күн жып-жылы – жиырма градус. Аса, ыстық та емес, суық та емес, пейіштің температурасындай. Әуежай басындағы салтанатты тәптіштеп жату артық сияқты. Аэропорт басы қаптаған солдат. Қатар-қатар ілінген Қазақстан мен Үндістанның тулары. Ортасында – Қазақстан Президентінің үлкен портреті. Ал, енді Президент Нұрсұлтан Назарбаев отырған есік пен төрдей ұзын қара машинаның соңынан шұбатылған

тойоталар мен хондоларда есеп жоқ. Мотоциклистер эскорты қаумалаған ұзыннан ұзақ шеру аэропорттан шыға бергенде көзге түскен алғашқы көрініс: тағы да біздің Президентіміздің портреті. Көше бойы мылтық кезініп теріс қарап тұрған солдаттар. Тіпті бірен-саран адамдарды қолын көтертіп қабырғаға қаратып мылтық кезеніп тұрған солдаттарды көзіміз шалып қалды.

Қарауыл күшті. Бұған таңданатын түк те жоқ. «Сақтықта қорлық жоқ» дегенді әсіресе осы ел білсе керек. Небары соңғы он жыл көлемінде ұлы мемлекеттің екі бірдей патшасы қастандық құрбаны болып кетті. Бір шешесі, бірі баласы. Индира Ганди мен Раджив Ганди. Елде түрлі партия көп, экстремистер, террористер дегендер жетіп артылады. Әсіресе, «тәмілдің жолбарыстары» мен сикх бұзықтары дегендердің әрекеті әлек-шәлек. «Өз ажалынан өлген патшада арман жоқ» деген екен баяғыда бір пәлсапашы. Билік, мансап та құмардың ойыны сияқты қиын нәрсе. Билікті қолына ақылмен ала алмағандар күшке, зорлыққа, сарай төңкерісіне барады. Билік үшін әкесі баласын, баласы әкесін өлтіргендер тарихта жетіп жатыр. О да бір нашақордың яки апиыншының тірлігіндей дүние. Наполеон: «Билік – менің ашына әйелім» деген екен. О да апиынның бір түрі. Бірақ бәрі де өткінші. Дина кітапта жазылғандай: «Бәрі де күйбің-күйкі тіршілік». Дүниенің қызығы қастасуда емес, жақындасуда. Біз Үндістанға жақындасу үшін келдік.

Жақындасу дегенде Үндістан Қазақстанды білмейді емес. Баяғы-баяғы бір ықылым замандарда Ұлы Жібек жолы бойымен үнділер жүрмеді дегенге кім сенеді. Жібек жолымен жүрген болса, қазақ жерімен өтпеу мүмкін емес. Әрі десе Бабыр баба бастаған моғұлдар (барластар) династиясы Үндістанды екі жүз жыл билеп тұрды. «Бабыр наме» кітабында Орта Азия, оның ішінде қазақтың да ізі сайрап жатыр.

Әне, сол қарым-қатынас орыс патшасының империясына қазақ қарағаннан кейін тиылды да, кеңес империясының тұсында «темір қақпа» орнады. Үндістан туралы кинодан ғана, анда-санда бір барған жолаушылардан ғана, газет-радио материалдарынан ғана хабардар болдық. Тікелей қарым-қатынас жоқ еді.

Қазақстан делегациясын қаумалаған машиналар керуені Үндістан Президентінің Сарайына да жақындады. Қақпа сайын қалт тұрған қарауылдар. Салтанатты алып Сарайдың алаңында үш түрлі формадағы әскерлер тізбегі тұр. Екі қапталда ұлттық гвардия пошымындағы атты әскерлер. Жолға ұзыннан ұзақ кілем төселген. Біздің Президентті шатырлы таққа тұрғызды. Жүз зеңбірек жиырма бір дүркін зіркілдете атқылап салют берді. Үндістан Президентінің Сарайында тұңғыш рет Қазақстан мемлекетінің гимні ойналды.

Қазақстан Президентін, қазақ делегациясын аса зор құрметпен қабыл алу осылай басталды. Осы бір елдің елдігін танытатын сән-салтанат тұсында ойға қаламын: құдайға шүкір Қазақстан да тәуелсіз мемлекет болып, БҰҰ-ға мүше болып, ерікті елдер санатына қосылды. Енді бізге де басқа мемлекеттердің Президенттері, бас министрлері келе бастайды. Сонда біз оларды қалай қабылдап, қалай қарсы аламыз? Президенттің ұлттық гвардиясы болатын шығар. Оның формасы қандай пішінде көрініс бермек. Атты әскер ше?

Үндістан Президенті Сарайының аса зор екенін, сәулет жағынан аса сымбатты екенін суреттеп жату үшін бір кітап жазу керек. Мұны ағылшындар салып кеткен. Ал, бізді, Қазақстанды отарлаушылар бізге қандай салтанатты сарай қалдырды? Алматыдағы Ақ Орда деп жүргеніміз, Үкімет Үйі деп жүргеніміз мынаның қасында жәй ғана үйшіктер. Ешқандай ұлттық нышаны жоқ, іші тап-тар, қатардағы қарапайым қораптар.

Жоғары мәртебелі меймандарды салтанатты қабылдаудан өткен соң екі ел басшыларының ресми жүзбе-жүз кездесулері басталып кетті. Үндістан Президенті Венкатараман мырза Нұрсұлтан Назарбаевқа:

- Аса биік мәртебелі сұлтан, Сіз тәуелсіздік алған республикалар басшылары арасында Үндістанға бірінші болып келген Президентсіз. Осыңыз үшін Сізге аса зор алғыс айтамыз, - деді.

Бір байқағаным, осы елдің Президенті де, Премьер-министрі де, министрлері де біздің Президентімізге сөз арнағанда сөздерін ылғи да: «Аса жоғары мәртебелім» деп

бастап отырды. Бізге бұл, әрине, тосын, құлағымыз үйренбеген, тіліміз дағдыланбаған тіркес. Сондықтан болар, біздің Президентіміз өз әріптестеріне тек: «Президент мырза, Премьер-министр мырза» деп отырды. Бұл да әлі дағдыланатын, тілге ендіретін бір деталь.

Үндістан Президенті мен Премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаевпен жеке-жеке сөйлескеннен кейін, министрлер тізбегі басталсын. Қорғаныс министрі, Мұнай министрі, Сыртқы істер министрі, Сауда министрі... Осы Сауда министрі ерекше есте қалатындай: шаңқан ақ киінген, аяғына шәркей іле салған, жалаң аяқ, башпайларын қимылдатып, тіпті қыздарға ұқсап қылымсып отыратын сылқым жігіт екен. Ал іскерлікке келгенде басқа министрлерге қарағанда осының әрекеті ап-айқын, нақ-нақ болды-ау деп шамалаймын. Қазақстанның магазиндерінде жаңа туған жас нәрестеге жаялық табылмайды. Ал Үндістанда тауар көп.

- Алматыда «Ганга» магазині бар емес пе? – деп сұрады біздің Президент әңгіме үстінде өз серіктерінен.

- Бары бар, бірақ жабық тұр. Тауар жоқ, - деп жауап берді Қазақстан Премьер-министрінің бірінші орынбасары Дәулет Сембаев.

- Естідіңіз ғой, - дейді Нұрсұлтан Назарбаев, - мұнда ғой сіздердің дүкендеріңіз сіресіп тұр, тауар өтпейді, ал бізге жетпейді. Сондықтан сіздер үшін Қазақстан сауда-саттықтың үлкен алаңы. Тек тез жеткізу керек. Зиянда қалмайсыз, пайда табасыз. Оған мынау отырған Сыртқы экономикалық байланыстар министрі Сыздық Әбішев, Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов, Сыртқы экономикалық банк бастығы Берлин Ерешев куә.

Кезек күтіп тұрған келесі министр келген сайын бастарына қарқаралы сәлде ораған, қолдарына ақ биалай киген, белдерін зерлі күлдәрімен буынған даяшылар пәтнос тасиды. Мандарин, апельсин, анар сөлін әкеледі. Банан, түрлі тағам ұсынады. Біздің Президент: - Осы жігіттер маған ұнайды. Алсаңдаршы, бекер жүгіріп жүр ме бұлар, - деп қалжындап қояды өз серіктеріне.

Қорғаныс министрі қобалжулы сыңайлы. Неге? Неге десеңіз, іргедегі Пәкістан тынышсыз дейді.

Бұл енді кешегі отаршы Британ империясының қалдырып кеткен бүлдіргісі. Бұл жөнінен Үндістан мен Қазақстан тағдырлас. Британ империясы Үндістанды, Ресей империясы Қазақстанды бір мезгіл шамалас бірте-бірте кеулеп, жаулап алды. Арада екі жүз елу жылдан астам уақыт өткенде, яғни 1947 жылы ағылшындар Үндістаннан кетіп, Делидегі Қызыл қамал үстінде Үндістан жалауы желбіреп, Үндістан Республикасы жарияланды. Рас, ағылшындар аса бай үнді жерін сүліктей соруын сорғанмен, неше алуан ғимараттар, сарайлар салып қалдырды. Соның бірі – мына кәзір біз отырған Президент Сарайы.

Ал, енді оның есесіне баяғы кәрі қақсал сұм саясатпен өзара қырқыса берсін деп Үндістаннан Пәкістан атты жеке мемлекет бөліп шығарып, бөліп кетті. Сол бөліну кезіндегі инуистер мен мұсылмандар арасындағы қырғын туралы бұл елдегілер әлі күнге дейін жандары түршіге әңгімелейді. Сол қырғында бір миллионнан астам адам құрбан болды. Екі ел арасындағы қақтығыс оқтын-оқтын қайталана береді. Әлі есімде, ертеректе, Ташкент шаһарында Үндістанның Премьер-министрі Лал Бахадур Шастри мен Пәкістан Премьер-министрі Аюб-хан кездесіп, келісімге келмекші болғанда осы кездесудің қиямет қиындығы сонша – Шастри Ташкентте марқұм болып кетті.

Одан кейін де екі ел басшылары: марқұм Индира Ганди мен марқұм Бхутто, қазіргі басшылар Нарасимха Рао мен Наваз Шариф кездесіп: бір-бірімізге қоқандағанды қояйық та десе де, шекара тыныштығы бұзыла беретін көрінеді. «Кашмир түйіні» деген шиеленіскен түйін бар екен. Өрт осы арадан шығып кете береді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев осыдан кейін Пәкістанға барады. Онда әңгіме қалай болады. Қазақстан – аса үрейлі қару-жарақтың мекені. Әлдеқалай Пәкістан соны пайдаланып кетпей ме деген қауіп Қорғаныс министрінің сөзінен емес, көзінен көрініп-ақ тұр.

Бұл қауіп Премьер-министр Нарасимха Рао мен Нұрсұлтан Назарбаев бетпе-бет екеуден-екеу қалғанда да елес берді. Біздің Президентіміз: - Ядролық қару-жарақтың бір қылдай қылауы да шетке шығарылмайды, ешкімге де сатылмайды дегенде, Үндістанның Премьер-министрі орнынан атып тұрып, Назарбаевтың қолын ұзақ қысып,

бетіне қан жүгіріп, көзіне нұр кіріп, шын пейілден риза болғанын көрдік. Сонда Нарасимха Рао Нұрсұлтан Назарбаевқа:

- Менен Пәкістан басшыларына сәлем айтыңыз. Екі ел арасын жақындастыратын ізгі дәнекер болыңыз, - деп өтінді.

\*\*\*

Көргеннің бәрін көзінен тізіп айта беру – мылжыңның шаруасы. Келте-келте қайырсақ, Қазақстан Президентінің құрметіне Президент Венкатараман бір бөлек, Премьер-министр Рао бір бөлек қонақасы берді. Президент өзінің Сарайында, Премьер-министр өз резиденциясының гүлзар, жәннат бағында. Ашық аспан астындағы дастарханның мен назар салған бір қызығы болды. Біздің қара қарғалардан үлкенірек, қанаты мен құйрығы ұзындау құстар бақтың үстінде шыр айналып жүрді де қойды. Кейбірі тіпті төмен шүйіліп, дастарханға төне жаздағанда, жан-жақта тұрған қарауылдар әлгі «ұятсыздарды» қымсына үркітіп, кіш-кіштеп тұрды.

Үндістан қанша ұлы, қанша зор болса да, халықтың әлауқаты әлі де тапшылық тартып, аштық та кездеседі. Бүгінде 850 миллионға жеткен халықты асырау да оңай шаруа емес. Енді шамалы уақыттан кейін Үндістан халқы миллиардтан асады. Қытайдан кейінгі екінші орында.

Үндістанда, әрине, тарихи, мәдени ескерткіштер көп-ақ. Солардың бірі – Махатма Гандидің мемориалы. Айналасы ат шаптырым жасыл арал ортасында гүл кесте жамылған шаршы тас тұр. Махатма Гандиді сепаратист жау баяғыда атып өлтіргеннен кейін оның денесін осында әкеліп өртеген. Әулие Ганди тірі пенденің әйтеуір бір ақырғы сапарға аттанатынын біліп, күні бұрын өсиет қалдырған. Мен өлгенде денемді өртеп, күлін Ганг өзеніне шашып жіберіңдер деген. Тірілер оның бұл арызын жартылай ғана орындапты. Күлін Гангиге шашуын шашқанымен, бір уысын алып қалып, мына қара мәрмәр тастың астына көмген. Махатма – Гималай әулиелерінің Гандиге берген аты. Яғни, пайғамбар деген сөз. Демек, Пайғамбар Ганди.

Пайғамбардың басына барып, зиярат еттік. Махатма Ганди қабірінің айналасы жасыл барқыт жамылған көгал.

Төңірек түгел шынар мен магнолия ағаштары. Үндістанға әр кезеңде келген әртүрлі елдердің аса құрметті басшылары отырғызған, Нұрсұлтан Назарбаев та осы баққа бір шыбық шаншыды.

Үндістанға барып тұрып, Тәж-Махалды көрмесең, Үндістанға бардым, көрдім деп жан баласына жақ ашпай-ақ қой. Әруақ, Құдай алдындағы күнәнің үлкені осы. Әмір Темірдің немересі Бабыр бабаны жұрт білетін шығар деп шамалаймын. Сол Бабырдың баласы Құмайын қатты ауруға шалдығады. Сонда Бабыр баба мойнына ала бұршақ салып, Алладан: Уа, Құдай, Құмайынды алғанша мені ала гөр, деп жалбарынды дейді. Айтқаны келіп, Құмайын құлантаза жазылады да, артынша қырық жеті жасында Бабыр баба дүниеден өтіп көз жұмады. Құмайыннан – Акбар патша, Акбардан – Жахангер патша, одан Шах Жахан туады. Сол Шах Жаханның екінші әйелі Мұмтаз Махал (шын аты Бану Бегім) тоғыз баланың анасы болғанда дүниеден қайтады. Шах Жахан бұл жұбайынан айырылғанына өле-өлгенше қайғырып өтеді. Мұмтаз Махалды мәңгі есте қалдыру мақсатымен еш елде, еш жерде ғажайып ескерткіш салдырады. Ол – Тәж-Махал. Яғни, Махалдың тәжі. Дүниеде теңдесі жоқ Тәж-Махал түрік ұстасы Әпенді Ханның қолынан жаңа ғана шыққандай, күннің, айдың сәулесіне орай, сан құлпырып, адам ойы мен шеберлігінің, көркем өнердің сұлтанындай болып жарқырап тұр. Шебер сәулетшінің данышпандығы сонда, Тәж-Махал Жамна өзенінің жар қабағына салынған. Демек, Тәж-Махалды тасалап қалатын басқа құрылыс ешуақытта салынбасын деген ой. Енді Тәж-Махал тек көгілдір аспанға, көк Төңірге ғана арқа тіреп тұрады.

Мына қыл-қыбыр дүниенің кіршігін ілестірмес үшін аяқ киімді шешіп, әруаққа сиынып Мұмтаз Махал – Бану Бегім мен оның адал жары Шах Жахан жатқан табыт-тахытқа беттейміз. Мұнда дүниенің шартарабынан әкелініп, әсем оюланған лағыл тас, зүмірет пен ақық, феруза мен маржан, тағы басқа неше алуан асыл тастан теңдессіз кесте гүл салынған.

Бірі биіктеу, біреуі пәсеңдеу қос табыттың басында үнсіз тұрғанда Нұрсұлтан Назарбаев имам-шырақшыға:

- Біздің атымыздан фатиха дұға оқыңыз, - деді.

Фатиха дұға оқылғанда кесене іші күңіренді. Бата оқып тұрған шырақшы емес, ұлы әруақтар сияқты жаңғырықты. Әркім әртүрлі ойға шомды. Баяғыда бір дана кісі өз өсиетімен моласының басына тасқа қашап мынадай жазу қалдырған екен: «Біз де сіздей болғанбыз. Сіз де біздей боларсыз». Тіршіліктің күйбіңімен жүрген тірі пенде осындайда ғана өмір мен өлім туралы ой толғанып, бұл ғұмырдың өткінші екенін есіне алып, тәубасына келетін шығар...

Біздің Президентіміздің қалтасында шырақшыға беретін теңге болмай қалды. Жәрдемшілері жанталасып жүріп, жеті доллар жинап берді. Ұлы әруақтар қолдасын. Садақаның сауабы тие берсін.

\*\*\*

Сонымен тоқ етері: Үндістан мен Қазақстан басшылары қадау-қадау бес құжатқа қол қойды: тату-тәтті қатынас, Бейбітшілік жолындағы бірлік, сауда-саттық, бірлескен кәсіпорындар, әуе жол қатынасы... студенттер алмасу, мәдениет пен спорт, туризм салалары. Міне, осы құжаттар тез арада іске асса, екі елге де тиімді болмақ.

Ешбір ел бұл заманда барыс-келіссіз, алыс-беріссіз, томаға тұйық өмір сүре алмайды.

Сол Индира Ганди әуежайы. Аса бір құрметпен шығарып салу салтанаты. Ендігі бағыт – Пәкістан.

**«Егемен Қазақстан», 28 ақпан 1992 жыл**

**КРИВЫЕ ЗЕРКАЛА СТАТИСТИКИ,  
или вопрос о том, есть ли в Казахстане свое телевидение**

**Шерхан МУРТАЗА,  
председатель телерадиовещательной компании  
«Казахстан»**

Платон однажды написал, что изобретение письма убьет память, позволит глупцам рассуждать обо всем и сделает людей невыносимыми, превратив их в фальшивых ученых.

Это было 2 тысячи лет назад. Человечество пренебрегло этим предупреждением, и последствия известны. Но люди на этом не остановились и придумали на свою голову еще и телевидение. Сколько было споров! Англичане, с присущим им консерватизмом, сразу же окрестили телевизор «кретинометром», американцы, не стесняясь в выражениях, назвали зарождающееся телевидение «навозной кучей на культуре народа». Телевидение – это просто катастрофа! Конечно, были и сторонники маленького экрана, и последствия этого изобретения нам тоже известны – никто уже не спорит: быть телевидению или не быть, но процесс осознания, не говоря о реализации возможностей ТВ, продолжается. Современные «мыслители» все чаще задаются вопросом: каким быть телевидению (имеется в виду тематическая партитура) и в чьей власти оно должно быть. Власть телевидения понятна – возьмем, к примеру, теленовости дня. Разве они не превращаются на наших глазах в единственный источник информации все возрастающего числа граждан? Разве они не становятся своеобразной официальной устной газетой, единственной и обязательной? Обладая силой внушения, притягательной силой образного мышления, создана необычайная машина управления человеческими душами, какая никогда не снилась никакому доктору Фаусту. Телевидение стало ключом к власти. Поэтому вполне понятны бои, ведущиеся вокруг него. Еще важнее понять, что власть над телевидением становится одной из важнейших политических проблем нашей эпохи. Так чье же наше государственное телевидение? Сергей Дуванов, автор статьи «Есть ли в Казахстане свое телевидение?», напечатанной в «Казахстанской правде» за 25 апреля, утверждает, что мы «слуга трех господ»: Верховного Совета, правительства и президента. Слово «слуга» подобрано не случайно – быть слугой дело унижительное... Но давайте разберемся: унижительно ли быть государственным учреждением, каковым являемся мы, и так ли уж бессовестно мы обходимся с бедным налогоплательщиком, который нас содержит, а мы с пренебрежением относимся к его чаяниям?

Хотел бы прежде всего обратить внимание на то, что эти «господа» ведут себя довольно скромно. Взаимоотношения и понимание, которые давно сложились между нами, позволяют решать все вопросы по-деловому и на демократичной основе через пресс-службы президента, Кабинета Министров и Верховного совета. Кстати, надо отдать должное этим структурам власти – они умеют подбирать кадры. В пресс-службах работают настоящие профессионалы, культурные, образованные люди. С ними легко работать. Кулаком по столу не стучат. А что касается эфира, то из общего объема вещания «господам» отведен минимум: «Президентский час», «Правительственный канал», «Депутатский канал» - это мировой стандарт.

И президент, и премьер-министр, и председатель Верховного Совета, и их представители в этих циклах говорят как раз о том, в чем засомневался автор статьи, а именно – информирование граждан о происходящем в республике, пропаганда установок правительства, поддержание гражданского мира и о многом другом, в чем назрела необходимость.

Во всех цивилизованных странах есть государственное телевидение. И мы здесь не оригинальны, как говорится, «все как у людей!». Ну в самом деле, если президенту нужно выступить по тому или иному поводу, он что, должен спросить: «Можно ли мне выступить по вашему общественно-правовому и очень независимому телевидению?».

А вот призыв «рассмотреть» процесс превращения государственного телевидения в телевидение общественное я понимаю как начало перехода к конфронтации. Лишить правительство и президента мощного средства массовой информации и отдать на откуп эфир незрелым политическим партиям и движениям, бизнесменам – это явный путь к дестабилизации и расколу. Кому это выгодно? И вообще, что за навязчивая идея реформировать именно государственное телевидение? Создавайте свое общественное телевидение и вещайте на здоровье.

Я бы не стал так смело утверждать, что на нашем экране Шварценеггер и Сталлоне появляются чаще президента. Все

аспекты деятельности президента, Кабинета Министров, Верховного Совета мы освещаем в полном объеме, а следовательно, даем оперативную, правдивую, разнообразную информацию населению Республики Казахстан (читай: налогоплательщику). Что сегодня, в это трудное и беспокойное время, важнее – ответы президента в прямом эфире на вопросы телезрителей или очередной «подзаборный» боевик? Это вопрос сегодняшней политики, куда автор статьи, по его собственному признанию, старается не ходить? И правильно делает – политика дело тонкое, и не каждому дано ею заниматься. Это нужно вовремя понять. Создатель наделил человека многими заблуждениями, и одно из них в том, что все мы якобы хорошо разбираемся в футболе, политике и телевидении.

Теперь о так называемых данных социологических опросов, которые приводятся в статье, и методах определения лидерства на телерынке. Когда я читал этот, с позволения сказать, анализ, мне вспомнились слова, которые писали хозяева американских салунов на диком Западе: «Не стреляйте в пианиста, он играет как умеет». Так и здесь – считаем как умеем...

Телевизионный рынок становится обширнее, конкуренция на нем напряженнее. Многие зрители уже не хотят довольствоваться двумя-тремя телеканалами государственного телевидения – посещают видеосалоны, строят свои личные планы и свой семейный бюджет с расчетом на кабельное, коммерческое телевидение и предложения частных компаний. Закон рынка будет действовать безотказно: если есть спрос, будет и предложение. Но насколько качественный товар предлагается сегодня потребителю. Если государственное ТВ придерживается принципа – в интересах широкой публики поддерживать высокий уровень качества программ, их разнообразие и объективность, то в сеть коммерческого ТВ, видеоканалов стали вторгаться люди менее всего пекущиеся об эстетической стороне дела. И воздействие их на редакционную политику не может не ощущаться – отсюда на экранах преобладают жестокость, насилие, секс, порнография, эротика, так называемая «реклама» и т.д.

Нас посчитали в общем телевизионном алматинском «винегрете». Я с уважением отношусь к людям, которые работают в коммерческих телевизионных структурах ( не рискуя назвать отдельные каналы телевидением) и поставили перед собой цель – зарабатывать на жизнь. Это их личное дело, это их право выбора. Вещают они на русском языке и только на Алматы. Это тоже их право. Но если автор ставит вопрос: «Есть ли в Казахстане свое телевидение?», заметьте, «в Казахстане», а не в Алматы, то где же голос казахского зрителя? Где голос зрителей Кыргызстана, Узбекистана, Китая, Монголии, сопредельных с Казахстаном областей Российской Федерации, где проживают казахи? Этот голос почему-то автору не понадобился. Или он исключил казахского зрителя из числа налогоплательщиков, о которых так печется? Кстати сказать, мы не унижали себя критикой коммерческих каналов за показ западных видеофильмов. А такие рубрики, как «Экран зарубежного фильма», «Вечерний видеосалон» и т.д., ввели у себя задолго до создания коммерческих каналов.

Что касается языковой «проблемы», то она просто-напросто надуманна: вернее, подана таким образом, чтобы запутать телезрителя.

В настоящее время, по сложившейся ситуации, республиканское телевидение вещает на четырех языках, чего нет в практике ни одного государства в СНГ. Однако важнейшие информационные блоки Казахского телевидения – программы «Шарайна» и «Новости» готовятся и передаются в одинаковом процентном соотношении на казахском и русском языках. Также обязательно включены информационные сообщения на русском языке в утреннюю программу «Таншолпан».

Все общественно политические программы «Президентский час», «Правительственный канал», «Депутатский канал», выступления президента и премьер-министра идут преимущественно на русском языке. Наряду с этим идут на русском языке программы «Все, кроме политики», «7+7+7», «Му-Ви» и другие передачи аналогичной развлекательной тематики. Поэтому считаем, что оснований для упреков в ущемлении информационно-

познавательных интересов русскоязычного населения нет. При этом к данной категории никак нельзя отнести проживающих на территории республики уйгуров, узбеков и представителей других народов, для которых казахский язык является родственным, близким и понятным, предпочитающим передачи на казахском языке.

В отношении программ, ведущихся на казахском языке, следует отметить, что данный перевес, в основном литературно-музыкальных, образовательных, этнографических программ, вызван вполне понятным желанием коренной нации сохранить и возродить самобытную и уникальную культуру казахского народа.

Следует отметить, что подобные передачи готовят и передают телекомпании «Останкино» и «Российское телевидение», которые безо всяких помех может смотреть любой зритель республики. Кстати, здесь нужно признать, и мы солидарны с С.Дувановым, что лучше их передачи указанной тематики на русском языке, при всем желании, никто не подготовит.

Здесь уместно было бы учесть еще одно обстоятельство. На сегодня в целом население Казахстана получает годовой объем вещания по межгосударственным каналам связи и ТВ республики (без учета коммерческих ТВ) на русском языке 12933 часа. Годовое вещание на казахском языке составляет 1103 часа. Эти цифры мы от социологов «Брифа» никогда не скрывали. Просто, я думаю, они не подходили для заготовленного заранее идеологического клише «борцов» за демократию, о которой они имеют весьма смутное представление.

Кстати, автор статьи задевает вопрос о взаимоотношениях Гостелерадиокомпании с Министерством связи. Да, такая проблема есть. Здесь никто не ставит вопрос о престиже той или другой организации. Это проблема государственного характера. Например, сейчас Гостелерадиокомпания больше половины своих средств, предусмотренных бюджетом, отдает Министерству связи за их услуги. А больше 50 % из них платит за трансляцию передач «Останкино», «Российского телевидения» и радиопрограммы «Маяк». Если подходить с этой

экономической точки зрения, то на подготовку и передачу программ на казахском языке остается не более 15-20 % всех отпущенных тем же Верховным Советом и Кабинетом Министров Республики Казахстан средств. Кстати, безапелляционно названная цифра нашего бюджета, как и результаты опросов «Брифа», видимо, взята прямо «с потолка», т.е. сумма в 2 млрд. рублей вызвала очень сильное недоумение у наших специалистов и просто не соответствует действительности.

Журналисты и инженерно-технические работники Гостелерадио прилагают максимум усилий для решения всех проблемных вопросов – и творческих, и технических, и организационных. Наши специалисты успешно трудятся и оказывают помощь телекомпаниям областей и городов республики, а также своим коллегам из дальнего и ближнего зарубежья.

Ну и, конечно, призыв «прикрыть кормушку для специалистов по усредненности» - явно не цивилизованный, не демократический ход. В нашей истории это уже было, помните: нет человека – нет проблем, всех за решетку, а лучше к стенке. Нет в Казахстане своего телевидения – и нет проблем.

А проблемы есть – технические, финансовые, кадровые, бытовые. Сегодня правительство республики решает эти вопросы, оказывает валютную помощь для приобретения новой техники, выделяет жилье для сотрудников, поднял уровень заработной платы. Но этого еще очень мало для срочного решения всех вопросов телевидения. Конечно, не все сразу делается. Мы – молодая суверенная республика, и мы только начали свой путь в свое будущее. Сейчас главное – разбить кривые зеркала прошлого, прочно закрепить правовые и конституционные нормы, моральные принципы, стать гражданами цивилизованного, поистине демократического общества.

Возможно, в дальнейшем и мы перейдем к принципам свободы предпринимательства и невмешательства государства в рыночные отношения. И все же считаем, что телепродукция должна быть подвергнута законодательному регулированию. Это не должны быть цензурные рогадки

правительства, здесь главное – осознание того огромного воздействия телевидения на мировоззрение, нравственное самочувствие народа, философию вероисповедания. Пускать это дело «на самотек» вряд ли оправданно.

Встанет вопрос – разве можно регламентировать сферу, в которой так необходима свобода творчества? Ответ – регламентируется не творчество, а финансовая, юридическая, нравственно-эстетическая база такого творчества. Если ее не приведешь в порядок, то в эфире воцарится закон джунглей: кто сильнее и горластее, тот и прав.

Рынок эфира можно регулировать не путем вмешательства в редакционные дела, а с помощью гарантирования общепринятых стандартов, не запретами и подзаконными актами, а продуманными юридическими нормами, ключевые факторы которых – вкус, качество, порядочность.

И в заключение, как бы С.Дуванову ни не хотелось, скажу: в Казахстане свое телевидение есть! В этом легко убедиться, купив в киоске еженедельник «Телерадио». Стоит недорого.

**«Казахстанская правда», 22 мая 1993 г.**

## **«МЕМЛЕКЕТ ДӘУЛЕТІ ТАЛАПАЙДА КЕТСІН ДЕГЕН ЗАҢ ЖОҚ»**

### **ШЕРХАН МҰРТАЗА**

- «Өткелде ат ауыстырмайды» деген қағида бар еді. Біз міне өтпелі кезеңде Үкіметімізді ауыстырдық. Халықтың әл-ауқаты төмендеп, қайыршылық жағдайда отыр. Қалай ойлайсыз, халықты қиындықтан шығаруға қазіргі Үкіметтің шамасы жете ме? Ол үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

- Өткелде атың өлексе боп болдырып қалса, суға батып кетпес үшін амал жоқ, атыңды ауыстырасың. Бұрыңғы үкіметтің төрт аяғына бірдей жем түскен болатын.

Мәселе, сол өткелде ауыстырып мінген жаңа атыңның мықтылығында. «Жаңа үкіметтің» белінің бекемдігіне күмәнім бар. Әрі десе бұл үкіметті түгел жаңа деуге келмейді. Үкімет мүшелерінің белгілі бір бөлігі бұрынғы құрамнан қалғандар.

Жаңа Министрлер Кабинеті өзінің алғашқы қадамын еңбекшілермен, зейнеткерлермен, мүгедектермен – жалпы қоғаммен есеп айырысудан бастау керек еді. Бұрынғы үкімет олардың алдында белшесінен қарызға батып қалған. Сол қарыздан құтылу керек ғой. Жалақы, зейнетақы, стипендия... Бірақ оған жаңа үкіметтің шамасы келмей қалды? Неге?

Неге десеңіз, қазына қаңырап тұр. Кеңес өкіметі тарамай тұрғанда біз: «Өттең, Қазақстанның байлығын Мәскеу солқылдатып сорып жатыр. Сол байлық өзімізге тисе, қолымызды алтын мен күміске малып отырар едік-ау» деп армандадық.

Үш жыл өтті. Мәскеудің қорқау қолынан тізгінімізді тартып алдық. Бірақ ұзын шылбырдың ұшы қалып қойды. Ресей империясының ауылынан айналшақтап шыға алмай жүргеніміз сол. Қазақстан бай, бірақ шикізатқа бай. Жалғыз мысал: мұнай, газ теңізінің үстінде отырып, соны өзіміз ұқсата алмаймыз. Ұқсататын өндіріс орыны жоқ. Империя залымдықпен о баста солай ойластырған.

Оның үстіне, Қазақстанның шикізат байлығы (мыс, мырыш, темір, прокат, қымбат та сирек металдар, астық, т.б.) түрлі дәрежедегі басшылардың лицензиясы (рұхсат қағазы) бойынша экспортқа шығып кетті. Кеткен із бар, келген із жоқ. Сол экспортқа кеткен өнімнен түскен пайда қайда? Есебі бар ма? Шүбә. Пайда түссе қай қазанға түсті? Мемлекет қазанының қақпағы жоқ. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді. Байлық ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүр. Олар азшылық. Қалың көпшіліктің аузынан ризығын, несібесін жырып алғандар. Олар заманның үрдісіне орай «шүленші» қолдың мырзалығына қарай, оңай олжаға күмп беріп, кенеттен байығандар. Ондайды «нувориш» дейді. Белі бүгіліп, маңдайынан тер тамшылап тапқан табыс емес, адалдан емес, арамнан табылған мал.

«Бұл қалай?» десең, «рыночная экономика» дейді. Бала қойсын. Бірақ мемлекет дәулеті талапайда кетсін деген Заң жоқ.

**- Адам үшін ең қадірлі де қасиетті азық - нан. Ал дәл қазіргі аласапыран кезеңде нан көптеген отбасыларда (оның ішінде негізінен көп балалы отбасыларда) азықтың негізі болып тұрған сәтте нан бағасының күрт көтерілуі қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?**

- Нанның қымбаттауы заңды. Көмір қымбат, нан арзан. Дихан жыл он екі ай еңбек еткен өнімі тиын-сиын. Екі кесек қара сабын – бір тоқты. Бұл қоғамдағы, ауыл мен қаладағы қарама-қайшылықтың, тіпті әділетсіздіктің әкірендеуі. Ал көп балалы отбасына, мүгедектерге, кемтарларға заң бойынша қымбат нанға өтем төленуі тиіс. Төлемесе - обалы үкіметке. Қазақстанда нан арзан, ал көрші мемлекеттерде нан қымбат болғандықтан Қазақстан астығы сыртқа ағылып кетті. Ие бола алмай қалдық. Қымбаттатпауға амал қалмады.

**- Қазір халық жағдайының осыншама құлдырауына Үкімет жүргізген несие саясаты кінәлі. Өйткені мемлекеттің бар байлығы несие ретінде билік басында отырғандардың ат төбеліндей тамыр-таныстарына үлестіріліп беріліп, нәтижесінде біреулердің баюына, ал халықтың негізгі бөлігінің күйзелуіне әкеліп отыр деген пікір бар. Бұған Сіз не дер едіңіз?**

- Бұл сұрақ пен бірінші сұрақтар тамырлас. Жауаптың жұрнағы айтылды. Қосарым: ішкі қарыз (кредит) алақолды болғаны ақиқат. Нувориштер содан туындады. Смағұловтар содан өрбіді. Әлі талай Сұмағұловтардың бет-пердесі жыртылады. Уақыт бәрін әшкерелейді.

Енді сыртқы қарыз. Қарыз емес-ау несие. Инвестиция. Алыстағы Америкадан бастап Жапонияға дейін көптеген мемлекеттер бізге несие беріп-ақ жатыр. Бір қарағанда мұнысы жас мемлекетке жанашырлық, имандылық сияқты. Бірақ несиенің аты - несие. Және проценттік өсімі тағы бар. Менің көзіме қыл тұзақты дар ағашы елестейді. Өзімен кетсін, әрине. Көзін тауып, мерзімінде құтыла алсақ жақсы. Құтыла алмасақ, біз келер ұрпақты, немере, шөберелерімізді құлдыққа күні бұрын қалдырып отырмыз.

Тіл-аузым тасқа. Ал, бірақ сол жан-жақтан алып жатқан несиеміз қайда, қандай мақсатқа жұмсалып жатыр? Нақты жауап айту қиын. Мен бұл сұрақты бірнеше биік лауазымдыларға қойдым. Жарытып жауап ала алмадым. Еститінім: жекелеген фирмалар, жекелеген банктер жеңіл процентпен алатын көрінеді. Ал, халықтың қазанына олардан түсіп жатқан пайда көзге көрінбейді. Бұдан біреудің қарыны қампайып, көптің қарыны қабырғасына жабысып тұр. Прократура сезеді, бірақ күресерге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайды.

**- 1996 жылы болатын Президент сайлауы жақындады. Соның белгісі болар оппозиция сайлау алдындағы дайындық әрекеттерін бастап та кетті. Қазақстандағы оппозиция қандай деңгейде және алдағы президент сайлауында қазіргі Президентке кім елеулі қарсылас бола алады деп ойлайсыз?**

- Алдағы президент сайлауы халық үшін үлкен сын. Алдымызда неше алуан айтыс-тартыс тұр. Тыныштықпен аман-есен өтіп кетсе игі еді. Бұл теңіздегі дауылдай кезең. Теңіз дауылы кезінде қайдағы шөп-шалам, лайсаң қалқып шығатыны болады. Оппозиция, партия дегендердің делебесі де қозар. Бірақ солардың ішінде айқын мақсат, анық бағдары бар, мемлекет тізгінін өз қолына мінсіз алар, сөйтіп қоғамды тура, ақ жолға салар аймаңдайлы ақжолтайын дөп басып айта алмаймын. Ондайдың дәл қазір барына да шүбәлімін. Халықтікінен гөрі жеке бастың қамы басым сияқты. Билік үшін талас тауары сөзсіз.

**- Соңғы кездері жоғарыдағы саясаткерлер арасында «жер сатылуы керек, қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілуі керек» деген пікір етек алып барады. Аталған пікірді ұсынушылар «бұл шара ұлтаралық қатынастарды ушықтырмау үшін қажет» деген уәжді көлденең тартады. Осы мәселеге байланысты сіз не айтар едіңіз? Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін сақтап қалуға қазіргі депутаттар корпусындағы ұлтжанды азаматтардың шамасы жетер ме екен?**

- Былтыр қабылдаған Конституциямыздың әлі сиясы да кеуіп болмай жатып, Конституцияға «өзгеріс, толықтыру» ендірейік, тіпті тұтастай қайта жазайық дегендер табылды.

Ондайлар Парламентте де отыр. «Жерді сатайық» дейді. Иесіз жатқан жер жоқ. Егер жер сатылар болса, оны сатып алуға кімнің шамасы келеді? Осыны тереңнен ойлағандар бар ма? Өз жеріңде өзің әлдекімге құлға айналарсың. Орташадан төмендеу дәулеті бар деген менің өзім ұлтарактай жер сатып алуға шамам келмес. Сонда жаппай дәулетсіз жамағат не істемек? Жер сатып алғанның өзінде оны қалай игермек? Екі санын шапалақтауға ғана жарайтын қос қолынан басқа ештеңесі жоқ.

Тіл туралы, қос азаматтық туралы менің пікірім әуелден-ақ белгілі. Бұл мәселелерге байланысты Конституция қабылданар тұстағы додаға талай түскенмін. Жағым талып, жағам жыртылған. Сондықтан егжей-тегжейлі қайталап жатудың қажеті жоқ. Мен сол тұғырымнан тайған емеспін. Таймаймын да. Ал, әлдеқалай әзәзілдің күшімен мемлекеттік қос тілділік, қос азаматтық қабылданар болса, оны қабылдағандар мәңгі-бақи қарғыс таңбасын тағып алады. Өйткені, қан төгілуі, қақтығыс болуы мүмкін.

Ал, туған тілге «жаны ашитын» депутаттар Парламентте аз ба, көп пе – оны Парламенттің күнбе-күнгі жұмысынан байқауға болады. Парламент жұмысы бастан-аяқ тек орыс тілінде жүреді. Қазақшаға тыйым салған ешкім жоқ. Бірақ көп қазақтар орысшаға орыстардан да жүйрік. Сол «жүйрік» тілмен жүре бергісі келеді. Ал бірақ, ана тілімді аяқасты еттім-ау, бағын байлап, қорладым-ау деп кеудесін намыс кернейтіндер некен-саяқ. Жоқтың қасы. Бұл үшін кімді кінәлағандайсың. Бағынышты құлдық психология сүйекке сіңіп қалған. Батпандап кірген дерт мысқылдап қана шығуы мүмкін. Ал, күні ертең Тіл тағдыры таразыға тартылып, сессияның күн тәртібіне қойыла қалса, осылар Ана тілін жақтап шығарына да сене бермейсің... Бетін аулақ қылсын. Ләйім де мен қателескен болайын.

**- Ауылдың ауыр жағдайы қай-қайсымызға да аян. Оны түзету үшін үкімет екі-үш рет арнайы бағдарлама да қабылдады. Бірақ бұдан келіп кеткен ештеңе жоқ. Ауыл күйзелген үстіне күйзелуде. Оның үстіне, 1928 жылдары халықты күштеп колхозға біріктіргені сияқты бүгінде колхоз-совхоздарды ыдыратып, шаруа қожалықтарын құру жүріп жатыр. Нәтижесінде бір кездері кәдуілгідей**

**гүлденген шаруашылықтардың тоз-тозы шығып кетті. Осындайда ауылдағы жекешелендіру асығыстық болмады ма екен деген ой келеді көңілге.**

- Ауыл мың батпан ауыртпалық астында қалды. Құлдар дәуірінде де мұндай болмаған. Қарыны аш құлдың жарытып жұмыс істей алмайтынын байлар, құл иеленушілер білген. Құлды тоқ ұстаған, Еңбекақысын төлемеу – адам құқығын қорлау, заңды өрескел бұзу. Біреу бір жапырақ нан ұрласа – сотталады. Ал миллион адамдардың адал нанын уақытылы бермей, ұрлағандар тайраңдап жүре береді. Уақытында төленбеген жалақының, зейнетақының күн сайын құнсызданатынын (инфляция) есептеңіз. Не деп болады... Демек, біздің жас мемлекеттің буыны былқ-сылқ. Сауығу үшін қоғамдық, мемлекеттік, ұлттық мұрат керек. Ал, ол бізде жоқ. «Ұлт», «ұлттық» деген сөзден өлердей қорқамыз. Ал, ұлт мүддесін көздемей тұрып, интернационалист боламын деу бос сөз.

Ауылды «жедел жекешелендіру» деген ұран – «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранның сыңары. Ашатұяқ азайды. Мүлде таусылса, әрине отыз екіншінің сойқаны соғады. Асығыстық - өзезілдің ісі.

- **Елдің елдігін сыртқа танытатын әдебиеті мен мәдениеті. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» демекші, экономикада өзіндік үлкен орыны бар ірі кәсіпорындар нарық қыспағына шыдай алмай қабырғасы қақырап жатқан кезеңде, әдебиет пен мәдениеттің жағдайы белгілі. Елдің болашағы үшін қанша қиындық болса да бұл екі салаға мемлекеттің қамқорлығы қажет сияқты.**

- Ғабит Мүсірепов айтқандай, қоғамның қос қанаты бар. Құс сияқты. Қыран сияқты. Бір қанаты – тән азығы (экономика) бір қанаты – жан азығы (рухани әлем). Екі қанат тең болмаса, қыран тұрмақ, шымшық та ұша алмайды. Көреген өкімет өзі мінген арғымақтың қос тізгінін тең ұстайды. Сыңарезулетсе – ат түзу жолдан шығып, жарға барып, орға жығылуы мүмкін. Ал, әзір біздің арғымақ сыңарезулеп бара жатыр. Мәдениет, өнер жетім қалды. Үкіметте оны басқаратын адам да жоқ Премьер-министрдің бір орынбасарына бұл міндет қосалқы жұмыс ретінде

жүктелген. Негізгі міндеті - ауылшаруашылығын басқару. Өте жақсы адам. Бірақ, көңіліне келмесін, ауылшаруашылығы түрі жаман ауруға ұшырап тұрғанда, оған қоса бүкіл рухани әлемді арқалап алып жүру – құлашың жетпесті құшақтау сияқты әуре. Оған ол кінәлі емес. Артық айтсам, кешірім болсын. Бірақ мен шындықтың шеңберінен шықпайтын адаммын.

Егер әлем алдында өркениетті, көргенді, тәсірлі, иманды, мәдениетті ел болып көрінгіміз келсе, рухани ашаршылықта қала бермеуіміз керек. Бұл салаға мемлекеттік бюджеттен қоқым ғана қалдырып, қорлауды қою керек.

- Әңгімеңізге үлкен рахмет.

**Сұхбаттасқан  
Рысбек ҮРКІМБАЙ.**

**«Өркениет», 17 желтоқсан 1994 жыл**

## **АЛАШ ӘЛЕУМЕТІНЕ АЙТАР СӨЗ**

Ардақты ағайын!

Қадірменді әлеумет!

Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы 1995 жылдың баспасөзіне жазылудың аяқталуына көп уақыт қалған жоқ. Елдегі қазіргі нарық жағдайындағы экономикалық өзгеріс, осы орайдағы күн сайын белең алған қымбатшылық газет-журналдардың да мерзімімен жарық көруін қиындата түскен жағдайы бар. Тасымал қызметінің, қуат көздері құнының ырықсыз кетуі мерзімдік басылымдар бағасының да еріксіз қымбаттауына әкеп соғып отыр. Мұның өзі оқырмандарының дені – айлығы шайлығына жетпейтін ауыл тұрғындары болып келетін ұлттық басылымдар үшін айрықша тауқымет екені жасырын емес. Себеп – былтырғы бағасы небәрі 100 теңгеден аспаған газеттердің кез-келгенінің биылғы пұлы 300-400 теңгеге жетіп-жығылады. Ал қиян жайлап, шет қонған, кәсібі малшылық, алатыны қазіргі бағамен есептегенде 20 бөлке нанға әзер жететін, оның өзі әбден құнсызданғанда қолдарына тиетін бақташы-шопанды газет-журналға жазыла қоймадың деп қалай жазғырасың.

Дегенмен, әр оқырманның жанына жақын тұтатын басылымдары болатыны жасырын емес. Солардың қатарында бүгінгі демократиялық қоғамдағы жаңғырулар рухына сай, тәуелсіз еліміз өмірінің ең өзекжарды мәселелерін кеңінен қозғап, байыпты жазуды міндет тұтатын «Халық кеңесінің» жүруі өте орынды деп білеміз. Алайда, сөз басында айтып өткеніміздей, қазіргі қоғамдық-экономикалық саладағы қиыншылықтар жарық көре бастағанына бесінші жылға аяқ басқан басылымның да оқырманмен қоян-қолтық араласуына кедергі жасап бағуда. Өзге газет-журналдармен салыстырғанда бағасы құдайға шүкір арзан. Ал Астанада тұратын ағайындар үшін бұл газеттің тұтас бір жылға белгіленген нарқы небәрі 287 теңге 52 тиын ғана екен. Қазіргідей тұрмыс қиындап, тіршілік құбылып тұрған заманда мұндай бағаға «Халық кеңесі» секілді бір жылға жететін рухани азық сатып ала алсаңыз жаман ба?! Ең бастысы, газет рухани азық, ой-сананың, ұлттық сезімді оятудың көзі, құралы екенін естен шығармайық, ағайын. Себебі, дүниетанымы саяз, рухы әлсіз, арқауы бос жұрттың ел болып, етек жиюы екіталай дүние екені және белгілі.

Қымбатты оқырман қауым! Біз сіздерге қазақтың өзіндік тарихы, дәстүрі бар байырғы басылымдарының қатарына бертінде келіп қосылған «Халық кеңесінің» ұлт алдындағы, алаш жұрты алдындағы борышын орындауда бүгінде тыңғылықты іс атқарып келе жатқан беделді басылым екенін айтқымыз келеді. Қазақстанның тәй-тәй басқан тәуелсіздік қадамдарын, мемлекеттік тіл тағдырын, ұлт пен ұлыстың тыныштығын сақтау секілді қабырғалы проблемалар көтеретін толғамды дүниелерге газеттің әр нөмірінен орын беріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің үні болып табылатын «Халық кеңесі» жас мемлекетіміздегі өкілетті және атқарушы билік орындарының қызметін, олардың осынау өтпелі кезеңдегі жақсы жетістіктері мен орайын келтіре алмай жатқан кемшін тұстарын жасырмай, жүйелі жазады. Парламент қабылдаған заңдар, сессияда қаралған көкейтесті мәселелердің стенограммалық есебі мен Президентіміздің жарлықтары, үкіметтің шешімдері де толық

нұсқасында осы басылымда ғана жарияланатынын есте сақтайық, оқырман!

Бір сөзбен айтқанда, «Халық кеңесі» енді-енді еңсе көтерген егемен еліміздің тағдырына қатысты шындықты бүкпесіз баяндайтын өзіндік мінезі, қолтаңбасы бар ұлттық басылым. Олай болса, бүгінгідей қиын-қыстау заманда халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын республикадағы бірден-бір ұлтжанды басылым – «Халық кеңесіне» тұрақты оқырман болуына баршамыз болып атсалысайық. Бұл – Сіз бен біздің аталған кеңінен таралуына тигізген септігіміз болып табылары сөзсіз.

**Мұзафар ӘЛІМБАЕВ,**  
ақын, Қазақстанның халық жазушысы.  
**Рахманқұл БЕРДІБАЕВ,**  
Ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым  
Академиясының корреспондент-мүшесі.  
**Хамит ЕРҒАЛИЕВ,**  
ақын, Қазақстанның халық жазушысы.  
**Зейнолла ҚАБДОЛОВ,**  
жазушы, ғалым, академик.  
**Балғабек ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ,**  
жазушы.  
**Шерхан МҰРТАЗА,**  
Халық жазушысы, Жоғарғы Кеңестің депутаты.  
**Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ,**  
Қазақстанның халық жазушысы,  
Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

**«Халық кеңесі», 18 қараша 1994 ж.**

## **«БӨЛІП АЛ ДА, БИЛЕЙ БЕР!»**

**Сойқанды ұраннан қалған салқын тарқар емес**

**Шерхан МҰРТАЗА,  
Қазақстан халық жазушысы, Республика Жоғарғы  
Кеңесінің депутаты.**

Ертең тәуелсіз Қазақстан Ата Заңының қабылданғанына екі жыл толады. Төрімізден орын алар осынау тарихи құжаттың мәртебесі мен мерейін ел санасында бекіте түсу үшін Республика Парламенті бұл күнді кезінде ұлттық мереке ретінде жариялағаны белгілі. Өкінішке орай, соңғы уақытта осынау өмір сүру мен тіршілік етуіміздің басты қағидаларын шынайы демократиялық принципте белгілеп берген Негізгі Заң әр алуан пиғыл, ниеттегі саяси топтар мен партиялардың содырлы мінездерінің соққысына түсіп жүр. Бұл өркениеттіліктің нышаны емес. Конституцияны сыйлау – елдігімізді сыйлау. Ендеше құқымызды, арымызды, абыройымызды, намысымызды қорғайтын Ата Заңды көпұлтты ел болып қорғай білейік.

«Лад» деген орыс сөзі – сүйкімді сөз. Жарасым, келісім, тіл табысу, мейіріманды болу деген мағына беретін иманды сөз.

Ал, енді Ақмолада шығатын газеттің аты «Лад» аталады. 1994 жылдың наурызынан бері шығып келеді. Осыған дейін онда жарық көрген неше алуан материалдарды талдап-тарамдаудың қажеті бола қоймас. Бұл басылымның ұстанған негізгі мақсатын, көксеген арманын, діттеген мүддесін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты В.Михайловтың осы газеттің соңғы нөмірінде 1994 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған «ұсыныстарынан» айқын көруге болады.

Сонда ол қандай «ұсыныстар»?

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы «кейбір ережелерді өзгерту» туралы ұсыныстар.

Ал, В.Михайлов не дейді?

**Біріншіден.** Конституцияның «Конституциялық құрылыс негіздері» де бөлімнің 1-бабындағы: «Қазақстан

**Республикасы (Қазақстан) – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет»** деген сөйлемнен **«біртұтас»** деген сөз алынып тасталсын дейді.

Тәйірі, мұнда не тұр? В.Михайлов осы сөзге неге қасарысып қарсы болады?

Әкесі өлгенді де естіртеді, кешіріңіз, бұл енді Қазақстан біртұтас мемлекет болмасын, тоз-тоз болып, бөлшектеніп, ыдырап кетсін деген сөз. Бұл енді республиканың солтүстігін бір бөлек, күншығысын бір бөлек, күнбатысын бір бөлек жіліктеп алып кетейік, «бөліп таста да билей бер» деген сөз.

**Екіншіден.** Конституцияның дәл жаңағы бабында: **«Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді»**, - деп жазылған.

В.Михайлов осы сөйлемнен: **«Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде»** деген сөздерді Конституциямыздан аластайық дейді.

Демек, Қазақстан дейтін географиялық территорияда жүздеген, мыңдаған жылдар бойы қазақ дейтін халық тұрмаған, олардың осы жерді иемденген, арпалысып жаудан қорғаған ата-бабалары да болмаған; байғұс қазақтар беріде әлдеқайдан ауып келген деген сөз. Яғни, мен, В.Михайлов, бұл жерге қалай келсем, қазақтар да солай келген. Сондықтан мен де, қазақ, сен де бірдей кірмеміз деген ұғым.

Бұдан артқан астамшылық болар ма екен?! Зорлық-зомбылықтың болар ма екен?! Зорлық-зомбылықтың да шегі бар ғой. Бұл өктемшіл, қиянатшыл, империяның кекірігі ғой.

В.Михайлов өзін өнер адамымын, интеллигентпін, жоғары білімді азаматпын деп есептейтіні даусыз. Сонда тарихты аздап болса да білсе қайтеді?

Сонда В.Михайлов өзі ұнатпайтын **«қазақ»** деген сөздің орнына нені ұсынады?

**«Өзін-өзі билейтін Қазақстан халқы»** деп өзгертейік дейді.

Парадокс. Келеңсіз жағдай. Сонда В.Михайлов **«Қазақстан – «қазақ елі»** деген ұғым екенін білмегені ме?» Яғни, «бәріне түсінікті тілмен» айтқанда: **«Страна казахов»**.

Демек, «Қазақстан» деген сөзді мойындаған В.Михайлов қазақтар басқа жақтан ауып келген емес, осы жердің ежелгі, байырғы халқы екенін неге мойындағысы келмейді.

Орыстың ұлы сатиригі, мысалшы, мысқылшысы Крыловтың қасқыр мен қозы туралы ғажап өлеңі бар: «У сильного всегда бессильный виноват» деп басталады. Қошақан байғұс күн шыжып тұрғанда бұлақтан су ішейін деп бармай ма. Сөйтсе сол маңда аш қасқыр жалаңдап жүр екен. Қозыға дүрсе қоя береді: - Сен, озбыр оңбаған, неге нас тұмсығыңды сұғып, таза суды лайлайсың?! Басыңды аламын! – демей ме. Қошақан: - Тақсыр-ау, Сіз бұлақтың бас жағында тұрсыз, мен аяқ жағынан іштім, сонда мен сіздің суды қалай лайлаймын, - деп ақталмақ болады ғой. Қасқыр: - Оңбаған, сен осыдан бір жыл бұрын да маған өстіп дәрекілік көрсеткенсің! – дейді. Қозы: - Тақсыр-ау, мен туғалы әлі бір жыл толған жоқ, сонда мен сізге қайдан дәрекілік көрсетемін?

Қасқыр: - Онда сенің ағаң ол!

Қозы: Тақсыр-ау, менің ағам жоқ қой.

Қасқыр: - Онда сенің құдаң ба, құдағыың ба, әйтеуір сенің әулетіңнен!..

Қозы: - Менің кінәм не, тақсыр?

Қасқыр: - Сенің кінәң сол – менің қарным аш!

Сөйтіп, қошақанды орманға сүйрей жөнелді дейді.

Менің не айтпағым түсінікті шығар. Менің айтпағымды данышпан Крылов, жаның жанатта болғыр, Иван Андреевич баяғыда-ақ айтып қойған.

В.Михайлов Қазақстан – «қазақ елі» деген сөз емес деп ызғарланады. Қазақ деген қайдан шықты деп дау салады.

**Үшіншіден.** Баяғы тіл. Мемлекеттік қос тілділік дауы. Қазақ тілі және орыс тілі дейді. Мен таңғаламын: неге екі-ақ тіл? Қазақстанда немістер де көп, украиндар да көп. Татар, өзбек, корей, ұйғыр т.б. толып жатыр. Қазақстан басқа неге тек орыс тілі ғана мемлекеттік болуы керек? Онда Қазақстанда немістікі де украиндікі де, татардікі де, өзбектікі де, корейдікі де, ұйғырдікі де мемлекеттік тілдер болсын. Не, олар тоқалдан туып па?

«Буынсыз жерге пышақ ұру» деген осы. Әйтпесе, орыс тілі теперіш көріп, қазақ тілі үстем болып, орыстар күнін көре алмай отырған жоқ қой. Басқа-басқа, Парламенттің өзінде, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп Конституция қабылдаған Жоғарғы Кеңестің өзінде жұмыс бастан-аяқ орысша жүріп жатыр ғой. Обал ғой, ұят қой деген кім бар? Депутаттар Қанат Асқаров, Салемғазы Тастандиев, Арғынбай Бекбосынов... Болды. Шынымды айтсам, мен сол Парламентте отырғанда Ресейдің Тамбов не Новгород губерниясының жиналысында отырғандай боламын. Адасып келген адамдай, қазақша сөйлеген боламын. Оным орысшадан құралақан қалғандығым емес, тым құрыса титтей де болса қазақ исі білінсінші дегенім. Онымды көбісі басқаша бағалап, «ұлтшыл» дейді. Құқай еткісі келеді.

Сондықтан «орыс тілі қуғын-сүргін көрді» деген байбалам әлгі Крылов айтқан бөрінің желеуі. Иманды, зиялы әрбір азамат қайта: қазақ тілі империяның зорлығымен құрып кете жаздап еді, соның еңсесін көтерейік, демес пе В.Михайлов мырза осы Қазақстанды шын отаным десе, қазақтар шын отандасым десе, ғұмыр бойы осы жерде өмір сүріп келе жатып, бірауыз қазақша үйренсе қайтеді? Одан дәрежесі төмендеп қала ма? Өзімен қатар отырған неміс Бельгерге, украин Гаркавецке неге қарамайды?

Таяуда осы Парламенттің сессиясындағы бір мәжілісінде Скорикоз деген депутат мені ұлтшыл деп айыптады. Мейлі, қазақ тілін қорғағаным үшін ұлтшыл-ақ болайын. Ал, ғұламалардың анықтауынша, ұлтшылдық шовинизмнің туындысы екенін бұлар неге аңғармайды? Ал, шындығына келсек, мен өзімнің әдеби шығармаларымда орыстың шын адал, әділетті адамдарын дәріптеумен келемін. Өмірде де солай. «Еңкейгенге – еңкей, әкеңнен қалған құл емес. Шалқайғанға – шалқай, Пайғамбардың ұлы емес». Менің иманым: «Өзің өлме, өзгені де өлтірме!».

Ал, енді менің тілімді өлтіргісі келсе, мені де өлтіргісі келгені. Онда, кешіріп қойыңыз, аянатын түгім жоқ.

**«Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык».**

Мұны айтқан заңғар философ Гегель.

В.Михайловтарды былай қойғанда, ана тілін менсінбеушілер өз арамызда аз ба?

Құдай сорлатқанда, өз тілін қорлап, сол әрекеті арқылы «өз ұлтын үш қайтара өлтіріп» жүргендер аз емес. Осыдан біраз бұрын ондайлардың «теоретиктері», «идеологтары» Масанов пен Әмірекұлов туралы «Егемен Қазақстан» газетінде «Империяның улы жемісі» атты сөзімде (1944 жылғы 10 маусым) айтқанмын.

Сол «ұлы жеміс» у қайтарып күш жоқ болған соң қаулап шыға бастады. Оған күні кешегі бір топ кәсіпқой-бизнесмендердің мәлімдемесі куә.

Бұл әрекет, әсіресе, Президент сайлауы жақындаған сайын өрши түспек. Өйткені, Конституцияда, 114-бапта:

**«Отыз бес жасқа толған және алпыс бес жастан аспаған, Қазақстан аумағында кемінде он жыл тұрақты тұратын, мемлекеттік тілді мүлтіксіз меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы Президент болып сайлана алады»,** - деп жазылған.

Әділеттілік қой. Айталық, Францияда мен мың жыл тұрсам да француз тілін мүлтіксіз білмесем және француз болмасам мені президент сайлай ма?

Ал, енді әлгі мәлімдеме жариялаған бизнесмендер де, олардың «идеологтары» да қазақ тілін мүлтіксіз білмек тұрмақ, шала-пұла білетіндері де шамалы. Бірақ Президенттіктен үміткерлері жоқ емес. Мәселенің бір парасы, міне, осында жатыр. Мемлекеттік тілді мүлтіксіз меңгеру деген сөз – бұлардың тамағына тығылып тұрған өткір сүйек. «Орыс тілділердің» де ындынын құртып тұрған осы орасан кедергі.

Осы бап қабылданар шақта зор дау болып, тіпті бір депутат: «Сонда менің балам еш уақытта Президент бола алмайтын болғаны ғой» деп жылап жібере жаздағаны бар. «Сенің де балаң Президент бола алады, егер қазақ тіліне мұрныңды шүйіре қарағанды қойып, қаршадайынан үйретсең», деп жұбатқанбыз. «Мүлтіксіз» дегенді қояр да қоймай қостырған мен едім. («В совершенстве»).

Ендігі шиеленіскен түйін – жер мәселесі. Депутат В.Михайлов және оның жақтастары «жер жеке меншікке

берілсін, сатылсын» дейді. Мәлімдеме, үндеу таратқан бизнесмендердің де талабы сол.

Сонда жерді кім сатып ала алады? Дәл қазір сол бизнесмендер, оңай кредитпен, оңай несиенен оңай байығандар ғана ала алады. Шетелдік байлар ала алады. Ал, жалпы халық, қалың қазақ бұл үлестен құралақан қалады. Өйткені, барлығының дерлік шама-шарқы белгілі. Көбі балашағасына киім-кешек тауып бере алмай жүргенде, керек десе айлығын уақтылы ала алмай, малын сатып қалт-құлт етіп отырғанда ол қайдан жер сатып ала алады. Алған күнде оны техникасыз қалай игермек?

Жер жекеменшікке берілсін. Бірақ жалға, белгілі бір мерзімге жалға, арендаға берілсін. Ал, түпкілікті сатып жіберу - әбестік.

Байырғы халық жерден айрылса, онда байлардың малайына айналады. Марқұм Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым» атты романындағы ағылшын Хокинстің Қарағанды шахтасын қалай иеленіп, жергілікті халықтың қанын қалай сорғаны естеріңізде шығар. Ата-баба зиратын қорлап, қызын зорлап, құлдыққа салмап па еді? Соның қайталанбасына кім кепіл.

Кешегі патша заманында Жайықтың жағалауына казачество 13 шақырым жерден бері қазақтар өтуге болмайтын тыйым зонасын құрмап па еді. Одан бері өтіп кеткен қазақты аяусыз атпап пе еді. Ендігі жер иеленушілері де солай етпесіне кім кепіл.

Осыған байланысты өз ағайындарымызға айтар наз да жоқ емес. Жерімізді қызғыштай қорғауға келгенде рух бір сияқты. Сол рух сынбаса екен. Ал, бірақ сөйтіп қорғаған жердің қадіріне жете білеміз бе? Қазір Қазақстан жерін сату туралы заң шығаруды талмай талап етушілер қазақтарды «шөп қорыған ит» сияқты дегенге дейін барып жүр. («Собака на сене»). Не өздері пайдаланбайды, не өзгеге қимайды деседі. Бір жағынан жаны бар сөз. Керек десе, үйдің іргесіндегі тоқымдай жерді жөндеп игермейтініміз, содан жеміс жемейтініміз өтірік емес. Қатты ойланып, қаперге алатын шаруа.

В.Михайлов республика Конституциясындағы азаматтық туралы бапты өзгертуді талап етеді. Республикада «қос

азаматтық» құқық болсын дейді. Ондай жағдайда Қазақстандағы 6 миллионнан астам орыстар, 3 миллионнан астам басқа ұлттардың өкілдері қос-қос паспорт алып жүрсе, Қазақстанда не береке қалады? Қос азаматтығы бар адам кімнің әскерінде қызмет етпек? Қос паспорты бар адам қылмыс істесе, қай елдің заңымен сотталмақ? Айталық, Шығыс Қазақстаннан шыққан казачествоның атаманы Черепанов дегеннің әрекеті жарты дүниені дүрліктірді. Енді ол Ресейде қашып жүрген көрінеді. Бәлкім, Ресейдің азаматтығын алып, Қазақстанның азаматтығын да сақтап қалатын шығар. Сонда оның қылмыскер екені анықталса, оны кім жауапқа тарта алады?

Бұл ақылға сыйымсыз талап.

Жақында Қазақстан Президенті мен Ресей Президенті азаматтық туралы «жеңілдетілген» жол тауып, келісім-шартқа қол қойды. Менің бұған да күмәнім бар. Кімге «жеңіл», кімге ауыр екені беймәлімдеу құжат. Қазақстандық орыстардың Ресейде тұратын туыстары бізге емін-еркін келіп, тұрақтап қалуына да болатын көрінеді. Ресейдегі жақындарына бару үшін, айталық, қазақтарға да сондай мүмкіндік беріліпті дейік. Бірақ қазақтардың Ресейде тұратын туған-туысқаны, құда-құдағиы сан жағынан орыстардікімен салыстыруға келеме екен? Кім ұтылды, кім ұтты? Үлкен сұрақ.

Сөйтіп, кейбір депутаттар тарапынан, орыстілді газеттердің, радио, теледидар саласынан Қазақстан Республикасының осыдан екі-ақ жыл бұрын үлкен айтыс-тартыспен әбден екшеуден өткеннен кейін қабылданған тұңғыш Конституциясына шабуыл күшейді. Ал, бұл Ата Заң ТМД елдеріндегі Конституциялардың ішіндегі ең демократияшыл, кең қолтық, «кебеже қарын, кең құрсақ» Конституция деп танылған-ды. Соның өзін місе тұтпай еліріп, өзеуреп жүргендер жалпы халық емес, жекелеген саясатшылар.

Тура осыдан екі жыл бұрын республика Конституциясын қабылдап, бөркімізді аспанға лақтырдық. Сонда Парламент залының ішін қуанышты айқайлар кернегені әлі құлағымда тұр.

Сөйтсек артында айтыс-тартыс күтіп тұр екен. Конституция дүниеге келмей жатып, оған жанжалмен жармасқандар табылды. Біреу: тілін кесіп тастайық дейді, біреу мүлде басын кесіп тастайық дейді. Қанжарын қайрап, жалаңдап жүр. «Қазақ», «ұлт» деген сөздер әлдекімдерге шаншудай қадалып, мазасын май ішкендей етіп тұр.

Енді олар Конституция бойынша референдум жүргізейік дегенді қоздырды. Бұл дегеніңіз елдің берекесін алып, жұмыстан қалдырып, қыруар шығын шығару деген сөз. Кәзіргі қусирақ кедей заманда, ондай шығын шығару дені сау адамның ісі емес.

Қазақстанның бейбіт өмірі сойқаншылардың сорын қайнатқандай. Қалайда өрт шығарып, содан пайда тапқысы келетін ниеті бұзық пенделерден өте сақ болмасақ, шынында да өрт шығады. Парламенттің бір жиналысында В.Михайлов осы мәселелерді тағы да көлденең тартқанда, мен:

«Ескі жараның аузын қайта-қайта тырналай берсе шынында да қан шығады. Ал, қан шығарған адам мәңгі-бақи халықтың қарғысына қалады» - деп едім.

Бірақ тырналауын әлі қоймайды. Оған мына «Ладтағы» «ұсыныстары» куә. Мұндай қатерлі әрекетке көп болсақ қана, шөре-шөре бөлінбей, бәріміз біріксек қана қарсы тұра аламыз.

**«Егемен Қазақстан», 27 қаңтар 1995 жыл**

**МАНАС РУХЫ**  
**немесе Асқар Ақаев пен оның елі туралы тойдан**  
**кейінгі толғаныс**

**Шерхан МҰРТАЗА,**  
**Қазақстанның халық жазушысы,**  
**Қазақстан және Қырғызстан мәдениетіне**  
**еңбек сіңірген қайраткер**

**Батыр Манас туралы дастанның мың жылдық**  
**тойына күннің Шығысы мен Батысынан мыңдаған адам**

**қатысты. Тәңіртаудың бауырына халық сыймай кетті. Баяғы Көкетайдың асынан да асып түсті.**

Мұны өз көзіміз көрді. Басқа айтса, сенбес едік.

Түркияның президенті Сүлейман Демирелден бастап, Мұзды мұхиттың жағасында жатқан Саха-Якут бауырларымыздың өкілдеріне дейін келді. Саян тауының бауырында жатқан ұрыңқай бауырлар. Мың-үйсін, Енесей бойында жатқан хақас-қырғыздар, Алтайдың аржағында жатқан маңғұлдар, оны айтасыз, Тынық Мұхиттың аралында жатқан жапондарға дейін жиналды. Ресей Президентінің уәзірі қатысты. Парижден ЮНЕСКО төрағасы Федерико Майор. Қайсыбірін айтайық, мұхиттың аржағынан келгендер де көп.

Бішкек шаһардың ар жағында, Ала-Аршаның бер жағында «Манас ауылы» деген қала орнап, Манас ордасының төрінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Өзбекстан Президенті Ислам Каримов, Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов, Әзірбайжан Президенті Гейдар Алиев, Түркия Президенті Сүлейман Демирел және Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев қол ұстасып қаз-қатар тұрған сәтінде Түрік әулетінің түгелденген кезі көз алдымызға келді. Бұлар біртұтас тұрғанда Ерен Қабырғалы Аспантау асқақтап кеткендей болды.

Бұл – Манас дәуірінен бері келе жатқан асыл арман. Аз ғана қырғыздарға қара қытай бір жағынан, қалмақтар бір жағынан, мәнжулер үшінші жағынан жармасып, жауласып жатқанда, Манас:

- Түрік туған, қайдасың? – деп жар салып түрік баласының біріккенін армандамаушы ма еді?

Міне, сол сәт!

Манасқа жетер ер қайда? Таласқа жетер жер қайда? Манас пен Талас егіз ұғым. Келесі күнгі той Таласта ұласты. Қырғыздың Таласы. Қазақтың Таласы ылдида.

Қасиетті Талас Манастың мекені, күмбезіне дейін осында, шыңына дейін осында. Сол Манас шыңының бауырында туған Шыңғыстың (Айтматов) ауылы да осында...

Бұл ел Қазақстанның Жамбыл облысымен шектеседі. Әулиеаталықтар бұл тойға жүз жетпіс үй әкеліп тікті.

Мейман болып келген жоқ, ұлы тойдың қызметшісі, қонақ күтушісі болып келді. Аяқтарынан тік тұрып қызмет қылды.

Баяғы Көкетайдың асында да дәл осылай болған. Қазақ-қырғыз бір туған деп бірінің қызметін бірі атқарып, бірінің жырын бірі жырлаған.

Бұл қазақ пен қырғыздың бір туғандығы туралы осы тойда Президент Асқар Ақаев тебіреніп, толғанып талай рет айтты.

Қырғыздың Президентін бұрын теледидардан көріп, естіп жүрсем, енді бетпе-бет кездесіп, сөзін таяудан естідім. Көріп-білдім де: «Бұл адам иман ұялаған, әруақ қонған, текті кісі екен» деп түйдім. Жүріс-тұрысынан ерекше екпін, қол алысып, амандасуынан буырқанған күш және риясыз ақ көңіл, адал әрі әділет иесінің мінезін танығандайсың. Дидарынан даналық лебін сезгендейсің.

Білімі зор ғалым, ақылы мол парасатты жан. Мұндай адамдар мансапқұмар емес. Өйткені, өзіне-өзі сенімді келеді. Таққа таласпаса да дәрежесінен таймайтынын, тектіліктен танбайтынын біледі. Кейбіреу болады: лауазымнан айырылған күні лайбатпаққа отырып қалады. Неге? Негізі таяз, құны аз.

Ал, халыққа осылардың қайсысы пайдалы? Әрине, алғашқысы. Өйткені, ол мансап үшін емес, халыққа жақсылық жасау үшін әрекет қылады. Оныкі – шын ықылас, шын пейіл. Ақылына – адамгершілігін, білімін, тектілігін жалғайды. Жамандыққа, жалғандыққа, жалмауыз қаталдыққа бармайды.

Қазіргідей қилы-қилы кезеңде мемлекет басқармақ оңай ма? Ай, қиынның қиыны шығар. Сонда да билікке таласып, халыққа қап-қап уәде бергіштер табылады. «Ханның өтірік айтқаны - өлгені» деген бар. Оны ойлап жатпайды. Хан болдың екен, ер Манасша азған елді асыра, тозған елді тойындыр.

Манас Манас болғанға дейін халқының басы бірікпепті. Іштерінен ірітті. Ынтымағы бұзылыпты. Бақ қашып, пейіл тозыпты. Ақылманның сөзін ардақтамай, бұзықтардың азғырғанына еріпті. Үлкенді кіші сыйламай, бала әкесін ұқпай, қатын ерін қастерлемеді. Тәңіріні танымай кетіпті.

Ондай жұрттан қайрат, иман, қасиет, күш кетеді. Ақылды басшысын ардақтамай, дұшпанды қолтыққа кіргізіп алыпты.

Манас дастанының айтуынша, осындай да жағдай болыпты. Қара қытай жаулап алып, беті шырайлы қыз-келіншектерін күң етіп, өз тілінде сөйлеген қырғыздың тілін кесіп, құл етіп, қолына шеге қағыпты. Осындай жағдай болыпты. Сөйткен елдің жауын жайратып, тоз-тоз болып биік-биік таулардың қуысында, бір Тәңірдің уысында шашырап жүрген қырғыздардың басын қосып, ел қылған Манас. Исі түрік баласын бауырластырып, білекке білек, тілекке тілек қосып, дұшпандарын жер қылған Манас.

Ал енді сол заман мен бұл заманның ұқсастығы бар ма?

Өз бетімен кетсін, қара қытай, жоңғар жаулап жатқан жоқ. Қырғыз деген – іргелі ел, дербес мемлекет. Әлем жұртшылығы алдында беделсіз де емес. Әлем рухани қазынасына «Манас» сынды теңдессіз жауһарият қосқан ел болар ма еді?!

Бірақ, дегенмен, дегенмен... Ақ түйенің қарны жарылып жатқан жоқ. Кешегі социализмнен шегіншектеп, нарық дей ме, базар дей ме, турасын айтқанда, капитализмге өту дәуірінде қай елге болса да оңай соғып, жеңіл тиіп жатқан жоқ.

«Өз күніңді өзің көр» деген ұран шығып тұрғанда, мінез-құлық, психология күрт өзгереді екен. Қырғызда ондай өзгеріс жоқ па? Бар шығар-ау. Имансыздар, ұры-қарылар, алдап-арбаушылар, халықтың дәулетіне суық қол салушылар бұл елде де бар шығар-ау.

Оны қалай бұғалықтау керек?

Асқар Ақаевтың бір даналығы – Ақсақалдар сотын құруы. Ауылдан шыққан ақымақ, елден шыққан есерсоқ болса, оны өкіметтің сотымен соттамай-ақ, Ақсақалдар талқысына сал. Қисық ағашты қалай түзетер екен?

Қазіргі қоғамда күштілер мен әлсіздердің ара жігі айқындала түсті. Күштілер әлсіздерді қорламауы керек. Қоғамның денсаулығы бәрінен де қымбат.

Асқар Ақаев заңды жетілдіріп, сот реформасын оңдауға көп күш салды. Адамды адам қорлап, зорлау бар жерде – демократия дегеніңіз бос сөз.

Асқар Ақаевтың тағы бір даналығы - өлген бұзаудың тұлыбына қарап мөңіреп отырып алмай, ұлттық ақшаны айналымға ерте бастан ендіріп жіберді. Нәтижесі оң болды. Қырғыздың сомы салмақты. О басында АҚШ-тың 1 доллары 4 сом болса, қазір 1 доллар – 10,60 сом. Бұл дегеніңіз кісі қызығарлық тұрақтылық. Бүкіл ТМД елдерінде сом өте сыйлы.

Ау, Қырғыз елі кен байлығы жағынан, жер байлығы жағынан шекесі шылқылдаған алпауыт емес. Жерді де шағын, кені де шағын. Сонда сом неге күшті болды?

Сірә, қазанының қақпағы мұқият жабулы шығар. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді. Қазына тоналады. Халықтың аузындағы ырыс-құтын жырып алады.

Мұндай ұры-қары, коррупция Қырғызстанда мүлде жоқ, адамдары шетінен періште деп айта алмаймыз. Байқап тұрсақ, коррупция, қазына тонау, парақорлық, салықтан қашу, алдау-арбау, т.б. пәле-пәтір мұнда да бар екен. Тіпті шетелдерден келген қайырымдылық көмек заттарын да тонап, талап қойған имансыздар мұнда да кездеседі екен.

Сондықтан да Президент Асқар Ақаев осы жылғы жазда болған бүкілреспубликалық үлкен жиналыста:

- Тоқтат! Қолыңды тарт, найсаптар! Тым болмаса Құдайдан қорықсаңдаршы! Манастың әруағы атады сендерді! – деп үкімет ішіндегі жегіштерге, қорқауларды қорғаштайтын заң басшыларына қаһарлана қатты ескертті. Халыққа, республикаға жаны ашып, қаны қарайған адамның сөзі. Әйтпесе, қыз мінезді кісі сияқты еді.

Міне, осындай қатал да әділ талаптың арқасында қазына қазанының қақпағы бекулі болар.

Ал, ендігі берекенің бір парасы – шетелдерден алған несиені қожыратпай, пышыратпай, ұрлатпай пайдалану. Тиынына дейін тіркеп, сол тиын қайда кетті, кімге берілді, не мақсатқа жұмсалды – бәрін бақылап отырғанға не жетсін! Мысалы, Бішкекте салынып жатқан «Ақ кеме» мейманханасының құрылысына АҚШ-тан алған 8,7 млн доллар жұмсалады. Тоқмақта салынатын былғары зауытқа АҚШ-тың 32 млн доллар несиесі жаратылмақ.

Міне, осылай кете береді. Және мұның бәрі жариялы. Өйткені, кімнен қанша несие алынды, ол қандай мақсатқа

жұмсалды - мұның бәрін халық біліп отыруға тиіс. Әйтпесе, несие деген мойынға түскен қыл арқан. Бүгін төлеп құтылмасаң, ертең балаңның мойнына ілінеді. Болашағын қарызға батырып кеткен қоғам – арсыз қоғам.

Президент Асқар Ақаев мұны жақсы түсінеді, жадынан бір сәт шығармайды. Бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың қарғысына қалғысы келмейді.

Қырғыз ағайын мінез-құлқы, салт-санасы, әдет-ғұрпы жағынан бізге өте-мөте жақын ғой. Жақсы жағынан да, жаман жағынан да. Жаман жағы да жершілдікті, рушылдықты, тырайып қалғыр трайбализмді айтады. Біздегісі белгілі, ал қырғыздарда ше?

Бұларда рушылдықтан гөрі жершілдіктің «жеңіл тұмауы» бар-ау деймін. «Оңтүстік», «Солтүстік» болып бөлінетін сыңайлы. Осындай «тұмаудың» салдарынан республика жарты жылдай парламентсіз қалды.

Сондықтан да Асқар Ақаев Манас идеясын жандандырып, оны ұлттық идеяға айналдыруды ойлады. «Манас» дастанының мың жылдығы баяғыда-ақ тойлануы тиіс еді. Өртүрлі себептермен созылып келді. Кейбіреулер Манастан жау іздемекші болды. Әйтеуір сәті түспей келді. Манас тойын өткізу үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды қашанғы күтіп отырарсың.

Нар тәуекелге бел буған Асқар Ақаев және оның сенімді серіктері болды. «Уайым түбі тұңғыық – батасың да кетесің. Тәуекел түбі желқайық - өтесің де кетесің».

Өтті де кетті! Және қалай өтті!

Ал, Манас идеясы қалды!

Ұлттық идея қалыптасты.

Ол деген – бірлік, туыстық, татулық.

Ұлттық мемлекет іргесі, тұғыртасы бекіді.

Манас жаман дегендердің талайының аузы қисайып кеткен кезінде. Манасты пір тұтпайтын қырғыз жоқ. Пір тұтады екен, ендеше Манас идеясын әрбір қырғыз құрандай көреді, имандай сенеді. Ендеше әрбір «Қырғыз Республикасы» деген жас мемлекеттің саулығын сақтап, тұтастығын тілеп, алау туын биік ұстайды. Оңтүстігі болсын, Солтүстігі болсын, Манас байрағының түбінен табылады.

Манас идеясы – ұлттық идея, ұлттық-мемлекеттік идеология осылай қалыптасып, Қырғыз Рухын Алатаудай асқақтатып жіберді. Мұндай рухқа ие болған халық өзара ырың-жырын, алтыбақан алауыздыққа бармайды. Рухы биіктің - мақсаты да биік.

Мына қиын-қыстау заманда «Манас» дастанының мың жылдық ұлан-асыр тойын өткізіп, Манас идеясын, Манас рухын – ұлттық рухқа дейін көтеріп, түйінді істің тетігін тапқан Президент Асқар Ақаев және оның ниеттес, тілектес достары.

Ал, енді сондай Президенттің қастары бар ма?

«Қара қылды қақ жарып отырсаң да кетеді, біреу мақтап, біреу даттап» деген көне сөз бар. Жұрттың бәріне жүз процент ұнау мүмкін емес. Асқар Ақаевтың қастары, яғни дұшпандары болмас, бірақ қарсыластары бар.

Ондайлаға Асқар Ақаев:

- Азат болғың келсе, Азамат бол! – дейді.

Яғни азамат болмай, жік-жікке бөлініп, билікке таласып жүргеніңде азаттықтан айырылып қалу оп-оңай.

- Мәңгілік ештеңе жоқ. Аспан астындағының бәрі өзгереді. Бетеге кетіп бел қалады, бектер кетіп ел қалады. Ендеше билікке таласу – бекершілік, - дейді Президент Асқар Ақаев.

Бұл қағиданы осыдан мың жыл бұрын Манас айтып кеткен.

**«Егемен Қазақстан», 10 қараша 1995 жыл**

### **«СЕССИЯ АДАМЫ»**

**Жоғарғы Кеңестің баспасөз қызметі арнайы тіркелген журналистердің арасында осындай тақырыпта арнайы сауалнама өткізіп, оның қорытындысын шығарды.**

Баспасөз қызметінің жетекшісі Ербол Шаймерденовтің айтуына қарағанда, сауалнамаға 30-ға жуық баспасөз және ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, ең таңдаулы

депутаттардың есімдерін атады. Яғни, 1994 жылғы уақыттың ішінде өзінің белсенді қызметімен көзге түскен депутаттар Шерхан МҰРТАЗА, Марат ОСПАНОВ, Владимир Чернышев және Валентин МАКАЛКИН журналистердің ілтипатына бөленіп, «Сессия адамы» деген атаққа ие болды.

Бұл депутаттардың есімі қалың қауымға да жақсы таныс. Олар қашанда өздерінің біліктілігімен, табандылығымен, бәрінен де бұрын ел мен халық мүддесінен туындайтын талаптарды табандылықпен қорғайтынымен көзге түскенін айта кету ләзім. Редакциямызға сайлаушылардан келіп түсіп жатқан хаттарда да бұл депутаттардың есімдері жиі аталып, әркез құрмет көрсетіледі. Ең бастысы, үлкен сенім артады. Қысқаша айтқанда, олардың қырлы-қырлы қызметіне баға берсек мынадай: - Шерхан Мұртаза - әрқашан халық сөзін сөйлейді, қазақ тілінің бірден-бір қорғаушысы мен жебеушісі. Еліміздің арман-мүддесі үшін ешқашан қаймыққан емес. Марат Оспанов – Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасары қызметін қалтықсыз атқарып жүр. Әсіресе, экономикалық реформа, бюджет және қаржы мәселелерінің білгір маманы. Владимир Чернышев қашанда Ата Заң талаптарын талап етуімен қадірлі. Валентин Макалкин – қалың бұқараның, оның ішінде кәсіподақ мүшелерінің талап-тілектерін қорғаушы. Зейнеткерлер мен мүгедектердің, жалпы жұмысшылардың еңбекақысын уақытында төлеу жөнінде тұрақты түрде мәселе қоюмен келеді.

Кеше осы таңдаулы депутаттармен баспасөз мәслихаты өткізілді. Сан алуан сұрақтар қойылды. Солардың ішінде бір-екі мәселе жөніндегі олардың көзқарастарын білу үшін қойылған сауалды оқырмандарға жеткізсек те артық болмас деп ойлаймыз.

**- Жерді сатуға қалай қарайсыздар?**

**Ш.Мұртаза:** - Бұған мен қарсымын. Өлген өгіздің терісі сияқты ата-бабамыздан қалған жерімізді таспа тіліп алғымыз келеді. Ал оны кім сатып алады. Алса, кеше ғана үн тастаған оншақты, жүзшақты кәсіпкерлер мен тағы бір көкелері қолдағандар сатып алады. Сосын кім құл болады?.. Дәл қазір бұл мәселе пісіп-жетілген жоқ.

**В.Чернышев:** - Екі қолымды көтеріп қолдаймын.

**М.Оспанов** – Бұл мәселеге сарабдалықпен қарау керек. Оны тым кейін шегере беруге де болмайды. Еш елде жерге иелік етуде ешкімге абсолюттік құқық берілмегенін де ескергеніміз абзал.

**В.Макалкин:** - Азамат ретінде мен қарсылығымды білдіремін.

- Дәл бүгіндері Президент сайлауы өте қалса қазіргі Елбасына дауыс берер ме едіңіздер?

**Ш.Мұртаза:** Бірқатар кемшіліктерге қарамастан қазіргі Елбасына дауыс беремін.

**В.Чернышев:** - Қарсымын.

**М.Оспанов** – Мен жақтаймын.

**В.Макалкин:** - Қарсымын (Бұл жерде ол мұндай лауазымды қызметке тағы кімдердің дауысқа түсетіні жөнінде ойланудың қажеттігін ескертіп отырып айтты).

Сондай-ақ олардың жеке өміріндегі түрлі әдеттеріне, немен шұғылданатынына, жалпы елдік мәселелерге қатысты пікірлерін білу тұрғысында қойылған сұрақтарға да нақты жауап берілді.

Халықта «Жақсының жақсылығын айт нұры тасынан» демей ме. Және мұндай сұрау салу, қоғамдық пікірді айғақтау алдағы уақытта да жалғасын тапса әбден дұрыс. Амандық болса, осы таңдаулы депутаттар туралы кеңінен әңгімелескен сұхбатымызды назарларыңызға ұсынатын боламыз. Бұл әрі осы депутаттарға кезінде дауыс берген сайлаушылар үшін де үлкен мақтаныш екені сөзсіз. Заманның сөзін айтқан зиялылар көп болсын делік.

**«Халық кеңесі», 20 қаңтар 1995 жыл**

## **ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ АҚЫЛ-ОЙ**

### **ШЕРХАН МҰРТАЗА**

Мен туған үйдің жалғыз терезесінен Манас шыңы көрініп тұрар еді. Демек, көзді ашып, ес білгелі бері Манас шыңын көріп өстім.

Тәңіртаудың, яғни Талас Алатауының ең биік шыңы - Манас шыңы.

Бауырынан Көксай, Ақсай дейтін тау өзендері жарысып ағады. Көксайды – қырғыздар, Ақсайды-қазақтар мекендейді. Қыз алысып, қыз берісіп, құда-құдандалы, нағашылы-жиенді болып, ағайын-туғандай болып, ағайын-туғандай араласып жатқан ел.

Ал, «Манас» атты телегей теңіз дастанды оқып отырып ойлаймын: осы қырғыз-қазақ құда-құдандалығымыздан да гөрі туысқандығымыз, яғни бір туған бауырмалдығымыз басым емес пе деп. Өйткені, дастанды бісміллә деп бастағаннан-ақ «қырғыз-қазақ», «қазақ-қырғыз» деген тіркес егіз қозыдай өріп жүр.

Ол ғана ма екен, «Манасты» мұхият оқыған адам бұл түпсіз қазынадан албанды да, арғынды да, алшынды да, дулатты да, қоңыратты да, найманды да, үйсінді де – бәрін-бәрін табады.

Ол ғана ма екен, бұл шетсіз-шексіз дастан дариясынан қырғыз-қазақ қана емес, ноғайларды да, естектерді де (башқұрт) өзбектерді де... Көк Бөріден, яғни Көк Түріктен тараған туғандарды түгелдей табасыз.

Ал, жер-су, тау-тас жағдайына қарасаң, өр Алтай, Алтайдың арғы жағы, бергі жағы, содан сонау Еділ-Жайыққа дейін, ұзын Оралға дейін бәрі-бәрі аталады.

Бұл, сірә, Ұлы Түрік Қағанатының дәуірі болар, әлде соның ыдырау кезеңі ме. Әйтеуір, бауырларды аңсау сарын бар. Жаулары – жоңғар, мәнжүр, қара қытай, яғни қидандар. Жау оңай емес. Жау алдында жапырылмас үшін туысқандар тозбасын. Ағайындар азбасын. Түрік тілдес, түгел бол!

Дария-дастаннан мен осыны байқағандаймын. Мылтық, зеңбірек дегендер кейінгі манасшылардың қоспасы болар.

Манас идеясы бай. Манас - идеология! Біз кәзір Қазақстанда мемлекеттік идеология болмасын, партиялық идеология бір-бірінен басым түспесін деп сорлының сөзін сөйлеп жүрміз. Ол деген әкеміз - сауда, анамыз - ақша деп жүрген коммерсанттардың сандырағы ғой. Идеясыз, идеологиясыз еркін ел бола ма екен, тәуелсіз мемлекет бола ма екен?!

Ал, Манас не дейді? Өз Отаның болсын дейді. Құдай Отансыздықтан сақтасын дейді. Ал, кәзір бізде отансыздықты, ұлтсыздықты уағыздаушылар шықты. Сондықтан Манас идеясы дәл бүгін өте-мөте қымбат әм қажет. Манастың тұлабойы тұнып тұрған отансүйер (патриотизм) идеяға бай.

Демек, Манас, біріншіден, өз Отаның, өз тәуелсіз мемлекетің болуын аңсайды. Оны жаудан қорғау - қасиетті борыш. Бұл біз сияқты кеше ғана империя құрсауынан құтылған елдердің арманы. Яғни, біздің де арманымыз. Қазақстан құлдық қақпанына қайтадан түсіп қалмаса екен деп армандайтын адам жоқ шығар. Бар болса, тек имансыздар ғана бар болар.

Манас, екіншіден, түбі бір, тілі, діні бір елдердің тұтастығын армандайды. Ал, пиғылы бөтендер болса сол тұтастықты жүндей түтіп, «Бөліп таста да , билей бер!» саясатын сағынады. Жүздеген жылдар сол саясат үстем болды. «Бөлінгенді бөрі жейтініне» көзіміз әбден жетті. Енді бірігетін кез келді. Манастан кейін де осы бірігуді аңсап, әрекет еткен, сол үшін өмірін қиған ерлер өткен. Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев – қазақтар, Юсуф Абдрахманов, Төреқұл Айтматов – қырғыздар, Низаметдин Ходжаев, Сағидолла Ходжаев - өзбектер, Қайғысыз Атабаев - түркімен, Мирсаид Сұлтан-Ғалиев - татар, Зәки Уәлиди - башқұрт, Нариман Нариманов - әзербайжан, Жалалатдин Қорқмасов - құмық, Платон Оюнский – саха, тағы басқалар – түрік әлемінің тұтастығын мұрат еткен асылдар.

Ресей империясының құлдығынан құтылған кәзіргі Орталық Азия мемлекеттерінің президенттері қайта-қайта бас қосып, жақындасайық, ақылдасайық десіп қояды. Ниеттері дұрыс. Нәтижесі нық болса. Манас арманы, Рысқұлов мұраты, Мағжан гимні нағыз шындыққа айналғанда Орталық Азия мемлекеттерінің шаңырақтарына бақыт құсы мәңгілікке ұя салмақ. Әйтпесе, майда мемлекеттің маңдайына бақ тұрмайды.

Манас, Манас деп мың рет айқайлағаннан гөрі Манастың бір өсиетін іске асырар болсаң, түрік тілдес, түгел болсаң - дүниедегі ең ұлы іс сол. Біз, қазақтар Ер Көкше, Ер

Төстік біздің төл батырларымыз деп жүрміз. Ал, мына дария-дастанды оқысаң олар Манаспен бірге қоян-қолтықтасып, мақсаттасып, мұраттасып жүрген жандар. Түбі бірге туысқан деген осы.

Білсек те, білмесек те Манас, Манас дейміз. Ал, Манас деген сөздің түп-төркінін, этимологиясын білеміз бе? Мысалы, Шыңғыс – телегей теңіз, түпсіз аспан мағынасын беретін көрінеді.

Ал, Манас – Гималайдағы Шамбала елін мекендейтін махатмалардың, яғни әулиелердің тілінде – ғарыштық ақыл-ой (космический разум) деген ұғым.

«Манастың» көлемі қандай шексіз болса, түсінген, білген адамға ондағы айтар ақыл, салар ойда шексіз тілегей-теңіздей.

Кәзіргі мына қарбалас тар заманда пейілі түзу пенделерді Манас рухы желеп-жебеп, арманшыл адал ұрпақтарын қолдап, қорғап жүргей деп, екі-үш ауыз сөзімді тәмәмдадым.

**«Егемен Қазақстан», 28 шілде 1995 жыл**

## **ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ТҰЛҒА, ЖАЗУШЫ-ҚАЙРАТКЕР ШЕРХАН МҰРТАЗА ТУРАЛЫ ОЙ**

**Жаңа жылдың алдында республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясына алыстағы Америка Құрама Штаттарынан қуанышты хабар арқалаған хат келді. Оны жазған АҚШ-тың «Әлем таныған тұлғалар» атты арнаулы библиографиялық анықтамалығының редакторы Сандра С.Барнес ханым екен. Хатта аталмыш анықтамалықтың 1995-1996 жылдардағы 12-ші басылымына Қазақстаннан белгілі қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза еніп отырғаны айтылыпты. Барнес ханымның жазуынша, бұл басылым алдағы нөмірлерінде де Шерағанның өмірі, қызметі,**

шығармашылығы туралы кең көлемде материалдар жарияламақшы көрінеді.

Шерағаңа алдағы уақытта да еліміздің, ұлтымыздың мүддесіне бағытталған қайраткерлік қызметінде, шығармашылық ізденістерінде үлкен табыстар тілей отырып, жалпы жұртшылыққа: «Қуаныштарыңыз құтты болсын!» дегіміз келеді. Өйткені бұл – Шерағаңа ғана емес, жалпы Қазақстанға көрсетілген құрмет, халықаралық аренаға жаңа қадам басқан жас мемлекетіміздің әлем жұртшылығына таныстыратын оқиғалардың бірі.

**АВТОРДАН:** Бұл мақала осыдан дәл бір жыл бұрын жазылған еді. Ол кезде Шерағаң Меркі – Луговой аудандарынан республика Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидатурасын ұсынып жатқан. Бірақ белгілі себептермен мақаланы ешқандай баспасөзге ұсынбадым. Тіпті үгіт-насихат науқанына дейін жариялатуға мүмкіндігім болса да олай етпедім. Шерағаң өзі артық насихаттауды қаламайтын еді. Сайлау өткеннен кейін біздің облысқа кең тарайтын бір басылым Ш.Мұртаза сол кезеңде Жамбыл, Шымкент облыстық теледидарынан түспей қойды деп ғайбаттады. Ал, шын мәнінде, өткен жылдың 9 ақпаны мен 5 наурыз аралығында Шерағаң кандидатқа берілген уақытын да теледидардан пайдаланған жоқ.

Содан бері бір жыл өтсе де мақаланы сол күйінде беруді жөн көріп отырмын. Өйткені онда уақыт тынысы бар. Тек қосарым Шерағаң парламенттегі қызметімен Меркі, Луговой жұртшылығының ғана емес, бүкіл халқының сенімін ақтапты. Оған Нью-Йорктан келген хабар дәлел. Сайлау кезінде Шерағаңның әріптес бәсекелестері көп болды. Солардың бірі сайлаушылармен кездесу үстінде: «Сіз қызметті де істедіңіз, депутат та болдыңыз, енді қоймайсыз ба?» - деген қиғаш сұрақ қойғызды. Сонда Шерағаң: «Рас, мен еңбек еткен жоқпын, жағдайым да бар. Кітабымды жазып жата беруіме болар еді. Бірақ Республика егемендігі әлі сын үстінде тұрғанда үйде бұғып жата алмаймын. Ертең

парламентте тіл, жер, Отан туралы әлі айқас болады. Оған қасқая қарсы тұрар қайраткер керек» - деп жауап беріп еді.

Сонда Шерағаң көрегендікпен айтқан екен. «Халық кеңесі» газеті былай деп жазады: «23 қараша күнгі сессия мәжілісі қызу пікірталаспен басталды. Күн тәртібінде бірқатар заң жобаларын талқылау белгіленген болатын. Алайда бірінші болып сөз алған депутат Шерхан Мұртаза мәжіліске қатысқандардың назарын өзге мәселеге аударды. 19 қараша күні Алматыда қазақтардың рұқсатсыз жиыны болғанын, онда елдің тәуелсіздігіне, мемлекет тұтастығына қарсы ұрандар аз айтылмағанын, тіпті Қазақстан да Татарстан секілді Ресейдің құрамында болуы қажет дегендей талаптар да қойылғанын депутат ашына айта келіп: «Мұндай, өрескел әрекет бұрын солтүстік, батыс облыстарда бой көрсетсе, енді елдің нақ төрінде орын алғаны қалай?» - деген сауал тастады. Сөйтіп, қазақтар Конституциямыздың белін күйретті. Ал, оларға дем беріп жүрген осында өзімізбен қатар отырған депутаттар Головкин, Галенко дегендердің өрескелдігі өршіп барады. Біз неге үндемейміз?», деп сөзін аяқтай келе Ш.Мұртаза, бұған шұғыл түрде саяси беру қажет екенін білдірді».

Конституцияны қайта қарау жөніндегі пікірталаста да Шерағаңның қайраткерлік көрсеткенін көргенде егер Шерағаң өткен жылы депутаттыққа сайланбай қалса, жаңағы Головкинмен таразының екінші басында кім тұрар еді деп ойлаймын...

Бұл күні көкірегі сара, көзі қарақты Құлан, Меркі жұртына Шерхан Мұртазаны таныстырып, сипаттап жатудың өзі артық шығар. Ол кісіні Отанымыздағысы бар, шетте жүргендері бар исі қазақ баласы біледі. Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев Түркия, Қытай, Алмания, басқа да шет ел сапарларында:

- Сіз Шерхан Мұртазаны білесіз бе? – деген сұрақтың үнемі алдынан шығып отырғанын айтады.

- «Таныс па едіңіз» деп сұрадым, - дейді Қалдекең.

- Жоқ, жазғандарын оқыдым. Батыл жазады екен, - деп ризашылығын білдіріп, сәлем айтыпты шетелдегі қандастарымыздың бірі.

Шерхан Мұртазаны шекараның аржағындағы ағайындарымыздың арасында тікелей танитындары да аз емес. Ал, жазғандарын іздеп жүріп оқитындарына әлгі сөздер дәлел.

Меркі, Құлан жұртына келетін болсақ Шерағанды жазба еңбектерінен, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясындағы, теледидар хабарларындағы сөздерінен ғана емес, тікелей де біледі.

Осынау жасқа келгенше пәлен деген дүние жазатын едім деп шығармашылық демалыс алып көрмеген жазушының Әулиеата өңіріне бағытталған қызмет бабындағы жолсапарларында Меркі мен Құланға соқпай кеткен тұсы сирек. Әрине, туған жердің орны қашан да бөлек қой, әйтсе де мен Шерағаң Меркі Құланға өзінің кіндік қаны тамған Мыңбұлақтан да көп келе ме деп қалатынмын. Оның өзіндік сыры бар-ды. Ол сыр – Тұрар Рысқұлов есімімен байланысты. Ол сыр – 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің қазақ жеріндегі ең үлкен ошағының бірі болған Меркі, Құлан жеріне, оның халқына байланысты. Осыдан 25-30 жыл бұрын халқымыздың ұлы перзенті Тұрар Рысқұлов жайлы, сол арқылы қазақ халқының басынан өткен нәубет туралы роман жазғалы жүрген жас жазушы өз тағдырын Меркі, Құлан халқының тағдырымен осылай қабыстырған еді. Тікелей біледі деп отырғаным да сол. Сондықтан да мен Шерағаңның шығармашылығы, қайраткерлігі хақында көпшілік таныған жәйттарды тізбелей бергім жоқ. Тек ол кісінің соңғы жылдарғы қызметінің кейбір қадау тұстарынан ғана хабардар етсем деймін.

Қазақта «Ертеден шапса, кешке озған, еңістен шапса, төсте озған» деген мақал бар. Шерағаң туралы ойлағанда мен ылғи да осы даналық сөзді есіме аламын. Есіме аламын да ол неткен қажырдың, неткен орасан зор қайраттың иесі еді деп таң қаламын, тәнті боламын. Құдай-ау, бұдан отыз бір жыл бұрын редакторлық орындыққа отырған адамның айтатыны таусылмай ма, өзі қажымай ма? Журналист-жазушылардың арасында «Көп отырған редактор қайын енең сияқты, бір

айтқанын мыжыңдап қайталай береді?» дейтін мәтел бар. Ал, Шерағанның айтары Мыңбұлақтың бастауындай тереңнен қайнап шығып жатады. Алатаудың бұлақ-кәусарының суын қалай сүйсініп сімірсең, ол кісінің жазғандары мен айтқандарын да солай құмартып, құнығып қабылдайсың.

Соңғы екі-үш жылда ол өз талантына қамшыны аямай-ақ басты. Жазушы ретінде Тұрар Рысқұлов жайлы роман-эпопеяның бесінші кітабы «Тамұққа» соңғы нүкте қойып, баспаға тапсырды. Публицистикалық мақалаларды бұрынғыдан да жиіледі. «Сталинге хаттан», «Бесеудің хатынан», «Жалғыз үйлік зіл-заладан» кейін тағы бір пьеса жазып, жаңа романын аяқтауға жақын қалғанын естіп отырмыз. Бұл тірліктің бәрін жазушы қоғамдық, мемлекеттік қызметі бұрын-соңды болмаған көлемде ұлғайған кезінде тындырды. Олай дейтінім 1992 жылы Шерхан Мұртаза «Қазақстан» телерадиокомпаниясының төрағалығына тағайындалды. Бұл бір журналистиканы, өнерді білуді, бейнелеуді кино көзімен қарауды ғана талап етпейтін, көптеген мамандардың (редактор, режиссер, оператор, әуезші, суретші, түрлі саладағы инженерлер, т.б.) шығармашылық бірлігін қамтамасыз етіп қана қоймайтын, бұған қоса техникадан, экономикадан хабардар болуды да қажетсінетін жұмыс. Тіпті, бұл да аз. Тәулігіне ондаған сағат сайрап тұратын радио мен теледидардың жұмысын жолға қою үшін жігері оңайлықпен жасымайтын басшы керек. Таңдаудың Шерхан Мұртазаға түскені тегін емес еді. Кезінде «Лениншіл жасты», «Жалынды», «Жұлдызды», «Қазақ әдебиетін» халқының сүйікті басылымдарына айналдырған талантты редактор қазақ теледидары мен радиосының материалдық-техникалық базасын қысқа мерзімнің ішінде нығайтып қана қоймай, хабарлары мен ақпараттарының азаматтық позициясын айқындап, сапалық биікке көтере білді.

Ал мұның алдында ол Меркі елінен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Бұрынғы депутаттар мен кейінгілердің айырмасы жер мен көктей екендігін сайлаушылар жақсы біледі. Ілгерідегі депутаттардың жұмысы жылына үш-төрт рет болатын бір-екі күндік сессияға қатысып, қол көтеріп қайтып

келумен тынатын. Қалған уақытта берілген жеңілдікті пайдаланып жүре бер. Ал, соңғы Кеңестің арқасында, әсіресе, Салық Зиманов, Шерхан Мұртаза сынды халқының абыройына айналған азаматтарға түскен салмақ өте-мөте ауыр болды. Негізгі Заңымызды, Елтаңбамызды, Ұлттық туымызды, Әнұранымызды қабылдау, ана тілімізді, жер-суымызды қорғау, иелену төңірегіндегі айтыс-тартыстарды теледидар арқылы көрген көпшіліктің Шерхан Мұртазаның нық та сенімді дауыспен айтқан қисында уәждеріне риза болмағандары жоқ шығар. Тіпті, талай қарапайым жандардың, беделді, білікті азаматтардың «халқымыздың маңдайына осындай ұл бергеніне шүкір» деп алғыс сезімімен айтқан сөздерін құлағымыз естіді. Депутат Мұртазаның: «Айыр тіл жыланда ғана бар, мен қалай қос тілді болуым керек, ана сүтімен сіңген тіл біреу-ақ» - дегені қазір халық арасында қанатты сөзге айналып кетті. Содан да үш ғасыр бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізер тұста сол тарихи аса жауапты миссияны атқаруға тиісті парламентке Шерхан Мұртаза сынды қайраткерді қалап, ұсынған меркіліктердің көрегендігі мен білгірлігіне тәнті боласың.

Жалпы төңкеріс тұсында (ал, төңкерісті қазақтар отарлықтан құтылып, тәуелсіздік алатын тұс деп ұғынды) Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сармолдаев, беріректе Асанбай Асқаров сынды қайраткерлерді саяси аренаға шығарған меркіліктердің талғамы қашан да биік. Сондықтан да олар кезінде тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты депутаттыққа сайлады. Содан кейін барып таңдау Шерхан Мұртазаға түсті. Меркі, құландықтар талғамы әлі де төмендемей, сол биігінен көрінер болса игі.

Асанбай Асқаров демекші, халқымыздың осы бір аяулы ұлын, Меркі, Құланның төл перзентіне аса бір қиын кезде республикалық дәрежеде алдымен араша түскен де Шерағаң, ол кезде Шерағаң басқарған «Социалистік Қазақстан» еді-ау». Бұл қолтығында пәпкесі барлардың мұндайда бұғып жүретін кезі еді. Ал, Шерағаң пәпкіден де, шәпкіден де қорыққан жоқ. Орталық Комитеттің органы болып тұрған беделді басылымда аяулы ағасын қорғаған қоғамдық пікірді маздатты да жіберді. «Көп түкірсе көл». Халқы қолдап, ақыры жеңіске жетті.

Мен мұндай мысалды Меркі, Құлан өңірінен әдейі алып отырмын. Шын мәнінде, қайраткер – қаламгердің өмірінде кең байтақ қазақ жерінің, исі қазақ баласы мен қазақстандықтың тағдырына араласқан тұстары көп. Әріге бармай-ақ тоталитарлықтың тұсында Семей полигонына байланысты жабылып қалған Абыралы ауданының қайта ашылуын алайық. Оған да бірден бір себеп болған Шерағаң, ол басқарған «Егемен Қазақстан» еді.

Жалпы Шерағаңның қайраткерлік те, қаламгерлік те, тұрақтылығы мен батылдығы арнайы қайраткерлік те, қаламгерлік те, тұрақтылығы мен батылдығы арнайы зерттеуді талап ететін тақырып. Өткен жылы Алматыдағы «Өлке» деген баспадан Шерағаңның шығармашылығы жайлы талантты сыншы Сайлаубек Жұмабектің «Жұлдызы нұрлы суреткер» деген монографиялық очерк кітабы жарық көріпті. Ал, оның журналистикасы, марқұм Оралхан Бөкей айтқандай, «бір университет». Ол университеттің оқулығы жазылатын күн де алыс емес шығар.

Бір сөзбен түйіндей айтсақ, Шерхан Мұртазаның батылдығы мен азаматтық та, шығармашылық та позициясының шыншылдығынан шығады. Ал, шындықты жеткізіп, дәлелдеп айту үшін білім керек. Шындықтан ауытқыған адамның табанының бүрі болмайды, тайғанақтай, сырғақтай береді. Сондықтан да Шерағаңның батылдығының аржағында көзсіздік емес, біліктілік тұр. Сондықтан да ол саяси аренада өзін ұзақ жыл бойы жардың нағыз ернеуінде ұстап келеді. Бірақ табаны тайған емес. Қайта сол жарды одан әрі ысырып, өрісін кеңейте түседі. Кеңейте түседі де, қол жеткеніне қанағат тұтпастан жардың ернеуіне қайтадан барып тұрады. Ол осылай «еңістен шапса, төсте озып» келеді.

**Елен ӘЛІМЖАН**  
**Жамбыл облыстық «Ақ жол» газеті**  
**1995 жылдың 14 қаңтарында жарияланған.**

## СӨЗ СӘУЛЕСІ «АЙ МЕН АЙША» РОМАН-ЭССЕСІНІҢ БІРІНШІ КІТАБЫ ТУРАЛЫ

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-эссесінің бірінші кітабын «Жалын» журналы өткен жылы тұтас жариялады. Оның арасында бірнеше мерзімді басылымдарға үзік-үзік берілді. Айтпағымыз аталмыш туынды кітап күйінде жұртшылық қолына тимей жатып-ақ, оқырман ілтипатына ие болып отыр.

Руханият әлемі қағажу көріп, көркемөнер кеңістігі тарылып тұрған қазіргі заманда жазушының шығармашылық белсенділік, қарым танытуын ерлік демеске әлдің жоқ. Қашанда ел жүрегіндегі жараны, халық жанына жақын тақырыпты арқау ететін жазушы жаңа шығармасында да сол мұраттан айнымаған. Роман-эссе жеңіл оқылып, оқырманды терең ойларға жетелейді. Әр тақырыпша – бір-бір өмір.

«Ай мен Айша» - өмірдің өз шындығы. Жазушының өзі айтқандай, бесік тойы мен жаназаның, талбесік пен жер бесіктің («Тұрымтай», «Жалын», 67-бет) ортасындағы өмір бүгінде еліміздің саяси, рухани өмірінде белгілі тұлғаларды дүниеге әкелген 30-жылдар ұрпағының бастан кешкен хикаялары. Табалдырықтан биік тау жоғы секілді халықтан биік тағы ешкім жоқ. Сірә, халық жазушысы деген атақтың өзі халық ұғымымен біте қайнасып, соның тіршілігімен өзектесіп кеткен қаламгерге ғана лайықты.

Шерхан Мұртаза - қысқа жазудың шебері. Ол не жазса да осы қағидамен тыныстайды. Жазғаны жұтынып, жасанып шығады. Оның сырын түсіну қиын емес – халықтығында, ұлтжандылығында. Қысқа жазу дегенде туындының көлемі емес, әр сөз бен сөйлемнің әрі қысқа, әрі нұсқа шығатындығын айтып отырмыз. Ол бір сөйлемді бастап соңына шыға алмай жататын, тереңдеймін деп саяздап қалатын кейбір қаламгерлер қатарынан емес. Мұндай пікір айту үшін негіз мықты, дәлел ұтымды болуы керек. Бұл ойымызға басқасын айтпағанда «Ай мен Айша» дәлел.

Айша – тек Мұртазадай бозымның жастай қалған жесірі ғана емес, тек Барсханның шешесі ғана емес, ол 30-жылдардағы нақақтан күйген ерлердің сенімді серігі, тумай

жатып көктей солған қызыл қарын бала-шағаның көз жасы, обал-сауабы, ана атаулының жиынтық образы. Айша және сталиндік қуғын-сүргін, Айша және соғыс, Айша және ашаршылық. Не көрмеген Айшалар?!

«Қайран біздің шешелер арды ойлаған...» Айшалар болмаса бүгінде қазақтың рухани дүниесінің бір-бір тұтқасына айналған аймандай алуан дарындар болар ма еді, болмас па еді.

Халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, өнегесі «Ай мен Айшада» тұнып тұр. Әр эсседе жазушының жаны сөйлейді. Сөйлемдерді сөз секілді баурап, әңгімесі әдемі ән секілді естіледі.

«... Айша қайтып ұрысқан жоқ. Су-су киімді шешіндіріп, тісім-тісіме тимей сақылдап соғылып, тұла бойым жидек қаққандай дір-дір етіп, қалшылдаған мені төсегіме жатқызып, көрпемді қымтап, үстіме тағы да өз шекпенін жауып қойды. Мені әлдилегендей:

Қоңыр қаз, үйрек,

Қанатын сүйреп,

Ұшады Билікөлден түйдек-түйдек а-а-ай, -

Деп ыңылдап басымнан сипады. («Көкала үйрек»).

Осы ән күні бүгінге дейін Жамбыл жағында жиі айтылады. Бұл, сірә, Айшадай шешелеріміздің шерлі көкірегінен туған арман-ән шығар. Бәлкім, оның иесі Айшаның нақ өзі болар. Бәрі де мүмкін ғой. Қайғысыздан хас өнер тумайды. Бір қарағанда жазушының жан сырын, жүрек қылын шерткен сөзі осылай деуге мойынсұндырады.

Қазір басқа түгілі, қаламгер атаулының жазуға ықыласы суып бара жатқан заманда жақсы бір шығарма оқысақ балаша қуанатын болдық. Рухани қуаныш зәрулікке айналып барады. Неге? Бүгінде базар көбейді. Көшенің қойын-қонышы толған тауар. Ел қолына түскенін сатып күнкөріс қамымен кетті. Сатылмайтыны – жазушының жан дүниесі. Ендеше сол қайтіп жан сақтайды. Оның тауары – жаңа туындысы, кітабы. Ол қаламы мен қайратына сенеді. Сана солып, ел еңсесі түсіп, рух өлген жерде ұлт та жоғалады. Жазушы сол қасиеттердің сақталуы үшін заманның қиындығына қарамай нәзік жаны шырылдап отқа түсіп жаңа шығарма жазады. Оның тірлігі үкіметке керек емес, бәлкім ұнамас та. Рухани

тауардың құнын бағалауда үкімет дәрменсіз. Алхалық қашанда рухани қажеттілікке зәру. «Ай мен Айша» сол қажеттіліктің, олқылықтың орнын толтыра келді.

«Ай мен Айша» - бүгінгі байлықтың буына мастанып, ертеңіне еліріп қарайтын ессіздер мен тексіздер үшін жазылғандай.

«Ай мен Айша» - жазушының ұзақ түндері мен күндерінің, жан азабы мен ләззатының жемісі, бәлкім өмір бойғы жаза берер туындысы.

«Ай мен Айша» - ұлы әруақтарға бас ию, аманатқа адалдық, асыл адамдарды ардақтау, Тасбет секілді шолақ белсенділерді мүсіркеу.

«Ай мен Айшада» - жүрек тербейтін, сананы сәулелендіретін тұстар көп. Сөз сәулесі жаныңды жадыратады, жылытады. Шынайы сағынып, шынайы сүюдің үлгісін «Ай мен Айшадан» көп көресіз.

«Ай мен Айша» - сағынған көздің моншағы, бұл туынды арқылы ағайын-туысқа, бауырға, барша қазаққа деген бауырмалдық қасиеттермен тыныстайсың, жан дүниен нұрланады.

**Қ.Қошқарұлы.**

**«Парасат», 6 маусым 1996 жыл**

## **ДОСЛОВНО**

**Шерхан МУРТАЗА,  
писатель:**

- Июль. Жара... Завернул к Жумеке-аксакалу поздороваться. Застал его за работой: косил жиденский клевер на приусадебном участке. За участком приволье, поросшее диким разнотравьем. Земля ничейная, бывшая колхозная.

- Жумеке, - говорю, указывая на бесхозный травостой, - что это?

- Дикий клевер, что же еще...

- А это? – киваю на тот, что косит.

- Сеяный клевер, что же еще...

- Жумеке, - говорю, - зачем же вы его посеяли на огороде, когда этого добра и за участком полно? А ведь за огород налоги платите, небось.

- Да посеял для кобылы...

- Не лучше ли было бы посадить картошку, лук, морковь, помидоры? Или фруктовые деревья?

Жумекен скребет затылок.

- А кто его знает... Да эти самые огурцы-могурцы, о которых говоришь, старуха для детишек выменивает на шкуры и шерсть.

Ну, и силен ты, Жумеке. Как же собираешься жить, если даров земли-кормилицы в упор не видишь? Хоть бы задумался над тем, какое время на дворе. Эх, Жумеке. Сколько будешь жить, поплеывая впустую, поклонился бы земле хоть разок. Глядишь, и курсак бы был полней.

**«Егемен Қазақстан», 30 июля 1996 г.**

## **ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАРЫЛҚАЙ ГӨР...**

**Шерхан МҰРТАЗА**

Таңғы аспанға көзім түсіп кетіп еді: жас баланың жанарындай жәудіреп тұр екен. Көмейіме жас тығылып, ішімнен:

- «Иә, Көк Тәңірі! Жаратқан Құдірет! Мына келе жатқан Жаңа Жылды да осы аспандай таза, пәк қыла гөр!» - деп жалбарындым.

- «Барлық ауыртпалық, қысталаң қиындық, көрген азап өткен жылмен кетсін. Ыс басқан көңілдің кірі, қиянат пен әділетсіз өмірдің қоқсығы өткен жылдың ұрма селімен ағып кетсін. Жаңа Жылда, Жаңа Наурызда, жарықтық Тышқан жылында дүние бәле-жаладан, зіл-заладан, қайғы-қасіреттен тазарсын», - деп күбірледім.

Менің сыбырлағанымды кім есітеді? Өзіме өзім қуат бергенім шығар. Айқайлап айтсам, көшедегілер күдікпен

қарап, жынды деп ойлар. Ал, жалпы Шын тілекті айқайлап айту не үшін айып? Түсінбеймін...

Тілек не үшін айтылады? Иә, Патша, иә Құдірет естісе екен, ескерсе екен деп айтылады. Егер олар естімейтін болса, ескермейтін болса, «тілек» деген сөздің өзін кім ойлап тапқан?

Мүмкін емес. Естиді ғой. Бірақ ескере ме, жоқ па - мәселе қайда?!

Құдіреттің көзі үлкен. Көреді, естиді. Көп тілесе, ескереді. Байқайсыз ба, қай жерде жанжал, байбалам көп болса, сол жерді не сел басады, не зілзала соғады, әйтеуір бір апат болады. Бірлігі, тірлігі бар жер тыныш.

**«Жаратқан Құдіреттен бірінші тілек: мына келіп тұрған Тышқан жылы Жер жүзіне, елімізге, қайран Қазақстанымызға тыныштық, бейбітшілік бере гөр»** деп тілейік. Құдірет: Сақтансаң – сақтайын! – деген. Ол үшін адамдардың ниеті түзу болсын. Жанжалға, төбелеске бейім тұрмасын. Адамзат, ниетіңді түзет...

**Екінші тілек: Уа, Жаратқан Құдірет! Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін баянды қыла гөр.** Еркіндіктен, азаттықтан айырылып, бодан болған жүздеген жыл қазақ деген киіз туырлықты, қыл құйрықты батыр елді бүгежектеу, жалтақтау етіп кетті. Құлдық психология жұлынға түскен құрт сияқты - оңай жазылмайды.

Бодандықтан бұрын қазақ қандай еді? О, оны Қаз дауысты Қазыбек биден сұрап көр:

- Біз қазақ деген баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген еліміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды. Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды...

Көрдіңіз бе, қалай?! Міне, қазақ деген қандай болған! Құдай осы мінезімізді бойымызға қайта дарытсын. Біз болмасақ та, біздің ұрпағымыз ие болғай осы қасиетке.

Сол үшін де Қазақстан тәуелсіздігі – басты мұрат. Құлдық, күндік әдеттен арылайық.

**Үшінші тілек: Уа, Жаратқан Құдірет! Халыққа бірлік, татулық, бауырмалдық бере гөр.** Тәуелсіздіктен айырылып қалмаудың бірден-бір кепілі - бірлік, бауырмалдық. «Бірінді, қазақ, бірінді дос, көрмесең, істің бәрі бос». (Абай). Ала ауыздықтан аузымыз күйген. Сол ащы сабақты ұмытпайық. Ары тарт, бері тарт болып жатқанда олжаны басқа, бөгде біреу қағып алып кетеді. Әкімдікке екі қазақ таласса, таққа кім ие бола кететінін талай көрдік қой. Қалай тез ұмытамыз?! Намыс қайда, Құдайым, сырттағы жау көрініп тұрады. Сақтасаң, қазаққа жау болған қазақтан сақта! Масановтардан сақта!

**Төртінші тілек: Уа, Жаратқан Құдірет! Қазақ деген қауымға күш-қайратты мол беріп, Еңбекке ынтық ете гөр.** Жайбасар жалқау мінезден арылта гөр. Қай заманда да «Жатқанға жан жуымайды, жүргенге жөргем ілеседі». Әсіресе, мына заманда жалқаулық кедей тұрмақ, бай баласына да жараспайды. «Алма піс, аузыма түс» деп жатып алса, ол қайдан бай болады?

Жұрттың бәрі әкім болуы міндетті емес. Әкім біреу, қалғандардың тіреу болып, тірлік істе. Өзің таба алатын нәрсені Құдайдан сұрама деген сөз бар. Шамаң келетін шаруаны өзің-ақ игере бер. Әйтеуір адал еңбекпен күнкөріс тап. «Есек көтін жусаң да мал тауып кел» деген Абай сөзін дұрыс түсін.

Үйіңнің іргесіне, егін-жайдың басына, жол жағасына, арық-атыз бойына бір өзің он шыбық шаншуға шамаң келеді ғой. Сауабы шаш-етектен. Ат мінем десең, құлынды күт. Немереңе, жиеніңе бәсіреге құлын сыйла, тай сыйла. Үй бас сайын бір-бір жарамды ат байлаулы тұрғаны абзал. Ат ойынан меңгеріп, көкпар тартқан қазақтың қай баласын Отанын қорғай алмайды деуге кімнің аузы барады? Тәуелсіз Қазақстанды қорғайтын нағыз жауынгерлер ат құлағында ойнағандардан шығады.

«Сабыр мен еңбек – бәрін де жеңбек» деген бар.

Бірақ Құдай «Еңбек – еш, тұз – сор болғаннан» сақтасын. Аумалы-төкпелі заманда адамдар сондай сорға тап болатыны бар. Мысалы, Мемлекеттік жинақ кассасы – қазіргі Ұлттық жинақ банк дегенге аманат еткен ақшамыз күйіп

кеткен жоқ па? Жалақыны, зейнетақыны ала алмаған қаншама...

Сабыр жақсы, төзім де жақсы. Бірақ Мұхтар Әуезов айтқандай: шексіз төзе беруге өмір шіркін қысқа ғой. Үкімет осы жағын ескергені жөн болар еді.

**Бесінші тілек: Жаратқан Құдірет патшамызға ағыл-тегіл ақыл, парасат пен рахым берсін.** Әкімдеріміз әкіреңбай емес, адал да әділ болсын. Жаңа заманға ілесіп, бейімделе білген жақсы. Бірақ мыңжылдық тұрмыс, тіршілік заңын бір жылда өзгертіп, мал баққан қазақты малынан айыру – ауыр қайғы. Малдың күрт азайып кетуінен қазір жүз мыңға жуық адам жұмыссыз қалды. Ал, малды кім бағатыны белгілі. Сонда кім сорлады?

Жаңа Жылда саулығымыз егізден тауып, қамбамыз астыққа толып, берекеміз кірсе екен. Атқа мінген әкімдер шаруаға мейірімі түсіп, еңсесін бір көтерсе екен...

Қазақстандай бай ел қайда бар? Бірақ сол байлық ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпесе екен. Апыр-ай, осыдан төрт-бес жыл бұрын: Өттең, Қазақстанның өз байлығы өзіне бұйырса, шіркін-ай, қолымызды алтын мен күміске малып отырар едік-ау, деп армандаушы едік. Енді не болдық? Құдайға қай қылығымыз жақпай қалды? Неге ұқсата алмай келеміз? Әлде бір түпсіз оппа жұтып жатыр ма? Құдай әкімдерге, әкім жағалаған жақындарға нысап, қанағат берсін...

**Алтыншы тілек: Дербес, тәуелсіз мемлекет екеніміздің ең басты белгісі - өз ақшамыздың басылып шыққаны ғой.** Ой-хой, сонда тақиямызды аспанға лақтырып, қуанғанымыз-ай! Қуаныштың жүзі қуқыл тарта бергені қалай? Ақша құны түсе берген сайын мен өзімнің кедейленгенімнен емес, ұлы әруақтардың рухынан ұяламын. Ақшаның бетінде солардың суреті тұр ғой, Әл-Фарабиден бастап...

Уа, Жаратқан Құдірет! Жаңа Жылда теңгемізге долларға жақындайтын, теңдесуге жақындай алатын күш бере гөр. Мен армандаймын. Парижге, Лондонға, Нью-Йоркке барғанда ондағылар – Теңгең бар ма, теңге айырбастайсың ба? – деп соңымнан қалмай жүгіріп жүрсе... Уа, айналайын Әл-Фараби бабамның, Абылай ханның, Абай мен

Шоқанның... әруағы, сендердің рухтарың доллардағы Вашингтонның, Линкольннің т.б. президенттердің әруағынан ұлы болмаса, кем емес еді ғой, қолдай гөр.

Ал, ұлы әруақтарымыздың жүзін төмен етпес үшін ұлттық мемлекеттік ұлы қазанға суық қолдарды сумаңдатпай, сақалы омырауына түскен қарияларымыздан бастап бесіктен белі жаңа шығып, есі кірген балаға дейін отансүйер отан үшін намыскер, алақаны адал, ары таза болуымыз керек, арамзалар аласталсын.

**Жетінші тілек – жетімдердің тілегі.** Рухани әлем жетімсіреп қалған заман болды. Рухани әлем кең, рухы биік ел – қайсар ел. Ондай елді ешкім де жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңе салу оп-оңай. Замандар бойына отаршыл озбырлар қазақтың елін, жерін ғана тонамады, рухани әлемінде тонады: тілін, дінін, әдебиетін, өнерін ұмыттырды. Енді мына азат заманда сол жоғалғанды, ұмытылғанды түгендейік, қалыбына келтірейік десең... Неге қазақтың ғана жоғын жоқтайсың; радио, теледидарда қазақшаң көбейіп кетті, неге? – деп зіркілдейді. Ау, айналайындар-ау, қазақ ешкімнен асып кетпейді, тек жоғалтқанын тауып, жұрт қатарлы болғысы келеді, сол да айып па?!

Уа, Жаратқан Құдірет! Жаңа Жылда басшыларға биік өре, парықты парасат бере гөр. Өзің өлме, өзгені де өлтірме. Тату-тәтті болайық. Бірақ ол үшін қазақ өз үйінде ұдайы босаға жақта отыруы міндетті емес қой. Қазақтың тілі – мемлекеттік тіл деп қоқырайтып қойып, ресми түрде ол тілде сөйлемей неге қорлаймыз? Жаңа Жылда бодандықтың, құлдықтың қарғыс таңбасындай, символындай болған мойынға оралған бұғалықтай, бағыныштылықтың айнасындай болған «ов», «ев», «ин»-дерден құтылайық. Азат Қазақстанның Үкіметі оған кедергі жасамасын.

**Сегізінші тілек:** Қазақ енді аштан қырыла қоймас. Ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар. Ал, енді қазақ бір қырылса – арақтан қырылады.

- Е, орыстар да, басқалар да ішіп жатыр ғой. Арақ қазақтың жауы ма? – дейтіндер бар.

Біріншіден, арақ ішуде біз орыстарды орта жолда қалдырып кеттік. Екіншіден, орыстар арақты Иисус Христос

тумай тұрған кезден бастап ішеді. Организм, тұқым бейімделіп кеткен. Ал, қазақ байғұс араққа бойың тез алдырады. Өйткені атасының асы емес. Сондықтан, әуелі ақыл-сананы, онан соң бауырды, жігерді, қанды алдырады. Жүрек сорлы қайда барады? Жарылады. Қаза болған қазақтардың көбінің диагнозы осындай...

Арақ ішкен ата-анадан ауру бала туады. Ол өмірбақи кем болып қорланады. Обалы кімге? Ондай балалары көп қоғамның болашағы нешік?

Солтүстіктегі майда халықтардың барлығы дерлік осы «отты су» қырғынына ұшырап, ұлттық бет бейнесінен айырылып, рухы сынып, азып-тозып кетті...

Уа, Көк Тәңірі! Жаратқан Құдірет! Жаңа Жылда қазақ деген халыққа нысап беріп, сақ сана беріп, арақ деген ажал құрығынан ажырата гөр, алыстата гөр!..

Айта берсе, тілек көп. Нысап керек. Әйтпесе, ананы бер, мынаны бер деп, Жаратқан Құдіретті де, Жаңа Жылды да жалықтырып алармыз.

Жарылқай гөр, Жаңа Жыл!

«Егемен Қазақстан», 22 наурыз 1996 жыл

## ЖЕРҰЙЫҚТЫ АҢСАҒАН КӘРІМ МЫҢБАЕВ

*Исатай стансасының айналасындағы ауылдар бұл күнде құм астында қалуға айналды. Күні кеше таудай боп көрініп тұратын Найзашағыл күнбе-күн аласарып, ал Жұмыршағыл ауылға жылжып келіп қалғанына біраз уақыт болды. Қайсыбір үйлердің есігін құм басып, терезеден шығып жүр.*

*(«Егемен Қазақстан»  
25 шілде 1996 жыл).*

Бәукем қалың қара кітапты алдын ала оқып отыр екен. Алғашқыда Крачковский орыс тіліне аударған құран ба деп қалдым. Ол да осындай қалың қара мұқабалы кітап еді.

- Отыр, - деді Бәукем. – Кәрім Мыңбаев! - деді әлгі кітапты сұқ саусағымен қадап көрсетіп. - Естуің бар ма ондай кісіні?

Шынымды айтсам, жөнді білмеуші едім. Оны Бәукем түрімнен таныды да:

- Сен білмейсің. Нағыз азамат. Менің досым,- деді. Көкейімде «қандай досы?» деген сұрақ тұрғанын сезе қойды.

- Өрттей өкініш. Ол өзі жоқ. Мына кітабы қалды. – Шықшыты бұлтаңдап, мұрты сұстана тікірейіп:

- Иттер оны өлтірді! - деп айқайлап жіберді.

Сөйтсе, ол 1948 жылдың күзі екен. Ол заманда Сталиннен кейін Лысенко дегеннің атын жиі еститінбіз. Сол Лысенко елу жасқа толып, той жасамақ. Соған бүкіл СССР-ден құттықтаушылар бармақ.

Алматыдан Кәрім Мыңбаев бастаған делегация аттанады. Жаман-жәутік жүк ұшаққа мінеді. Ол Балқаш көлінің маңында құлап, жолаушы біткен апатқа ұшырайды. Ішінде Кәрім де бар.

«Сонда қай иттер?» деймін ғой ішімнен. Маған кірпік қақпай қарап қалған Баукең бұл сұрағымды да біліп қойды.

-Лысенко! - деп ақырды. - Академик-дурак! Морганизм, Менделизм дегенді естуің бар ма? Сол Лысенконың шығарған сандырағы, әлемде небір озық ойлы оқымыстылар бар. Солардан үйреніп, ғылымды дамытудың орнына, қайдағы бір «буржуазиялық ілім» дегенді ойлап тауып, біздің ғылымды ең кемі елу жылға артта қалдырды! Кибернетикаға қарсы болды. Одан не шықты? Тас дәуірінде отырмыз.

Содан не керек, ақырында Бауыржан ағам:

-Мә, оқып шық, сонда түсінесің, - деп әлгі қалың қара кітапты маған ұстата салды.

Оқыдым. Әрине, көркем шығарма емес. Бірақ белгісіз бір күш тартып бара жатқандай. Мойынқұм, Шу алқабы, Бетпақ-Дала, Сары-Арқа. Таныс аттар тағдыры.

Мойынқұм - сексеуіл орманының отаны. Мыңдаған малдың құтты қыстауы. Бірақ мына адам-қасқырлар заманында сексеуілді темір арқан тастап трактормен қопаратын әдет белең алып бара жатыр. Кәрім Мыңбаев ескертеді:

-Осыдан сексеуілді аяусыз қопара берсе, адамдар, ауылдар, қалалар, көп кешікпей құм көшкіннің астында қалады!

Жетпісінші жылдардың басында жолым түсіп, қыстың күні Мойынқұмға бардым. Әлгі сұмдықты өз көзіммен көрдім. Шынжыр табанды тракторлар темір троспен сексеуілді қылқындырып қырып салған екен. Содан «Ақ мылтық атылған соң» деген очерк жазайын. Кәрім Мыңбаевтың қатал ескертпесін келтірейін.

Бәукем оқып риза болды.

Мүмкін, сол очерк әсер еткен шығар, мүмкін Кәрім Мыңбаевтың ақылын ұққан шығар, адамдар сексеуілді түп-тамырымен қопарғанды азайтып, құмға сексеуілдің ұрығын қолмен себе бастады. Сөйтіп, Әулие-Ата маңына шабуылдап келе жатқан сырғыма құм сәтімен тоқтады.

Ауылшаруашылығының саласы көп. Соның ішінде Кәрім Мыңбаев құмдарға, шөл-шөлейттерге неге ықыласы ауды? Асан Қайғы атасының жолын қуып жерұйық іздеймін десе басқа жер жетпей ме. Несі бар құмда, шөлде, шөлейтте? Бетпақтың даласына неге ынтық болған десеңші. «Көкектен басқа құс жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ» деуші еді ғой Бетпақты.

Оны Кәрім Мыңбаев өзі айтады.

Мың да тоғыз жүз он сегізінші жыл еді. Ақмолада совет өкіметі құлап, совдеп мүшелерін колчакшылар тұтқындап, өлтірмекші болады. Совдептің ішінде Кәрімнің туған ағасы Тұрысбек те бар еді.

Тұрысбек түрмеден қашып шығып, Нұра бойындағы туған ауылына келіп, туған-туысқанды бір күнде көшіріп, Сары-Арқадан сабылтып өтіп, Бетпақ-Даланы төтесінен кесіп, Шудың бойына шығып, өліп-талып Әулие-Атаға жетеді ғой.

Сонда Кәрім он екі жастағы бала екен.

Табиғатынан алғыр, арманшыл баланың есінде осы азапты алыс сапар өмір-бақи өшпестей із қалдырған. Оянса ойынан, ұйықтаса түсінен шықпастай бір хал кешкен. Есейе келе, Ташкент ирригация институтын бітіргенде де, Бетпақтың Даласы көз алдынан кетпей қойса не шара!

Кейінірек, ғылым шоқтығына шыққан Кәрім баяғы Бетпақ әлемінің қиялын шындыққа айналдырмаққа бел байласын. Бетпақтың шексіз шөлін зерттеп, оны игермекке арналған үкімет қаулысын да қабылдатады. Сөйтіп, экспедицияны өзі бастап, сонау бала кезде қияметтей көрінген, әрі сұрықсыз әрі сұлу Бетпаққа ат басын тіресін.

Бетпақтың Даласына ел қондырып, тақыр жерді гүлдендіріп, керек болса ну орман орнатып, тозақтан жұмаққа айналдырмақ арман-ай. Шыннан ниет болса, Кәрімнің бұл арманы қиял да емес. Даланың асты ағыл-тегіл суға бай деседі. Тіпті бір ғалым заманында Бетпақтың асты телегей теңіз деп еңбек жазып, Социалистік Еңбек Ері болғаны да бар. Өне, сол су жер бетіне шығарылса, Тозақ неге Жұмаққа айналмасқа?!

Кәрім Мыңбаевтың еш болған есіл армандары. Бетпақ-Далада кейін шыннан «орман» орнады. Ол орман ракета сынықтары, жер астын кеулеген ракета алаңдары, әскери сынақ апандары...

Ертеде мал баққан қазақ Бетпақтың сырын жақсы білген. Қыста малын Мойынқұмда, Шудың бойында бағып, көктемде Бетпақтың Даласына шығып кетеді екен. Сөйтсе, Бетпақта көкпектен басқа да шөптер болады екен. Баялыш дейсіз бе, күйреуік дейсіз бе, қоян сүйек дейсіз бе, теріскен дейсіз бе... Ебелек, жусан болса-болмаса. Тіпті түрлі-түсті қызғалдақ та өседі екен. Көктемде малшы қақтың суын пайдаланады.

Бірақ бұл дәурен ұзаққа созылмас. Өне, сонда малшы қазақ Сары-Арқа асады. Бұл - жаз жайлау. Кәрім Мыңбаевтың анықтауынша, Сары-Арқа деген ұғымға Бетпақ-Даланың солтүстік шетіндегі Көктас өзенінен бастап Көкшетауға дейін, шығыстағы Ертіс өзенінен бастап, батыстағы Ұлытауға дейінгі баябан Дала кіреді.

Күзде малшы қазақ тағы да Бетпаққа көшеді. Аз күн күздеуден кейін Шу бойындағы қыстауға оралады.

Ал, бергі заманда мұндай мыңжылдық дәстүрлі жолы қиылған қазақ, мысалы, Жамбыл облысының малшылары мыңдаған қойды пойыздың вагондарына тиеп, миллиондаған шығын шегіп, Жаңа-Арқаға, жазы жайлауға әрең жетіп, одан кері қарай итшілеп көшіп, әбден масқара болды.

Неге? Бетпақтың Даласын кесіп өту дәстүрі үзілген Ол Даланы әскери алпауыттар билеп алған. Мал көрсе, малшы көрсе, мылтықтарын шошайтып, жердің астынан қара аңдыздай қаптап шыға келеді.

Сөйтіп, айтып-айтпай не керек, Кәрім Мыңбаев Бетпақтың бойын ен жайлау етіп, ел қондырмақ еді. Жағалай егін салып, қойны-қонышын малға толтырмақ еді. Арманына жете алмады.

Қазіргі біздің ғылымда, Ауылшаруашылық академиясында Мыңбаевтың бұл ісін жалғастыруға ниет қылушылар бар ма, жоқ па білмеймін.

Егемен болдық қой. Қазақстан деген елдің, жердің «егесі мен» деп жүрміз ғой. Мүмкін талапкерлер табылып та қалар. Әрине, оларға қолбайлау болмаса. Үкімет қолдаса...

Бауыржан Момышұлы сол Кәрім Мыңбаевты неге жақсы көрді, оның оқыс өліміне неге сонша күйзелді - енді мен бәрін түсінемін. Аспандағы жарық жұлдыздар бір-біріне тіл қатқандай, аса ірі тұлғалар да бірін бірі, алыстан-ақ таниды екен ғой. Біреуі Тәңіртаудың бауырында дүниеге келсе, бірі сылқым сұлу Нұраның жағасында туып-ақ, ағалы-інілідей шын бауырмалдықпен ғұмыр кеше алады екен де.

Сонда бұл екеуін туыстырған не десем: рух үндестігі, халқына деген шексіз сүйіспеншілік, еліне, жеріне деген Отансүйер махаббат байлығы екен деймін.

Тірі жүрсе Кәрім биыл тоқсанға, Бауыржан сексен алтыға толар еді. Бәрі де Тәңірден. Жандары жаннатта жай тапсын.

**Шерхан Мұртаза.**  
**«Егемен Қазақстан», 31 шілде 1996 жыл.**

## **ЖҮРЕК ЖЫЛЫТАР СӘУЛЕЛЕР**

*Қырғызстанда Жамбылдың 150 жылдығы тойланды.*

*Араға бір жыл салмай Қырғызға тағы келдік. Былтыр дүние жүзінде теңдесі жоқ Манастың мыңжылдық тойын көріп, сол тойдың қызуы әлі суынбай, сол әсерді*

*сағынып келдік. Манастың мың жылдығы - өтті-кетті, тауыс-тәмәм емес екен. Ұлы тойдан із қалған. Өшпестей болып қалған. Бішкек қаласының қай бұрышына барма - алдыңнан Манас шығады.*

Осылайша Манас арқылы қырғыздар өзін-өзі, өзінің кім екенін танып тұр. Өзгелерге де танытып тұр. Манас қырғыздардың кеудесіне өзінің қырғыз болып жаратылғанына мақтанатындай сезім ұялатқан. Міне, бұл баға жетпес байлық.

Бір кезде дүние жүзін дүрілдеткен Осман империясының алтын тажы көмескіленіп, кіреуке тоны тозғанда халқы «біз түрікпіз» деп айтуға намыстанған. «Мен түрікпін» деп айту - «адамның сорлысымын» дегенмен бірдей болған заман туған.

Сонда Мұстафа Кемал Ата Түрік билік өз қолына тигенде рухы сынған ұлттың еңсесін көтеру үшін: «Дүниеге түрік болып жаратылғаным мақтанамын!» деп айтыңдар! «Түрік болып жаратылғаның үшін тағдырыңа тағзым етіңдер!» - деп үйретті қол астындағы халқын.

Қырғыздарда да сондай бір үрдіс бар...

Мен Қордайдан мәшинеммен зуылдап өте шыққан сайын астындағы арық аты тулақтай болған, өзі азып-тозған Жамбыл жәкемді көз алдыма елестетемін.

Атым арық, тон тозық,  
Қысып келді аштық, шөл  
Жерімізде жұт болып,  
Өспей қалды биыл төл...

Мұндай жұт Қазақстанды оқтын-оқтын ұрып тұрғаны рас. Соның ішінде әсіресе колхоздастыру тұсындағы қолдан жасалған зобалаң ашаршылық қазақ халқын әдейі қырған геноцид еді. Сол сойқан Жамбылды да аяған жоқ. Егер Қырғызға барып паналамағанда Жамбыл тірі қалар ма еді, жоқ па еді, Құдай біледі.

Жақсылықта да, жамандықта да Жамбылға құшағын ашып, төрін берген Қырғыз елі, міне, бұл жолы оны ерекше қарсы алды.

Жамбыл қырғыз бауырына өзінің 150 жылдығын тойлай келді. Жәкемнің шашбауын көтеріп Бішкекке қазақтар да жетті.

Оларды бастап барған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов, мәдениет министрінің бірінші орынбасары Сауытбек Әбдірахманов.

Жамбылдың 150 жылдығына арналған салтанатты кешті Қырғыз Республикасының үкімет басшысы Аппас Жұмағұлов мырза сөз сөйлеп ашты. Оның айтуынша, Жамбыл тек қазақтың ғана ұлы ақыны емес, қырғыздың да заңғар шайыры. Бұл әсіре қызыл сөз емес. Жамбылдың өзі: «Сүйегім –қазақ, етім - қырғыз» демеп пе еді. Сүйегі бір бөлек, еті бір бөлек адам болмайды. Ендеше Жәкең қазақ-қырғызға тең ортақ.

Жамбыл жағымпаз емес қой, неге былай деп айтты? Осыны мен көп ойландым. Сөйтсем, шынында да қырғыз бен қазақтың туыстығы ерекше екен. Бір-ақ мысал: 1986 жылы Қазақстанға жаңа басшы болып Колбин келді. Тегі жоқ, Қазақстан сияқты зор республиканы басқаруға ебі жоқ; басқарайын деп келген елдің не тарихын білмейді, не тілін білмейді, әдеп-ғұрып, салт-санасын, психологиясын, тұрмыс-тіршілігін білмейді. Аспаннан салбырап түскендей біреу.

Қазақта да құдайға шүкір, намыс бар. Оны бірінші хатшы етіп лезде сайлаған Пленумда: ау, бұл қалай? деп бір жан жақ ашпады-ау. Мәскеу не айтты, болды, бітті. Бірақ халық үнсіз қала алмады. Алаңға жастар шықты. Бейбіт ниетпен шықты. Оны арандатушылар өздері ушықтырды. Қазақ жастарының қаны төгілді. Өне, сонда қырғыз бауырлардың қабырғасы сөгілді. Көмекке келмекке, қазақ бауырларына қол ұшын бермекке Алматыға асықты...

Кімнің кім екенін анық танылатын тұс осы. Басына күн түскенде пана болуға жарайтынын қырғыздар сан мәрте дәлелдеді. Сол аты жаман аштықта, 1932 жылы талай қазақ Қырғызстанды паналады. Осы сапарда сол қазақтардың ұрпақтарын көп кездестірдік. Аштық қаһарынан қашқан, сөйтіп қырғыз жерін мекен етіп қалған Дәулетбақтың, Саймасайдың тұқымымыз деген кісілерді көрдік.

1916 жыл. Қазақ пен қырғыздың бұл жылы шеккен азабын Мұхтар Әуезов «Қилы заман» атты қасиетті кітабында шындықтың қанын сорғалатып жазды ғой. Нарынқол мен Кегенде, Ұзынағаш пен Шелекте патшаға қарсы қазақтар қан төгіп жатса, Қарақол мен Бішкекте

қырғыздар қырылды. Азаттық үшін шейіт болғандардың тағдырын жазған Мұхтар тек қазақтарды ғана айтып қойған жоқ, қырғыз бауырлардың қасыретін де жаны жылап отырып бейнеледі.

Бір сүйсінері, Қырғыз үкіметі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің биылғы сексен жылдығын атап өту туралы қаулы шығарыпты... Ал, біздің Үкімет кімге қарап жалтақтап отырғанын бір Құдайдың өзі біледі.

Халықты, әсіресе жас ұрпақты өткен тарихымен таныстырудың тиімді бір жолы осы сәт емес пе еді. Жас буынды «әскерге барғысы келмейді, әскерден қашады» деп күстаналаймыз. Сол ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері Ұзақ батырды айт, Ақкөз батырды айт, Әбдіғапар хан мен Амангелдіні айт - үлгі тұт, жастүлекке отансүйер тәрбие берудің бұдан артық қандай жолы бар?!

Жамбыл қырғыз елін - өз елім деп санағанда, әрине, оның ақын-жыраулары бауыры, жан досы болары хақ. Қырғыздың айтулы ақындары Қалығұл, Қатаған, Қалмырза, Шойке, Сағымбай, Найманбай, Қара ыршы т.б. Жамбылдың жақын достары. Ал, қырғыздың ұлы ақыны Тоқтағұлға деген сезімі, ілтипаты, ықыласы ерекше. Тоқтағұл 1898 жылы жаламенен Сібір айдалып, еліне қайтап сапарында жолай Жамбылға жолығып, сый-сияпатын, ыстық ықыласын көрген деседі. Оның айғағы Жамбылдың Тоқтағұлға арнаған мына өлеңі:

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,  
Өтіпсің самғап ұшып, асқар белден  
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,  
Хан-төре айналмайма сендей ерден.  
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,  
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.  
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан,  
Жетіпсің, енді міне, елге келіп...

Жамбылдың 150 жылдығына байланысты қырғыз-қазақ зиялылары, ақын-жазушылары, өнерпаздары Бішкекте бас қосқанда, міне осы әңгімелер айтылды.

Қырғыз Ғылым академиясында Жамбыл шығармашылығына арналған ғылыми конференция өтті. Оған

белгілі қазақ ғалымдары Рахманқұл Бердібаев, Зәки Ахметов, Сұлтанғали Садырбаев қатысты.

Қырғыз ұлттық мемлекеттік кітапханасында Жамбыл шығармаларының көрмесі ашылды.

Қазақ өнер шеберлері Бішкек қауымына арнап үлкен концерт көрсетті. Осы концертте қырғыз көрермендерін өте мөте сүйсінткен «Адырна» оркестрін, Монғолия халық әртісі, қазақтың аса талантты әншісі Қабылаш мырзаны ерекше атамасқа дәтім шыдамады. Үкіметтің құлағына алтын сырға: Қабылаш Монғолстан халық әртісі бола тұра, елім-жерім, атажұртым деп Қазақстанды аңсап келгенде атағы жоғы қалай дегенді жұрттан естіген құлақта жазық жоқ.

Осы биылғы жылдың жүзінде Жамбыл тойының арқасында Санк-Петербургте болып, енді міне Қырғыз еліне келіп отырмын. Қайда барма, халықтың Жамбылға деген ағыл-тегіл ықыласын көресің. Неге деп ойлайсың. Жауабын Жамбылдың өз өлеңінен табасың.

Өтірікті сүймедім,  
Дүние үшін күймедім.  
Алтынына біреудің  
Жолда жатса тимедім.

Шындықтың кілті осында.

Заманымыздың небір ірі тұлғалары Жамбылдың ақындығына әділ баға беріп, шын тәнті болған. Қарап тұрсаң, Жамбылға өтірік қошемет көрсетіп, жалған сөйлейтін кісілер емес. Мұхтар Әуезов Жамбылды: «ақыл-ойдың алғыры» десе, Ғабит Мүсірепов: «Жамбыл өмірге жымия қарап, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ тұратын», дейді. Сәкен Сейфуллин: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды», десе; Тұрар Рысқұлов: «Жамбыл қай заманда болса да шындықты айта білді. Сол үшін халқы оны жақсы көрді» - деп жазды.

Шындықтың кілті осында. Мәселе, шындықты айта білуде. Шындықтың тілі ащы, оны әркім көтеріп, әділдікті мойындай бермейді. Жамбыл совет үкіметі тұсында тек көсемдерді, совет заманын дәріптеп, мақтаумен өтті дегендердікі өтірік.

Мысалы, байларды тәркілеп жатқан кезде Жамбыл өзінің үлкен өкімет бауырына айтқаны ащы шындық.

Шырағым, тауға қарай домаладың,  
Байларды кәмпіскелеп, тонап алдың.  
Байларды кәмпіскелеп, тонай берсең,

Кедейдің жеп қаларсың жомалағын,- дегені дәлме-дәл келді де қойды ғой. Кәмпескенің артынша қолдан әдейі ұйымдастырылған ұлы ашаршылықта халықтың жартысы қырылған жоқ па?

Қырғызстандағы Жамбыл тойы Шу-Токпақ еліне де жалғасты. Әне, қызық-тамаша сонда да болды. Қазіргі заманда ерігіп жүрген ешкім жоқ. Ал, аудан орталығындағы Мәдениет сарайына жұрт симай, далада тұрды. Жамбыл дегенде еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін ішкен асын жерге қойып, тойға жетті.

Осыны көрген мына біз енді қандай қорытындыға келеміз?

Ұлы тұлғалардың өзі де, сөзі де көпке ортақ. Оның мүшел, абырой тойы да ортақ. Осы тойдың арқасында біз ескі қырғыз достарымыз ақын-жазушылар Түгелбай Сыдықбековті, Төлеген Қасымбековті, Қазат Ахматовты, Мейрамхан Абылхасымованы, Жалал Садықовты, Сүйінбай Ералиевты, Сооронбай Жусиевты тағы басқаларды көріп, қауыштық. Біздің Жазушылар одағының жаңадан сайланған басшылары осындай қарым-қатынасты үзбегені абзал.

Абай, Жамбыл жүз елу жылдықтарына байланысты осы Абай мен Жамбылға кімнің қызметі көп өтті, кім осылардың жолында күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей қызмет етті - сол бағалансын. Әйтпесе, ақындар айтысында он-он бес минут ішінде бес алты ауыз өлең айтқан «Волга» мінеді. Ал, осы тұлғаларға өмірлерін сарп етіп, үлкен-үлкен еңбек жазған пәруаналар аттары да аталмай қалады. Осы да әділеттік пе?! Бұл байдың малын байғұс қызғанғандық емес, «өгіз де өлмесін, арба да сынбасын».

«Жақсыдан - шарапат, жаманнан - кесапат». «Жақсы әке жаман ұлды қырық жыл асырайды». Ұлы бабалар рухының сәулесі біздің жаураған жүрегімізді жылытады. Ұлы бабалардың рухани мұрасы ұрпақтарына мыңдаған жылдар азық болуға жарайды.

Кешегі Манас, Абай тойлары сондай. Бүгінгі Жамбыл, ертеңгі Мұхтар тойлары да солай бола бермек. Рухани баю тойлары.

**Шерхан Мұртаза,  
«Егемен Қазақстан», 9.07.1996 ж.**

## **НАМЫСЫ БАР БАУЫРҒА**

Қазақша кітап шығару – қасқалдақтың қанындай қымбат, сондықтан да оқырман көркем әдебиет кітабын оқуды қойып барады.

Қазақ тілінде шығатын газет-журналдар тиражы құлдырап азайды. Қарызға белшесінен батқан ауыл жарықсыз отыр, радио тыңдап, теледидар көруден қалған.

Тән аштығынан жан аштығы басым түсіп барады.

Конституция бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Іс жүзінде: Парламент қазақша сөйлемейді.

Үкіметтік арна қазақша сөйлемейді.

Дипломаттық арна қазақша сөйлемейді.

Армия қазақша сөйлемейді.

Түрлі конгрестер, ассамблея, жиындар қазақша сөйлемейді.

Жоғары оқу орындары қазақша сирек сөйлейді.

Қазақ тілінің жеке-дара мемлекеттік тіл болуына қарсылар, яғни ара-тұра шовинистер, ұлттық нигилистер жоғарыда айтылған жағдайлардан кейін:

- Қане, сенің мемлекеттік тіліңнің ұшпаққа шыққаны?!

- Қазақ тілі алдымен қазақтардың өзіне қажетсіз.

Әйтпесе қазақша газет-журналыңның тиражы неге оңбай құлады? – деп табалайды.

- Осыны естігенде бетіңнен отың шығады. Шынынан біздің қазақтар қазақ тілін қастерлей алмағаны ма? Ұлттық рухтың беломыртқасы тіл болса, сол тілде сөйлейтін газет-журнал ғана қалды емес пе. Оның өзі тиражы өспей жатса, қазақ тіліне қарсылардың масайрағаны ғой.

Сенгің келмейді. Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді. Ал, елді ше? Тілден айырылсақ елдігіміз қайсы?

Ел басшылары, ауыл, аудан ағалары, зиялы қауым! Әлгіндей табаға қалмас үшін де, тәуелсіздік туын құлатып алмас үшін де қазақша басылымдарды қолдайық. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «Егемен Қазақстан» сенімдеріңізді ақтайды.

**Ш.МҰРТАЗА**  
**«Егемен Қазақстан», 12.11.96.**

**САНЫ КӨП, САПАСЫ АЗ ҰЙЫМ**  
**Шерхан МҰРТАЗА,**  
**Қазақстан Республикасының халық жазушысы**

- Сіз Қазақстандағы зиялы қауымның көшбастаушыларының бірісіз, бір кісідей өнімді еңбек еттіңіз, «Ай мен Айша» атты жаңа роман жаздыңыз, неге екені белгісіз жаңа парламентке кандидатураныңызды ұсынбадыңыз, жасыңыз келсе де өзіңіз басқарған газетке келуіңіздің сыры неде?

- «Ай мен Айша» - роман-эссе, ол ой-сезімнің қабысып астасуын бейнелейтін жанр. Роман «Жалын» журналының өткен жылғы № 5-12 сандарында жарияланды. Жеке кітап болып әлі шыға қойған жоқ, баспалар демеуші керек дейді. Осы романның екінші кітабын жазу үстіндемін, арасында бір пьеса жазып жүрмін.

Бұрын өзім «Егемен Қазақстан» газетін басқардым, араға біраз уақыт салып осында қайтып келгені несі деп таңырқап жүрген жандар болуы мүмкін. Бұл газетте С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, О.Исаев, Ғ.Мүсірепов сынды үлкен-үлкен тұлғалар отырған. Қазақтың сондай ұлы адамдары отырған қара шаңырақтың босағасында отыру мен үшін кемістік емес. Ешкім редактор болып тумады, оған шамданудың реті жоқ.

Депутат қызығын көрдік, оған мен екі рет сайландым. Жақсы ма, жаман ба, соның ішінде айтысып-тартысып додасында жүрдік. Мен депутат болған кезде Қазақстан тәуелсіздігін жариялады, оның туын, әнұранын, Елтаңбасын бекітті. Кейін азат елдің тұңғыш Конституциясын қабылдады

да, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берді. Осының бәрі оңай келген жоқ, шовинистік пиғылдағы депутаттармен арпалыста өткен кезеңдер еді. Сөйтіп екі парламент те күшпен таратылды, әсіресе, соңғысы бекер болды, нақақтан, әділетсіздіктің құрбаны еді. Ол үшін жоқ жерден желеу табылды да... Парламентті бір жылдан соң кенет оянып кетіп, «заңсыз» деп тапқан Конституциялық Сот қайда кәзір?

Ал, үшінші кезекте мен өз кандидатурамды ұсынбадым. Шынымды айтсам, саясат деген сайтаннан көңілім қалды. Мен одан зиян шекпедім, шығармашылық жұмысымды жүргіздім. Қазіргі уақытта кітап жазып жан бағып, бүйіріңді томпита алмайсың, бірақ көркем әдебиетсіз тағы да отыра алмаймын.

**- Жазушылар съезі жақындап қалды, үлкен жиынның әдебиетіміздегі орны ерекше деп ойласақ, жазушылар қауымы қандай дайындықпен келіп отыр деп ойлайсыз?**

Соңғы съездің қашан болғаны, шындығын айтсам, есімнен шығып кетіпті. Ертеректе съезден соң пленумы өтіп тұрушы еді, мұндай дәстүр бұзылды. Жазушылардың басын қосып, үлкен-үлкен мәселелер турасында пәтуаласып отырғанға не жетсін! Мұның өзі Одақ басшыларының өрескел қателігі дер едім. Мұндай тірліктің орнына сауда заманы келіп, «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей күй кештік. Осы қырсық Одақ басындағылардың да, жазушылардың да берекесін қашырды. Қасиетті шаңырақ М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиннен қалған мұра еді, жазушылардың қасиетті Қағбасы сияқты көрінетін. Содан айрылып шатылып соттасып, бір бәлелі жат көрініске тап болған сыңайымыз бар.

Дегенмен, әдебиетсіз өмір сүруді қаламаған шын ақын-жазушылар жазу-сызуын тоқтатқан жоқ. Бұл күнде шын жазушылар қатарына жолбике жазушысымақтар келіп қосылды. Шөп те, шөңге де ақын болып, кітап шығаруда. Іліп алуға жарамайтын жасық дүниелер қаптап кетті. Инжу-маржаны қайсы, жасығы қайсы деген мәселеде оқырманшын адасып қалды. Съезд болса, осы мәселе айтылатын болар...

**- 600-ден астам жазушылар - Одақ мүшесі, біреулер айтып жүргендей, ол көп те, аз да емес. Бірақ таланты кем адамдар мүшелікке қабылданып жатқаны ешкімге құпия емес. Алдағы уақытта Жазушылар ұйымының басшылығына қандай буынның өкілі келгені пайдалырақ деп ойлайсыз?**

- Одақ басында отырған тұлғаның талап-талғамы жоғары болып, жеке басының интеллектуалы биік болғаны ғанибет болар еді. Орыс әдебиетінде жазушылар көп болғаны белгілі, бірақ талғампаз оқырмандар Л.Толстой, Ф.Достоевский, И.С.Тургенев секілді үркердей топты ғана біледі. Қазіргі біздің оқырмандарымыз да осындай санаулы жазушыларды сөз жоқ оқиды.

**Бүгінгі таңдағы 600-700-дей жазушылардың бәрі мәңгілік емес, шөп-шаламы көп. Бұрын, қазірде де деп ұғу керек, Одақ басшылары шимай-шатпақ жазғыштарды, сұрқай, сұрғылт дүниелі жазушыларды мүшелікке қабылдағаны бар. Мұның бәрі жасандылыққа ұрындырса да, жеке бастың қамы үшін бір ғана ойдың жетегінде кетті. Ол – дауыс жинау болатын.**

Бір қызығы, мүшелікке қабылданған жазушылар бірден съезге делегат болып шыға келеді. Басты аргумент осы тоғытушылық, әрине, санды көбейтіп жіберді. Соған қарамастан мүшелік билеті қалтасында тұрғаннан кейін ол пендеңіз №1 жазушымын деп кеудесін ұрады, ол ешқашан да екінші, үшінші нөмірлі болуға келіспейді. Осындай ауру пайда болды.

**- Қазақ журналистері жалпы газет шығара алмайды деген кінәлаулар да бой көрсетіп қалады. Өзіңіз газет басқардыңыз, тәжірибеңіз ұшан-теңіз, сондықтан қазақ басылымдарына жетіспей отырған нендей жағдайлар? Шынында да, «бір шырқауы» кем бе?..**

- Қазақ журналистері соншалық мешеу, сорлы емес. Мәселе, қазақ тіліндегі газет-журналдардың орыс басылымдарына қарағанда қалыңқы болса, ол қоғамға, тілімізге деген көзқарастың мешеулігіне байланысты. Біздің оқырман - қадірі кетпеген ауылда тұрады. Біздің мемлекетіміз тілімізді қуыршақ тіл етіп қойғандығынан. Ашығын айтқанда, осының салқыны біздің

**басылымдарымызға, оның таралымына кері әсерін тигізіп отыр. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл дегенмен, ол жарнама ғана.**

Рас, орыс басылымдарында жылдамдық, оперативтік бізден гөрі ілгерілеу. Мен өзім жұмыс істеген теледидар қызметінде де осы жайды байқадым.

**Екінші, мәселенің қойылысы. Осы тұрғыда өткір мәселе, сын дегеніңіз жоқтың қасы. Қопара жазу, түбіріне дейін қазып жазуға журналистеріміздің шама-шарқы жетіспейді. Қазір қаражат тапшы. Қазақ газеттеріне жарнама бермейді. Порнографияны сықпыртып береді де, жарнаманы қаптататын «Караван» тек осыдан ғана байып отыр.**

Шындықты шыңғыртып жазатын газеттің бағасы артады. **«Егемен Қазақстан! Кезінде Талдықорған облпарт комитетінің хатшысы Жигулин, Жамбыл облпарт комитетінің хатшысы Волчков, Алматы облпарт комитетінің хатшысы Меңдібаевті қатты сынады. Біздің дос-журналистер осындай үлкен мәселеге бармайды. «Сүттен ақ, судан таза» ешкім жоқ.**

**- Ғапу өтінемін, Сізді достарыңыз да, сізді ұнатпайтын жандар да «бірбеткей адам» деп бағаласады. Осы сөз рас болса, пайда-зияны бар ма?**

- Мен өзіме -өзім баға бере алмаймын. Менде жасанды мінез жоқ. Кейбір жандардың айтатынындай, «бібеткей» дей ме, «басқа беткей» дей ме-мұны солардың арына қалдырайық. **Өзім Құдайдан: «Ақ жол бере гөр!» деп тілеймін, Бұл сұрағыңызға басқа не айтуға болады...**

**- Егер Өзіңізді Одақтың бірінші басшылығына сайлай қалса, жұмысты неден бастар едіңіз?**

**Тура жауап берейін: Осыдан 20 жыл бұрын жасаса барар едім.**

**Қазір Жазушылар ұйымын бюджеттен шығарып тастады, ол қоғамдық ұйым қатарында, ал қоғамдық ұйым Конституция бойынша мемлекеттен қаржы алмайды. Жазушылар ұйымы дегеніңіз осы күні мәрке жинаушылар, ит асыраушылар қоғамы сияқты құқы бірдей.**

Жазушылар Одағының басына, меніңше, экономист, коммерсант баруы керек. Тұрмысы нашар жазушылар, кітап

шығару сияқты жұмыстарға материалдық жәрдем керек емес пе? Сондықтан жоқтан бар жасайтын, оның бүгі мен шігін ажырата алатын адам керек сияқты.

**Ш.ТӨЛЕГЕНҰЛЫ.**

**14 маусым, жұма, 1996 ж.**

## **ТҰРАРҒА СОҚТЫҚПАСАҚ ҚАЙТЕР**

**Ахмет аға, бұл қалай?**

Құрметті Ахмет Жүнісұлы!

Сізді мен ұлтжандылығыңыз үшін, қазаққандылығыңыз, ұлттық салт-дәстүрдің бірден бір білгірі деп жоғалғанды табушы, ұмытылғанды танушы аса білімді ақсақалымыз деп ерекше сыйлаушы едім.

Жақында «Түркістан» газетінен (27 наурыз, 1996 жыл) Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа қарата айтқан «Сырғалы сыр» атты мақалаңызды оқып шығып... ойға қалдым. Қолыма амалсыз қалам алдым.

Президентке айтқан ақыл-кеңесіңіздің көкейге қонатыны да қонбайтыны да бар. Менің айтайын дегенім, ол емес.

Айтайын дегенім: Тұрар Рысқұлов туралы жазған пікіріңіз. Әуелі: «Қара бастары ханға бергісіз Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин...» деп аласыз да осылардың ішінен Тұрар Рысқұловты жеке шығарып алып:

«Шындығында, Т.Рысқұловтың орыстан көңілі қалмаған. Оны түрмеде орыстың мықтысы оқытқан. Ол өлгенше Кеңес өкіметін ұнатып өтті. Қазақ жаппай өле бастағанда ғана халқына жаны ашығаны рас. Бұл кезде егер жүрегі еттен жаралған пенденің кімі болса да зауалға қабырғасы қайысар еді-ау», - дейсіз.

Құрметті Аха!

Біріншіден, сіздің айтып отырғаныңыз қай орыс? Қандай орыс? Орыстың да түрлі түрлісі бар. Қазақстанға жалпы Түркістанға зеңбірегін зіркілдетіп келген орыстар бар да, кітабын қолтықтап, кетпенін, соқасын сүйретіп келген

орыстар бар. Рысқұловтың «Көңілі қалмағаны» солардың қайсысы?

1916 жылы бүкіл Қазақстанда ұлт-азаттық көтерілісі бұрқ ете қалғанда Тұрар Рысқұлов неге патша әскеріне қарсы соғысқан? «Көңілі сүйіп тұрса» соғыспайды ғой.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Түркістанды билеген орыс шовинистерімен Тұрар Рысқұловтың арпалысып несі бар? Ленин Түркістанға арнайы аттандырған «Түрік - комиссия» мүшелері Голощекин, Фрунзе, Куйбышев, Бокий, Элиава т.б. қызыл империяшылармен төбелесіп несі бар? «Көңілі қалмай», құшақтасып тыныш жүрмей ме?

«Өлгенше Кеңес өкіметін ұнатып өтсе» Тұрар Рысқұлов «Түрік Республикасын» құрамын, оның өз әскері, өз ақшасы, өз шекарасы, шетелдермен өз дипломатиялық қарым-қатынасы болады деп жанталасып, басын оққа байлап не көрінген?

Қазақ деген халыққа тек «жаппай өле бастағанда ғана жаны ашыса», одан бұрын бұл халыққа бүйрегін бұрмағаны ғой.

Ау, ағатай-ау, онда 1917-18 жылғы қырғын ашаршылық бүкіл Әулие-Атаны жайлағанда Атшабар дейтін базарда ондаған қазан көтерткізіп, жүздеген аштарды ажалдан арашалап несі бар?

Түркістан Республикасында Денсаулық сақтау комиссары деген биік мансабы бола тұра, бұл жұмыстан өз еркіменбас тартып, тағы да енді бүкіл Түркістан көлемінде орасан ашаршылыққа қарсы Комитет құрғызып, оны тікелей өзі басқарып, сол сан миллион аштарға қаржы бөлгіземін деп Тоболин, Сорокин сияқты шовинист басшылармен қырғын айтысқа түсіп несі бар?

Құрметті Аха! Сіз білесіз бе, сонда Тоболиннің не айтқанын? – Киргиздар (қазақтар) көшпенді халық. Дүниежүзілік цивилизацияға қосқан ешқандай үлесі жоқ. Болмайды да. Сондықтан оларды тарих керуенінен түсіріп тастау керек. Сондықтан оларды аштықтан құтқаруға қаржы бөліп керегі жоқ. Өзі аз қаржыны әскер ұстауға жұмсау керек. Социализм орнату керек, - деді.

Құрметті Аха! Сонда Рысқұловтың Тоболинге не деп айтқанын білесіз бе? – Аштан қырылған қазақтардың сүйегінің үстіне орнаған Социализм кімге керек?! Ондай социализмге лағнат! – деген.

Ал, сіз айтып отырған «жаппай өле бастау» сірә отыз екі-отыз үшінші жылдар шығар.

Тұрар Рысқұлов Сталинге бұл туралы жанталасып, тағы да басын оққа байлап, үш хат жазды.

«Бұл кезде егер жүрегі еттен жаралған пенденің кімі болса да зауалға қабырғасы қайысар еді-ау» дейсіз. Ай, айналайын ағатайым-ай. Голощекиннен бастап, сол кезде республика басқарған азаматтар – бәрінің жүрегі еттен-ақ жаралған ғой.

Кім солардың ішінде «қабырғасы қайысқан!» Қайысқанда тұяқ серпіген кім бар?

Рас, Ғабит Мүсірепов бастаған бес арыс бар еді. Бірақ олардың айқайы Сталинге жетпеген. Өздері қуғынға ұшыраған.

Қысқасы, Тұрар Рысқұловтың беделін жоққа шығару пиғылыңыз аққа қара жамағандай айқын көрініп тұр.

Бір қазақ пен бар қазақ Отан сүю, ұлтты сүю мәселесіне келгенде Тұрар Рысқұловтай-ақ болып алсын. Өлген бураның басынан тірі атандар үркектей береді. Тұрар Рысқұловтан көзі тірісінде де, өлгеннен кейін де атандар үркіп жүрген. Әлі де бар. Бірақ одан Тұрар Рысқұловтың заңғар тұлғасы аласармайды. Жек көрушілер жағасына қолы жетпей, тек етегіне ғана жармасады.

Ал, Аха «орыстан көңілі қалмаған» дәл өзіңіз екенсіз. Орыстың қандайы болса да. Оны Президентке осы хатыңызда өзіңіз мойындапсыз: «Бізге түбінде ең етенесі – Ресей. Жақын көршіміз де осы. Орысты қазақ «тамыр» деген». Дұрыс-ақ.

Сонда басқа туыстарымыз: қырғыздар, өзбектер, түркмендер, т.б. «ең етене», «жақын» болмағаны ғой.

Уә, Көк Тәңірі! Қай-қайсымызды да жеңілтек, желбуаз сөзден сақтай гөр.

**Шерхан МҰРТАЗА**  
**«Түркістан», 3.04.96.**

## **ТӨЛҚҰЖАТ АУЫСТЫРДЫМ**

### **Бір ауыз сөз**

Біздің Медеу ауданында (Алматы) төлқұжат ауыстыру науқаны қыза бастаған сияқты.

Мен де ауыстырдым. Сәл-пәл кідіріс-кедергіден кейін жаңа төлқұжат қолыма тиді. Көгілдір түсті жаңа паспорт көзіме оттай басылды.

Өмір бойы екі омыртқамның арасына қадалып қалған қорғасын оқтай бірдеңе жұлынымды қысып, жүйкетамырымды кеміріп тұрушы еді.

Ол оқ – «ов» еді. Оқты біреу омыртқамнан суырып алып тастағандай жаным жай тапты.

Бірақ алаштың бәрі мендей күйзелмеген бе, немене, менің көзімше сол Медеу паспорт үстелінен егде тартқан ерлі-зайыптылардың жаңа төлқұжаттарына көзім түсіп кетіп еді: «баяғы «ов», баяғы «ова».

- Бұларыңыз қалай?

- Өмір бойы осы «ов» пен-ақ өлмей келе жатырмыз.

Енді өмірдің көбі кетіп, азы қалғанда несіне өзгертеміз...

Олар осылай деді. Мен не дейін.

Егер бізді баяғыда, айталық, грузиндер жаулап алып, «Сәрсенбайшвили, Мырқымбайшвили» болып кетсе, тәуелсіздік тигенде, бәрібір әлгі қазақтар өзгерпес еді-ау деп ойладымы.

Ұлттық сана-сезім өліп, намыс семіп қалған ғой.

Кімге кінә қоясың.

**Шерхан МҰРТАЗА.**

**«Егемен Қазақстан», 17.08.96.**

## **«ЖАС АЛАШ» ЖӘНЕ МЕН**

**Шерхан МҰРТАЗА, Қазақстанның халық жазушысы:**

### **1. Қандай тақырыптар ұнады?**

«Екі мың теңгеліктің екі-үш міні» («ЖА», №116), авторы Нұртөре Жүсіп мырза Ұлттық банктің дуайпат мінезін дәл

тауып, мінін бетіне шыжғырып басқан. Батыл. Қысқа. Бірақ екі мың теңгеліктің міні тек кейбір сөздердің орысша жазылып, басбух та қол қойғанында ғана емес. Басты міні одан да тереңде, әріде жатыр. Ол теңгенің құнсыздануы. «2000» соның таңбасы.

## **2. Ұнамағаны?**

«Таң қаламын...» деген тылтиған материалсымақ. Авторы белгісіз. Көпшілікті күстаналап, кінәлап, Президентті шырылдап «қорғаған» қызғыш құс. Түбі өсетін шығар.

Мәскеудің газетіне еліктеп, бір топ материал жариялап, авторларын үйірімен аяқ жағына жазу келісе қоймас. Кім не жазды, өз сөзіне өзі жауап берсін, өзі ие болсын.

## **3. Нендей мәселенің көтерілгенін қалайсыз?**

Қазір бірінші кластың партасында отырған бала – ХХІ ғасырдың белді азаматы. Тағдыры қандай болады? Қазақстанның болашағы соған байланысты. Ауыл мектептерінде көбінесе төзгісіз жағдай. Өресі өте төмен. Компьютер дегеннің исі де білінбейді. Ағылшын тілі жүрмейді. Оларсыз болашақ қиын. Әскерге дайындық, дене шынықтыру, ұлттық ат-спорттың дамыту, отансүйер жастарды тәрбиелеу – осының бәрі «Жас алаштың» төл тақырыбы.

**«Егемен Қазақстан», 19 қараша 1996 ж.**

## **ШАҒАЛАЛАР ДА ЖЫЛАЙДЫ**

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген сөз бар. Бұл жазушы, журналист дейтін ағайындар да шетінен жүйрікпіз деп ойлайды. Бірақ қалай шабарын құдай берген талант шешеді.

Осы дүрмектің ішінде журналист-жазушы Жанат Елшібек те бар. Дүрмек ішінде болғанмен шабысы, жүрісі бөлек. Өз өрнегі бар.

«Шағалалар жылай ма, осы?..» жинағында очерк те, көсемсөз де, ой-толғақ та, деректі әңгіме де, эссе де бар. Сірә, ой-толғақ дегені осы эссе шығар.

Әлі есімде. Әуелі сонау алпысыншы жылдардың аяғын ала осы Жанат «Лениншіл жасқа» жұмысқа келді. Сонда ол «Сөз жұмбақтан» (Кроссворд) бастады. Бұл қазақ журналистикасы үшін жаңалық еді. Ал, бұл жанрдың (егер жанрға жатса) әсіресе, өскелең жастар үшін, жалпы оқырман үшін пайдасы мол. Адамды ойлауға, ізденуге, оқуға, яғни, білімін жан-жақты байытуға итермелейді. Жанат кейін оқырманның ойын оятатын осындай туындыларын құрастырып, «Сен білесің бе?» атты кітап та шығарды.

Жанат журналист, Жанат жазушы не жазса да материалға жан бітіреді. Оның очерктері көркем әңгіме сияқты оқылады. «Мәңгілік рух», «Генералдың зайыбы», «Қайда жүрсің, Балзия?», «Жетімбұрыш», «Шағалалар жылай ма, осы?» сияқты очерктерінде осындай көркемдік қасиет бар.

Бұл кітапқа автордың ширек ғасыр көлемінде жазылған еңбектері енген. Осы мезгіл ішінде жазылған, жарияланған мақала, суреттемелерінің бәрін қоса берсе мұндай-мұндай бірнеше кітап болар еді. Жанат көлемге қызықпай, өзін-өзі сыйлап, одан соң оқырманды сыйлап, ең нәрлі дегендерін теріп алған.

«Шағалалар жылай ма?» деген сұраққа тікелей жауап жоқ. Балқаш балықшыларының өмірі, тіршілігі арқау болған бұл очерк кітаптың түпқазығы сипатты. Жаңағы сұрақтың жауабын оқырман өзі тапсын. Ойлансын. Бұл да кроссворд. Бір кезде «бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған», жағасындағы нар қамыстың арасында жолбарыстар жортқан Балқаштың қазіргі халі, болашағы туралы ойланғанда шағала тұрмақ, адам еңірейтіндей хауіп бар. Әлі де болса сұрапылдың алдын ал! Автор осыны ескертеді.

### **Ш.МҰРТАЗА**

**«Егемен Қазақстан», 7 маусым 1996 жыл**

## ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ ТҮРІЛГЕНДЕЙ

Бұл фильм соңғы сегіз жыл бойы түсіріліпті. Неге сонша ұзаққа созылған? Себебі көп.

Сексен алтыншы жылғы Желтоқсан көтерілісі мен қантөгісі туралы шындықты айту қиын болды.

Желтоқсан құжаттары құпияланып, қолға түсе бермеді.

Көп жағдайда Желтоқсан жендеттері іс басында отырып, шындықтың жарыққа шығып кетуіне жанталаса кедергі жасап келді.

Фильм үкімет тарапынан қаржыландырылмады. Қазына көк тиын да бермеді.

Міне, осындай жағдайда режиссер Қалдыбай Әбенев пен фильм директоры Шералхан Жантелиев бір Құдайға, сонан соң Желтоқсан құрбандарының әруағына сиынып, екі аяғын ат, екі қолын қамшы қылып, шапқылап жүріп түсірген фильм бұл.

Он жетінші желтоқсанның аязды кеші. Басаров деген генералдың қаһарлы үні әлі құлағымда. Алаңдағы мыңдаған адамның аузынан атқылаған будан аспан асты боз тұман. Дауыс күшейткіштен:

- Тараңдар! Тараңдар! Әйтпесе сазайларыңды тартасыңдар! – Генерал осылай бопсалайды. Дауысында зіл жатыр. Қорқытпай айтса қайтеді. Адам сияқты жанашырлықпен айтса қайтеді. Жоқ, қорқытады. Алаң содан тулаған теңіздей толқып кетеді. Ашу-ыза кернейді. Алаң қорықпайды, ашуланады.

«Аллажар» фильмі – құжат пен көркем фильмнің қоспасы. Қамшының өріміндей бір-бірімен жымдасып, кейде қайсысы құжат бойынша, қайсысы көркем әдіс бойынша жасалғанын байқамай қаласың.

Бірақ көркем әдіс дегеніңіздің өзі шын болған оқиғаның ізімен жүріп отырады.

Басты тұлға – Азат деген жігіт. Ләззат деген қыз. Желтоқсан кейіпкерлері көп. Бірақ оның бәрі фильмге симайды. Сондықтан Азат пен Ләззат солардың жиынтығы.

Сонау сақтар, көк түріктер дәуірінің жұрнағы - асау да тарпаң Қазақстанның басына тұңғыш рет бұғалық түскеннен

бері үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісі болған екен: Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары... 1916 жыл...

Мына алаңдағы толқын-толқын тулаған теңіз сол көтерілістердің көп жылғы талмаусыраған үнсіздігінен кейінгі бұлқыныс.

Ұлттық рух сыздаған шақ. Ұлттық намыс кернеген шақ. Рухы мен намысы сөнген ел - өлген ел.

Тәңірге тәуба! Рух сынбаған екен, намыс сөнбеген екен.

Бұрынғы көтерілісшілер құрсанған зеңбірекке қарсы найза, садақ, қылышпен соғысса, Желтоқсан көтерілісшілері мүлде қарусыз еді. Олардың соғыспақ ниеті де жоқ еді. Демократия, гласность деген соң соған сеніп қалып, ЦК шешімі дұрыс емес дегенді білдіру үшін алаңға шыққан жастар ғой.

Оны Колбин мен оның жергілікті итаршылары, Мәскеудегі қолдаушылары қалай қарсы алғаны белгілі. Свердловск, Новосибирск деген тараптардан арнайы әскер самолетпен жеткізіліп, алаңды қоршап алды. Қолдарында шолақ күрек. Сол шолақ күрек талайлардың қанын шашты.

Гласность, демократия дегенді жариялаған Горбачев. Сөйте тұра азаттық әрекетін ауыздықтаушы да Горбачев. Әйтпесе әлдеқайдан Колбинді әкеліп, Қазақстанның үстінен қоқитып қояр ма еді. Екінші Голощекинді әкеліп отырғызар ма еді.

Сол Горбачев қасына қатынын ертіп алып, әлі тайраңдап жүр. Біреу емес, екеу емес, бүкіл қазақты «ұлтшыл» деп Политбюро қаулысын шығартқан Горбачев. Патшалығының соңында Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыс Ресейдікі деп сандалған Горбачев.

Құдайдың құдыреті, сол Горбачевті сағынатындар арамызда әлі бар. Ұлттық мінез кейбірімізде ібілістің мінезіндей. Әлі есімде, Колбин Желтоқсан сойқанынан кейін ұялмай-қызармай Жазушылар одағына келіп кездесу өткізді. Ой, сонда біздің кейбір жазушыларымыз әлгі түкті білек, қанды қол Колбинмен былш-былш сүйіскені-ай. Оның қабылдауына кезекке тұрғаны-ай. Кейбіреулер сол Колбинге ақыл айтып, сыбырлағыш болғанын әлі күнге дейін мақтаныш етеді. Әй, сорлы-ай... Үлке-е-н Жендетке

«ақылман» болып, ұлтын сатқанның несі мақтаныш. Масқарапаз болғанын сезбеді-ау.

Мына фильмде сол сияқты масқарапаздықтың нышандары бар. Ресейден лезде жеткізілген жедел спецназбен қоса, өзіміздің қазақ погондылары, арматура, темір таяқпен қаруланған орыс жасақшылары жас өрім қазақ ұл-қыздарын аяусыз жықты-ау соққыға. Өліп кетеді-ау, қыра бермейік деген сезімнен хабар жоқ. Қайта құшырланып, құлқын қағып, қан тілеп құтырды ғой.

Жабайы хайуанның жендеттік психологиясы лезде оянып шыға келді.

Алаңда ұрғанын ұрып, соққанын соғып, жап-жас қыздарды шашынан сүйреп, жабық машинаның ішіне қамап, түн ішінде қала сыртындағы қоқыс тастайтын орға жардан лақтырғаны-ай. Жап-жалаңаш, шешіндіріп лақтырды ғой. Қас қылғандай, сол кезде күн де ерекше суып кетті ғой.

Бұрын көпшілік осылай да болыпты деп, еміс-еміс есітетін.

Бұл фильмде мұның бәрі сол күйінде көрсетіледі. Жан түршігерлік шындық айғағы.

Гитлердің фашистері де концлагерьлерде мұндай сұмдыққа бара бермеген.

Сонда мұншама қатыгез, соншама аяусыз хайуандық бізде қайдан оянып шыға келді?

Әлі күнге дейін кешегі империя етігінің темір өкшесін аңсайтындар бар. Әлдеқалай империя құшағына қайта кірсең, тұяқ серіппе. Тұяқ серіпсең күнің әлгіндей болады. Империя табиғаты, оның мінез-құлқы сондай. Таңғаларлық мінез, сол империяға қайта қосылайық деп ұран тастайтын ұлттық нигилистер, өз ұлтын менсінбейтін шалақазақтар герой болып, қоқырайып жүреді. Көпшілік оған қол шапалақтайды. Сонда бұл ұлттық сананың мүкістігі ме, немене...

Апыр-ай, айтуға ұят, айтпайын десең арыңа қиянат: сонда сол Колбинге қол қусырып, басын иіп тұрып:

О, айналайын ақ патшам, жиырма бес жыл бойы басымнан кара бұлт арылмай қойып еді, міне, енді сен келіп, таңым атты, күнім шықты! – деп бөркін аспанға лақтырып қуанған қартамыс қазымырды да көрдік. Неге жиырма бес жыл? Жиырма бес жыл Қазақстанды Дінмұхамед Қонаев

басқарды. Әлгі жалаңқия сөзді айтқан жазушы жиырма бес жыл бойы сол Қонаевтың ерекше ілтифатында болып, қамқорлығын көрді. Орнынан Қонаев қалай түсті, әлгі үшін ол демде «қара бұлт» болып шыға келді. Халқына, Отанына, астанасына қан жаудыра келген Колбинге қошемет қыламын деп, жас өрімдердің төгілген қаны менен көз жасынан жасқанбай, жағымпаз болып, өзеурей жалпаңдағандарды да көрдік.

Дегенмен, жас баладай кексіз халықпыз. Геноцид-аштықтан жартымыз қырылып қалып, қарны тойған күні сол геноцидті ұйымдастырғандарды ұмытып жүре берген халықпыз. Әрине, ұмыттырды, зорлап ұмыттырды...

Желтоқсанды да жай елеңсіз оқиға ретінде ұмыттырып жібермек болғандар жоқ емес. Зәуіде ұмытып бара жатсақ, мына фильм соны еске салғандай.

Желтоқсан – тек Колбинге ғана қарсылық емес. Бұл империялық қорлыққа, зорлыққа қарсылық. «Мен – қазақпын!» деп қасқая тұрып айта алмай, тілі байланып, аузы буылған азапқа қарсылық. Ұлттығыңды жойып, тіліңді кесіп, аузыңды буа берсе қорқақ боласың, бүгежек, именшек боласың.

Тәуелсіздік таңы жаңадан атқанда, Тіл туралы Заң шығып, қазақ тілі жеке-дара мемлекеттік тіл атанғанда қазақтың еңсесі едәуір көтерілді. Қазақша жаңадан мектептер ашыла бастады. «Болашақ – қазақ тілінде» деп көп ата-ана балаларын қазақ мектептеріне қарай жетектеді.

Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың тілі шын мәнінде үстем тіл болуына, мемлекеттік тіл болуына шенеунік топтар жол бермей қойды. Өйткені билік басында түрі қазақ, тілі орысша шыққандар отырды. Әлі де отыр. Олар мемлекеттік тілді жай әшейін қуыршақ тілге айналдырды. Өйткені қазақ тілінде олар іс жүргізе алмайды, ел алдында екі ауыз сөз айта алмай, шалалығын көрсетіп алады. Сонысын жасыру үшін де ол орыс тілінің мәртебесін асыруға өте-мөте мүдделі.

Нәтижесінде кешегі ата-аналар бүгін балаларын қазақ мектебінен қайтарып алып жатыр. Өйткені «мемлекеттік қуыршақ» тілдің болашағы тым бұлдыр.

Билеуші топтың осы пиғылын көріп-білген Масанов сияқты ғалым-нигилистер: қазақ тілі – мемлекеттік тіл болуға жарамайды, мейлінше жұтаң, жетім тіл деп сайрап шыға келді. Бұлайша айту оған өте тиімді. Өйткені орыс тілінде ол судағы балықша жүзеді. Ал, қазақ тілі үстем болып кетсе – жеп жүрген нанынан айырылып қалады. Өз қарнының қамы үшін халқын, ұлтын қорлап, сорлағандар осылар.

Бірақ билеуші топ сол Масановқа: оу, жолдас, мұның жала ғой, қазақ тілі дүниежүзілік әдебиетті аударып меңгерген тіл. Тарих, экономика, саясат, техника ғылымдарына құдыреті жететін тіл. Не деп сандырақтап жүрсің?! Деп ақырып айта алмайды. Қайта Масановтарды іштей қолдайды.

«Аллажар» фильмі – осындай іштен қадалған шаншудай «туыстарымызға» да қарсы наразылық.

Желтоқсаннан кейін ойранды отыз жетінші жыл лезде төніп келіп қалғандай заман кештік. КГБ жарықтық қылышын жалаңдатып шыға келді. Мен онда «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор едім. Сонау Павлодардан арнайы шақыртылған қазақ кәгэбэшник күнде менің кабинетімнен шықпайды. Қызметкерлердің «делоларын» алдырады. «Мына Әмірхан Меңдеке деген қандай адам? Қайдан келген? Мінез-құлқы қандай? Жүріс-тұрысы, пиғылы қандай?» Сұрақтарының сықпыты осылай болып созыла береді. Баяғы жаттанды, таптаурын сауалдар.

Бұл жағдай қазақ мекемелерінің бәрінде болды. Студенттерді топ-тобымен комсомолдан шығарып, институттардан қуып жатты. Көбін қамауға алды. Ал, із-түзсіз жоғалып кеткен жастардың елдегі ата-аналарының аузына тас құлып салынды. «Балам қайда?» деп айқайлауға үні жоқ. Отыз жетінші жылғы үрей осылай оралды.

Осындай қоғамдық-элеуметтік сілкіністер, буырқаныстар кезінде нағыз қаһармандар тереңде қалып, шөп-шалам, балдыр-батпақтар көбікке ілесіп теңіз бетіне шығатыны болады.

Желтоқсанда да мұндай жағдай аз кездескен жоқ. Мына аталған фильмге дейін түсірілген құжатты фильмдерде

кабинетте бұғып отырған біреулер өзін герой етіп көрсетіп, Желтоқсан туралы пәлсапа соғатын.

Ал, шын қайраткерлер қалтарыста қала береді. Өйткені олар: Мен! Мен! – деп кеудесін соға бермейді. Дегенмен Шортанбай ақын айтқандай:

Сұғанақ болып ұрынба,  
Сыбағаң болса тұрып ал!  
Қазылған ор кез келсе,  
Атыңның басын бұрып ал!

Мен «сыбағасынан» құр қалып жүрген нақты екі адамды білемін. Бірі – ҚазТАГ-тың сол кездегі директоры, ғалым-журналист Жұмағали Смағұлов, екіншісі «Жетісу» газетінің сол кездегі бас редакторы Мамадияр Жақып.

Желтоқсан қаһармандарына сот болып, соттың қатаң үкімі жарияланған сәтте бес қаһарман қазақ баласы соттың алдында қасқайып-қасқайып тұр екен. Сол сәт суретке түсірілген. ҚазТАГ директоры редакцияларға таратқан. Газеттердің көбі сақтық жасап, оны жарияламаған. «Жетісу» жариялап жіберген.

Колбин мен колбиншілер ашуға булығып, өз қарындарын өздері жарып жібере алмаған соң, бар зәрін жаңағы екі журналистке төгеді ғой. Жұмыстан, партиядан қуылады. Тіпті соттамақ та болады. Жұмысқа орналасу қайда? Мамадияр Күрті аудандық газетіне техникалық қызметкер болып әрең орналасса керек.

Мен 1989 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болып барғанда, Мамадияр редакцияда техникалық қызметкер қатарында екен. Бірден бөлім меңгерушілігіне тағайындалып, редколлегия құрамына енгізілді...

«Аллажар» фильмнің аты.

Алла жар болсын дегені ғой.

Бұл кезеңді «өтпелі кезең» деп қойыпты.

Сол өткелде қалтылдақ қайықтың үстінде келе жатқандаймыз.

Әйтеуір Алла, Жаратқан құдырет жар болсын!

Фильм кемшіліксіз емес. Шұбалаңқы. Кино сыншыларының көзімен қараса басқа да артық-кемі бар шығар.

Мен сыншы емеспін. Менің қатардағы көрермен ретінде айтпағым: «Аллажар» сананы оятып, көкіректің түкпір-түкпіріне сәуле түсіргендей. Желтоқсанның әлі де аяқталмаған құрбандары бар.

Ал, сол сойқанда шейт кеткен жалғыз Қайрат Рысқұлбеков қана емес. Тағы кімдер? Оларды зорлап, қорлап, өлімге кесіп, үкім шығарғандардың бір тал шашы қисайған жоқ. Неге?

Жауабын Парламент әлі айтқан жоқ.

Фильм шындықтың шымылдығының бір шетін ғана түргендей. Ал, түгел шындық әлі қалың шымылдықтың жағында жатыр. Бұл фильмнен аңғарарымыз: мұхиттағы мұз таудың төбесі ғана көрінеді, денесі теңіз тереңінде...

**Шерхан МҰРТАЗА**  
**«Егемен Қазақстан», 13 маусым 1996 жыл**

**ҚАРҚАРАЛЫҒА ХАТ**  
**Шерхан МҰРТАЗА**  
**Қазақстанның халық жазушысы**

**Замандас, қаламдас Сапарғали дос!**

**Осы таяуда үйдегі жиналып қалған қағаздарды реттеп отырсам, қолыма сиықсыздау сұр блокнот іліге кетті. Былай тастай салғым келді де, ойланып, ішін парақтадым.**

«1958 ж., май. Қарқаралы», деген өз жазуыма көзім түсті. Ескі блокноттың шаңын сүртіп, алақаныммен сипалап отырып қалдым.

Көз алдыма алыстан бұлдырап бір керемет керуен тізбегі келді. Жас едім, жалыным мол еді. Ертегідегідей ғажайып сұлу көктем болатын. Қасымда жас ақын, болашақ журналист Совет Шиманбай бар.

Бірінші күні Қарқаралыда «1 Май» совхозына қонып шықтық. Ол жерден «Айлы түндегі алтыбақан» деген очерк жаздым. Лезде «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Ауылдағы алтыбақанды соңғы рет көргенім сол. Жүрегімде жатталып қалыпты. Енді сол шақты үздіге сағынамын.

Тілші болған соң ба, Қарқаралы жігіттері жатырқамай бауырға тартты. Әсіресе, аудандық газет азаматтары. Ұмытпасам, бәрінің ағасы ақын Ғабдиман Игенсартов бар еді.

Сапарғали Ләмбек баласы! Мен сені сонда көргенмін. Үндемей, сөйлемей, күлімсіреп отыра бергенің жадымда қалыпты. Сөйтсем сен біздің не айтып отырғанымызды естімейді екенсің ғой.

Оның сырын кейін өзің айтып беріп едің. Ауылда төртінші бітіріп, енді бесіншіні аудан орталығы Қарқаралыда жалғастырайын деп келе жатқансың. Мінгенің - ауданға бидай таситын өгіз арба. Күндіз күн жылы еді, құлақшынды дорбана салып, қалпақ киіп алып нең бар еді. Қатты ұйықтап қалыпсың. Қалпағыңның жолда түсіп қалғанын да байқамапсың. Түнде бозқырау тұрып, күн суытып кетіпті. (Осы боқырау деп жүргеніміз бозқырау емес пе?). Жазған бала, зілдей ауыр басыңды сонда әрең көтеріп алғаның...

Сен үшін кемтарлық азапты күндер, жылдар солай басталған. Естімейді деп мектепке де алмай қойған қорлық қандай. Оқушылар санатында болмасаң да оқуға өз бетіңше барып жүрдің. Мұғалімдер кет те демейді, бірақ шәкірт деп те есептемейді. Сонда сен қазақ әдебиетінен шығарма жазуда басқа сау шәкірттердің бәріне шаң қаптырып, жолға тастап кетіп, дара шыққаның-ай! Мұғалімдерді сөйтіп мойындатып едің...

Сөйтсе Жаратқан Құдірет сенің кеудеңе жазушылық өнердің шырағданын жаққан екен ғой.

Ескі сұр блокнот. Сонда сенің атың қалыпты. Соны көріп есіме түсті: сен биыл мамырда алпысқа толады екенсің. Мен сені алғаш рет Қарқаралыда көргенде жап-жас бала едің, енді алпыстың асуына шығыпсың.

Алпыс деген ағаның жасы. Артыңа бұрылып қарап, не тындырдым деп өзіңнен өзің есеп алатын жас.

Ол есепте өзіңнен өзің ұялмассың. Ел-жұрт алдында жүзің жарқын. Елде жатып –ақ ірілі-уақты бірталай кітап жаздың.

Автор үшін шығармасының бәрі - «іштен шыққан шұбар жылан». Дегенмен, менің пайымдауымша, шығармаларыңның шоқтығы- «Тайталас» романы-ау деп ойлаймын. Басқа

әңгіме, повесті, өлең, поэмаларыңды былай қойғанда, осы роман саған жазушылар қатарынан ойып тұрып орын алып берді. Бұл – Угар ғой. Атақты Угар. Жақсы жаздың. Әдеби сындағы баға солай деді.

Мен бір таңданатын жай - сен, Сапарғали, ұлы композитор Тәттімбеттің бейнесін сомдағаның. Тәттімбетті есіту керек қой. Ал, сен болсаң... Сен құлағыңмен емес, жүрегіңмен, көкірегіңмен есітетін болуың керек.

Сен, әрине Бетховен емессің, көңіліңе келмесін. Ол тас керең бола тұра музыкада теңдесі жоқ ғажайып дүние туғызды. Дегенмен, сенде де сол ғажайыптың елесі, шалығы бар сияқты.

Сапарғали! Өткен жылы маған жазған бір хатында Алматыда, баспада жаңа романым жатыр, көп заман өтті - шықпайды деп едің. Шіркін, сенің алпыс жылдығыңа шығара салса ғой. Үлкен сый-сияпат сол болар еді.

Бірақ баспалар батпақтап қалды ғой. Демеп жіберетін күдірет жоқ. Біздің жаңа байлар ұлттық әдебиет, өнер әлеміне қайырымсыз. Олар намазын әлі Мәскеуге қарап оқиды. Сондағы әнші, ақындарға табынады. Бар байлығын солардың аузына тосады.

Ал, жаны ашиды-ау дейтін Үкімет әдебиет былай тұрсын, кітап атаулыдан шошынған сыңайлы. Премьер-министр Ә.Қажыгелдин кітап, кітапхана керек емес деп ашықтан-ашық айтты. Ортағасырлық инквизация дәуірінде де кітапқа мұндай өшпенділік болған емес. Айтпақшы, Сапарғали, «Егемен Қазақстаннан» сенің бір мақалаңа көзім түсті: Аудан орталығын Қарқаралыдан Қарағайлыға көшірейін деп жатыр дей ме? Астана Алматыдан Ақмолаға көшеді ғой. Енді еліктеу науқаны басталмаса неғылсын. Бұл ауру ғой...

Мұңайма, Сапарғали! Бетеге кетіп, бел қалады. Бектер кетіп ел қалады. Премьер-министрлер келеді-кетеді. Ал, әдебиетті, кітапты ешкім өлтіре алмақ емес. Қолыңнан қаламың түспей тұрғанда татымды дүние жаза бер. Армандай бер. Ескі өлеңде айтылған:

Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр,  
Қай айтқаны пенденің болып жатыр.  
Асқарына алпыстың шықсақтағы

Арман шіркін кеудеде толып жатыр.  
Арман таусылмасын.  
Тағдыр тарылмасын!..

«Егемен Қазақстан», 21 наурыз 1996 ж.

## ҚЫЗЫЛ ЖОЛБАРЫСТЫҢ ІЗДЕРІ

Жамбыл жәкеміз қайтыс болардан сәл бұрын өзінің бел баласы Тезекбайды шақыртып алып:

- Тезекбай, дайындала бер. Қызыл жолбарысым үйдің сыртын айналып, тау жаққа қарай кетіп қалды. Енді мен көп ұзамайтын шығармын, - депті.

Қызыл жолбарыс Жамбылдың киесі екен ғой. Ақындық рух. Жүз жасаған ұзақ жасында Жамбылды Жамбыл етіп, көмейінен жыр төккізіп қойған сол рух.

Өнер адамында, әсіресе ақында ондай рух болмаса, ол шамалы ғана шала ақын. Қатты ауырып жатқанда көңілін сұрай барған Әсетке Кемпірбайдың не айтқанын білеміз ғой:

Әсетжан, бұл аурудан өлем білем,

Алланың аманатын берем білем.

Кеудемнен көк ала үйрек «қош» деп ұшты,

Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем, - демей ме  
Кемпірбай. Демек, Кемпекеннің киесі – Көк ала үйрек.

Жамбылдың ұлылығы – Қызыл жолбарыста.

Жамбылдың өз аяғы жетпеген жерге сол Қызыл жолбарысы жеткен.

Соның бірі – Ленинград. Қазіргі Санкт-Петербург. Қасиетті Петрдің қаласы. Көп адамдар Петр Біріншінің құрметіне қойылған деп ойлайды. Шындығында қаланың атын Санкт-Петербург деп қойып жүрген сол Петр Біріншінің өзі. Өзінің атын емес, апостол Петрдің атын қойғаны. Иисус Христостың шадиярларының біреуі.

Осы сәуір айының он үшінші күні сол Санкт-Петербургтің Таврия сарайында Жамбылдың 150 жылдығына арналған салтанатты жиынменен Санкт-Петербург және Ленинград облысындағы Жамбыл күндері басталды.

Таврия сарайы. Тоқсан жыл бұрын, 1906 жылы Ресейдің І Думасы өз жұмысын осы Таврия сарайында бастаған.

Заман-ай десеңізші. Сонда Ресей Мемлекеттік Думасының мінбесін Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейханов, Бірімжанов сияқты азаматтар езілген қазақ халқының жоғын жоқтап, арман-тілегін айтып, қазаққа жеңілдік бер деп күресіп еді. Сонда Марков деген шовинист депутат қазақтардың талабын орындап керегі жоқ. Олар баяғы Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің ұрпақтары. Сондықтан Америкада «қызыл терілі» үндістерді қалай қырса, қазақтарды да солай қыру керек деп еді.

Ал, біздің елін сүйген ерлеріміз осындай күйдіргілермен арпалыста шындалды.

Енді бүгін сол мінбеген Жамбыл туралы небір жақсы сөздер айтылды. Санкт-Петербург мэрі Собчак, Ленинград облысының губернаторы Беляков сөйледі.

Бізден академик Зәки Ахметов Жамбыл туралы баяндама жасады. Республика мәдениет министрі Талғат Мамашев, ақын Фариза Оңғарсынова сөз сөйлеп, өлең оқыды.

Ленинградтың 900 күндік блокадасын көрген көзі тірі шал-кемпірлер Жамбылды еске алғанда оларды енжар тыңдау мүмкін емес. Жамбылдың «Ленинградтық өреңдерім» өлеңін әртіс Михаил Токарев оқығанда залда еңіреп жылап отырғандардың талайын көрдік.

Сойқан соғыс кезінде Жамбылдың бір өлеңі тұтас бір армияның күшінен артық әсер берген. Қалжыраған аш-жалаңаш адамдар сол Жамбылдың жалынды сөздерінен теңдессіз, күш-қуат алып, рухы күштілер ешқандай жаудан жеңілмейді.

Әне, әрбір ленинградтық Жамбылды сол үшін сүйеді, сол үшін қастерлейді. Ел болған соң ішінде ақылдысы да, ара-тұра әумесерлері де кездеседі. Ленинградтық Розенбаум деген біреу кезінде «Біз Жамбылдың баласы емеспіз» деп алжып жүрді. Қазір ондай үндер өшті. Өйткені, Жамбылдың әруағы бәрінен де күшті. Розенбаумдар қазақта да болған. Бірлі-жарымы қазір де бар. «Жамбыл ақын емес» деген имансыздардың талайының аузы-басы қисайып қалған.

Санкт-Петербургтің қақ ортасындағы Жамбыл көшесінің бойына мемориалдық тақта қойылып, осы құметке көп адам

жиналды. Қала тұрғындарының өзі осы жиында бірінен кейін бірі шығып сөйлеп, Жамбылға арнап оның көшесінің бойына мемориалдық тақта қою аз, сонымен қатар ұлы ақынның бедерлі бейнесі қойылсын деп талап етіп жатты. Ал, халықтың үнін қадірлеу лазым.

Жамбыл күндері тек Санкт-Петербургпен шектеліп қалған жоқ. Облыс көлеміне тарады. Выборг қаласы Жамбыл ақынның құрметіне деп үлкен мереке өткізді.

Волхов десе біздің құлақ елең ете қалады. Өйткені бұл майданда қазақстандық 310-шы дивизия жаумен шайқасқан. Ол шайқасты ардақты ақын Сырбай Мәуленов өз өлеңдерінде тебірене жырлаған. Менің бір ағам осы Волхов майданында оң қолынан айырылып қайтқан. Ол туралы мен «Шолақ Сияқұл» атты әңгіме-эссе жаздым.

Ленинград дегенде Әлияны айтпасақ, әруақ аттап кеткендей кешірілмес күнәға бата едік.

Әлия Молдағұлова оқыған мектеп қазір сол Әлия есімімен аталады, мектеп орналасқан көше де Әлия атында. Мұндағы кездесу де әсерлі болды.

Ал, енді осы көптеген кездесулерде Қазақстан Республикасының, азат Қазақстанның, айбынын асқақтатқан тек сөз сөйлеген шешендер ғана емес, көбінесе біздің әнші-күйшілеріміз, өнер жұлдыздары болды. Бұл жолы, әсіресе, жас таланттар жарқырап көрінді. Абай атындағы опера балет театрының әншілері Жәмила Баспақова, Инесса Тарасова, Қайыржан Жолдыбаевтар атақты әншілерге кенде емес Петербург жұртшылығын риза етті. «Адырна» ансамблі, белгілі әншілер Хафиз Есімов, Кенжеғали Мыржықбаевтар Жамбыл елін, оның өнерін өзге өңірге лайықты таныта білді.

Жоқ, ленинградтықтар Жамбылды ұмытпапты. Жамбылдың жалынды сөздерінен медет алып, рухтанғандар әлі көп екен. Мәселе – енді келер ұрпаққа ұлы ақынды ұмытпайтындар тәрбие беру – біздің парыз.

Ленинградқа Қазақстаннан барған делегация мен өнер шеберлері сол үдеден шыққандай.

**Шерхан МҰРТАЗА.**

**«Егемен Қазақстан», 20 сәуір 1996 жыл**

## АЗИЯ ЖАЗУШЫЛАРЫ АМЕРИКАДА

### Адамның айтқаны болмайды...

Алдында Арабстанға бармақшы едім. Бір жақсы інім қажылыққа барғандар туралы очерк жазып қайтыңыз деп кеңес берген.

Дін, мұсылман әлемін біле түскен өзіме пайдалы, көргенімді-білгенімді жақсылап жазып, газетке бастырсам, көпке пайдалы деп шамалағанмын.

Мүмкін керегі болып қалар, денсаулығым туралы бір жапырақ қағаз ала салайын деп дәрігерім Ғалия Сәлімгерейқызына бармаймын ба...

Барып, осылай да осылай, құдай оңдап, мекке-Мәдинеге жолым түсіп тұр, барыс-келіс, ішім-жем, жатын орын – бәрі тегін, деп мақтаныңқырап сөйлесем керек.

Е, жақсы бопты, барып қайтыңыз, деген сөзден дәмелімін. Бірақ дәрігерім оны айтуға асықпады.

Меккеге бара салу – Алматы түбіндегі Талғарға бара салғандай оңайлады. Баяғыда Құдайға, мұсылмандыққа шын берілгендер қасиетті мекенге айлап-жылдап, азап аралдарынан өтіп жетеді екен. Енді айналасы төрт-бес сағатта, бір ет пісірім шамасында аспандатып, әуелетіп қана кетесіз. Рахат.

Мен осылай ойлап жатқанда, кардиограмма деген аппарат менің жүрегіммен тілдесіп, тамыр-тамырын тексеріп үлгеріпті.

Дәрігерім: ешқайда бармайсыз, қазір емханаға жатасыз, деді.

Адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады.

### Әуежайдағы жабайы үйректер

Арабстанға баруға жарамайды деген жүрек Америкаға баруға қалай шыдамақ?

Бірақ Жазушылар одағындағы жігіттер бұл жолы өте пысық шығып, әбжілдік танытты. Визаны да тез алды, шыптаны да тез тапты.

Не керек, өйтті-бүйтті, бір топ ақын-жазушыларды шоң ұшаққа салды да жіберді.

Топтың ақсақалы - Әбдіжәміл Нұрпейісов.

Інілері - Әкім Тарази, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғали, Ұлықбек Есдәулет, Мереке Құлкен және мен.

Бастығымыз Нұрлан Оразалин және ақын Бақытжан Қанапиянов екеуі Мұхтар Әуезов тойын тойлап, Мәскеуде жүр. Олар бізге Вашингтонда бір-ақ қосылмақ.

Қайда, не шаруаға жатырсындар ұбап-шұбап деген сұрақ сұранып тұр ғой.

АҚШ-қа бара жатырмыз. Мұхиттың ар жағы, Жердің арғы беті.

Шақыртушы – «Вашингтон пост» қоры.

Мақсат – Азия жазушыларының конференциясы. Осы арасы түсініксіздеу. Азияда жер жетпегендей Азия жазушылары конференцияны неге Жердің арғы бетіне барып өткізуі керек?

Мейлі. Бара көрерміз.

Ұшақ ішіндегі телеэкраннан «Боинг» ұшып өткен жол қызыл сызық болып қалып бара жатыр. Өне Балқаштың батыс пұшпағын басып ұштық. Жезқазған тұсынан өтіп бара жатырмыз...

Жүрегімді сипалап қоямын. Әзірге тыныш. Жолға шыққанда жолдастарың болғаны жақсы. Медет.

Өзіл-қалжың, әңгімемен уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қаласың.

Бір кезде радио: Алдымызда – Амстердам, Голландияның астанасы. Орындарыңызға отырып, белдіктеріңізді таңып алыңыздар, деді.

Дөңгелек терезеден төмен қараймыз. Ұшақ ылдилап жатыр. Жерге жақындаған сайын жер бедері анықталып, жап-жасыл әлем жарқырай берді.

Ұшақ жерге қонарда ирандықтар болса бәрі қосылып: «Алла! Алла!» деп айқайлар еді.

Біз болсақ, Аллаға ішімізден сыйынамыз.

Амстердам әуежайы жұп-жұмсақ екен, шоң ұшақ жеп-жеңіл қонды.

Бірінші көзім шалғаны: әуежайды көмкерген жасыл орман, одан бері көгілдір көлшік. Көлде жүзіп жүрген көк-ала үйректер. Сұрастырсам: жабайы үйректер екен.

Сонда осы көктемде Билікөлде болғаным есіме түсті. Балық аулай барғанбыз. Көлдің жағасындағы қамыстың арасынан тарс-тұрс атылған мылтық даусы құлақ тұндырған.

Алыстан, бәлкім, Америкадан арып-ашып, қанаттарын талдырып, аңсап жеткен Билікөліне енді келіп қонғанда сол жануарды жан ашып қарсы алған түріміз әлгіндей.

Ал, мына Голландияңызда жабайы үйректің өзі асыранды сияқты, ешкімнен үрікпейді, қорықпайды.

Аң-құс та аялағанды сүйеді. Біздің қатыгездігімізден безіп, жүгірген аң, ұшқан құс аялы алақандар ауылына ауып кетпесе неғылсын...

Алматыда өмір сүріп жатсақ та біз қазір сол Алматыда Голландияның сүтін ішіп, майын, сыр-ірімшігін жеп жүрміз. Голландияның жыл он екі ай гүлдейтін қызғалдағы дүниенің түкпір-түкпірінде, бізде де сатылады.

Қазақстанның сиырлары суалған ба, қысыр ма - таң қаламын. Бұлардағыдай гүлді өзімізде өсіруге болмас па...

Алматы мен Амстердам арасы жеті сағаттық жол.

### **Елдестіркемек – елшіден**

Амстердам әуежайынан көтеріле бере-ақ Атлант мұхитының құзырына құлшылық етесің. Адам баласына тек Құдайға ғана құлшылық ету жарасады. Құранда да, хадистерде де солай жазылған.

Бірақ небары пенде болған соң ұмытып кете бересің. Өзіңнен күштіге, өзіңнен зорға, бай-патшаларға қол қусырып, қошемет қыласың. Баяғы Көк Бөрінің ұрпағы екеніміз есімізде жоқ. Жалтақтаймыз, жалпаңдаймыз.

Көк бөрі піріміз болса тек Құдайға ғана бағынған, соған ғана арыз-мұңын шаққан. Басқа ешкімге бас иген емес. Адамдар бөріні ит сияқты қолға үйретпек болды: арыстан, жолбарыс, аю сияқты циркте көрерменге күлкі етіп қоймақшы болды. Көк Бөрі көнбеді.

Ал біз көнімпазбыз...

Атлант мұхитының үстінде жаныңды көк шүберекке түйіп, бір Құдайдың қолына тапсырып, сегіз сағат шамасы ұшасың. Осыдан табаным қаражерге бір тисе жеті нан құдайы деп Жасағанға жалбарынасың.

Ал, қара жерге табаны тиген сол-ақ екен, адамдар аласұрып алға қарай тұра-тұра жүгіреді. Кеденнің кезегіне тұру керек, шекарашылардың тексеруінен өту керек, тағысын тағылар.

Бізде де жан-жағымызға алақ-жұлақ қарап келе жатқанымызда алдымыздан шыққан қараторы сырбаз жігіт көзімізге айдай болып көрінді. Қуанып кеттік.

Бұл - Қазақстанның АҚШ-тағы төтенше және өкілетті елшісі Болат Нұрғалиев бауырымыз еді. Бәрімізді ешқандай кеденсіз, кедергісіз өзі бастап, жүгімізге дейін өзі және көмекші жігіттері көтерісіп, әуежайдан аман-есен алып шықты.

Бізбен бірге келе жатқан ақ қалпақты үш қырғыз бар еді, бізге қосылып өтіп кетпекші еді, күні бұрын дайындаған тізімде аттары жоқ болғандықтан, амал нешік, жалпы тобырмен бірге қалып қойды.

Мейманханаға жайғастырып болғаннан кейін, елші бізді елшілікке шайға шақырды.

Вашингтон жалпы курорт қала сияқты. Ал, Қазақстан мемлекетінің елшілігі тыныш қана бір жұмақ бағы сияқты жерге орналасқан екен.

Қақ маңдайда Көк Туымыз желбіреп тұр.

Совет Одағының АҚШ-та бір рет болғаным бар. Бірақ онда Қазақстанның елшілігі де, көк Байрағы жа жоқ еді.

Мемлекеттік Тудың қасиетін елде жүргенде аса біле бермейсің. Ал, шет елде көрсең, Көк Туымыз айбынды болып, асқақтап көрінеді. Тәуба, тәуба дейсің. Көк байрағым, жайнай бер, желбірей бер деп тілейсің.

Міне, бұл Америкадағы Қазақстанның бір пұшпағы. Бұл өз үйіміз.

Елші Болат Нұрғалиев – маман дипломат. Бұрын Қазақстанның Үндістандағы, Пәкстандағы елшіліктерінде жауапты қызметте болған. Қазақстан сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған.

Енді, міне, АҚШ сияқты аса ірі алпауыт елдегі елшіміз. Бұл биік мәртебе.

Сол биік дәрежесімен-ақ ол бізге жүгіріп жүріп қызмет қылды.

Ұлық болсаң – кішік бол!

### **Шет елде сен кімсің?**

Қазақстаннан аттанып, шет елге шығатын біздің елдің әрбір азаматы өзіне-өзі осындай сұрақ қойғаны абзал: «Шет елде мен кіммін?»

Шет елге барып: Мен – Шерхан Мұртазамын! – деп айқайласам, мынау жынды екен дейді. Шет елде сені әуелі ешкім де білмейді.

Шет ел үшін сен ең алдымен ҚАЗАҚСТАН-сың! Қолыңдағы көк төлқұжат сені ең алдымен ҚАЗАҚСТАН деп таныстырады. Содан кейін барып Сексенбай, Тоқсанбайсың. Алдымен еліңнің намысын қорға.

Құдай сыйлағанда, кейбір азаматтарымыз осыны ойлап жатпайды. Оларда мемлекеттік, ұлттық намыс деген оянбаған. «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-қа оқуға келген кейбір жастарымыз қазақ, Қазақстан деген есімдерді ұятқа қалдырды.

Бірақ бәрі емес!

Бізден барған шәкірттердің ұстазы профессор Дэвидсон солай дейді.

АҚШ-та оқып жүрген Қазақстан жастарының ішінде талантты студенттер көп дейді. Олар оқу бітіргенде мұндағы ұстаздары олармен жылап қоштасады дейді.

Міне, бұлар ҚАЗАҚСТАН деген атқа лайық.

- Мен министр Жұрыновты білуші едім, - дейді профессор Дэвидсон. – Жақсы кісі...

Жақсы кісі болса, әлгі ел намысын, ұлт намысын ойламағандар оның обалына қалды.

### **Америкадағы кездесулер**

Совет Одағы ыдырағалы бері бұрын Мәскеуде, Киевте, Қазанда, Уфада, Бакуде түрлі жиындарда кездесе беретін

қаламдас достарды бұл күнде көруден қалдық қой. Олармен көрісіп, дидарласу үшін Америкаға бару керек пе...

Қазаннан Рафаэль Мұстафин, Уфадан Рауль Бикбай, Таулы Алтайдан Борантай келіпті. Монғолиядан – Құлан қыз келіпті. Борантай: - Қосағаштан Қазақстанға көшкен қазақтар қайтып келе жатыр, - деді. Ақын Құлан қыз: - Бізден көшкен қазақтар қайтып жатыр. Сонда Қазақстанда жағдай өте нашар ма? – деп сұрады.

Қылышқа балаған қызыл тіл осындайда амалсыз байланады...

Біздің тәуелсіз теледидарлар толайым көрсетіп жатқан неше түрлі американдық сұмдықтар өз отанында қандай екен деп телесандықтың каналдарын қатарынан қайта-қайта тізіп шығамын. Біздегідей көргенсіз көріністер мұнда жоқ. Америка ондайды көре-көре жеріген. Енді телесаудагерлер неше алуан имансыздықты бізге аунатып салған.

Адам санасын улайтын ұсқынсыз сұмдықтар мен сыйықсыз секс көрсеткенді демократия деп танитын бұзықтар қит етсе: - Сөз бостандығы! Демократия! – деп өңештері үзілгенше байбаламдайды. Бостандық, Азаттық – имансыздықты уағыздау емес қой.

### **Шығыс пен Батыс біріге ме?**

Жердің арғы бетінен біз арнайы келген конференция да ашылды. Төрде – жеті-сегіз кісі.

Азияның әр түкпірінен үш жүзден аса жазушы.

Төрде – дінбасы Мун тақсыр.

Жанында - әйелі мен баласы.

Доктор Рубенштейн.

Жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты – Дерик Уолкотт.

Тағы басқалар.

Доктор Рубенштейн дүниежүзілік бірлестік керек деді. Шығым пен Батыс – біртұтас деді.

Алдағы заманда Азия мәдениеті алға шығады. Оған себепкер дінбасы Мун болады деді.

Сонда Мун кім болды?

Ұлты – корей. Өмірдің талай талқысынан өткен. Ким Ир Сенмен кездескен. Түрмеде де отырған. Горбачевпен жолыққан... Қырық жасында үйленген. Он үш баласы, он тоғыз немересі бар. Америкаға келіп байыған. Көптеген газеттердің қожасы. Ішіндегі ең ірісі – «Вашингтон пост».

Мун – жаңа діннің көсемі. Ол дін Құдайдың жалғыздығын мойындайды. Адам-Ата мен Хауа-Ананы қатты айыптайды. Иисус Христосты (Иса) да қаламайды. Оны үйленбеген, отбасы болмаған, баласы жоқ қубас санайды. Өзін Иисусқа қарсы қояды.

- Мен бір ерекше адаммын, - дейді Мун. – Дүние-әлемнің тірегі – отбасы, семья дейді. Дүниеге нағыз ерлер мен нағыз әйелдер керек. Дүние солар арқылы, отбасы арқылы тазарады.

Ал, жазушы болса сол отбасының құдіреттілігін уағыздай алатын адамдар. Әдебиет адамдары тіпті мемлекет белгілеп қойған шектен аттап өте алады. Бүкіл әлем әдебиет қайраткерлері біріксе - әлем апаттан аман қалады.

Ендігі дүние шыншыл болуы үшін таза махаббат керек. Таза махаббаттан таза бала туады. Адамзатқа тазару қажет.

Не керек, сөйтіп дүниені жаңа дін түземек. Жаңа дін өзәзілмен арпалыспақ. Әйтпесе қазір дүниені өзәзіл билеп тұр.

Дінбасы Мун айтқан ұзақ уағыздың негізгі сөлі осындай. Оның діні дүние жүзіне тарап жатқан көрінеді. Соның ішінде Қазақстан да бар-ау, сірә.

Конференцияда қазақтардан Әбдіжәміл Нұрпейісов сөйледі. Оның әсерлі сөзі Қазақстан баспасөзінде тұтас жарияланатын болар. Сондықтан үзіп-жұлқып бүлдіргім келмеді.

Тізе берсе әңгіме көп. Реті келгенде кейін тағы жаза жатармыз.

**Шерхан МҰРТАЗА.**

**АЛМАТЫ – ВАШИНГТОН – АЛМАТЫ.**

**«Егемен Қазақстан», 6 мамыр 1997 жыл**

## **ЖУРНАЛИСТИКА В КАЗАХСТАНЕ**

### **Реальная «четвертая власть», или Золушка на балу у Сатаны?**

**Завтра казахстанские журналисты отмечают свой праздник – День печати. А накануне некоторые из них поделились мыслями относительно профессии, которую принято считать «четвертой властью».**

#### **Шерхан Муртаза, писатель и журналист:**

- Я сторонник сермяжной правды. Поэтому скажу: не надо заниматься самообманом. Казахская печать никакой «четвертой властью» не является. Она у нас зависима, крепко зависима. У нас много вранья, преклонения перед властью, заискивания по поводу и без повода. К тому же любая власть – это орудие насилия. А печать, по идее, должна бы противостоять ей.

Про себя могу сказать, что в моей долгой журналистской биографии было много огорчений из-за несправедливости властей. Когда был редактором молодежной газеты, меня били за то, что поддерживал молодые таланты. Обвиняли в том, что потакаю формализму и абстракционизму. Наступила демократия, объявили свободу слова и печати. Я стал председателем республиканской телерадиокомпании «Казахстан». И меня стали обвинять в том, что нарушаю в республике дружбу народов: на радио и телевидении преобладают передачи на казахском языке. Хотя на самом деле первое вещало на восьми языках, второе – на пяти. К сожалению, у справедливости отец умер, мать осталась вдовой. Вот когда сирота почувствует себя защищенной, тогда мы сможем говорить о прогрессе в средствах массовой информации.

**«Казахстанская правда», 27.06.97.**

## ВОЛХОВТА БОЛДЫМ, ОРМАНЫН КӨРДІМ

### Сырбай ақынды еске алу

«Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» дегендей, жарықтық Жәкемнің, Жамбыл ақынның арқасында былтыр біраз жердің дәмін таттық. Сәті түсіп, мен Санкт-Петербург бағытына баратын топқа қосылдым.

Жамбыл ақынның жүз елу жылдығын Санкт-Петербург аса бір құрметпен атап өтті. «Ленинградтық өрендерім» деген үн Балтық жағалауын тағы бір жаңғырықтырып жібереді.

Жалғыз Санкт-петербург емес, оның жан-жағын да араладық. Бір жағы – Выборг, бір жағы – Волхов.

Волхов дегенде есіме екі адам сарт етіп түсе кетті. Біреуі өзіміздің Жуалының Мыңбұлағындағы Шолақ Сияқұл, біреуі исі қазақтың бәрі білетін Сырбай ақын.

Оқтай түзу асфальт жол. Қос қапталда – ойдым-ойдым орман. Солтүстіктің нар қарағайлары мен ақ қайыңдары сыңсып тұр.

Ешқашан ештеңе болмағандай мүлгиді.

Ал, осы орманның бір жерінде менің ағам Сияқұлдың оң қолы қалған. Снаряд топшысынан жұлып кеткен.

Ол елге оралып, өмір бойы оң қолының бос жеңін сипалады да жүрді. Жоқ қолының орны ұдайы сыздап тұратындай, құр жеңді уқалай беретін.

Осы орманның бір жерінде Сырбай жатқан окоп бар.

Тар окоп болды сонда үйім менің,

Жұпыны күйіне оның сүйінгенмін.

Жанымның ұясындай жауға бермей,

Өтінде тұратын ол құйын-желдің, -

деп жазған соң, қай жерде екен деп орманның тұла бойын көзіңмен тінткілейсің.

Сол сұрапылда тіке келген ажалдан окоп та құтқара алмады. Бағымыз бар екен, қырық жыл болса да ажалды өледі, бағымызға Сырбай ақын елге қайта оралып, халқына жомарт жырдан інжу-маржанды аямай шашты. Бірақ соғыс салған, өмір салған жарақат бір басында көп еді:

Жасымнан аштық, соғыс көрген күнім,

Жайылған олар жайлы елге жырым.

Ұят-ау, қырық жамаулы көрпешедей,  
Жаралы денемменен жерге енуім.

Бұл шумақ, біле-білгенге Сыр-ағаңның жеке басының халі емес сияқты. Бұл бүкіл қазақты тұп-тұтас бір дене деп елестетіп қарасаңыз: тұла бойының қырық жамау жарақат екені рас.

Сырбай – қазақ деген сөздің синонимі. Қырық құрақ денемен қара жердің қойнына кіруге ұялудың өзінде қанша иман, қаншама ұлы қасиет жатыр.

Бұл өлең Сыр-ағаңның өмірінің соңғы жылдарында жазылған.

Ал, мен Волховка келе жатырмын. Асфальт жол түп-түзу. Қос қапталда – ойдым-ойдым орман.

Жол-жөнекей тағы да Сырбай ақын алыстан құлағыма:

Болдың ба сен Волховта,  
Көрдің бе оның орманын?

Сол орманның әр талын

Өз жанымдай қорғадым! – деп сыбырлағандай болады.

Бұл аппақ адал шындық. Қиял, қоспасы жоқ. Сол соғысқа шамамен алты жүз мыңдай қазақ қатысыпты. Алты жүз мың қазақ Ресей жерін өз жанындай қорғапты. Сол үшін де мәңгі-бақи ризашылық керек қой.

Ал, кеңес дәуірінде түсірілген мақтаншақ фильмдерден мойныңды қанша созсаң да бір қазақты көре алмайсың.

Ал, кейінгі ұрпақтың кейбір ақынсымағы «Біз Жамбылдың өрендері емеспіз» деп тауфихсыз мінез танытады.

Асфальт жол. Ойдым-ойдым орман. Енді Сырбай сыбырламай:

Болдың ба сен Волховта,  
Көрдің бе оның орманын?

Сол орманның әр талын

Өз жанымдай қорғадым! – деп орасан зор күркіреме даусымен бар әлемге жар салғандай болады.

Естісін әлем, білсін шындықты! Қазіргі ұрпақ, келер ұрпақ білсін. Әйтпесе, өткен жойқын соғыста фашистерді тек орыстар ғана жеңгендей әсер қалдырып тұр қазіргі насихат. Ресей теледидары, кейбір әсіреұлтшыл газеттері қазіргі Қазақстанды, қазіргі қазақтарды Ресейдің жас

буынына жамандап қалғысы келеді. Ресейдің орманының әрбір талын өз жанындай қорғаған қазақтарды ауызға ала бермейді.

Соғыс туралы хикаяларды, дастан, жырларды көп оқыдым, көп толқыдым. Бірақ олар «Құлын» деген шағын өлең сияқты тебіrentкен емес. Міне, ақынның ұшпағы. Әсіресе боямасыз, жай ғана қарапайым өлең сияқты. Бірақ жай көзбен емес, ой көзімен оқысаң соғыстың тіл жетпес сұмдығын, тіршіліктің қасқыр тарамыс тірміздіктігін, өмір мен өлім арпалысындағы ғаламат суретті көресің.

1942 жылы он жасар бала кезімде колхоздың жылқысын бағып жүргенімде тұртқы есік пен төрдей, тұқымы, бітімі бөлек қара биені соғысқа алып кетіп еді. Сол соғыста Қамбар ата баласының қаны да көп төгілді. Атты әскері өз алдына, зеңбірек пен арбаны сүйреткен көбінесе жылқы баласы екен.

«Құлын» атты өлеңді жаттап алған мен мына Волхов орманының алаңқайларынан баяғы қара биені іздейін:

Шаршаған жол батып,  
Волховтың батпағында,  
Жатыр бие толғатып,  
Зеңбіректің арт жағында.  
Фугас бомбасы  
Жерді өртеген қиын күнде  
Тіршілік жолдасы  
Бүлкілдейді биенің бүйірінде.

Сол баяғы менің Мыңбұлақтан кеткен қара бием емес пе екен деймін.

Адамзат жапа шегіп құса-мұңнан  
Сәби бір үн сағынған  
Жалын тарап, көзіне үнсіз қарап,  
Солдат оны сипайды құрсағынан.  
Шашыраған көк жалынын бүркіп темір,  
Орманның іші үрейлі.  
Ал оттың ортасында,  
Шіркін өмір  
Құлын боп кісінейді.

Дүниеге іңгәлап келетін сәбидің ләм-үнін сағыну күллі сағыныш атаулының атасы, қасиеттісі шығар.

Зеңбіректер зіркілдеп, фугас бомбалары ышқына жарылып, жер-орманның ішек-қарны ақтарылып, дүн-дүние астаң-кестеңі шығып жатқанда менің Мыңбұлақтан кеткен қара бием құлындап, қан майданның қақ ортасында құлын даусын естіртті. Сол құлын шіңгірлеп кісінегенде зеңбірек те, бомба да жым болғандай.

Тіршілік атты құдірет осы. Мұны жазған Сырбай ақын. Сырбай ақын сонау Михаил Светлов, Михаил Дудин, Сергей Наровчатов, Расул Гамзатов, Мұстай Кәрім, Дәуіт Күгілтинов, Қайсын Құлиевтермен қатар тұрған, бәлкім, олардан еңселірек тұрған ақын.

Бірақ біз осыны әлі жетелеп түсініп, бағалап болған жоқпыз. Бажайлап, талдап, түсіндіріп беретін әдеби сын да жоқ.

Тағдыр екен, мен Сыр-ағаның ізбасары болдым. Ақындық жағынан емес, редакторлық, журналистік жағынан. «Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы бас редакторы Сырбай Мәуленов болды. 1957 жылдың көктемінде қазақ тілінің мәртебесі, тағдыры туралы газетте үлкен мәселе көтерген Сырбай «ұлтшыл» атанып орнынан алынды. «Қырық жамаудың» үлкені сонда түскен.

1980-1989 жылдары тоғыз жыл қатарынан Сыр-аға отырған креслода мен отырдым. Сырбай дәстүрі сол тұста жалғасты білем, Сыр-аға ісімізді қолдап, ақ батасын беруден айныған емес.

Оның риясыз мейірбандығы, бұланай тұлғасы, нәсілге бөлмес бауырмалдығы өз басыма жөн-жөрелгі болды.

Сыр-ағанның ұлы Қасым мырза жақында үйіме келіп, Сыр-аға туралы жазылған естелік-кітапты беріп кетті. Сонда «Құлын» өлеңі тағы да есіме түсті.

Волховқа бардым. Орманын көрдім. Сырбай ақынның окобын, құлынын іздедім. Сөйтсем оларды әркімнің жүрегінен іздеу керек. Дүниеден Сырбай алып ақын қайтқалы үш жыл болды.

**Шерхан МҰРТАЗА.**  
**«Егемен Қазақстан», 13 ақпан 1997 жыл**

## **ЖҰРТТЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН**

### **Шерхан МҰРТАЗА мен Камал СМАЙЫЛОВТЫҢ хаттарына пікір**

#### **Ауылдың жайын кім ойлар?**

Атақты жазушы Шерхан Мұртаза мен көркемсөзші Камал Смайыловтың барлық хаттары да халық көңілінен шықты. Елдің өмірін жетік білетіндеріне көзіміз жетті. Халық келешегін ұдайы дән риза болдық.

Біз көршілес Ресейдің ауданымен шекаралас жатырмыз. Қолдағы бар малын азық-түлікке айырбастап, енді малы жоқ болып қалғандар көбейе бастады. Өз үйінде жоқтардың өзгелерден азық-түлік сұрауы дағдыға ене бастады.

Зейнеткерлердің зейнетақы жөніндегі мәселесі көпке ортақ болып тұр ғой. Бірақ сол зейнетақының бір айдағы мөлшері бір қап ұнға әзер жетеді.

Жұртта жұмыс жоқ. Жергілікті өнімдерін сататындардың өнімі де өтпейді. Ал, жекешелендіргенде екі отбасыға бір ірі қарадан келетін деректер ұшырасып жүр. Халық қалаға шұбыруда. Ауылда иесіз үйлер көбейді.

**Бактыгерей ЖҰМАШЕВ,**

**Аудандық мәслихаттың депутаты.**

Батыс Қазақстан облысы.

#### **Жоқшылыққа мастық араласа бастады**

Қадірлі Шерхан, Камал ағалар! Сіздердің хаттарыңызды жібермей оқып жүрмін. Елді сауықтыратын дәрі-дәрмектей әсер етті маған. Мен осы арада өзім білетін бір нәрсені қоса айтпақпын.

Қазақ халқы үшін де өте қорқынышты бір нәрсе арақ болып алды. Несіне жетісетінін кімбілсін, арақ ішіп мас болатындар бұрынғыдан гөрі еркіндік ала бастады. ХХІ ғасырдың табалдырығынан осы індет те қоса аттағалы отыр. Анау бір жылдары арақ ішуді доғарған күндер болған-ды.

Бірақ, табыс көзінен неге айырылсын. Осы бағытқа біздің мемлекетіміз ат қоспағаны керек-ақ еді.

**Байділда ЖАРТАЙҰЛЫ.**

Оңтүстік Қазақстан облысы.

### **Ертеңгі күніміз айқын болса**

Елбасымыз белгілеген шаралардың дәл сол күйінде жүзеге асуы кешіге бастағаны қынжылтады. Екі белгілі жазушы қазақ қауымының осы кезеңдегі ең бір маңызды мәселелерін көтеруде. Бұл хаттар жалғасқан сайын қазақ қауымын темірдей тәртіпке үйрететініне еш күмәніміз жоқ.

Осы кездегі болып жатқан ауыртпалықтың алдын алуға болатын ба еді? Бұл сауалға халық әлі жауап естіген жоқ.

Біз шалқия кен орнынанбыз. Бұл кең орнының тоқтағанына 4 жыл болды. Анау бір жылы жазушы Шерхан Мұртаза келіп, жұмысшылармен ұзақ әңгімелесті. Халық өте риза болған. Шахтерлердің рухы кәдімгідей көтеріліп қалған еді.

Күніңді өзің көр дегенді жергілікті басшылар күн сайын айтады. 95-ші жылы әлгі қазандықты тоқтатпай жүргізу үшін көп тонна күріш бөлінгенін естігенбіз. Сол күріштің аяғы белгісіз. Әлі де ертеңгі күн көп нәрселер белгісіз болып тұр.

**Сейдахмет МЫРЗАХМЕТОВ.**

Қызылорда облысы,  
Жаңақорған ауданы.

### **Қайырымды іске ықылас артады**

Екі қадірлі жазушымыздың хаттары әркімді-ақ ойландырады. Айтатын нәрсе көп. Оның үстіне, аға газетіміз өз мекендеріңіздегі жағдайларыңызды қоса айтыңыз деп үн тастады. Соған орай әркім-ақ өз ойын айтса артық болмас.

Мен бір нәрсе ғана айтпақпын. Дін және қазіргі жағдай туралы. Бұрын халқымыздың арасында өте үстем болған мұсылманшылық дағдысының ертеңгі күнге жарарлық

тәрбие бағыттары аз емес. Қазір мешіттерге жұртшылық көбірек барады. Өздерінің мүмкіндігінше қайыр-садақаларын тапсырады. Сол жиналған ақшадан қарып-қасірлерге, қара-сары жоқ отбасыларына неге мешіт тарапынан көмек берілмеске.

**Қабылбек ТЕМІРОВ,**  
мұғалім.

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сайрам ауданы.

### **Баяғы қалпында қалып отыр**

Шерхан Мұртазаның хаттары біздің ойымыздан шықты. Камал Смайылов та халық өмірін терең білетінімен сүйсінтті. Ауыл тұрғындарының барлығы маған өздерінің атынан хат жазуды тапсырды.

Біздің Айымжан ауылы қолынан келген шаруаны жүргізуде. Бірақ, былтырғы алған астығымыздың көпшілігі ұжымның берешегі үшін деп қайтарып алды. Содан қыс бойы біраз үйлерде ұн болмады.

Жекешеленген ауылға мемлекет тарапынан көмек беріледі десе де, жеңілдік жасалады десе де, мұндай нәрселер біздің ауылға жеткен жоқ. Салықтан көз ашпаймыз. Көрші Ресей жеріне қолындағы малын сатып, малсыз қалған үйлер саны көбейе бастады.

Бала туу да елде азайғаны белгілі. Сөйте тұра, тастанды балалар тобы молаюда. Ұрлық көбейді. Түн демей, күн демей ұрлық жалғасуда. Қақпаңды бекітіп қойып, талтүсте-ақ қорадағы малыңды жетектеп кете береді. Осындай келеңсіздіктер туралы аз айтылып жүрген жоқ. Қатаң шара алынып жатқан аудандар туралы да естиміз. Бірақ, біздегі жағдай әзірге жоғарыда да айтқандай.

**Жақила МҰХАМЕТЖАНҰЛЫ.**

Солтүстік Қазақстан облысы.

## **Өзекті күйдіріп жүрген нәрсе**

Шерхан Мұртаза мырзаның «Кім қорқынышты» атты мақаласын оқып шыққаннан кейінгі өз ойымды білдірмекпін. Бұл азаматтардың хаттарының қай-қайсы да қазақ жеріне таралып жатыр.

Мен әлгі мақаланы өзім ғана оқып қоймай, өзге кісілерге де оқып бердім. Қазақ тілінің мәртебесін көтеретін уақыт жетті. Қазіргі жетімсіздікке рухани жетімсіздік араласпағаны әбден керек. Осындай қиын кезеңде тіліміздің шекарасынан кері шегінетін болсақ, азаматтық арқалап жүрген кеуденің де құны бәлендей бола қоймас.

Қарап бос жүруге ешкімнің де қақысы жоқ. Өз бетімен күнелтуге міндетті. Талай шаралар белгіленуде. Бірақ, кешегі кемшілік бүгін тағы қайталанғаны жарасымсыз. Бәрі бірдей мұнтаздай бола қоймас. Ең болмаса, аузымыз айтып, қолымыз тиген мәселе жөнделгені қажет. Әйтпесе, бір жауапсыздыққа екінші жауапсыздық ұласа бермек. Атақты жазушылар ең алдымен осы мәселені көріп отыр.

**Қамза АСЫЛБЕКОВ,**  
зейнеткер.

Батыс Қазақстан облысы,  
Сырым ауданы.

## **Екеуара хаттарыңыз жазыла түссе екен**

Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың өзара жазысқан хаттары қазіргідей жүдеу кезде ел рухын серпілдірген зор құбылыс болды. Біз талай хаттарын біріге оқып, бір-бірімізге таратып жүрміз. Мұнда айтылған мәселелердің бәрі бар.

Заман зордың заманы, қалталының заманы болып тұрғанға ұқсайды. Әрине, бұл өзгертін болар. Жөнделетін шығар. Бұл үшін ең алдымен, айтылған сын ескерілсін. Сосын мемлекеттік деңгейде шаралар алына түссін.

Аға газет қазір әлеуметтік жағдайымызды айқын ашып жазып жүр. Бұған Елбасымыз сергек қарайтынын

сезінудеміз. Жергілікті әкімдер жағы әлі де болса нұсқауды жоғарыдан күтетін болып тұр.

**Қабылбек ЕСБЕРГЕНОВ,  
соғыс ардагері.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш қаласы.

### **Айтпағаннан айтқан бағалы**

Өзімнің сүйікті жазушым Шерхан Мұртаза мен белгілі қоғам қайраткері Камал Смайыловтың хаттарын үнемі жібермей оқитындардың бірімін. Тағы да хат жазысар ма екен деп күтіп отырамын. Қайсыбір жақсылық оңай бола қоймайтындығын сезетіндіктен, осындай хаттар әлеуметтік мәселелердің шешуін тездетеді деп ойлаймын. Шәкеңнің «Кім қорқынышты?» атты мақаласы туралы бір ойымды айтайын.

Қазір қорқынышты нәрсе көп. Бәрінен бұрын ең қорқынышты нәрсе - әділетсіздік. Жастай мүгедектікке ұшыраған мен талай әділетсіздікке маңдайымды тоқан кісімін. Маған зорлықты ылғи да танитын кісілер жасады. Бірақ, әр кезде де заң орындарының әділеттілігін көре алмадым. Мен үшін ең қорқынышты нәрсе - әділқазы болатын кісілердің әділ бола алмауы. Бұл адамның ғұмырын зая етеді. Қоғамның дамуын кешеуілдетеді. Азаматтық бейнемізді бұлдыратады.

**Орынтай ЖҮСІПОВ.**

Қызылорда облысы,  
Арал ауданы.

### **Азамат жолдан таймаса екен**

Алтын көрсе, періште жолдан тайған замандар болған шығар. Қазіргідей өз билігіміз өзімізге тиген заманда әр азамат періштеден де артық болғаны керек. Періште жолдан тайса да, азамат жолдан таймасын. Бұлай болмаса жаңа мемлекет құру күрделене түседі.

Бұл құрғақ сөз емес. Кемшілікті жіберіп жүрген балашаға, қатын-қалаш дей көрмеңіздер. Кемшілікті жіберіп жүргендер: ат басындай алтынға баларлық азаматпын деп өзін ойлайтындар. Кемшіліктің түрі көп. Жіпке тізіп айтсақ, бұл ұзақ нәрсе.

Атақты екі жазушы дәл осы азаматтардың кемшілігінен талай қате жіберілгендігін, қатесін қате деп санамай, бой бермей келгендігін, ендігі жерде бір тыныш қызметтерде бас бағып жүргендігі белгілі. Көзге түртіп айтуға болады. Мемлекет бағасын бермесе де, бағалары халық көңілінде тұр.

Міне, екі жазушы әлеуметтік осындай осалдықтарды күндей күркіреп, найзағайдай осып-осып айтқанын көре жүре, халық неге риза болмасын. Ендігі жерде азаматтық атты жоғарырақ ұстаған жөн. Жоғарғы жақтан қатаң бақылау қажет. Сол жоғарының өзін әлі де іріктей түскен де жөн.

**Құрманбек МЫРЗАТАЙҰЛЫ.**

Оңтүстік Қазақстан облысы.

### **Ұйымдастыра білу қажет**

Шерхан мен Камал қазіргі жалпы жағдайды әрі біліп, әрі сол шаруаны жақсарту үшін ой қозғап жүр. Айтқандары жөн. Ал, айтты екен, соны қалай іске асыратынымызды жетекші азаматтар ортаға салып, айтып жатса, кішірейе қала ма? Жыл бойы жазған хатқа қолында еш дерегі жоқ зейнеткерлер ғана үн қосып жүрміз.

Мен өз тарапымнан бірер мәселені ғана қосып айтпақпын. Бір мемлекеттік қызметкердің ылғи орыс тіліндегі басылымдарды оқитынын сұхбатынан біздер де оқығанбыз. Осыны Шерхан да жақсы аңғарған. Экономикалық жағдайдың қиындығы өз алдына. Ал, тіл туралы мәселеге не кедергі болып жүр? Екі тілде іс жүргізілсе де, ең болмаса, осының өзі қалыптасып, тұрақты жүргізілетін күнге жететін уақыт болды ғой.

Ескендір Хасанғалиев мырзаның американдық көршісі отбасымен екі-үш жыл уақыт ішінде қазақ тілін үйренгенінен хабардармыз. Сол отбасы Орал өңіріне келіп, өз тілімізде

халық дәстүрімен танысқанына куәміз. Әңгіме істі ұйымдастыруда ғана қалып тұр.

**Қарағойшы НАСЫРОВ.**

Батыс Қазақстан облысы.

**«Егемен Қазақстан», 10 маусым 1997 жыл**

## **ШЕРХАН МҰРТАЗА МЕН КАМАЛ СМАЙЫЛОВТЫҢ ХАТТАРЫНА ПІКІР**

### **Елге тірек, келешекке жол болар ой**

Өткен жылдың ішінде осы баспасөз бетінен екі жазушының өзара жазысқан хаттары бірдің емес, мыңның көңілін аударды. Халықтың сөзін айтты. Рахмет, азаматтар. Екі дос біріне бірі хат жолдап, өтпелі кезеңнің жай жапсарын нақтылы талдап, Елбасымыздың реформалық саясатына ашылған жолды одан әрі кеңейте түсер ойлар айтты.

Мен осы екі ініме бір-екі сауал қойғым келеді:

Бірінші – Сіздердің осы хаттарыңызға үлкенді-кішілі басшылар тарапынан пікір білдіріліп жатырма? Ғафу етсін, қайсыбір басшылар осы газетті жаздырып алдырып оқымай ма деген күдігім де бар. Сұрағым алдыңғысы.

Екінші – демократия дегеніміз қандай жүйе? Осы туралы бұрынырақта көбірек айтылатын. Қазір бәсеңсіп бара жатыр. Осы демократияны жергілікті жерде біздер пайдаға асыра алмай отырған секілдіміз. Ал сөз бостандығы, құқық еркіндігі бар деп ойына не келсе соны, халыққа керексіз сөздерді айтып жүргендерге сол демократияның ауқымында заңдандырылған тыйым бар ма өзі?

Мүмкін болса, келесі хаттарыңызда осы сұрағыма жол-жөнекей жауап қайтара кетсеңіздер екен. Талаптарыңыз орынды. Бұл сөздеріңіз елге де, Елбасына да қолғабысшы сөздер деп білеміз.

**Шәкімән Бектібайұлы,  
соғыс және еңбек ардагері.**

Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы.

### **Өткенге сын көзімен қарасақ, ілгерілейміз.**

Шерхан, Камал! Сіздердің хаттарыңыз бізге зор рухани қуат таратты. Былай қарағанда, бөліп бере қойған ештеңелеріңіз жоқ. Бірақ, сіздер айтқан сөздердің қуаты мен мәні елге нағыз керек сөздер еді.

«Ауыл шаруашылығын жаңа үлгіде экономикалық реформаға лайықтау үшін ешбір механизм болған жоқ» деген сөзді талай қайраткерлердің аузынан естідік. Жергілікті басшылар одан әрі жалғастыра айтатын болды. Оу, сол механизмді жасайтындар кімдер? Қай жерде жасалуы керек еді? Меніңше, бұл механизмді жасайтын әрбір ауыл тұрғыны, ауылдық және аудандық әкімдер. Мұның жөні мынандай. Мүлікті мемлекеттік иеліктен алу және жекеменшіктеу, ауыл шаруашылығын жекешелендіру туралы заңдар дер кезінде жарияланды. Осының әрі қарай бұқара халықтың арасында кеңіннен уағыздап тарату аудан әкімдерінің міндеті емес пе еді?

Әр ауданның, әр ауылдың жағдайына қарап, не керектігін байыптап, солар бойынша жоспар жасалуы қажетті. Бұған аудан көлеміндегі білікті мамандардың барлығы қатыстырылғаны жөн еді. Содан соң әр ауылда, әр кәсіпорында барлық жұртшылық бас қосқан мәжілістер өткізіліп, іс-шаралар белгіленуі жөн еді. Әр ауылдың өзіндік кәсіби бағыттары анықталуы керек еді. Мәселен, бұрынғы уақытта өздеріне қажетті жоқ шаруа бағытымен айналысып отырған ұжымдар болатұғын. Қой өсіретін жерде сиыр, бидай егілетін жерде көкөніс өсіру міндеттелетін. Ендігі жерде осы бағытты жөндеуді ойластыру қажет. Әр ұжымға соңғы берер бағдар: қанша отбасы бірігіп шаруа қожалығын құрады және кім басқарсын деп ойлайды, соны өздері шешіп алуға берген жөн болатын еді.

Осындай дерлік жергілікті жерде атқарылатын істер атүсті жүргізілді. Бақылануы кем болды. Баяғы аупартком хатшысы деңгейінде қалғандар деп кейбір басшылардың атына сын айтылып жатса, ең алдымен солар уақыттың

талабын айқын тани алмады. Қазіргі ең зор кемшіліктің барлығы дерлік жергілікті жерлерде жекешелендірудің шалағай жүргізіліп келгендігінен болады. Ендігі жерде сол кемшіліктерді айқын танып, жедел жөндеудің шараларын белгілесе, ауыл шаруашылығы қазіргі ауыртпалықтан бірте-бірте айығады. Енді осыған инвесторларды тартатын болсақ, ауылдың ертеңгі күні күңгірт деуге болмайтындай.

**Сағатбек Бекбайұлы,  
Ақшатау ауылшаруашылық өндірістік  
кооперативінің қаржы-жоспарлау бөлімінің  
қызметкері.**

Семей облысы,  
Аякөз ауданы.

### **Ойды ой қозғайды**

Екі жазушының газет бетінде жазысқан хаттары ешкімді енжар қалдырған жоқ. Туған еліміздің қазіргі хал-жағдайын батыл сөз етті. Ел тәрбиесі мәселесі де қозғалды.

Мәселен, көптен бері мемлекеттік тіліміздің қызмет өрісі туралы сөз болып жүр. Елбасымыз қол қойған Тұжырымдама да жарық көрді. Парламент те өз сөзін әлі айтар. Қазір патриоттық тәрбие туралы да айтыла бастады. Бірақ, әлі нақтылы сөйленген жоқ. Әншейінде ауызекі айтылатын «ұлттық намыс» деген сөзді біз «азаматтық парыз» деп ауқымын кеңейтіп ұғынамыз.

Бұрынғы «идеология» дегеннің ықпалы зор еді. Қазір сол идеологияға бара бар, халықтың мүддесін қорғайтын, ешбір асыра сілтеуге бой ұрмайтын азаматтық тәрбие ісін тұрақты жүргізу өте қажет.

Ал, осы іспен бір ғана мектептерден басқа қай мекеме айналысады? Қыздар тәрбиесі туралы да аз айтылып жүрген жоқ. Жалпы алғанда, қазіргі жастардың келешегі әлі айқын болмай тұр. Сіздердің хаттарыңыз әлі де жазыла түссін деген тілек білдірмекпін. Елге қажетті сөздер сөйлене беруі жөн. Сол ғана ортақ мақсатқа біріктіреді.

**Советбек Көбенұлы.**

Алматы облысы,  
Талғар ауданы.

### **Біздің ауылдағы жағдай**

Мен осы екі жазушымызды да сырттай жақсы білемін. Қазіргі қиындық кезінде ел ішінен суырылып сөйлегендері үшін көп рахмет айтамын. Айтқандарының бәрі дұрыс. Оны мен өз ауылымның жағдайынан көріп отырмын.

Қазір баяғы ауыл жоқ. Бөлінді. Бөлінсе де, бәтуәлі іс атқара алмай отыр. Бұрынғы мал құрып бітуге таяу. Жергілікті жерлердегі тұрмыстық, мәдени мекемелер қаңырап қалды. Қазіргі біздің ауылды көрсеңіз, соғыс жылдарының бір үзігі секілді. Ұрлық та бар, зорлық та бар, жұмыссыздық жайлады. Арақ ішушілік көбейді.

Мен жігіт болған азамат баламнан айрылдым. Соның өлім жөні әлі толық тексеріліп болған жоқ. Бізге тиесілі бөліс те беріле қойған жоқ. Мұны отыз жылдан астам мұғалім болған мен айтып отырмын. Қарапайым шаруаның айтары ол өз алдына. Сол себепті Сіздердің хаттарыңыз қоғамды сауықтыратын сөз болды деп есептеймін. Сіздер Елбасымыздың саясатын толық қостап отырсыздар. Мен де соларыңызға ризамын. Ал жергілікті жерлердегі шаруашылықтың ілгері басуын одан әрі сөз ете беріңіздер.

**Н. Ахметова,  
зейнеткер.**

Жезқазған облысы,  
Ақадыр ауданы.

### **Қатаң талап, тіке сөз өте пайдалы**

Екі жазушының өзара жазысқан хаттары сонау алыста қалған жылдарда халқына болысқан ардақты кісілердің хаттарындай әсер етті маған. Әрине, қазір жағдай өзге. Қазір халқы сенген Елбасымыз бар. Халықтың қамын ең алдымен

сол ойлайды деп сенеміз. Ант қабылдағанда бәріміз орнымыздан тік тұрғанбыз. Сондықтан бұл хаттар нарық экономикасын егжей-тегжейлі тексере түсуге, Елбасымыздың саясатын одан әрі жүзеге асыруға жәрдемдеседі деп есептеймін.

Қазақстанның байлығы оның ысырапқа ұшырау реттері жөнінде шын шамданып айтылған сөздерді біз ризашылықпен қабылдаймыз. Қазір ел ішінде атқарар жұмыс көп. Соның біразы үкіметтің кемшілігінен болып жатса, көпшілігі жергілікті жердегі жауапкершіліктің кемдігінен болып отыр.

**Қ.Мусин,  
соғыс және еңбек ардагері.**

Алматы қаласы.

### **Судың да сұрауы бар**

Біздің ойымыздан бір сәт шықпайтын нәрсе: бұдан әрі қарай жағдайымыз не болар екен? Күні кеше осы сауал бізді көп мазаландыратын. Әлі де көкірегімізде жүр. Дей тұрғанмен, ендігі ұжымдасудың, күнкөрістің жолдары белгілі бола бастағанын медеу тұтамыз.

Сіздер айтқан сөздер бұрын да елдің көз алдына көрініп, ойларында жүрген сөз еді. Бірақ, бұзып-жарып ешкім айта қойған жоқ-ты. Айтса, ауыл арасынан ұзамаған сөз болды. Жұрттың көпшілігі әлі күнге дейін әкімшіліктің бетіне қарап сөз айтудан қаймығады. Күн көрсетпейді деп ойлайды. Шынында, қайсыбір жерде әлі күнге дейін солай. Бұл өктемдік тоқталатын уақыт жетті. Мүлде ортақ. Өзіміздің мемлекетімізді бәріміз бірігіп құрысуға тиістіміз. Сондықтан да сіздердің сөздеріңіз өте бағалы.

Елбасымыздың саясатын біз тұтас қолдаймыз. Айтудай-ақ айтып жүр. Шетелдерден қауғалап қаржы әкелуде. Бәрібір сол кісінің беделі емес пе. Енді елдегі шаруаны қалғандарымыз неге ұқсатпаймыз? Сондықтан да қазіргі кемшіліктің бәрі жергілікті басшылардың міні деп білемін.

Ауыл шаруашылығы әбден ақсады. Мұны жоспарсыз жүргіздік. Нағыз эксперимент керек шаруа осы еді. Қазір көпшілік жерлерде бұрынғы ұжым тарап, ұсақталып кетті.

Мұның пайдалы жағы көп. Бірақ осылардың өзара бірлесіп пайдаланатын реттері де бар. Әркімнің үйінің қасында қаңқиып тұрған бір трактор. Әсіресе, ұжым басшыларының үйінің маңында техника көбірек қарауытады. Ендігі жерде, ең болмаса, осы техниканы ортақ пайдаланудың жөнін ойластырған басшылар ұтады.

Ауданның басшылары талай жеңіл мәшинелерді жекеменшікпен алды. Менің байқауымша, техникасыз, көліксіз қалғандар қарапайым жұмысшылар ғана. Осыған қарағанда, бірлеспесе кешегі жұмысшы бүгін тамағын асырай алатын түрі жоқ. Екі атақты жазушы осыны әбден сезініп, замана сөзін айтып отыр. Ендігі жерде осы сөзге барлығымыз да құлақ асуымыз керек.

Мінді тез түзетуге болады. Мен дәрігермін. Тәрбиешімін. Осы мамандығыма байланысты ел ішінде көріп жүрген нәрсем: жаңа жағдайдағы жаңа талаптарға лайық үгіт-насихат ісі жоқ. Жастар тәрбиесі кем. Тәрбие ісімен айналысатын, жаңа жағдайдың жаршысы болатын ұйымдар құру қажет.

**Раушанбек СМАҒҰЛОВ.**

Қызылорда облысы,  
Жалағаш қыстағы.

### **Ертеңіміз айқын көріне бастады**

Мен ең алдымен қазіргі жағдайда еліміздің бірлігінің нығая түскеніне шын сүйсінемін. Қиындық бұрын да талай ұшырасқан. Тіпті, қолдан келер шаруалардың бірсыпырасы үстірт шешіліп, тартқан бейнетіміз шаш-етектен болғаны да есімізде. Дәл қазір ертеңгі күнімізге сенім молая түсті. Осы тұста қайсыбір шешімін таппай жүрген мәселелерді сіздер хаттарыңызда дәл басып айтқансыздар. Айтқандарыңыздың барлығы да орынды. Осындай сөздерді сіздердей кісілер айтпағанда кім айтады.

Үкімет те аянып жатпағанға ұқсайды. Кемшіліктің саны көп. Бірақ, ілгерілеу бағыты да көріне бастады. Камалдың хатында айтылатын «мерседес», «особняк» иелерінің көбейе түскені жөнінде бірер сөз. Мұндайлар, шынында, біраз. Әсіресе, мекеме басшылары әлгідей қара мәшинелерге

мінетін дәстүр шықты. Бұған жауап беріп жатқан да ешкім жоқ.

Ал, жеке күнкөріс мәселесін ойлағанда, әлі де болса, бойкүйездіктен арыла алмай жүргеніміз байқалады. Себебі: үйінің іргесіндегі саяжайын күтіп-баптамайтын қазақтар баршылық. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарын аралап қайтқан Шерханның бүгінгі күнге қазіргі көзқарасы сәл өзгерген тәрізді. Сол себепті де еліміздің сәуледей жылтырай бастаған істеріне назар аударуды бір хатында жөн айтты.

Сіздердің хаттарыңызда шетелге сатылып жатқан зауыттар, кәсіпорындар көп әңгіме болады. Әрине, осының бүгін ойлантатын да, ертең ойлантатын да мен аңғармаған жақтары болуы мүмкін. Әйтсе де, Қызылордадағы Құмкөл туралы пікірді толық қабылдай алмаймын. Бұл ойланбай істелген іс емес. Пәлен ай бойы жұмысшы еңбекақы ала алмай, өнім алу тоқтауға жуық болып бара жатқан кәсіпорынды сатпағанда не істемекпіз? Ертеңі қалай болмақ?

Қазіргі атқарылып жатқан істердің ішінде біздің мәжбүр болып істегендеріміз де бар шығар. Алдағы уақытта өзіміз атқара аламыз ба, атқара алмаймыз ба деген ойды кеңірек талқылап айту да қажет шығар. Бәлкі сіздер осыны ескеріп айтқан боларсыздар. Менің ойым: кемшілік бірте-бірте жөнделеді.

**Шәкизат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,**  
**«Егемен Қазақстан» газетінің бұрынғы қызметкері.**  
Қызылорда қаласы.

### **Уақыт өтер-ау, оған дейін аз ба, көп пе?**

Атақты жазушы Шерхан Мұртазаның жауап-хаттары маған ерекше ұнады. «Кедеймін деп қорланба» деген сөздер мені атқа мінгізгендей болды.

Мен мүгедекпін. Балалы-шағалымын. Мемлекет маған зейнетақы береді. Оған алатын ұн, шекер, киім-кешек, т.б. заттар дүкенде жоқ. Саудагердің қолынан аламын. Яки, бұл капитализмнің белгісі. Коммерсант арзаныңа алып, мен сияқтылардың өзіне қымбатына сатады. Яки менің үстімнен күн көреді. Мен болсам «күн көргеннің күні артық» деп

ғұмыр сүремін. Осы тұрғыдан алғанда, маған коммерсанттар сүйкімді көрінбейді.

Жақсы, басқа жерден аларсың дейтіндей мен аяқ-қолы сау адам емеспін ғой. Шерағанның хаты маған өз жағдайымды ойлатты. Бір сөзінде осы Шерағаң «уақыт бәрін таразылайды» деген екен. Мен осы сөзіне де қуандым. Ертеңгі күнге сенемін.

**Орынтай ЖҮСІПОВ.**

Қызылорда қаласы,  
Арал ауданы.

### **Қиындықтан шығар жол қайсы?**

Мен жазумен айналысқан кісі емеспін. Атақты жазушы Шерхан Мұртазаның хаттары мені ерекше сүйсінтті. Бірақ, қолында билігі бар бірде-бір азаматтың аузына су толтырып алғандай үндемей жүргендері таң қаларлық. Айтылды. Жазылды. Үкімет те қолын қусырып қарап отырған жоқ. Елбасының өзі бастап, жаңа шаралар белгілеуде. Міне, осы жағдайда әр ауданның, әр облыстың қиындықтан шығар жолы туралы ендігі жерде әңгіме болуы өте қажет.

Қазір шаруа қожалығын құруға үстірт қарасақ, ойламаған қиындықтарға кездесетінімізді көріп жүрміз. Әрине шаруа қожалығын құру керек.

Мен өз үлесімді алу үшін үш жыл уақыт бойы қақпаған есігім қалмады. Ең аяғында аудан әкіміне «енді тыңдамасаңыздар, Елбасының өзіне барамын» деп жүріп, үлесімді беруге мәжбүр еттім. Сол өз үлесіме «тіркеме» қосып берді. «Тіркеме» деп отырғаным: бұрынғы ұжымшардың қарызын менің жер үлесіме қосып бергендігі.

Бұрынғы әр ұжымшардың шеберханасын бірнеше шаруа қожалығының техникасын жөндейтін МТС деңгейіндегі кәсіпорын етпесек, жергілікті жердегі шаруа қожалықтары күн көре алатын емес. Шаруа қожалықтарына бөліну өте пайдалы. Бұған біздің көзіміз жетті. Дақыл өнімдері екі еседей артық алынатын болды. Сол өнім ұрланбайды. Бюджетке салықтан алынған қаржы түседі. Жұмысшының өз меншігіне деген ықыласы айрықша өзгереді.

Біздің үлкен кемшілігіміз: жергілікті басшылардың айтқанына сеніп, бос ырду-дырдуда уақыт өткізіп, қолдағы барымыздан айырылып қалғанымыз. Осы ретте атақты екі жазушы бүкіл елге пайдалы әлеуметтік оқиға боларлықтай іс атқарғаны сөзсіз. Шын сөзді бұдан былай да «бетің бар, жүзің бар» демей айта беру қажет. Ел тағдырынан артық қымбат нәрсе бізде жоқ.

**Есалы ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ.**

Қызылорда облысы,  
Жаңақорған ауданы.

### **Заң алдына бәріміз бірдей болсақ, заман түзеледі**

Шерхан көке! «Шындық жолы – қиын жол» дегеніңіз пайғамбарлық сөз. Шындық жолы ғана халық жүретін жол.

Ата Заңымыздың 46-бабы есіңізде ме? Сонда «жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи байлық тек мемлекеттік меншікте ғана болады. Аталған объектілерді меншіктенушінің құқықтарын мемлекет атынан жүзеге асырудың шектері мен субъектілері Заңмен белгіленеді» деп жазған ғой. Қазір сатылған объектілер заңмен беріліп жүр ме? Мен Ата Заң қабылданар тұста бірсыпыра ой азабын кешкен кісінің бірімін. Тіпті, өз талаптарымызды атап айтып, аштық жариялауға бел буғанмын. Осының бәрі менің балалығым да, шалалығым да емес-ті.

Сіздердің хаттарыңыздағы айтылған пікірдің бәрі менің де көңілімнен шығады. Қазір елдің алған бағыты біршама айқындалып келеді. Тек осыған бақылау керек. Заңның орындалуын күнбе-күн әр жүйе бойынша талап ете білген жөн. Заңның қуаты – жалпыға бірдей қатысты болуында. Сіздердің хатыңыздағы талаптың үлкені де осы ғой деймін.

**Марат ЖАЛҒАСБАЕВ.**

Жамбыл облысы,  
Сарысу ауданы.

## «Егеменнің» ерлігі

Қымбатты Шерхан! Қадірлі Камал! Сіздердің жазысқан хаттарыңыз көкейдегі көп ойды қозғайды. Елдің сөзін сөйлегендеріңіз дұрыс-ақ болған. Халқымыздың ділі, діні, иманы туралы толымды ой айтып, қоғамдық өмірдегі кейбір келеңсіздіктерді сын тезіне алыпсыздар. Жөн. Сіздердің өткір сөздеріңізді жоғарыдан жасқанбай жариялаған, газет бетінен орын беріп отырған өзіміздің «Егемен Қазақстанның» ерлігі де, жөні де бөлек. Сіздерге де, газетке де рахмет. «Егеменге» жазылғанымға қуанамын қаржының тапшы тұсында жұмсаған ақшама еш өкінбеймін. Менің ұтысым осы.

**Ж.НҮСІПЖАНОВ,**  
**жұмысшы.**

Алматы облысы.

**«Егемен Қазақстан», 5 ақпан 1997 жыл**

## КЕМЕЛ ШАҚ

Жетпісінші жылдардың басында «Жалын» альманағы (қазіргі журнал) жанынан балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығармалар үшін жабық бәйге жарияланды.

Тұңғыш жүлдегерлер Оралхан Бөкей («Қайдасың, қасқа құлын»), Тынымбай Нұрмағамбетов («Қош бол, ата») сынды кейін әдебиетіміздің белді саңлақтарына айналған жас жазушылар еді.

Солардың қатарында бұған дейін аты белгісіз Несіпбек Дәутайұлы деген жігіт осы бәйгені бірінен соң бірі – үш рет иеленді. «Алма ағашының бұтағы», «Өнім сен едің», «Ақ көгершін» атты повестерімен ол оқырмандар ықыласына бөленді.

Бұл шығармалар туралы әдебиетіміздің беделі Әбіш Кекілбай: «... Несіпбек Дәутайұлы дүниелері қазіргі рухани зәруімізді жіті аңғартумен қуантады» десе, Қадыр Мырза-Әлі: «Несіпбек Дәутайұлының ауқымы кең әлеуметтік мәселелерге тереңдеп бара білетіні ұнады. Повестерінде

боямасыз, шынайы өмір бар, іштей күйініп, жалғандықпен жағаласып жүрген, азаматтық болмысы аппақ характерлер бар», - деп баға береді.

Бұл кезде терең тарихты жіті зерттемей, бұрмалап, өңін өзгертіп шығарма жазғыштар көбейіп кетті. Несіпбек «Жол» повесінде сондай жалған жазушыларды әшкерелеп, тарихты бұрмалаудың маскара ауыр күнә екенін, ондай жазушысымақтардың зауалсыз қалмайтынын қатаң ескертеді.

Қазір Н.Дәутайұлы «Құдірет пен қасірет» романын аяқтады. Кітап жазу қиынның қиыны. Ол құдірет берген таланттың ғана қолынан келеді. Ал, сол кітапты басып шығару одан да қиындап кетті. Бұйырса, бұл роман да оқырманның қолына тиіп қалар.

Н.Дәутайұлы жазушылығымен қоса, белгілі публицист. Баспасөзге келген ширек ғасыр ішінде ел мен жердің тарихы, тағдыры, тілі мен діні, мәдениеті мен өнері, салт-дәстүрі хақында көтерген көптеген проблемалары оқырманның рухани деңгейін байытуға қызмет етіп келеді. Оның азаматтық белсенділігі, тарихи терең танымы, қандай жағдайда да шындықты жазып, ақиқаттан айнымайтын қайраткерлігі баршаға белгілі. Ешкімнің ойында әлі ешнәрсе жоқ кезінде, яғни, 1980 жылдардың ортасында-ақ ол Қордай жерінде жоңғар басқыншыларына қарсы күрестің шешуші шайқасы өткен Аңырақай даласының тарихын зерделеп жазып, қазақ халқының осы өлмес ерлігіне мәңгілік ескерткіш орнатуды алғаш ұсынып, «Аңырақай шайқасы» қорын ашты. Сондай-ақ, ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі, Қордай жерінде мерт болған қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымов туралы да баспасөзде айтылмай жүрген кейбір ақиқатты айтып, жазып оған да бүкілхалықтық ескерткіш орнату үшін «Кенесары» қорын ашқан. Жазушы осы мақсат жолындағы белсенділігін әлі де тоқтатқан жоқ. Биылғы жылдың шілде айында әр дәуірде Қордай жерінде шоғырланған тәуелсіздіктің үш ұлы құбылысы – қазақ хандығының алғаш шаңырақ көтергені «Аңырақай шайқасы» және Кенесары қозғалысы туралы тарихи танымы терең телехабар түсіріп, тәуелсіздіктің осы ұлттық ерлігіне ескерткіш орнату арқылы қазақ халқының қаһармандығын

ұрпақтан ұрпаққа мәңгі өшпес өнеге етіп қалдыру мұратын тағы алға тартты.

Қаламгер қазір өзінің кемел шағында. «Аңырақай шайқасы», оған басшылық еткен қазақ хандары, билері, батырлары мен жалпы халықтың ерлігі, сол ерліктің түп қазығы – ұлттың бірлігі туралы тарихи әлеуметтік көркем роман жазуға кірісті. Сондай-ақ осы шығармасында Қордай топырағында туған тарихи тұлғалар - Өтеген мен Жолбарыс батырлардың толық қанды бейнесін жасап, ал бастысы - жалпы ұлттық ерліктің тегін көрсетуді мұрат етеді.

**Шерхан МҰРТАЗА**

**«Егемен Қазақстан», 4 қыркүйек 1997 жыл**

## **НОСТАЛЖИ – ҰЛЫ САҒЫНЫШ**

Жақында бала кезден берге өскен досыммен ауыл таңын бірге қарсы алдық, қаншама сыр атқарылды. «Шіркін, қазақтың кең даласы-ай» деген сөзді айтып, кең дүниеге құмарлықпен керілгені үшін қазақтың қаншама айбозым керімдері кезінде мерт болды-ау...

Ұлы орыс халқында «сағыныш» деген сөздің баламасы жоқ екен. Ол ұлы француз және қазақ халқында бар. Ресейде кіндік қаны тамған, әкесі Ресейдің аса көрнекті ақыны Андрей Тарковскийдің «Ностальгия» (Тоска по Родине) деген керемет кино туындысы бар. Ол ішқұса болған ұлдың Отанға деген ұлы сағыныш сезімінен құралған шығарма. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасында» осындай бір ұлы сезімнің ұшқыны жатыр.

Қазақ кең даласын шынайы сағына алмаса оны жоғалтып та алар еді-ау... Ғасырлар айырығындағы жаңа жылда сезімтал әрі нәзік халқымыздың мерейі үстем болсын!

**Еркін ҚЫДЫР.**

**«Егемен Қазақстан», 31.12.1997 ж.**

## ОРТАҚ МҮДДЕДЕН ОЙЛАСТЫРАЙЫҚ

### Шерхан мен Камал хаттарына орай бірер сөз

Еліміздің белгілі осы қаламгер азаматтары хат алмасып, пікір өрбіткендеріне де біраз уақыттың жүзі болды. Бұл хат мазмұндарына зор мән бергендіктен болар, қарашаңырақ газетіміз «Егемен Қазақстан» үзбей басып, көңілден шығар көкейтесті мәселелерді қалың оқырман қауымға жария етіп келе жатқандарына ризалық білдіресің. Екеуі де халық қамына, мемлекет мүддесіне аса жанашыр жүрекпен бір-біріне ашына, ашыла сыр ақтарып, бірінен бірі пікір тартып, басқалардан да қолдау іздегендей болады. Қолдарыңдағы қаламдарынан басқаға биліктері болмаған соң, олар амалсыз ақ қағазға мұң шаққандай сезінеді екенсің.

Мемлекетіміздің, болашақ ұрпағымыздың қамын жеген екі азаматтың бір-біріне хаттарын жеке кітап етіп шығарса деп ұрпақ үшін игілікті іс атқарып жүрген Мұхтар Құлмұхамед ініме құлаққағыс жасағым келеді. Әйтпесе бізде саны бар да сапасы шамалы бизнесмен де, қор да жыртылып айырылады десе болғандай. Өзімізге келгенде аузыңа бір тамшы су да тамызбауға бар, ал Мәскеуден эстрада жұлдыздарын шақырып, оған ағыл-тегіл шашылатын «Бутия-Капитал» қорынан қайырымдылық көмек көрсету мәселесін сұрап жазған хатыма алынған жауап ойымның үстінен шықты. Басшылары Б.Әбілов пен Б.Қарабеков мырзалар «бізге қайырымдылық, мейірімділік, қамқорлық қызмет көрсетуге тыйым салынған» деп отыр. Басқаға көл де, өзімізге шөл деген осы.

Тіл мәселесі: қанша ұрандасақ та, шынын айтар болсақ қазақ тілі халқымыздың қарттарының, құлақ естігендей ересектерінің өзара қатынас тілі ретінде ғана қалып қоя ма деген қауіп тудырады.

Өз ортамызда ана тілімізді шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әлі күнгі жасқанамыз. Опат болар Кеңес өкіметі опат болды ғой, енді кімнен жасқанамыз? Жоқ, әлі біз жасқанатын қаһарлы зәрі өтіп қалған күш бар ма?!

Шет елге басшы азаматтар барып жүр. Ал солар барған елдері емес, сонда барып олар неге орысша сайрай жөнеледі? Неге өз ана тілінде сөйлеп, оны барған елдің тілінде қазақ аудармашылары аудармайды? Әлде барған, не келген ұлт өкілдерімен ана тілімізде сөйлесуге ұяламыз ба? Өз ана тілімізді кемсінеміз бе? Біздің ана тіліміз байлығы, мәнерлігі жағынан ұялып бетке басатындай сорлы кедей тіл емес қой! Қай елдің өкілдері болмасын өз тілінде ғана сөйлейтіндері белгілі.

Тіпті, осы жерімізде өз азамат-азаматшаларымыз бірімен бірі орыс тілінде сұхбаттасып тұрғандары өрескел-ақ! Ол сөйлесіп тұрған мәселені қазақтар естісе артық бола ма? Олардың ешнәрсе естігісі келмей ме? Үлкен жиындар, тіпті Парламент мәжілістері орысша жүретінін көріп, естіп жүрміз. Сөйте тұра орыстарға қазақ тілін білмейді деп өтірік кейде өкпе артқандай боламыз. Ал қай жерде болмасын қазақтар өз тілін менсінбей орысша сайрап тұрған соң орыстардың қазақ тілін үйреніп не әуресі бар?

Демек, орыстардың қазақ тілін үйренуге ынта қоймауына өзіміздің қазақтар кінәлі. Орыс ағайындарға да айтатын өкпе қара қазандай. Қазақстанда туып, кейбіреуі 70, тіпті 80 жыл осында тұрса да бір ауыз қазақ тілін білмейтіндері де бар.

Мен ұлтшыл емеспін. Шындықты айтар болсақ. Біздегі орыс ағайындардың дені қаншама бауырға тартып, достық құшақта болсақ та ұлы шовинистік ниеттен, ал кейбір қазақ бауырлар үйренген жай орысшылдықтан арыла алмай келеді. Қазақ елін, қазақтың ақ ниетін сыйлағандарға, ынта қойып болашағын ойлағандарға біздің тілді үйрену қиын емес. Бізге қатар тұрып емес, биіктен, жоғарыдан қарау «қиын» деген қисынсыз пікір айтулары мүмкін. Бір-бірінің тілін білу халықтар достығының дәнекері. Егер олар қанша жақсы біліп қазақпен сырласса қазақ халықтың кім екенін, тіл байлығы да өздерінен олқы соқпасын түсінер еді. Бір кезде өмір сүру, жауапты қызмет алу қажеттігінен қазақтар жаппай орысша оқып, орыс тілін үйренуге мәжбүр болғаны сияқты орыстар да сондай зәрулікке душар болса ғана қазақ тілін үйренуге ден қояды, әйтпесе өздігінен саналылық пиғыл танытып қазақ тілін үйренулері екі талай. Сондықтан

мемлекет тілі бар салада күшіне кіріп, қазақ тілін білмейтіндер жақсы қызмет алуларына тосқауыл қою үрдісін қалыптастырудан тек ұтамыз.

Елімізде қазақша-орысша шығатын газеттердің өзі біріне-бірі қарама-қайшы пікірде шығатындарына алаңдайсың. Орыс тілді тілшілер де Мәскеу тілінде сөйлейді. Мысалы радио торабының Ақмоладағы тілшісі Надежда Самсонова деген қазақ жерінде емес, сонау Мәскеудегі Ақ үйдің төбесіндегі Ресей жалауын ұстап тұрғандай сөзін «Привет, Казахстан!» деп бастайды. Бізге таратылатын Ресейдің «Известия» газетінің тілшісі Владимир Ардаев деген ашық арандату ниетімен құлаш-құлаш мақала жазды. Өр елде Ресей тілшілерінің тұтқындалып, ұрланатыны тектен-тек емес. Олар жүрген елдеріндегі арандату әрекетін жасыруға болмайды. Ал ол елдер болса Ресейден біз сияқты жасқанбайды, ол бейбастықтардың сазайын тарттырып келеді, басындырмайды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде кейбір Александр Жовтис сияқтылар «қазақтар ұлтшыл» деген Мәскеудің теріс бағасын желеу етіп қазақ кадрлары, қазақ оқымысты оқытушыларының соңына шам алып түсіп қуғын-сүргінге ұшыратты. «Жоғарғы оқу орындарында қазақ жастары басқа ұлт жастарынан көп деп, айқай-сүрен салды. Өз ұлт республикасында қазақ жастары неге көп болмауы керек? Қаншама қазақтың студент жастары өз оқу орындарынан алысталып, тіпті бас сауғалап шетел ауып кетті? Сол желтоқсан ызғырынан бір кездегі ашаршылық, қуғын-сүргін зобалаңды қазақтар тағы басынан кешірді. Лайым бұл халқымыздың басынан кешкен ақырғы зобалаңы болғай!

Телеарналардан көретініміз арзан қолды мән-мағынасыз шетелдердің кино қойылымдары. Ол қатыгездік, адам қанын судай шашу, кісі өлтіріп, оны кепілдікке алудың неше түрлі әдіс-айлалары мен тәсілдері, бейбастықтық, көргенсіздікті дәріптеп насихаттайтын секс қойылымдар. Бізге осындай талғамсыз кілең тыр жалаңаш, адам жиіркеніп ұялатын киносымақты ұсынатыны қалай? Бұл көрерменді қорлау емес пе? Енді соларға еліктеп дәл сондай таусылмайтын сериалды қазақтар да көрсете бастапты. Кейбір қазақ авторлары

киноларын, орыс тілінде кино аздай, сол тілде шығаратын болды. Ол өз өмірімізден түсірілген кино жақсы, не жаман болсын ана тіліміздегіні қазақтар көрмейді деп ойлай ма екен? Осы кино шығарушыларда намыс бар ма? Неге үнсіз киноларын сандыққа салып отыр...

Анда-санда көңілге қонар киноларды жарнамалармен бөліп үзіп-үзіп көрсетіп көрермендердің жүйкелетіп, қызықтыру да Ресей кино көрсетуінің «үлесі». Ал кино үзілгендегі жарнамаларды да маңызсыз. Қайдағы бір сағыз шайнау, аузы бар барша адамның білетіні шоколад жеу, не басқа ақша табу үшін әртүрлі жеңіл жүрісті бейнелеу көрерменді әбден мезі етеді. Бұл да Мәскеу киношыларынан жұққан жұқпалы ауру.

Мәскеудің кейбір алаяқтары ақша тауып, дәмді тамақ жеу үшін «СМЯК» деп атап тамақ дайындауды үйреткен болады. Оны біздегі пайдакүнемдер іліп әкетіп ақша тауып жүр. Мұны қазір ішім-жем қиындап тұрған кезде қара нанға зар болып отырған халықты мазақтағандай көрсетудің өзі ұят. Тамақ болса оны кім болмасын дайындап ішіп-жей алады. Бұл ауру да бізге қолма-қол жұқты. Хабар телебағдарламасының қазақшасына көңіл толады. Республикалық телеарналардың көбейіп үшеуге жеткеніне, онда мемлекеттік тілдің үстемдік ала бастағанына бек қуаныштымын. Бұл сүйсінуге тұрады. Коммерциялық телеарналарға да осыны тілер едім.

Халықты тәрбиелеуде радио рөлі зор екенін ескерсек айтар пікіріміз баршылық. Оның негізгісі әрбір таңертеңгі алтыда Әнұраннан соң екі тілде сөз ұран береді. Ата-бабалардың өсиетіне құрылған соңғысының мән-мағынасы терең, адамы адамгершілікке, парасаттылыққа, имандылыққа шақыратын тәрбиелік маңызы зор. Оған орнықты ой жіберіп, терең маңызын көңіл алаңдатпай тыңдайын десең қайдағы адамның жүйкесін кеміретін музыкамен араластырып естіртпейді, тұншықтырады. Ести алмай ақыры радио қабылдағышты ренішпен өшіріп растауға мәжбүр боласың. Осы жайды радио басшыларына айтып та көрдік, бірақ одан нәтиже шықпады. Тыңдармандарға естірткісі келмесе уақыт алып не үшін эфирге шығаратыны түсініксіз. Көп жағдайда

эфирде диктор дауысы үзіліп қалады, оны да бақылап отырмайтыны өкінішті, әрине.

**Қасым Қайсенов,  
Халық қаһарманы.  
«Егемен Қазақстан», 18 қазан 1997 жыл**

## **ТАРАЗ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ТАРЛАНЫ**

Тауда өзінің ежелгі атын қайтып алған Тараз шаһарында Қазақстан жазушылар одағының бөлімшесі жұмыс істейді. Соның өзінде жиырма шақты мүшесі бар. Олар: Жақсылық Сәтібеков, Оспанәлі Иманәлиев, Әлдихан Қалдыбаев, Шырын Мамасерікова, Елен Әлімжанов, Мұса Рахманберді, Пернебай Дүйсенбин, Несіпбек Дәутаев, Күләнда Шілдебаева, Бахтияр Әбілдаев, Қуандық Шолақов, тағы басқалар. Олар республика оқырмандарына етене танымал.

Ал енді осылардың бәрінің ағасы, ұйым бастығы жазушы Кәрім Баялиев.

Сонау қырқыншы жылдардың азабы мол кезеңі сап-сап болып, елдің ажары кіре бастаған 1947-1950 жылдары мен Таразда қазақ-интернат мектебінде оқыдым. Көк базардың желкесіндегі интернаттан шығып Пушкин көшесіндегі мектебімізге бара жатқан жолда күнде үстеріне ақшыл-сары «шемунше» (Қытай жібегі) китель-шалбар киген қос бозым жігіт кездеседі. Білетіндер айтты: журналистер, жазушылар деді. Облыстық газетте істейді екен деді. Бірі Махан Орманбетов, бірі Кәрім Баялиев екен деді.

Сонда бала-қиял көңілде: «Е, журналист, жазушы деген осындай болады екен ғой» деп соларға қарап, бой түзеуге тырысқанымыз есімде: «Е, журналист, жазушы деген осындай болады екен ғой» деп соларға қарап, бой түзеуге тырысқанымыз есімде.

Кім біледі, сол әсер ме, әлде тағдыр ма, сол журналист, жазушы деген соқпағы да, бұзығы да, қызығы да көп, кілең жалтыр тайғақ қия беттегі жолға түсіп кетіп, әлі қиялап келе жатыппыз ғой.

Міне, сол бала кезде қиялымызды қытықтап, өзіне көзімізді сұқтандырған бозым жігіт бүгін жетпіске де жетіп қалыпты-ау.

Кәрім Баялиев жетпісте.

«Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар» деген тапқыр сөз бар. Кейін білсем, менің сонау бала кезімде көрген көркем жігіт – Кәрім Баялиевтің де басынан қилы-қилы жағдайлар өткен екен.

Әкесі Баялы Билікөл тарапында атақты бай болыпты. Тәркілеуге таңылып, мал-мүліктен, жиған-тергеннен ада болып, жас баласын қойнына тығып, елден кетіп, Өзбекстан жағын паналап жүріпті.

Өмірде әділетсіздікті көп көрген соң ба, кейін өсе келе Кәрім заң оқуын қалаған. Бәлкім, заңды жақсы меңгергені өзін көп қатерден құтқарып қалған да болар. Кейін тұңғыш ұлының атын әділет қойды. Бұл заң білімі жазушылық ісіне көп жәрдемі тиді. Мен оның көп шығармаларынан осы қасиетті сеземін.

Кәрім ағаның «Адам ізі», «Дегелек келді жаз болды», «Нөсер», «Жылы лебіз», «Мейірім», «Тойбастар» повестері – адам бойындағы әрқилы қасиеттер қайшылығына толы, әділет пен арамдық арпалысының айқын көрінісі.

Бұл повестерде, әсіресе, «Тойбастарда» қоғамдағы кегежу, кесір-кесепат, әсіре даңғой мінез, дарақы, «бекер мал шашпақ» мінездер сатиралық сарказм дәрежесіне дейін әшкере болады.

Осы аталған повесть жарық көрген соң ондағы кейіпкерлердің «иелері» табылып, авторға шүйлігіп жабылғаны бар. Кітапта аты-жөндері бөтен аталса да тіршіліктегі «геройлар» өздерін өздері танып, ертоқымдарын бауырына алып туласын-ай келіп.

Демек, повесть жебесі нысанаға дәл тигені.

Шынында да кәзіргі қазақы тойлар көбінесе даңғаза дарақылыққа толы ғой. Несін жасырамыз. Құдай тойдан кенде қылмасын. Бірақ, мақтансор көбік сөзден адам тойға дем алып, рахаттану орнына көбінесе діңкелеп, шаршап қайтатыны болады. Мұндайда тойдағылар, сөзқұмарлар, мақтанқұмарлар Абайдың:

«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап...»

Деген даналық өсиетін ұмытып кетеді.

Дүниенің тірегі – ұрпақ. Бабалардың бабаларынан бері қарай жалғасып келе жатқан әулет әлдеқалай үзіліп қалса Күн сөнгендей болмай ма? «Дегелек келді, жаз болды», повесінің арқауы – ұрпақ жалғасы, сол арқылы тіршілік, өмір шексіздігі туралы әдемі ой-толғамға толы әңгіме бар.

Өзінің көп әріптестері сияқты Кәрі-ағаң да жазушылық өнерге журналистика ауылынан келген. Көп жыл Жамбыл облыстық «Сталиндік жол» («кәзіргі «Ақ жол») газетінде қызмет етті. Ал, 1959 жылдан бастап жиырма сегіз жыл бойына республикалық қазақ радиосының Жамбыл облысы бойынша меншікті тілшісі болды.

К.Баялиев драматургия жанрында да еңбектеніп келеді. Ол сонау алпысыншы жылдары Қаратау кеншілерінің өмірінен «Тас гүл» атты пьеса жазған еді. Оның «Оралу», «Атаң келеді артында» пьесалары бойынша Тараз, Шымкент театрларында қойылған спектакльдер табысты болды. «Қос дегелек» атты спектаклі бауырлас Қырғызстанның Ош облыстық театрында қойылды. Таяуда Кәрі-ағаң «Қайта сайлау» деген комедия жазып бітірді.

«Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» деген бар. Республикалық Жазушылар одағының өзі тәлтіректен қалғанда, осы одақтың кейбір облыстарындағы бөлімшелері тарап, консультанттары қысқарып кетті.

Ал, Жамбыл облысының жазушылары Кәрім ағаның бастауымен бұл ыдыраудан аман қалды. Кейде жергілікті өкіметтен жәрдем алып, әйтеуір әрекеттеніп, өз күнін өзі көріп жатқан жайы бар.

Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып жүріп, ағамыз жуырда тағы бір повесть жазып бітірді. Бұл енді жазушы мен заңгердің қолтаңбасы. Өйткені шығарма мейлінше шытырман оқиғалы. Заманның өзі шытырман. Мынау соның көркем көрінісі. Мына базар әлемінде қоғамның бет-бейнесі күрт өзгерді. Мұхит толқыса бетіне шөп-шалам, балдыр-батпақ көп шығады. Сол сияқты кәзір зұлымдық көріністер: ұрлық-қарлық, алдау-арбау, жемқорлық, парақорлық өршіп тұр. Осындай заң сақшылары, яғни, қазақша Шерлок Холмстер,

Мәгрелер де шыға бастады. Повестегі Әбден Ерiмбетов сондай тергеушi.

Қазақ әдебиетi детектив жанрға жұтаң. Ал, Кәрiм Баялиев болса, заңгерлiк бiлiмi арқасында бiздiң әдебиетiмiзге шытырман оқиғалы, қым-қуыт қызықты жанрды жандандыруға тәуекел еткен жазушы.

Кәрiм Баялиев кiтаптарының оқырмандары, оның талантын танып, құрметтеушiлер қауымы тарлан тартқан қаламгерге ұзақ ғұмыр, шығармашылық мол табыс тiлейдi.

**Шерхан МҰРТАЗА.**  
**«Егемен Қазақстан», 20 ақпан 1997 жыл**

## **ШЕРАҒАҢА КАНДИДАТТЫҚ КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ!**

**Бұрнағы Парламентте ел тағдыры, тiл тағдыры сынды өзектi мәселелер сөз болып, депутаттар «жаға жыртысып» жатқанда теледидар алдында отырған қауым Шерағанның ойлы да өткiр, түйдек-түйдек пiкiрлерiне айызы қанып, риза болып отыратын. Ал, кейiнгi Парламенттегi сын сағаттарда «әттеген-ай, парламентте Шерағанның жоғын қарашы» деп сан рет сан соғып, аһ ұрғанымыз да жасырын емес.**

Кезектi Парламент сайлауының аламаны басталғалы берi «кандидаттардың арасында Шерхан Мұртаза бар ма екен?» деп үмiтпен елеңдеп жүрген қауымға қуанышты хабарды жеткiзбекпiз. Халқымыздың ардақты ұлы, Қазақстан мемлекеттiк сыйлығының, Қазақстан жазушылар одағының «Алаш» сыйлығының лауреаты, белгiлi қоғам қайраткерi, жазушы, драматург, публицист Шерхан Мұртаза ағамыз жақында ғана облысымыздан, нақтырақ айтсақ №25 Қаратау сайлау округiнен Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Мәжiлiсiне депутатыққа кандидат болып тiркелдi.

Шерағанның сайлау сайысына Жамбыл жерiнен түсуi бiз үшiн, әсiресе, Қаратау сайлау округына қарайтын Жуалы, Талас, Сарысу, Жамбыл аудандарының халқы үшiн үлкен сын болғалы тұр. Ендеше ондағы ағайындар осынау ар сынынан

сүрінбей өтеді, Шерағаң Парламент төрінен орын алады деп сенеміз.

«Евразия», 1 қазан 1997 ж.

### **ШЫМЫЛДЫҚ ІШИНДЕГІ ШЫНДЫҚ (Шерхан мен Камалдың хаттарына орай)**

Құрметті редакция! Мен сіздердің газетте жарияланып келе жатқан халқымыздың қадірменді ұлдары Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылдың бір-біріне жазған хаттарын оқыған сайын тұңғық ойға батудамын. Тек мен емес, басқа оқырмандар да осындай күй кешуде шығар деген пікірдемін. Ал Үкімет ше? Шерағаң Камалға жазған бір хатында («Егемен Қазақстан» 9 тамыз, 1996 ж.). «Бұл хатты осымен доғарайын. Мүмкін Үкіметтің тұтқасын ұстап отырған азаматтар екеуара әңгімеге үн қосар», - дегені бар еді. Содан бері, міне, бес-алты ай өтті, үн қосатын біреуі де жоқ, ол болмайды да. Себебі, бұл саланы мен жақсы білемін. Жақсы білгендіктен де олардың сылтау айта алмайтынына да бәс тігемін. Шерағаң шенеуніктерді мақтамен бауыздағандай болып отыр.

Мен ширек ғасыр бойы осы Ауыл шаруашылығы министрлігінде жауапты қызмет істедім. Қысқарып қалғанға дейін сондағы қой шаруашылығы бөлімін басқардым. Демек, мал шаруашылығының бүге-шігесіне дейін білемін десем, артық айтқандығым болмас. Ал енді ойымды одан әрі жалғастыру үшін тағы да Шерағаңның хатынан үзінді келтіргім келеді:

«Күні кеше Қазақстанда отыз алты миллион қой барда сол қойды бағып-қағатын қанша адам болғанын білесің бе, Камал?» Сен есепке жүйріксің ғой. Мен нақты санын білмеймін. Бірақ тұтас бір мемлекет көз алдыма келеді. Қазір сол отыз алты миллионның тамтығы қалды. Нақты санын ешкім де білмейді. Статистиканың есебіне сену қиын. Статистика нақты санды айтпайды, әкім не айтса, соны жазады. Сонда әлгі отыз алты миллион қойды баққан тұтас

армия таяғын ұстап қайда кетті? Күнкөріс іздеп қаңғырып кетті. Және олар кімдер? Қойды кім бағушы еді, Камал?

Өте дәл айтасыз. Бұл – шымылдықты ішіндегі шындық. Сіз шымылдықты ашып тастап, ішіндегі шындықты көрсетіп отырсыз. Қазақ төрт түлік малсыз қазақ емес. Төрт түліктің ішіндегі қой-қазақтың бетке ұстар айнасы іспетті. Сол айнаның бес жыл ішінде быт-шыт болғаны кімді болса да қатты толғандырады.

Республикамыздың 19 облысындағы 180 ауданының 1250-ге тарта шаруашылықтарында қой малы өсірілетін. Қой мен ешкінің саны 1991 жылға дейін тұрақтанып, жыл басына орта есеппен 36 миллионға жететін. Оның ішінде кеңшарлар мен ұжымшарларда 31 миллион бас болушы еді. 120 мыңдай шопандарымыздың ішіне 7096-сы бірінші класты, 8933-і екінші класты мал шаруашылығының шебері атанған болса, 34 шопан Еңбек Ері еді. Енді, міне, қойдан да, шопандардан да күй кетті. 1997 жылдың 1-ші қаңтарына 13 миллион 905 мың ғана қой қалды. Оның 5 миллион 826 мыңы мемлекеттік шаруашылықтарда...

Жесең ет, кесең киім, ішсең сүт беретін қойды қадірлей беретін қазақ едік, шынымен ата кәсібіміздің тұйыққа тірелгені ме? 180 миллион гектар жайылымның қараң қалғаны ма?... Кеңшарлар мен ұжымшарлар мемлекетіміздің қоректенетін қоры, ауылдағы адамдардың береке-бірлігі емес пе еді?.. Сол кеңшарлар мен ұжымшарлар таудай қиындықпен құрылған болса, ойдай оңайлықпен қирап жатыр. Төрт жыл бойы төрт түлік мал талан-таражға түсуде.

Кезінде кеңшарлар мен ұжымшарларды жекешелендіруге қарсы болып, пікір айтқандар да аз болған жоқ. Солардың бірі – сол кездегі ауыл шаруашылығы министрі Балташ Тұрсынбаев еді. Ол өз ойын қарамағында істейтін адамдар түгілі, Қазақстан Республикасының сол кездегі Премьер-министрі С.Терещенко мырзаға да ашық айтқан болатын.

Амал жоқ, 1994 жылы 24 ақпанда «Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын азаматтардың жеке меншігіне сату туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің № 216 қаулысы өмірге келді де, кеңшарлар мен ұжымшарларды қирату басталып кетті. Осы қаулының орындалуының барысы туралы біліп келуге

облыстарға десанттар жіберілді. Солардың бірі ретінде мен де Атырау облысында болып, жергілікті мамандардың пікірлерін орталыққа жеткізген болатынмын. Шынын айту керек, олардың көпшілігі жекешелендіруге қарсы болды.

Олардың жекешелендіру жөніндегі пікірлерін үкімет басындағылар да естіді. Бірақ та құлаққа ілген біреуі де болған жоқ. Сөйтіп Ресейдің істеген қателіктерін қауталаумен болды. Ал жерді сату, кеңшарлар мен ұжымшарларды тарату алғаш осы Ресейден басталды. Ал олардың шаруашылықтары мен біздің шаруашылықтардың айырмашылығы жер мен көктей еді. Тоқсаныншы жылдардың басында Ресейдің шаруашылықтары әбден қирап, бір ауданының төрт түлік малы біздің бір кеңшарымыздың малының санына жетпейтін. Хуторларындағы халықтың хал-ахуалы Қазақстан ауылдары халқының хал-ахуалынан әлдеқайда төмен болған. Енді, міне, керісінше болып кеткен сияқты. Біздің төрт түлік малымыздың төрттен бірі сол Ресейге кетіп қалды ма деп те күдіктенемін.

Мен өзім мал шаруашылығы маманы болғандықтан кемшілікті ғана айтып қоймай, оны түзеуге болады-ау деген ойымды да ортаға сала кеткім келеді.

Қазіргі уақытта мемлекеттің меншігінде бес миллиондай ғана қой қалды. Бұл қойлар негізінен мамандандырылған кеңшарларда. Әр облыста саусақпен санарлық қана. Сондықтан да сол кеңшарларда жекешелендіруді тоқтатып, қалған қойларға мұқият есеп жүргізіп, мемлекет оларды өз қамқорлығына алғаны дұрыс.

**Нұр Ілия АЙСАҰЛЫ**  
**мал шаруашылығы маманы.**

Алматы қаласы.

**«Егемен Қазақстан», 15 қаңтар 1997 ж.**

## ҒЫЛЫМ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕЛҚОҢЫРЫ

Қазір ірі-ірі маман ғалымдардың өзі үшін көне Египет папирустарын немесе Қытай иероглифтерін оқу қандай қиын болса, арабша қадим жазуын оқу да сондай күрделі.

Сол себепті біздің Ұлттық Ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақталған немесе Ұлттық Орталық кітапханада жатқан арабша қадиммен жазылған небір құнды материалдар жабулы қазан жазулы күйінде қол тимей қалып келген. Мүйіздері қарағайдай оқымыстылардың тісі батпаған.

Сол сыр сандықты сығалап ашып, ішіндегі інжу-маржандарды уыстап алып, халыққа шашу етіп ұсыну ешбір атағы, биік лауазымы жоқ қарапайым ғана қаршадай бала Сәрсенбі Дәуітұлының несібесіне жазылған екен.

Қазақтың маңдайына басқан асылдарының бірі Мәшһүр Жүсіпті жалпы жұрт атын білгенмен затын жете біле бермейтін. Сәрсенбі сол алыптың талай қазынасын архивте шаң басып жатқан жерінен қазып алып, қадимшені қазіргі әріпке түсіріп, екі том кітап етіп шығарды. Тек бір әріптен екінші әріпке көшіріп қана қоймай, ғылыми терең талдаулар жасады.

Ғылымның нағыз бейнетқоры Сәрсенбі ұлы бабаларының әруағын тірілтіп, Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани Хикмет» кітабын, Төле би, Абылай хан, Бұхар жырау, Райымбек батыр, Тезек төре мен Сүйінбай, Жүсіпбек Шайхислам, тағы басқа көптеген халық жәдігерлерін жарыққа шығарды.

Баланы жұмсағаның, тайды мінгенің білінбейді. Қазір, құдайға шүкір, не көп академия көп, академиктер көп. Кейбірінің алақанына қарасаң ешқандай із жоқ, жып-жылтыр. Бұл не? Ғылым атты қасиетті ұғымның құнсызданғаны ма...

Заман түзелер, ғылымға да, әдебиетке де татымды талап қойылар. Сонда көдедей көп академиктердің талайының аты да, заты да ұмытылады.

Ал, небәрі кішкентай ғылым кандидаты болып жүрген, оның өзіне әрең-әрең ілінген Сәрсенбі Дәуітұлының аты үлкен ғылымда қала берері сөзсіз.

Сәрсенбі затынан ақын жан. Көптеген поэзия кітаптары жарық көрген. Бір өлеңінде:

Күтіп тұрған қыруар қарыз өтелмей,

Қас-қаққанша уақыт – оқ өтердей.

Артығырақ ұйықтап кетсем, селк етем,

Бартіршілік қалғып-мүлгіп кетердей, - дейді Сәрсенбі.

Құдай берген қысқа өмірдің паркын білмей, көп адам есіл уақытты босқа өткізгенде, Сәрсенбі күндіз архивтердің зынданында шаң жұтып, түнде жұрт ұйықтап жатқанда ақ қағаз бен қара қаламды серік етіп, небір ақ таңдақтарға жан бітіреді. Тірінің өзін өлтіру әркімнің қолынан келеді. Ал, өліге жан бітіру Құдайдың сүйген құлының ғана қолынан келеді. Мұндай ғұлама бейнетқорлар неғұрлым көп жасаса, соғұрлым халыққа игілікті.

Жас балаша құлдырындап жүгіріп жүрген тынымсыз Сәрсенбі елуге келіп қалыпты.

Құтты болсын!

**Ш.МҰРТАЗА.**

**«Егемен Қазақстан», 29 тамыз 1997 ж.**

## **ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАННАН БАСҚА ОТАНЫ ЖОҚ**

Өз елінде, өз жерінде қазақтардың аздығынан біз не көрмедік. Көп қорқытады, терең батырады. Империя отарлауында жүргенде, сол баяғы қанды қарақшы Ермак шабуылынан бастап, қазақтар көп қырғынға ұшырады. Бірнеше жүзжылдық жоңғар шапқыншылығында, «ақ табан шұбырындыда», отарлауға қарсы сандаған көтерілістерде қазақ қаны аз төгілген жоқ.

Империяның залым саясаты – қазақтарды ұлт ретінде жойып жіберіп, оның бай жаратылған ұлан-байтақ жерін басып қалу еді. Столыпиннің переселендері, Голощекиннің әдейі ұйымдастырған этногеноциді, Сталиннің тұтас халықтарды Қазақстанға жер аударуы, екінші дүниежүзілік соғыста жарты миллион қазақтың құрбан болуы, Хрущевтің

тың игеруді желеу етіп, миллион кірмелерді Қазақстанға орналастыруы, ақыр соңында Қазақстанда қазақтар жиырма сегіз-ақ процент болып қалуы – сорақы залымдық емей немене!

Егер осы қасіреттер қамаламағанда, қазақтардың табиғи өсімі отыз-қырық миллионға жетіп қалуы әбден мүмкін еді.

Ал, енді өткенде – салауат, барымызға – қанағат, тәуба, тәуба дейік. Осымызды көп көрмесін.

Республикада қазақтар саны сегіз миллионнан асыпты. Ал, Қазақстаннан тысқары жерлерде төрт миллион қазақ жүр. Барлығын қосса – он екі миллион. Егер осы он екі миллион тарыдай шашылмай, тас түйін болып, өз ата жұртында отырса, мына көрші өзбектер сияқты, геометриялық прогресспен лезде қаулап өсер еді.

Бұл өсу не үшін керек?

Өзгелер өз жерінде сені көзге шұқып, азсың демес үшін керек.

Көптен бері көтерте алмай жүрген қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін керек. Өз жерінде өзің басым көпшілік болып отырсаң, саудаға түсіп, сарсаң тіл мәселесі өзінен-өзі шешіледі. Сонда «КТК», «ТАҢ», «31 канал», тағы басқалар қазақ тіліне кекірейе қарап, кесірленгенді қояр еді. Сонда біз жылма-жыл «Орыс кітабының мейрамын» өткізумен қатар, қазақ кітабын да қастерлеп, оның да тойын өткізер едік.

Қазақ халқының өсіп-өнуі – ең алдымен өкіметтің оң көзіне, одан соң экономикалық-әлеуметтік жағдайдың оңалуына, әрі-беріден соң әр қазақтың ұлттық сана-сезімінің, ұлттық намысының оянуына байланысты.

«Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналардың көбеюіне байланысты. «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» аналарға мемлекет тарапынан қолдаудың мейлінше көбеюіне байланысты.

Ендігі бір үлкен сауал – «отбасын шектеу» деген әлдебіреудің жымсықы әрекетіне тыйым салу. Қазақ келіншектеріне жаны ашыған болып, медицина қызметкерлерінің кейбір кесірлілері: «бір баладан артық тапсаң - өлесің, қаның аз, денсаулығың нашар» деген уағыз таратады.

Осындай жымсықы әрекеттерге тыйым керек.

Шет елдерде жүрген қазақтарды атажұртқа көшіру, яғни көші-қоң саясатын дұрыс жүргізу. Бұл салада бізде кешірілмес кемшіліктер кетті. Көші-қоң ісін жаны ашымас жат пиғылдарға тапсыру – қасқыр мен қойды бір қораға қамау.

Ал, Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлттардың өкілдері. Тәңірі жарылқасын, тұра берсін. Тек жүрегінде «Қазақстан - Отанымыз» деген сөз жазулы болсын. Бірақ енді өзінің ежелгі атажұртына кеткісі келсе, алдынан жарылқасын. «Ойбай, орыстар кетіп жатыр, қазақтар қысымшылық жасап жатыр» деген жалған сөзді тек пейілі жамандар таратады. Әйтпесе, осы немістер неге шуламайды? Орыстардан да көп кетіп жатқан солар. Олар су ішкен құдығына түкірмейді. Қайта қиын-қыстау кезде пана болған Қазақстанға, қазақтарға дән ризалығын айтады.

Қазақтардың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Осындай Отан берген құдіретке мың да бір тәуба! Ендеше осындай қасиетті Отанда нағыз отансүйер, адал азаматтар көбейе бергей.

Қазақстан сияқты еліңнің барына, дүниеге қазақ болып жаралғаныңа масаттан, азамат!

**Шерхан МҰРТАЗА.**

**«Егемен Қазақстан», 28 мамыр 1997 жыл**

### **ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ Жазушы Нұрғали ОРАЗ және оның әңгімелері**

Қазығұрттың киелі екені рас. Басына Нұх пайғамбардың кемесі тоқтағаны да рас. Рас болмаса:

Басында Қазығұрттың кеме қалған,

Кереметі болмаса неге қалған? – деген өлең ғасырлар бойы өшпестен, ұмытылмастан неге айтылып келе жатыр?

Қазығұрт – қисса-дастандарда көп айтылатын Қайыр-Берен Қырық-Шілтеннің отаны.

Әңгіме – Қазығұрттың бұл кереметтері туралы емес.

Әңгіме – «Қазығұрт оқиғалары» атты көркем әңгімелер жинағы туралы.

Авторы – Нұрғали Ораз. Жасы отыз жетіге шығыпты. Біз оны әлі бала деп жүрсек, Пушкиннің жасына жетіп қалыпты.

Ол осыдан оншақты жыл бұрын-ақ алғашқы әңгімелерімен елді елең еткізген. Бірақ қазақ әдебиет сыны енжар, керенау. Тек әдебиет жанашыры, елгезек ағасы Дулат Исабековтен басқа ешкім селт еткен жоқ, ләм деген жоқ.

Мен қолыма қалам алғанда сол олқылықтың орнын толтырайын, сыншы болайын деп отырған жоқпын. Жинақты оқып шыққан соң шыдамадым...

Осы әңгімелердегі жай-жағдаят өз басымнан өткен сияқты. Оқиғалардың бәрі етене таныс. Біртүрлі ғажап. Осылардың бәрін мен де көріп-білуші едім, неге жазбадым дедім.

Қайырлы қызғаныш. Ал, негізінде – қуаныш. Баламдай жас жазушының табысына қуаныш.

Кілең ауылдың адамдары. Олардың арасында айрықша батыр да жоқ, атағы жер жарған ақын да жоқ. Елге барсаң мұндай «геройлар» қаптап жүр. Бірақ олар ешқашанда бір-біріне ұқсамайды. Жаратушы Құдіреттің шеберлігіне енді қалай тәнті болмассың: жер бетінде миллиардтаған адам бар. Бір-бірінен айна-қатесіз айнымай қалған ешкім жоқ.

Мұнда да сондай, кейіпкерлер көп, бірақ әркімнің табиғаты да, тағдыры да әртүрлі.

Мысалы, Боранбай-баронды алыңыз («Теріс ағаш»). Бала кезінде кәдімгі бала сияқты еді, өскеннен кейін қаңғыбас болды. Цыгандарға қосылып, өз қандастарының тауығын, тоқты-торпағын ұрлап, бейберекет ұрлап, бейберекет жолға түскен, басына құдайдың жүгені болмаса, адамның ноктасы түспеген, түссе де үзіп кете беретін Боранбай-барон өз алдына бір ғалам.

Ал енді «қараша үйдің жалғыз қара қазанының түп күйесіндей қап-қара» түнде колхоздың шөбін ұрлауға жөнеген Жаңбырдай маған өте таныс. Колхоздың шөбін баяғыда бала күнімде өзім де ұрлағанмын. Шөптің қарауылы Қалипа мен Жаңбырбайдың қақтығысы кино тіліне сұранып

тұрған табиғи да тартымды көрініс. («Түндегі жетім тамшылар»).

Колхоздың шөбін неге әркім-әркім тышқаншылап өз үйіне таси береді? Адам баласын «қоғам мүлкі, мемлекет мүлкі – ортақ мүлік» деп қанша заман тәрбиелесең же жеке бастың қамы бәрібір басып кете береді. «Ортақ өгізден – оңаша бұзауым» деген қазақ «арманына» енді жетіп, жекешеленіп жатыр ғой.

Ол рас, ұзын жолдың бойымен машинаға мініп заулап келе жатып, терезеден тау жаққа көз салсаң: бір сайдың бұлымында қарайып үш-төрт үй қалып бара жатады. «Ол неғылған үйлер, иен таудың арасында жалғызсырап неге тұр?» деп ойыңа аңғал сұрақ оралатыны да рас.

Мен болсам «жалғызсырап» демей, «үрпиісіп» деп жазар едім-ау деп қоямын. Қайткенде де әйтеуір үш-төрт үй ғой.

Менің редакторлық тәжірибем одан әрі аспайды. Одан әрі менің қолымнан келе бермейтін әдемі де қайғылы, қыстың қызғылтым тым кешінде мұңды хикая басталады.

Бұл кешегі колхоздың малшылар ауылы. Осы ауылда қыстың күні кенеттен Кәмеш толғатып қалды. Күйеуі апыл-ғұпыл асығып, әлгі толғақ қысқан әйелін орталыққа жеткізбек боп әбігер.

Табан астында қоңыр шәлісі құрғыр табыла қойсашы. Табылмады. Қанша айтқанмен қыс қой, мойнына сала салғанда болатын еді...

Үйде Жөкентай жалғыз қалып барады. Әкесі мен шешесі бес жасар Жөкентайды жалғызбасты көрші әйел Ақайшаға аманат табыстап, «кәсемсот» тракторымен қалың қарды қақыратып орталыққа тартып отырды.

... Әлгіде, әбігерде табылмаған түбіт орамалды Жөкентай тауып алсын. Орамалдан анасының исін таниды. Әлгінде осы орамалды қатты іздеп еді. Енді Жөкентай сол шәліні апасына өзі апарып бермекші болып, «кәсемсоттың» ізіне түсіп, жолға шыққаны-ай...

Сәби мінез айна-қатесіз. Анасына жаны ашып, баланың жолға шығуы шындық. Тұлабойын суық қысып, қыстың қиғаш күніне жақындасам жылынармын деп «кәсемсоттың» ізінен шығып, дөңеске омбылап көтерілгені-ай...

Одан арғысы бір қуаныш, бір қайғы. Қуанышы – орталыққа жете салысымен Кәмеш босанып, қошқардай ұл тапты. Қайғылысы – Жөкентайды бүкіл ауыл күндіз-түні іздеп таппады.

«Қайдасың сен, Жөкентай? Бәлкім, Күнге жылынамын деп жүріп, Күн еліне байқамай еніп кеткен боларсың?»... («Қоңыр шәлі»)

Автор осылай жорамалдайды.

Мен де солай ойлаймын.

Өйткені сақылдаған сары аязды қыстың сыздаған таңында шыңбасында жалғыз жұлдыз тоңып-жаурап қалғандай қалтырап тұрады. Жөкентай жұлдызы деген жұлдыз сол!

Сұмдық болғанда Ақмырза жалғыз емес қой. («Ақ тырналардың ұясы»). Ол әр ауылда, тіпті, әр үйде болуы мүмкін. Марқұм композитор Әбілахат Еспаевтың сөзімен айтқанда, Ақмырза «алқаш руынан». Ол Қазақстанның түкпір-түкпіріне дейін, одан тысқары жерлерге де, көп-көп тараған.

Бұл тақырыпқа талай шеберлер қалам тартты. Ал, Нұрғали Ораз қолтаңбасы бөл-е-к.

Ақмырза үйелмелі-сүйелмелі бес ұлдың әкесі. Өз үйінде жүрсе де, алыстан айлап, жылдап жеткендей, аспаннан түскендей, өз балаларын жаңа көргендей хәл кешетіні болады. Сөйтсе тұңғышы Арысбек сегізінші класта оқып жүр екен, өзімен жасты қыздың үйінің тұсына барып, шарбақтан асылып, ысқырып тұруға жарап қалыпты.

Кейде бір санасы сауыққанда Ақмырза балаларының киім-басының тозып кеткенін көріп, жаны шырылдап, әлдеқалай аяныш сезім пайда болады. Ендігі айлыққа жетсе бәрін де киіндірмекші. Енді қойдым, енді ішпеймін деп өзіне-өзі ант беріп, әйелін, балаларын қуантады. Енді бәрі де айлық алатын күнді аңсап жүр. Айлық алатын күн ақ түйенің қарны жарылатын, алланың ақ нұры ерекше мол жауатын қасиетті күндей күтілді.

Өйткені Ақмырза Келесбайға тапсырды: кімге не керек, жазып бер деді. Айлық алған күні дүкеннен сатып әперемін деді.

Келесбай «тор көз дәптердің бір парағына ірі-ірі әріптермен.

1. Арысбекке – шибарқыт шалбар (импортный).
2. Ташкенбайға – бәтіңке (39 размер)
3. Маған – тәпішке (орысшасы тапочка), көйлек.
4. Задарияға – машина.
5. Монтайға да машина...
6. Апама - ... деп жазып, апасына қарағанда ол:  
- Әй, мені келесі айлыққа қалдырыңдар... – деп күлді».

Ал, Ақмырзаның айлық алатын күні бүгін. Бәрі де ынтыға күтіп жүр. Ал, ынтыға күткенде алданған бәрінен жаман.

Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисі айтады: «Сөздің ең жаманы - өтірік. Өзілдесең де өтірік айтумен болма. Өке өз балаларына бір нәрсені уәде етіп, оны орындамай қойып жүрмесін! Шыншылдық – ізгілікке, ал ізгілік болса – жұмаққа бастайды. Өтірікшілік – жауыздыққа, ал жауыздық болса – жиһаннамға бастайды», - дейді.

Негізгі Ақмырза жаман адам емес. Балаларына жаны ашып, іштей шырылдайды. Әйелі Қамарды да қуантқысы келеді. Жоқ, Ақмырза жаман емес. Бірақ пайғамбарымыздың хадистерінде тағы да: «Мас қылатын ішімдіктің бәрі де - арам», делінген.

Ақмырза – адал, арақ – арам. Екеуінің арасында ғаламат арпалыс бар. Бұл арпалыста кім жеңеді, дүниенің тұтқасы соның қолында.

Ақыры Ақмырза жеңіліп қалды. Өзәзілден аса алмады. Өзәзіл жетектеп кетті. Туған балаларына, адал әйеліне деген ыстық ықыласын өзәзіл жеңіп кетті.

Ой, сонда байғұс балалардың алау көңілі су сепкендей басылғаны-ай.

Міне, бұл трагедия.

Бүкіл дүние-әлемнің бар байлығы – жас баланың бір тамшы көз жасына татымайды, - деген қағида қайда қалды?!

Маскүнемдікке қарсы қаншама сөз айтылмады, қаншама үгіт-насихат жүргізілмеді. Бәрі бекер. Көбік ауыз көп сөзден гөрі «Ақ тырналардың ұясы» сияқты шап-шағын көркем әңгіме әлдеқайда әсерлі.

Ал, енді маскүнемдікті насихаттайтын, марапаттайтын кезге де келдік. Теледидар халыққа белгілі, дардай-дардай әртістеріміздің аузымен: дүниеде арақтан басқа еш қызық жоқ, - деп күніне сан рет сарнайды. «Әй, найсап! Оның қалай?» - деп ешкім айта алмайды. Тіпті өкіметтің өзі де «тек» дей алмайды. Өйткені, ондай заң жоқ.

Бізде ізгілікке бастайтын істерді қолдау сараң, жамандықты, арамдықты насихаттауға жол ашық.

Әңгімені оқып біткеннен кейін, жатып алып ойлаймын: Ақмырзаның бес баласы – бес періште еді. Сол бес періште ат жалын тартып мініп, ер-азамат болғанда еліне қаншама пайда келтіретін еді. Ал... енді не болды? Енді олар кім болады? «Әке көрген оқ жонар» деген бар емес пе?

Дүниенің сықыты болса мынау. Өз арақ-шарабымыз жетпей қалғандай, шет елдерден арақ мұхитын ағызып әкеліп, халықты «купкаға» салған қойдай қылып тоғытып қойдық. Мылтықсыз оккупация деген осы. Тәуелсізбіз дейміз. Біздің тәуелсіздігіміз түп-тұқиянымен, үрім-бұтағымен араққа бөгіп, сайтанның сідігімен суарылып жатыр. Ондай зәрмен суарылған тәуелсіздік топырағынан ертең не өсіп шығатынын болжау үшін данышпан болудың керегі жоқ.

Нұрғали Ораздың әңгімесі оқырманды осындай, осындай ойға батырады.

Адам болып дүниеге келген соң сол адамға лайық аты болғанға не жетсін. Қазақ ырмшыл. Әйтеуір ұрпағым аман болсын деп, тіл-көз тимесін деп эп-әдемі балаға нешетүрлі ебедейсіз есімдерді қояды: Шылғаубай деп, Итбай деп...

Ал, енді бір парасы перзентіне атты асқақтата қояды. Соған орай ол бала кейін керемет болып өссе жақсы, әйтпесе келемеж сияқты болып қалады.

Содан да шығар, кейбір елдерде баланың екі, аты болады екен. Туа сала бір ат беріледі, өсе келе оның түр-тұлғасына, қадір-қасиетіне қарай екінші рет шын аты қойылады.

Неғылса да мына әңгімедегі қыздың аты – Күнсұлу. Күндей сұлу болсын деген ғой. Бірақ адамның айтқаны келмейді, алланың дегені болады. Күнсұлуымыз еркек пошымдылау болып өсті. Өсе келе еңбекке де ер кісілерше

араласты. Өзімен бірге өскен беті жылтыр қыздардың жолы болып, өз қиясын, өз ұясын тауып жатты. Ал, Күнсұлуға ешкім сырға тақпады. Соған қарап Күнсұлу өзінің тұртұрпатына сай о жар екен деп қалмаңыздар. Дүниеде одан жұмсақ, одан мейірбан жан жоқ. Оған, шіркін, адам атын өзгертуге болар болса Күнсұлу деп емес, Жансұлу деп ат қойса жарасар еді. Алайда кейін ойласам, Күнсұлу дұрыс қойылған есім екен. Дүниеде Күннен адал, Күннен әділетті не бар?! Сен анаусың, сен мынауың, сен байсың, сен кедейсің демей жылуын, нұрын жұртқа тең таратады ғой.

Нұрғали Ораздың Күнсұлуы осындай. Айналасындағыларға шуақ шашыратады. Бірақ жеке басы бақыты кем.

Нұрғали Ораз әңгімелеріндегі әйел затының қай-қайсысын алмаңыз, әр қайсысы бір-бір әлем. «Сынық болса да әркім тіршілікте өз арбасын өзі сүйретеді». – Бұл автордың мызғымас кредосы. Өйткені, өмірдің өз көрінісі сондай. Автор бүйрегі қанша бұрып тұрса да, Күнсұлуды бақыт дариясына шомылдыра алмайды. («Күнсұлу»).

Гүлзат бала таппады да, Досбол басқа біреуге үйленіп кетті. Одан бала сүйді, бірақ ошақ басы – ызғырық. Береке жоқ. Гүлзатқа қайтып келсем дейді. Гүлзат кішкентай нәрестенің обалына қалғысы келмейді. Екеуі өзеннің екі бетінде қалды. Бір-біріне қол созады, жете алмайды. Құдай өстіп адамдарды арманда етіп қояды. («Әпкем, жездем және мен»).

Қаладан ауылға келіп, құдық басына балалармен су шашысып ойнайтын Бибіажар. «Шөлейт даланың түйе шөлдеп өлетін түкпіріне жасырынған алақандай ауылға» Бибіажардың келуі, оның гитара тартып, ән салуы «күйбің-күйбің көңілсіз тіршілікті» мүлде ұмыттырып, ауыл адамдарын, әсіресе, жастарды, әсіресе, боз бала, бозым жігіттерді ынтықтырып қойған, көлеңкелі көңілдеріне сәуле түсірген қас-қағым сәт. Әлдебіреу «мерседеске» Бибіажарды мінгізіп алып кеткенде небір үміт шырағандарының өлегізіп-өлегізіп барып сөнгені-ай... («Біз, ол, «мерседес» және махаббат»).

Жалғыздық құдайға ғана жарасқан дейді. Рас шығар. Өйтпесе, айдаладағы оншақты үйлі бекеттің вокзалына

Қабыш қарт неге келгіштей береді. Бекет басындағы көлеңкесі шымшықтарға да пана бола алмайтын селдір ағаштың ішіндегі орындыққа отыра қалып Қабыш қарт, «әу» деп тіл қатысатын адамға зар болып, қиналғаны. Вокзал басында түк шаруасы жоқ, бірақ күнде келеді.

Көп жасаған жолдасынан айырылады. Құрбы-құрдастар, майдандастар көп еді. Бәрі кетті. Бұл жалғыз. Жас баламен тіл табыса алмайды. Ескінің көзі деген Қалбикеш кемпір бір пойыздан бір пойызға ауысып мініп, қапшық арқалап, күнкөріс қамымен жүр. Қабыш оған: Әй, Қалбикеш, баяғы мен майданда жүргенде... дей бергенде, Қалбикеш: Қабыш-ау, мына заман сен айта беретін соғыстан да жаман, деп, Қабыштың әңгімесін тыңдауға тағат таппай асығып бара жатқаны.

Сонда Қабыштың көңілінің ел көшкен жұрттай құлазитыны-ай. Қабыштың жанын кім түсінбек? Ешкім жоқ. Міне, бұл қасірет.

Жалғыздық психологиясын, оның трагедиясын Қабыштан танысыз. («Соғыстан соңғы сағыныш»).

Нұрғали Ораздың әңгімелері көбінесе қыстағы қысқа Күннің қызарып барып, қызғылтым тартып, айнала тауларды, даланы мүлгіте ойға қалдырғанындай, сағыныштардың сағым дариясы ән салып ағып жатқанындай әсер қалдырады.

Өйтпесе жазып керегі не.

Түнде бір шөліккеп жатып түс көргенде ботаның көзіндей мөлдіреген бастаудың дермене иісті жалбыз шымылдығын ысырып тастап, етпеттеп жата қалып, күміс кәусарға бас қоясың. Сіміре бересің, сіміре бересің, шөлің сірә қанбайды. Сөйтіп жатып оянып кетесің...

«Қазығұрт оқиғаларын» оқып болып, жылтырағы жоқ жұқа мұқабалы кітапты алақаныңмен сипалап отырып қаласың. Қаншама адам көз алдыңнан тізіліп өтіп, қаншама жан көкірегінде ұялап қалды. Төрт құбыласы түгел, кесірлі бақытқа кенелген біреуі жоқ. Әйтеуір бір кем дүние. Біртүрлі аянышты. Бәрі де. Тіпті қаңғыбас Боранбай-барон да, Маскүнем Ақмырза да, ұры Жаңбырбай да...

Бұл жазушының аянышы. Оның дүниеге көзқарасы, пайымы, адамдарды бағалауы өзгеше болса, айталық,

соцреализм әдісіне салып, қалай да біреу жағымды, біреу жағымсыз сомдалса, оқырманда мұндай аяныш сезім оянбас еді.

Жазушы сиқыры дейсіз бе, шеберлігі дейсіз бе, әлбетте әркімнің көркемдік түсінігі әртүрлі, бірақ түптің-түбінде осы кітаптың кейіпкерлері сенің бір етбауыр жақының сияқты. Олардың өкініші сенің өкінішің, олардың қуанышы сенің қуанышың болса, не шара. Көркем әдебиеттің де мұраты сол. Оқырманның жүрегін жібітіп, сезімін селт еткізсе, еңбек зая кетпегені.

Рас, өтірігің кім біледі, хас таланттың қаламын періштелер жетектеп отырады дейді. Әрине, саусағына мүйізгек біткенше қалам тербейтін кәдімгі жазушының өзі. Ал, бірақ шын шығарма туарда оның қаламын періште жетектейтіні рас көрінеді.

Мен Нұрғали Ораздың ірі жанрларға, роман, повестерге қалам тартар-тартпасын білмеймін. Ірі жанрға бармасаң ірі жазушы бола алмайсың деген ұғым жоқ. Ал, біле-білсеңіз, көркем әдебиеттегі ең қиыны - әңгіме жазу. Үйелмендей қара шойыннан бір мысқал алтын артық. Романға бергісіз қып-қысқа әңгімелер болады. Және олар ұзақ жасайды.

Көркем әдебиетті бағалауда бізде кәзір критерий, адал өлшем, шын таразы жоғалды. Әлі жеткен, шамасы келген кейбір авторлар күлді-көмештерін кедергісіз бастырып, аспандатып «презентация» - тұсаукесер өткізіп, улап-шулап, «ұлылыққа» ұмтылып жатады. Әдетте у-шу реклама-жарнама өтімі кем тауарға көп беріледі.

Оңай олжа опа бермейді. Инжу-маржан теңіздің тереңінде жатады. Оны мыңнан, миллионнан біреу ғана сүңгіп алып шығады. Ондай шын көркем шығармалар даңғаза айқай-шусыз-ақ өрісін табады.

«Қазығұрт оқиғалары» сол саңлақтар санатынан.

**Шерхан МҰРТАЗА.**

**«Егемен Қазақстан», 1 наурыз 1997 ж.**

Баспасөзге жазылудың қазіргідей қауырт науқаны жүріп жатқан тұста 15 мыңдай тұрақты оқырмандары тұратын Оңтүстік Қазақстан облысына барып, газет жанашырларымен және еңбеккерлермен кездесіп, тілдеспеу, басқа басылымдарды қайдам, «Егемен Қазақстан» үшін үлкен мін болар еді. Сондықтан да басылымның Бас редакторы Уәлихан Қалижанмен Қазақстанның халық жазушысы, газет шолушысы Шерхан Мұртаза бастаған бір топ қаламгер жақында осы өңірде болып, бірнеше кездесулер ұйымдастырып қайтты. Төменде біз сонан есеп жариялап отырмыз.

### Қасиетті Қазығұрт қойнауында

Қазығұрт десе, елең етпейтін ел жоқ шығар, сірә. Міне, қасиетті жерде біз былтыр да болған едік. Халқы да іске мығым, сөзге берік көрінеді. Былтырғы серттерінен шығып, 1,5 мыңнан астам «Егемен Қазақстанды» жаздырып алып оқыды екен.

- Биыл одан асып түсуге сөз береміз, - деді аудан әкімі Әбдурахит Мақұлбаев мырза. – Газеттің бас редакторы Уәлихан Қалижан мен халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, қадірменді ағамыз Шерхан Мұртаза бастаған «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкерлері арнайы келіп отырғанда, бұлай деп айтпасақ лажымыз да жоқ, азаматтық арымыз да жібермейді. Қымбат уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге бүкіл аудан халқы атынан рақмет айтамыз. Қанша қиыншылық десек те, ел-жұрт орнында. Көшіп жатқан жан жоқ. Керісінше келушілер көп. Бұрынғы 11 колхоз бен совхоздың орнына 90 өндірістік кооператив пен 1483 шаруа қожалығын құрып, ұйымшылдықпен еңбек етіп жатырмыз.

Біз ойламаған жерден осындай кооперативтердің бірін басқаратын Қуандық Ақмырзаев деген азаматтың отбасында болуымызға тура келді. Қызылқия ауылындағы «Қызылкемел» кооперативіне жетекшілік ететін Дон-Хуанның (Қуакенді) құрдастары қалжыңдап осылай атайын көрінеді) тағдыры шынында да қызық екен. Ол өзінің кезінде заң орнында істегенін, сөйтіп жүріп заңсыз «істі» болып қызметтен кеткенін, кейін толық ақталып шыққанын, қазір

бір жарым мыңнан астам адамы бар ұжымды басқаратынын, олардың бәрінің де бақуатты тұратынын, «Егемен Қазақстанды» солардың тең жартысының жаздырып алып оқитынын айта келіп, үйінен дәм татып кетуге шақырған болатын. Біз уақыттың аз екенін сылтауратып рақметімізді айтып, бұрыла бергенімізде Дон-Хуанның:

- Мен «істі» болып жүргенде –өмірге тұңғыш немерем келіп, соның атын жеңгелерің Шерхан қойған екен, соған айтып қойған едік, - дегені бар емес пе?

Бәріміз тосылып, Шерағаңа қарадық. Әншейінде қаталдау көрінетін ағамыздың жанары бір жалт ете қалды да:

- Қой, онда болмас, сәлем беріп шығайық, - деп алға түсіп жүре берді...

Бір ауыз сөзге тоқталатын қайран қазақы көңіл-ай!

Мұндай ауылдың адамдары да ақжарқын, аузын ашса, аржағынан жүрегі көрініп жатады емес пе? Сондай-ақ қызылқиылылықтардың кемел ісімен де ілезде танысып шықтық. 5000 гектар суармалы жерден мол өнім алған олар өздерін де өзгелерді де астықпен, көкөніспен, тағы басқа да дақылдармен қамтамасыз ете білген. 250 ірі қара мен жүз шақты жылқы да біраз жыртықты жамауға жететін сияқты.

- Басқа да табыс көзіміз аз емес, - дейді төраға ағынан жарылып, - бірақ оның бәрі де ақ-адал еңбегіміз. Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды. Жұтап отырған жұрт жоқ. Тек тыныштық болсын. Рухани байлығымыз жоғалмасын. «Егемен Қазақстанды» елге жаздырып беруге мұрындық боламын...

### **Сарыағаштың шипалы сулары-ай...**

Сарыағаш десе, есімізге ең алдымен оның бойға қуат, дертке ем болатын сулары түсетіні сөзсіз. Иә, сапар барысында біз Сарыағаштың суын да іштік, аздап емін де алып көрдік... Бірақ солардың ішінде ең есте қаларлығы – елмен қауышулар болды. Біз олармен мекемеде де, көшеде де кездесіп, сөйлестік. Бәрінің де «Егемен Қазақстанға» деген ықыласы ыстық, пейілі түзу.

- Ауданымыз былтыр екі мыңға тарта «Егемен Қазақстанды» жаздырып алушы еді, - дейді аудан әкімінің

орынбасары Байділда Жылқышиев мырза. – Енді соны тағы мыңға арттырсақ па деп отырмыз. Себебі бұрынғы Келес біздің аумаққа ауды ғой. Әйтсе де гәп онда емес. Басты мәселе – адамдардың белсенділігінде деп білеміз. Газеттеріміз соңғы кездері халықтың көкейінде жүрген проблемаларды көптеп көтеріп келеді. Әсіресе, Камал хаттарын, «Ел» мен «Сырғалым» қосымшаларындағы материалдарды сүйсіне оқимыз. Мұның бәрі басылымның таралымына да елеулі ықпал ете бастады...

Оны сапар барысында өзіміз де анық байқағандай болдық. Сарыағаш қалалық ішкі істер басқармасының бастығы, полковник Марат Ақылтаев тек өз саласына ғана қатысты тақырыптарды қамтып қоймай, әдебиет пен мәдениет, тәрбие мен білім беру ісіне қатысты мәселелерді де жан-жақты сөз етті. Жетістіктерімізді айта отырып, кемшіліктерімізді де дөп басып көрсетіп жатты.

- Тәртіп пен заңдылықты сақтау үшін, - деді ол, - алдымен сол салада еңбек ететін адамдардың өзі тәртіпті болып, адам құқығын құрметтей білуі керек. Ол үшін жан-жақты білім мен біліктілік қажет. Егер біле-білсек, «Егемен Қазақстан» бізді соған тәрбиелейтін бірден-бір басылым. Сондықтан да мен өз қарауымда еңбек ететін қызметкерлерімнің барлығын да осы газетке жазуды қамтамасыз етемін. Сөйтіп Бас редактордың атына жеделхат саламын. **(Редакциядан: М.Ақылтаев мырзаның жеделхаты бұрнағы күні газетімізде жарияланды).**

Сарыағаштағы Ішкі істер министрлігінің құзырындағы «Арман» санаторийінде демалушылар саны жылдың қай мезгілінде болсын кеміп көрмепті. Бұл жолы да солай екен. Еліміздің тұс-тұсынан келіп ем алып, демалып жатқан кісілер мекеме есебінен жаздырып алатын біздің газеттің бірнеше данасын тұрақты түрде оқып тұратын көрінеді.

- Бұдан басқа осында еңбек ететін қызметкерлеріміздің де газетті тегіс жаздыртып алып оқуын қамтамасыз етемін, - деді мекеме бастығы Сейфолла Мұсаев мырза. – Мұны жәй айта салған сөз деп ойлап қалмаңыздар, жеке өзім қадағалап отыратын боламын.

Осы қызметке жаңадан келіп кірісіп жатқан жас маманның айтқан сөзін жерге тастамайтын іскер басшы

екенін қазіргі жасап жатқан тірлігінен де байқап қалдық. Сарыағаштың балдай тәтті суларын табиғаттың бізге тартқан тегін сыйы десек те, санаторий айналасын көріктендіруде, қосалқы құрылыстар салып, демалыс орындарын кеңейтуде, ең бастысы – халыққа мінсіз қызмет көрсету жолында қолға алынып жатқан ауқымды шараларда осы Сейфолланың өзіндік қолтаңбасы бар екенін аудан басшылары да, демалушылар да айтып жатты...

### **Мақталы өңірдің мақтаулы өрендері**

Көршілес Өзбекстан Республикасының арғы жағында жатқан Мақтаарал ауданына біз айтқан уақытымыздан сәл-пәл кешігіп жеттік. Оған өзбек «ағаларымыздың» МАИ қызметкерлерінің қосқан «үлесі» аз болған жоқ. Ондағы көрген машаһатымызды жазып жатудың қажеті де бола қоймас. Тек осындайда біраздан бері көтеріліп сөз боп жүрген – жол мәселесі тезірек шешілсе екен деген тілек айтқың келеді екен.

Осындай тілек емес, талапты мақтааралдықтардың өздері де қайта-қайта айтып жатты. Әйтсе де әңгіменің негізгі өзегі – мақтааралдықтардың биылғы еңбек табысы мен «Егемен Қазақстан» газетіне жазылудың барысы жайлы болды.

- «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген емес пе, - деді кездесуде аудан әкімі Омарбек Нұржанов мырза.

- Сол айтпақшы, «Егемен Қазақстан» газеті қызметкерлерінің келуі бізге құт болып отыр. – Ауданымыз 157 мың тонна мақта жинап, мемлекеттік тапсырысты ойдағыдай орындап шықты. Терім әлі аяқталған жоқ. Құдай қаласа, әлі жүздеген тонна «ақ алтын» жинаймыз ба деген үміттеміз. Бүгінгі мына бас қосу, бір жағынан, сол жиындарын қорытындысына арналса, екінші жағынан, қонақтарымыздың жұмыс сапарына қарай орайластырылып отыр. «Егемен Қазақстан» - ел газеті. Басылым басшылары осы елмен дидарласып, солардың ұсыныстары мен талап-тілектерін білмек. Қысылмай, ойларыңызды ашық айтыңыздар. Бұл екі жаққа да пайдалы болмақ...

Кездесуде басылымның бас редакторы Уәлихан Қалижан мырза сөйлеп былай деді: «Егемен Қазақстан» - Елбасымыздың саясатын жүргізіп отырған газет. Мұнда Президент Жарлықтарынан бастап Үкіметіміздің түрлі қаулы-қарарлары, Парламентіміз қабылдаған заңдар жарияланып тұрады. Сондай-ақ қоғамдық-саяси мәселелермен бірге экономикалық, мәдени, тарихи тақырыптарда да үзбей мақалалар беріп келеміз. Аптасына бес рет, алты және сегіз бет болып шығатын газетімізде егемен еліміздің барлық мәселелері қамтылады. Әрине, кемшілік те кездесіп қалуы мүмкін. Соны өздеріңізден тыңдап, қорытынды шығару үшін жүрміз. Естеріңізде ме, өткен жылғы кездесуімізде сіздер ауыл мәселелерін жиірек жазсаңыздар деген тілек айтқан едіңіздер. Соны ескеріп, біз «Ел» атты қосымша шығара бастадық. Әйелдер өміріне байланысты «Сырғалымды» да жиі-жиі беріп жүрміз. Құқық, спорт тақырыптарын дендеп жаза бастадық. Биылғы кездесуімізде де көптеген пайдалы кеңестер мен ұсыныстар естиміз бе деген ниеттеміз...

Мұнан кейін Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза сөйлеп, халқымыздың мәдени және рухани байлығын жоғалтып алмау үшін қазақ басылымдарын көптеп жаздырып алу қажеттігіне тоқталды. «Біз талай жерді аралап келеміз, - деді Шерағаң, - шүкір, халықтың халі нашар емес, мүмкін анау айтқандай тоқ та емес шығар. Бірақ аш құрсақ тойынар, құдай рухани аштықтан сақтасын».

**«Егемен Қазақстан», 15 қараша 1997 жыл**

## **ҚОРҚАУ ҚАСҚЫРЛАР. ҚАРУСЫЗ ҚОЙШЫЛАР**

**Ішкі істер министрі Қайырбек Сүлейменов мырзаға**

Бір-ақ жерден, бір ғана тараптан естісең, «е, соны қойшы» дей салуға болар еді. Бірақ бұл бір тараптан емес, шартараптан шығып тұрған дабыл.

Қасқырлар, «ит-құстар» көбейді. Бірер тоқтыға тойып, қанағат қылса мейлі ғой, оңдап, жүздеп бауыздап кетеді.

Қасқырдікі иттік делік. Ал, адам-қасқырлар, мал ұрлаушылар қасқырдан он есе қауіпті. Олар топтанған, қаруланған. Мылтық та, пистолет те, автомат та соларда.

Ал, мал иесінде, малшыларда ақ таяқтан басқа ештеңе жоқ. Колбин кезінде «Как бы чего не вышло» деп малшылардың мылтығын тартып алып қойған.

Енді қалай күн көреді, қалай қорғанады?

Құрметті министр, Қайырбек Шошанұлы!

Қасқырлар малды қойып, адамды жеп кететінді шығарды. Ал, адам-қасқырлар атып кетеді.

Қандай амалы бар?

Мылтық ұстауға рұқсат етсеңіз қайтеді?

**Ш.Мұртаза**  
**«Егемен Қазақстан», 23 қаңтар 1997 жыл**

## **ҰЛТЖАНДЫ ЕКЕНДІГІҢДІ ІСІҢМЕН АЙҒАҚТА** **Асанбай Асқаров пен Шерхан Мұртазаның сұхбаты**

*«Ақ жолдың» оқырмандарына!*

*Құдайдың жаман күні жоқ. Көк Тәңірім қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, соғыс ардагері, Еңбек Ері Асанбай Асқаровты 1922 жылы 15 қыркүйекте дүниеге әкеліпті.*

*Сол Құдірет (тәубә деңіз) осыдан аттай он жыл кейін, яғни 1932 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстанның халық жазушысы, Ата жұрт пен туған топырақтың, ел-жұрттың Жоқтаушысы Шерхан Мұртазаны жарық дүниеге әкеліпті. Бұған не дейсіз? Ұқсастық па, кездейсоқтық па? Қалай десеңіз де, құрметті оқырман, осы екі құбылыста (құбылыс емей немене?) бір керемет заңдылық бар секілді.*

*Адамдар құмар алтын шуаққа, береке-мерекеге толы жомарт алтын күзде бірінен соң бірі он жыл аралатып дүниеге келіп Жер-Анаға, туған елге адал қызмет етіп жүрген осы екі Ұлы азаматтың сұхбатын ақ пейілмен «Ақ жолға» шын ниетімізбен ұсынып отырмыз.*

*Расында да, құдайдың жаман күні жоқ.*

**Құрметпен, Мұса РАХМАНБЕРДІ, жазушы.**

**Шерхан Мұртаза:** Асеке, бір қалада тұрсақ та кездесуіміз, көрісуіміз сирек. Денсаулық, жағдайыңыз дұрыс болар?

**Асанбай АСҚАРОВ:** Жағдайымызды сұрағаныңызға рахмет. Сіз болсаңыз қызметтесіз, мен де ардагер болғаныммен, қарап отырмаймын - қалам ұстап отырамын. Өйткені, шаршап қалмас үшін мына миды жұмыс істету керек. Асеке, жағдайыңыз қалай деп жолдастарым келеді, балаларым келіп тұрады, немерелерім өз алдына бір төбе. Солардың қуанышымен, айтқан сөзімен жаным жадырап қалады.

**Ш.М.:** Ал, енді осы өзіңіз айтқан тіршілікте әйтеуір түрткілеп жазып жатқаныңыздың бәрі іске асып, бірінен соң бірі кітап болып жарық көруде. Жаңа бір дүние жазды дегенді құлағым шалып қалды. Мынау қазіргі заманда Алматының көп көшелерінде түнде жарық түспейді. Қараңғы жерде неше түрлі құбыжықтар жүреді: ұрлық та, тонау да, кісі өлтіру де, зорлау да. Соның бәрі қараңғылықтан. Бұл біздің мәріміз әлгі Храпуновтың шаруасы ғой. Былай қарап тұрсаңыз адамның миы да бас сүйектің ішінде, күннің сәулесі түспейді. Қараңғы мида неше түрлі зұлымдық, жамандық та, сайтан мен әзәзіл де ұйығады екен. Құдайға шүкір, әйтеуір Сіз бен біздің миымызға сәуле түсіріп тұратын біліміміз, оқыған мен тоқығанымыз бар. Соның арқасында жазған кітаптарымыз таралып жатыр. Мен де жақында кітап жазып бітіріп едім, Асеке. Құр қол келмейін деп «Ай мен Айшаны» Сізге тарту еткелі тұрмын.

**А.А.:** Мынаның үзіндісін газеттен оқығанмын. Бұл кейінгі бала-шағаға өте үлгі боларлық. Анаға деген ақ ниет әрбір азаматта бесіктен қалыптасуы керек. Ана атауы да ортақ. Түркі халқының қай жеріне барсаң да «ана», ал славян халқында «мать», Еуропада «муттер» дейді. Бұл дүниеде анадан артық қасиетті ұғым болмайтыны тағы да ақиқат.

**Ш.М.:** Бұл енді бірінші кітап, екіншісін де ептеп жазып жатырмын.

**А.А.:** Рахмет, жақсылығыңа бірге қуанамын.

**Ш.М.:** Өзіңіздің де кітабыңызды берсеңіз.

**А.А.:** Менің жазып жатқан кітабымның тақырыбы ауқымды әрі ауыр. «Ұлы Тұранның перзенттері» (Сыны великого Турана) деп аталады. Оның өзін беске бөліп тастадым. Алғашқысында түрік қағанатының қалыптасу дәуірі қамтылады. Ол уақытта Еуропада да, араб елдерінде де бірлесу болмаған, ал ұлы далада үлкен бір қауымдастық өмір сүреді. Содан кейін ортағасырлық тарихқа кеңірек тоқталамын. XV-XVIII ғасырларды адамзат тарихындағы бір өркендеу жылдары деп өз алдына бір түйдім. Соңғы екі жүз жылдықты «Жаңа уақыт» деп атадым. Бесінші бөлімде Тұраннан тараған ұрпақтар тағдыры сөз болады. Яғни, қазіргі Түркияда Оспаннан туған небір асыл тұлғалар бар. Кітапта Ата Түріктен бастап күні кешегі Димаш аға, жетімнен жетілген Рашидовке дейін кең қамтылған. Жалпы саяси мемлекеттік тұлғалар ғана емес, Құрманғазы, Кенен сынды өнер тарландары да бар. Сол уақыттағы билерді қазіргі соттармен теңестіруге болмайды. Өйткені, олар мемлекеттік дәрежедегі қайраткерлер, дипломаттар еді. Менің кітабымда осылайша тарихқа көзқарасым, дүниетанымым кең қамтылады. Асқақ Темірді де өз дәрежесінде көрсетуге талпындым. Бұрынғы тарихта түрік халқына жақсылықты қимаған деп түсінемін. Кім қырғын соғыстарды бастамаған. Гитлер есімі соның бір айғағы. Ал Темірді кезінде қанішер етіп көрсетуге тырысқанымен, оның саясаты ежелгі Тұран жерінде біртұтас мемлекет құру емес пе еді. Ондай мемлекет құрылғанымен, ғұмыры ұзақ болмады.

**Ш.М.:** Тұранда қаруын құрды, бірақ іргесін жалаңаштап кетті ғой. Осыған қалай қарайсыз? Баязит Европаны алайын деп тұрғанда белін шауып өлтірді.

**А.А.:** Ешбір мемлекеттік қайраткер қателіксіз емес. Солардың кейбіреуін қызғаншақтық құртады.

**Ш.М.:** Үшіншісі тағы бар ғой. Мәскеуді алайын деп тұрған кезде Тоқтамысты шауып құртты.

**А.А.:** Тоқтамыстың өзінде де тұрақтылық болмаған. Бірақ менің сүйсінетінім ол Темірге де қатты адам болған. Сталинді жамандаймыз. Оның кемшіліктері көп болар. Бірақ, мемлекеттің іргесін берік ұстады, небір қиын белестен алып шықты. Ал, енді сайманы сай, жасақталған Ресей әскері шешенге соғыс бастап, жеңе алмай қор болды емес пе? Соғыстың бәрі мәдениеттіліктен алыс жатыр.

**Ш.М.:** Бірақ мен еліме, жеріме қол салғаннан қорғануым керек емес пе? Әділетсіз соғыстың бағасын тарих береді.

**А.А.:** Шешендердікі әділеттілік. Ресей қазір өзінің тарихын дұрыс бағалап, саясатын тиянақтай алмай отыр. Кейінгі ұрпақ том-том энциклопедияларды ақтарып, керегін тауып ала қояр ма екен. Менің кітабымда мың жылдық тарихқа өз көзқарасым баяндалған. Ол келер буынға көмек болар деген ойдамын.

**Ш.М.:** Тұранның не екенін білмейтіндер көп.

**А.А.:** Оның шекарасы Оралдың етегі, сонау Томск. Өмен, Алтайдан бастап мына жағы Тянь-Шань, екінші бір қиыры Каспий теңізінің сарқырамасына дейінгі алып аймақты қамтыған. Оған қазіргі Волгоград, Астрахан (дұрысы Астархан) да кіреді. Онымен тұстас Византияңыз, мына жақтағы Қытайыңыз, Персиялар бәрі де осы далаға көз салған. Өйткені, Жібек жолының үстіндегі үлкен аймақтың стратегиялық маңызы айтып жеткізгісіз еді.

**Ш.М.:** Мұның бәрі түсінікті ғой, Асеке. Бірақ, сол империяның көсемдері жердің жүзін аламын деп бір кезде мұхитша шалқиды да артынан ойдым-ойдым болып теңіз тартылғандай болып қалатыны несі екен?

**А.А.:** Оның себебі сол - көсемдердің артында кім бар деген әңгімеге келіп тіреледі. Мысалы, тарихшылар Темірдің Шыңғыстай бақытты болмауы балаларынан дейді. Шынында да Шыңғыстың ұрпақтары шетінен көкжал, күшті жігіттер, арабтарды да, парсыны да басқарды, Европаға да сіңді, Алтын орданы да алды. Ал, Темірдің балаларының да, немерелерінің де берекесі болған жоқ. Оның құпиясы әкесі балаларының қай шешеден туғанын білмейтіндігінде дейді.

**Ш.М.:** «Көк сиыр сауғанның айраны бар, көп қатын алғанның ойраны бар» деген сол ғой.

**А.А.:** Мен Ресейді жек көрмеймін. Өйткені, бала кезден солай тәрбиеленгенбіз. Саясат бізді екінші дәрежедегі мемлекеттікке итермелейді.

**Ш.М.:** Ресейіңіздің өзі осы қалпында қалса тәуба дейді ғой, бірақ сол әлі де тартыла түсе ме деп ойлаймын.

**А.А.:** Бір күнмен өмір сүруге болмайды. Келешек туралы тереңнен толғаған жөн. Қазір қолдан күлше бергендей, жетім балаларды алдағандай жұмыс істейміз. Ол жақсы нәрсе емес.

**Ш.М.:** Басшылар Тараздың 2000, Түркістанның 1500 жылдығын атап өтуді жобалауда. Арқа өңірінде қазақ хандығының құрылғандығын мереке ретінде атап өтеміз деген ниет бар көрінеді.

**А.А.:** Менің көзқарасым, халқымның мыңдаған жылдардағы тарихына қол жеткізген бұл үрдісті қолдап, көтере білуіміз қажет. Кезінде осы әңгімені қозғағанымыз үшін де төбеге бір-ақ ұратын. Аңырақай шайқасы ауқымы жағынан Куликово шайқасынан басым түскен. Ал, жау жағы Қытай мемлекетінің өзінен көмек алып тұрғандығын ескерсек, осындай алпауыт күшті жеңген халқымыздың ерлігі, ерең-ақ. Ал, соның белгісі болуы заңды емес пе?

**Ш.М.:** Аңырақайыңыз шеткері ғой.

**А.А.:** Сондықтан жолдың бойына жақын араға, мүмкін Қордайдың алқымына белгі қойған жөн болар және ол қалқиған бір адам болмауы керек. Сонау Мәскеудегі, Бельгиядағы атақты панорамалармен тең түсіп жатса, екі қолымды көтеріп қолдар едім. Тағзым тау (Поклонная гора) жасасақ несі айып?

**Ш.М.:** Ол үшін бізге күш керек қой.

**А.А.:** Күш жетеді. Тек соны мемлекет болып қолға алсақ.

**Ш.М.:** Үкіметіңіз зейнетақыны бере алмай отырған жоқ па?

**А.А.:** Қазақтың ұлтжанды азаматтары көптеп саналады. Соларды қатыстыру, тарта білу керек. Өйткені, бұл бүкіл қазақтың эпопеясы деген көзқараспен қарағанда ғана ұтамыз.

**Ш.М.:** Ғалыммын деп көкірегін ұрғандар көбейіп жатыр.

**А.А.:** Маған да телефон соғады. Біреуі Дулатты талдап берсеңіз дейді. Мен оған шежіреші емеспін деп жауап қайтардым.

**Ш.М.:** Дулаттың өзі арғысы бар, бергісі бар көп қой.

**А.А.:** Біз өміріміздің ардақты азаматтарымызды дұрыс бағалай бермейміз, біздікі, сіздікі деген де әңгіме араласады. Қазақ халқына жаны ашып, қаны мен терін төккендер ортақ ерлеріміз емес пе. Қазақтың бір мақтан тұтар ұлы Мұхаммед Хайдар Дулати Ресейдің де тарихы қағаз жүзін көрмей тұрғанның өзінде қазақ тарихын жазып кетті емес пе. Біз ауылдың төңірегінде айналсоқтап жүре бермей ұлттық, мемлекеттік көзқарас тұрғысына дейін көтерілмей, артық сөзіміз, артық-кем бағалауымыз тиылмайды.

**Ш.М.:** Түсінігіңіз өте орынды. Соның іске асырылу жағы қиын болып тұр. Қазір ары тарт та, бері тарт деген көкпаршылау жаман әдетке айналды.

**А.А.:** Онымен біз ешуақытта ұлттың санасына жете алмаймыз. Мұндай сана қалыптаспайынша біз ұлт емеспіз. Кешегі Қонаев та елдің басын қалай біріктірsem деп өтті.

**Ш.М.:** Ысмайыл ака Юсуповті оқыдыңыз ба?

**А.А.:** Ол не депті?

**Ш.М.:** Кітап та жазды, «Жас алаш» газетінде тілшімен әңгімесі де шықты. Баяғы үш ауданды көрші республикаға беріп жіберген мен емес, Қонаев бұрын қол қойып кеткен дейді.

**А.А.:** Оған куәгерлер бар ғой.

**Ш.М.:** Куәгер болсаңыздар, неге қарап отырсыздар? Сол кісіңіз томпаңдап жүгіріп жүр. Жасай берсін жарықтық.

**А.А.:** Істеген нәрсені мойынға ала білу де ерлік. Баяндау мен қаулыны алып барған соның өзі. Партия тарихында жалпы екі хатшы бірдей қол қойған дегенді естімеген едік. Сол жолы көрдік. Бірінші және екінші хатшылар Ливенцов пен Сәдуақасов екеуі бірдей қол қойып, үш ауданның тағдырын оңай шешіп жіберген.

**Ш.М.:** Міне, осыдан барып тарихты шатастырады, келер ұрпақты адастырады.

**А.А.:** Бұл қазақты кемсіткен саясаттың бір көрінісі. Ешкімге керек емес саясат. Осылай өмір өтіп жатыр. Сен жассың ғой.

**Ш.М.:** Сізден 16 жас кіші екенмін. Қазір 65-темін.

**А.А.:** Мен жаман үйге барарда осы жаста едім. Біз Димекең екеуіміздің арамыз он жас болатын.

**Ш.М.:** Ол кісі 85-ке келіп қалар еді. Сіздің 75-деген мәртебелі жасқа жетіп, Алатаудай абыройға іліккеніңіздің өзі үлкен бақыт қой.

**А.А.:** Мен бала кезімнен тұрмыстың тауқыметін аз тартқан жоқпын, әкеден жетім қалдым, ағаларыма сүйендім. 14 жасымда техникумға түскеннен кейін біреуден бір тиын қарыз алып көрген емеспін. Өз бетімше тіршілік еттім, оқыдым, жетілдім. Әскери борышымды да жаман атқарған жоқпын. Келген соң қызметке іліндім. Партия орындарында нұсқаушы, хатшы болып істегенде де дүниеге қызыққан емеспін. Бірақ жақсы жалақы алатынбыз, ол бәріне жетіп артылатын. Өмірдің қиыншылығына қиналып көрген емеспін. Кейінгі төрт жарым жылды да Алланың маңдайыма жазғаны шығар деп қабылдаймын. Бірақ, жүрекке түскен жара қала бермек. Өйткені, 26 жыл обкомның бірінші хатшысы болып қызмет атқарыппын. Бұл Орта Азияның тарихында жоқ. Соған күдіктенген болар мені қараңғыға тастады. Осы жері жанға батады. Қазір болса заман басқа. Біреуге өкпелейтін, кінә артатын да уақыт емес. Мен ойлаймын, мемлекет жаңа белесте тұрғанда дүниенің бәрі бір қолда болуы керек. Осы жағынан Назарбаевтың беделі зор, ол бізді сыртқа танытуда көп еңбек сіңіруде. Ешбір шет мемлекет бізді асырамайтыны анық. Өйткені, ешкім сенің биік тұрғаныңды қалай қоймайды. Сондықтан бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, өз еңбегімізбен ғана өзгелермен тереземіз тең тұрады.

**Ш.М.:** «Бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа мінір» дегенге қалай қарайсыз?

**А.А.:** Мен оған кіріспеймін.

**Ш.М.:** Мінеки, осыған кірісу керек. Бір адам тақта отыр. Қырық адам оның уәзірлері. Солардың барлығы бірдей басы ауырып, қабырғасы қайысып жүре ме, тақтағы жалғыз адамға сүйеу бола ала ма, мәселе осында болып тұр.

**А.А.:** Бірінші кезекте төңірегіндегілер қолдау керек. Басшының саясатын, жолын дұрыс жүргізу - олардың міндеті. Бүгінгі күннің басты міндеті - халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту.

**Ш.М.:** Елдің ауызындағысын жарып алып қойса, не болады?

**А.А.:** Ондай адамдарға орын болмау тиіс. Пайдасынан зияны көп адамды кім ұстайды. Облыста болсын, ауданда болсын жаны ашитын, халыққа бүйрегі бұратын адам ғана жағдайды түзей алады. Ұлтжанды екенсің оны сөзбен емес, ісіңмен, еңбегіңмен дәлелдеуге міндеттісің.

**Ш.М.:** Президенттің айтып отырғаны дұрыс. Тек кейбір парақор, жемқорлардың саясатқа араласып кетіп жатқаны жаман.

**А.А.:** Өзің қалай ойлайсың, біздің халық талантты ма, талантсыз ба?

**Ш.М.:** Талантсыз болса, осыншама заман ұланғайыр жерді билеп, өз Отанында өсіп, өніп жатпас еді ғой. Халықтан шыққан неше түрлі жазушы, оқымыстылар да бар. Надандар да жетіп жатыр.

**А.А.:** Надан кез-келген халықта кездеседі. Біз бұрын да толық билікке қол жеткізе алмай, әркімнің түрткісінде келген халықпыз. Небір алапат қырғындардан аман шыққанымыздың өзі таланттылығымызды дәлелдейді. Қазір міне базарға келіп ұрындық. Бізге керегі коммерция емес қой.

**Ш.М.:** Мұныңыз жабайы капитализм.

**А.А.:** Бұл жерде капитализм де жоқ, әншейін жан сақтаудың амалы. Біріншіден, өндіріс өрге баспай қолымыз ұзармайды. Екіншіден, білім, ғылымға ден қоймай, өркениетке жетеміз деушілік те бос әурешілік. Білімнен төмен емес едік, космосты игердік, небір ғұламалар, әскербасылар арамыздан шықты. Біз бәрін мансұқ етпей, өткеннің де пайдалы жақтарын алғанда халыққа ауыр соқпас еді. Жоспарлау дегеннің де екі түрі бар. Диктаторлық жоспарлаудан аулақ болған жөн. Ал, болжау, келешегіңді біліп отырудың жөні басқа.

**Ш.М.:** Ол үшін халықтың санасы биік болуы керек шығар. Біз 16,5 миллион екенбіз. Соның жартысы қазақтар. Бірақ жылдан-жылға табиғи өсім кеміп барады, бала тууға қабілетті 1000 әйелдің жылына 90-ақ нәрестелі болады екен. Бұл не деген сұмдық! Техниканың өскені, әл-ауқатымыздың жақсарғаны жақсы, бірақ осыншама жерді игеру үшін де халықтың саны өсуі керек шығар. Көрші Қытайға көз салайықшы. Олар ХХІ ғасырдың жиырмамыншы жылдары 1

миллиард 600 миллион болатын көрінеді. Қазақтар қазір 8 миллион бола, сол уақытта 10 миллионға әзер жетуі мүмкін. Салыстырсақ, тамшыдай ғана. Ертең содан қауіп тумай ма?

**А.А.:** Бізге ешқандай қауіп жоқ деген адам қателеседі. Орыс болсын, қытай болсын, халқының санымен де артық болғысы келеді. Біз оларға ілесе алмаймыз. Егер ғалымдардың болжамына сенсек, келесі ғасырдың ортасында алғашқы орынға Индия, содан кейін Қытай, Нигерия, АҚШ көтерілетін көрінеді. Жапондар 130 миллионның төңірегіне жақындайды. Ертең олар көпхалықты асырайтын жер іздейді. Заман өзгеруімен бірге саясат та өзгеріп отырады. Қазақ саны жағынан ешкімге ілесе алмас. Сондықтан сапа, саны жағынан өсудің мүмкіндіктері ауадай зәру. Өзіміздің жігіттер самолет шығарып жатса, космосқа ұшса, нешетүрлі күрделі техниканы жасаса, қолдан келмейді емес қой. Оған орыс мамандарының күші жетеді. Біз солардан үйренуіміз керек. Менің қорқатыным, жастар соған талпынбайды. Нарық дегеніміз аяусыз күрес, кім озық технологияны игерсе, заман соныкі.

**Ш.М.:** Бізден шетке шикізаттан басқа шықпайды.

**А.А.:** Осы тұрғыдан қазіргі жастарымыздың ел аралап, жер көргендігін, тәжірибе үйренгендігін құптаймын. Солар елдің болашағы үшін жауапкершілікті өз мойындарына алулары керек.

**Ш.М.:** Қазақ тарыдай шашылған күйінде жаңа ғасырға аяқ баспақ. 2 миллионы Қытайда, миллионға жуығы Ресейде, Өзбекстанда тағы миллион жарымы бар. Солардың тарихи Отанына келгісі келеді-ақ. Монғолдағылардың шулап отырғандығын өзім көріп қайттым. Жыл сайын пәленбай адам қабылдаймыз деп санын шектеп қойған, келгендерінің өздеріне жағдай жасай алмауда. Оның үстіне келген қазақтарды «моңғолсың», «қытайсың» деп түртпектейтініміз бар. Осы мінез не мінез?

**А.А.:** Қазақ жақын жүрсе тістеседі, алыс жүрсе кісінеседі. Қазақтың мінезі осы. Бір жағынан бауырмашылмыз, екінші жағынан жағдай жасауға қол қысқалық жасауда.

**Ш.М.:** Мемлекеттік көзқарас дұрыс емес. Бір Найманбаевтың қолында ешнәрсе жоқ. Оны Қажыгелдиннің

өзі бас болып шешуі керек. Коржова ханым тиісті жәрдемді алып тастады. Келушілердің тағдырына, елім, жерім деген іңкәр сезіміне түсіне алмайтын адам мемлекеттің көзқарасын дұрыс жүзеге асыра ала ма? Кеңес дәуірінің өзінде армяндардың дүниежүзіндегі армяндарды шақырғандары осындайда еске оралады. Сөйтіп, небір таланттар бас қосып, халықтың рухани өрлеуіне ұйтқы болды.

**А.А.:** Баграмянды білесің ғой. Сол мен басқарған комиссияның ішінде болды. Ол кезде Жоғары Кеңес тұрақты комиссиясының беделі зор еді, небір талантты да біртуар тұлғалардың басы осында қосылатын. Содан бірде маған бір сұрақ қойды. Қазақстанда қандай екенін білмеймін, біздің ауылдық жердегі армян балалары орыс тілін білмейді. Солардың бір-екеуі келіпті. Әскери училищеге түсе алмай қиналған соң, көмек беруіме тура келді. Осы мәселені үкімет деңгейінде қалай шешуге болатындығы жөнінде ақылдасты. Мен Қазақстанда мұндай тауқымет жоқ деп құтылдым. Сонда маршалдың халқы үшін қаншалықты жаны ашитынын терең түсіндім. Жерлестерінің әскери білім алуына зыр жүгіріп көмектесіп жүр. Міне, біздің әрбір қызметте отырған азаматымыз осындай жанашырлық танытуы тиіс. Қажыгелдин бас болып солай істесе, дүркіреп бермей ме?!

**Ш.М.:** Сізбен кездескенде мағыналы әңгімеден адамның жаны байып қалады, кеудеңе біраз қазына құйылады. Мына 75 жылдық мерейтойыңызбен құттықтап, қолыңызды алайын деп келіп едім, осыншама әңгіме туып кетті. Рахмет, Сізге!

**А.А.:** Сау болыңыз.

**«Ақ жол», 20 қыркүйек 1997 жыл**

## **АЛЛА СЫЗЫҒЫНАН АСПАҚ ЖОҚ**

Демі біткенше қаламы қолынан түспеді. Жазған кітаптарында ол: ей, адамдар, кім екеніңді біліңдер, өздеріңді, өз тегіңді, ұлтыңды таныңдар. Халқыңның әдет-ғұрпын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, өнерін, мәдениетін біліңдер, деп кетті.

Сірә, о дүниелік боларын сезген шығар, емхананың палатасында жатып та кітап жазды. Өркөкірек елдердің кейбір оқымысты өкілдері: қазақта өркениет, өнер болмаған, номад, көшпелі халық адами цивилизацияға үлес қоспаған деп жала жапты.

Өзбекәлі Жәнібеков осы жалған теорияға қарсы бүкіл саналы өмірінде тойтарыс беріп, қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесі бар екенін дәлелдеумен өтті.

Өзекемнің адамдардан соңғы тілегі: мәңгілік мекенін өзі туған қасиетті топырақ - Отырардағы Арыстан баб жанынан бұйыртуды өтініпті.

Жаның жаннаттан жай тапсын, есіл ер, қайран Өзекем!

**Ш.МҰРТАЗА**  
**«Егемен Қазақстан», 25 ақпан 1998 жыл**

\*\*\*

Елуінші жылдардың ортасында жаңадан жауқазындай қылтиып көрінген жас ақындардың жинағы жарық көрді.

Арасында менің үш-төрт өлеңім бар. Бір күні «Лениншіл жаста» сол жинаққа сын жарияланды. Авторы – Зейнолла Серікқалиев. Менің өлеңдерімнің быт-шытын шығарыпты.

Содан қайтып өлең жазғанды үзілді-кесілді қойып кеттім. Сөйтіп сыншы Зейнолла қазақ поэзиясын бір халтурадан сақтап қалды.

Сол Зекем бүгін алпысқа келіп қапты. Алпыс – сыншы үшін арындайтын шақ. Жалтақтамай, жағынбай, қара қылды қақ жарып отырған кез. Әсіресе, дәл осы заманда. Жазушы кім, жазғыш кім – ажыратып болмайды.

Сыншы бір кезде маған істеген принциптілігін қазір қайрай түссе, қазақ әдебиеті қыл-қыбырдан тазарар ма еді?...

Азаматқа ұзақ ғұмыр, баянды бақыт, семсер қалам тілеуші.

**Шерхан МҰРТАЗА**  
**«Егемен Қазақстан», 10 ақпан 1998 жыл**

## Мазмұны

Побеги и корни	
Ш.Муртазаев, секретарь правления Союза писателей Казахстана, лауреат Государственной премии КазССР.....	3
Проза жайында пайымдау	
Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының секретары Шерхан Мұртазаевтың баяндамасы.....	8
Старый солдат.....	19
Вечный поиск истины.....	26
Өскелең мәдениет жаршысы	
«Қазақ әдебиеті» газетіне 50 жыл.....	29
Революцияның қызыл жебесі.....	33
Сана соты – тарих соты	
Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» трагедиясы төңірегінде бірер ой.....	39
«Сталинге хат».....	46
Тұрар Рысқұлов туралы сөз.....	51
Жазушы – жариялылықтың жанашыры Шерхан Мұртазаев, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.....	58
Тұрар және Шерхан.....	70
Ұлы Үндістан.....	78
Кривые зеркала статистики, или вопрос о том, есть ли в Казахстане свое телевидение.....	86
«Мемлекет дәулеті талапайда кетсін деген заң жоқ».....	93
Алаш әлеуметіне айтар сөз.....	99
«Бөліп ал да, билей бер!»	
Сойқанды ұраннан қалған салқын тарқар емес.....	102
Манас рухы немесе Асқар Ақаев пен оның елі туралы тойдан кейінгі толғаныс.....	109
«Сессия адамы».....	115
Телегей теңіз ақыл-ой	117
Әлем таныған тұлға, жазушы-қайраткер Шерхан Мұртаза туралы ой.....	120
Сөз сәулесі. «Ай мен Айша» роман-эссесінің бірінші кітабы туралы.....	127
Дословно	
Шерхан Муртаза, писатель.....	129

Жаңа жылда жарылқай гөр.....	130
Жерұйықты аңсаған Кәрім Мыңбаев.....	135
Жүрек жылытар сәулелер.....	139
Намысы бар бауырға.....	145
Саны көп, сапасы аз ұйым.....	146
Тұрарға соқтықпасақ қайтер	
Ахмет аға, бұл қалай?.....	150
Төлқұжат ауыстырдым.....	153
«Жас алаш» және мен.....	153
Шағалалар да жылайды.....	154
Шындықтың шымылдығы түрілгендей.....	156
Қарқаралыға хат.....	162
Қызыл жолбарыстың іздері.....	165
Азия жазушылары Америкада.....	168
Журналистика в Казахстане	
Реальная «четвертая власть», или золушка на балу у	
Сатаны?.....	175
Волховта болдым, орманын көрдім	
Сырбай ақынды еске алу.....	176
Жұрттың сөзін сөйлеген	
Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың	
хаттарына пікір.....	180
Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың хаттарына	
пікір.....	186
Кемел шақ.....	195
Носталжи – ұлы сағыныш.....	197
Ортақ мүддеден ойластырайық	
Шерхан мен Камал хаттарына орай бірер сөз.....	198
Тараз жазушыларының тарланы.....	202
Шерағаңа кандидаттық куәлік тапсырылды!.....	205
Шымылдық ішіндегі шындық	
(Шерхан мен Камалдың хаттарына орай).....	206
Ғылым мен әдебиеттің телқоңыры.....	209
Қазақтардың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ.....	210
Қазығұрттың інжу-маржандары	
Жазушы Нұрғали ОРАЗ және оның әңгімелері.....	212
Қасиетті Қазығұрт қойнауында.....	221
Қорқау қасқырлар.	
Қарусыз қойшылар.....	225

Ұлтжанды екендігіңді ісіңмен айғақта	
Асанбай Асқаров пен Шерхан Мұртазаның сұхбаты.....	226
Алла сызығынан аспақ жоқ.....	235
Зекем хақында (З.Серікқалиев туралы үзін сыр).....	236

**ҚАЗАҚТЫҢ  
ШЕРАҒАСЫ**

**(Бес томдық шығармалар жинағы)**

**5-том**

**Баспаның меңгерушісі  
Корректоры  
Техникалық редакторлар**

**Ғани Байлыбеков  
Жадыра Байсақалова  
Сапаш Әлімжан  
Қырықбаев Бауыржан**

**Шартты б.т.  
Қағазы офсеттік  
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана**

**Тапсырыс**

---

**ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,  
080000, Тараз қ., Рысбек батыр көшесі, 136 үй  
E-mail: tigu.kz.**